



салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органға", "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы қызметі саласындағы мемлекеттік орган" және "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қызметі саласындағы мемлекеттік органмен" деген сөздер тиісінше "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға", "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган" және "халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **ЖАЛПЫ БӨЛІМ**

### **1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

##### **1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) атмосфераға ластаушы заттарды шығарудың жылжымалы көзі - әр түрлі отынмен жұмыс істейтін, ішкі жану қозғалтқыштарымен жарақтандырылған көлік құралдары, техника және өзге де жылжымалы құралдар мен қондырғылар;

2) байқау пункті - қоршаған ортаның метеорологиялық, агрометеорологиялық және гидрологиялық сипаттамаларын байқаудың стационарлық немесе жылжымалы пункті;

3) белгіленген мөлшер - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша міндеттемелер шеңберінде айқындалған парниктік газдар сіңірулері ескерілген, парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемі;

4) белгіленген мөлшер бірлігі - Қазақстан Республикасының климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасы үшін парниктік газдар шығарындыларының көлемін айқындауға пайдаланылатын көміртегі бірлігі;

5) биологиялық әртүрлілік - бір түр аясындағы, түрлер арасындағы және экологиялық жүйелердегі өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің әртүрлілігі;

6) биологиялық ресурстар - генетикалық ресурстар, организмдер немесе олардың бөліктері, популяциялар немесе экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар кез келген басқа да биотикалық компоненттері;

7) бірлесіп жүзеге асыру тетігі - парниктік газдар шығарындыларын шектеу және (немесе) азайту бойынша сандық міндеттемелері бар елдердің заңды тұлғалары арасында көміртегі бірліктерін беруге мүмкіндік беретін, Қазақстан Республикасының бірлесіп жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі халықаралық шарттарында көзделген рәсім;

8) валидация (детерминация) – валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның парниктік газдар шығарындылары мониторингі жоспарының, сондай-ақ шығарындыларды азайту және парниктік газдарды сіңіру жөніндегі жобаларды әзірлеу шеңберінде жобалық шешімдер мен құжаттаманың Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растауы;

9) верификация – валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның қондырғы паспортындағы қондырғы операторлары және олардың есепті жылдағы парникті газдарды түгендеу туралы есептерінде қамтылған парниктік газдар шығарындыларының көлемі туралы және жүзеге асырылатын шығарындыларды азайту және парниктік газдарды сіңіру жөніндегі жобаларды іске асыру туралы деректердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыстығын растауы;

10) генетикалық түрлендірілген организмдер - тұқым қуалайтын генетикалық материалдың өсімін молайтуға немесе оларды беруге қабілетті, табиғи организмдерден ерекшеленетін, гендік инженерия әдістері қолданыла отырып алынған және құрамында гендік-инженерлік материал (гендер, олардың фрагменттері немесе гендер комбинациясы) бар организмдер;

11) генетикалық түрлендірілген өнімдер - құрамында жансыз генетикалық түрлендірілген организмдер немесе олардың компоненттері бар, гендік инженерия әдістері пайдаланыла отырып, өсімдіктерден және (немесе) жануарлардан алынған өнімдер;

11-1) гидрологиялық мониторинг – су объектілерінің жай-күйі туралы жедел және болжамды ақпарат алу мақсатында су объектілерінің жай-күйін және су объектілерінің мемлекеттік мониторингі жүйесінің құрамдас бөлігін тұрақты және (немесе) мерзімді байқау жүйесі;

11-2) диспергенттер – табиғи процестердің әсерінен бұзылуға дейін судың қабатында қала отырып, онымен барынша тиімді араласа алатын, мұнай дағының ұсақ тамшыларға бөлінуіне мүмкіндік беретін беткі белсенді заттар мен еріткіштердің қоспасы;

12) ең озық қолжетімді технологиялар - қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін қамтамасыз етуге дейін шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерінің деңгейін азайтуға бағытталған, ұйымдастыру және басқару шараларын қамтамасыз ететін, пайдаланылатын және жоспарланатын салалық технологиялар, техника мен жабдық;

12-1) жобалардың экологиялық сараптамасы – қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігі мен инженерлік қорғау мәселелері бойынша жобалық шешімдер мен есептеулердің сараптамалық бағасы, ол мыналардың:

жаңа ғимараттар мен құрылыстарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға немесе бұрыннан барларын реконструкциялауға (кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға) және күрделі жөндеуге арналған жобалардың (техникалық-экономикалық негіздемелердің және жобалау-сметалық құжаттаманың) ведомстводан тыс кешенді сараптамасының;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана мәслихаттарының бекітуіне жататын аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобалары, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және халқының есептік саны бір жүз мың тұрғыннан асатын облыстық маңызы бар қалалардың бас жоспарларының жобалары бойынша кешенді қала құрылысы сараптамасының бір бөлігі болып табылады.

13) жойылуы қиын органикалық ластауыштар - ыдырауға төзімді, биожинақтағыштығымен сипатталатын және ауа, су және көшпелі түрлері арқылы трансшекаралық таралу объектісі болып табылатын, сондай-ақ құрлық экожүйелерінде және су экожүйелерінде жинақтала келіп, өздерінің шығарынды көздерінен алыс қашықтықта шөгетін, тірі организмдердің иммундық, эндокриндік жүйесінің бұзылуына және онкологиялық ауруларды қоса алғанда, түрлі ауруларға алып келетін неғұрлым қауіпті органикалық қосылыстар;

14) квота бірлігі - квота көлемін есептеу үшін қолданылатын көміртегі бірлігі;

15) коммуналдық қалдықтар - елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде түзілген тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен түзілу сипаты жағынан осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары;

15-1) коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау – кейіннен кәдеге жаратуды, қайта өңдеуді және жоюды қамтамасыз ету үшін қалдықтардың типіне және құрамына қарай коммуналдық қалдықтар бөлек жиналатын процесс;

**16) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

17) көміртегі бірлігі - көміртегі қостотығының бір тоннасына тең келетін есептік бірлік;

18) көміртегі бірліктері мемлекеттік тізілімінің операторы - көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын ұйым;

19) көміртегі бірліктерінің қайталама айналымы - парниктік газдар шығарындылары нарығы субъектілерінің арасында көміртегі бірліктерін беру, сату және басқа да айналымы процесінде қалыптасатын құқықтық қатынастар;

20) көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімі - көміртегі бірліктерін айналымға енгізуге, сақтауға, беруге, сатып алуға, резервке қоюға, жоюға, айналымнан шығаруға байланысты операцияларды есепке алу жүйесі;

20-1) қайталама шикізат – тұтыну қалдықтарын бөлек жинау, сұрыптау, ұнтақтау, сығымдау немесе оларға басқа да әсер ету тәсілдері процесінде алынған материалдар және (немесе) өнім алу үшін кәдеге жаратуға және (немесе) қайта өңдеуге дайындалған тұтыну қалдықтары;

21) қалдықтарды есепке алу - қалдықтардың сандық және сапалық сипаттамалары және олармен жұмыс істеу тәсілдері туралы ақпаратты жинау және беру жүйесі;

21-1) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторына өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін өндірушілер (импорттаушылар) жүзеге асыратын төлемақы;

22) қалдықтарды жою - қалдықтарды көму және жою жөніндегі операциялар;

23) қалдықтарды залалсыздандыру - механикалық, физикалық-химиялық немесе биологиялық өңдеу арқылы қалдықтардың қауіпті қасиеттерін азайту немесе жою;

24) қалдықтарды кәдеге жарату - қалдықтарды қайталама материалдық немесе энергетикалық ресурстар ретінде пайдалану;

25) қалдықтарды көму - қалдықтарды қауіпсіз сақтау үшін арнайы белгіленген орындарда шектеусіз мерзім ішінде жинап қою;

26) қалдықтардың түрі - шығу көзіне, қасиеттеріне және жұмыс істеу технологиясына сәйкес ортақ белгілері бар, қалдықтар сыныптауышы негізінде айқындалатын қалдықтар жиынтығы;

27) қалдықтарды орналастыру - өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау немесе көму;

28) қалдықтарды өңдеу - сұрыптауды қоса алғанда, қалдықтардан кейіннен тауарларды немесе өзге де өнімдерді өндіру (дайындау) үшін пайдаланылатын шикізат және (немесе) өзге де материалдар алуға, сондай-ақ қалдықтармен жұмыс істеуді жеңілдету, олардың көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайту мақсатында қалдықтардың қасиеттерін өзгертуге бағытталған физикалық, химиялық немесе биологиялық процестер;

29) қалдықтарды сақтау - қалдықтарды кейіннен кәдеге жарату, қайта өңдеу және (немесе) жою үшін арнайы белгіленген орындарда жинап қою;

30) қалдықтарды сыныптау - қалдықтардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына қауіптілігіне сәйкес оларды деңгейге жатқызу тәртібі;

30-1) қалдықтарды уақытша сақтау – өз қызметі нәтижесінде түзілетін өндіріс және тұтыну қалдықтарын тұлғалардың оларды кейіннен кәдеге жарату, қайта өңдеу, сондай-ақ қайта өңдеуге немесе кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтарды жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға беру үшін жобалау құжаттамасында айқындалған уақытша сақтау орындарында және мерзімдерге (бірақ алты айдан асырмай) жинап қоюы;

30-2) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату – органикалық қалдықтардан биогаз және өзге де отын алуды қоспағанда, қалдықтарды олардың көлемін азайту және энергия алу, оның ішінде оларды қайталама және (немесе) энергетикалық ресурстар ретінде пайдалану мақсатында термиялық өңдеу процесі;

30-3) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға арналған техникалық құрылғылар мен қондырғылардың және олармен өзара байланысты, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға технологиялық тұрғыдан қажетті құрылысжайлар мен инфрақұрылымның жиынтығы;

31) қалдықтармен жұмыс істеу - қалдықтардың түзілуінің алдын алуды және оларды барынша азайтуды, қалдықтарды есепке алу мен бақылауды, олардың жиналып қалуын, сондай-ақ қалдықтарды жинауды, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды (жинап қоюды) және жоюды қоса алғанда, қалдықтармен байланысты қызмет түрлері;

32) қалдықтар сыныптаушы - қалдықтарды сыныптау нәтижелері қамтылған, қолданбалы сипаттағы ақпараттық-анықтамалық құжат;

33) қауіпті емес қалдықтар - қауіпті қасиеті жоқ қалдықтар;

34) қауіпті қалдықтар – құрамына бір немесе бірнеше қауіпті қасиеттері (уыттылығы, жарылу қаупі, радиоактивтілігі, өрт қаупі, жоғары реакциялық қабілеті) бар зиянды заттар кіретін және дербес немесе басқа заттармен қосылған кезде қоршаған ортаға және адамның денсаулығына тікелей немесе ықтимал қауіп төндіруі мүмкін қалдықтар;

35) қауіпті қалдықтар паспорты - қалдықтардың шығу көзі бойынша пайда болу процестерінің, олардың сандық және сапалық көрсеткіштерінің, олармен жұмыс істеу қағидаларының, оларды бақылау әдістерінің, осы қалдықтардың қоршаған ортаға, адам денсаулығына және (немесе) тұлғалар мүлкіне зиянды әсер ету түрлерінің стандартталған сипаттамасы, қалдықтарды шығарушылар, меншігінде қалдықтар бар өзге де тұлғалар туралы мәліметтер қамтылған құжат;

36) қауіпті химиялық заттар - адам денсаулығына және қоршаған ортаға тікелей немесе ықтимал зиянды әсер ете алатын қасиеттері бар заттар;

37) қолайлы қоршаған орта - жай-күйі экологиялық қауіпсіздікті және халықтың денсаулығын сақтауды, биологиялық әртүрлілікті сақтауды, ластануды болғызбауды, экологиялық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуін, табиғи ресурстарды молықтыруды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін қоршаған орта;

38) қондырғы – парниктік газдар шығарындыларының стационарлық көзі немесе өзара бірыңғай технологиялық процеспен байланысты және бір өндірістік алаңда орналастырылған парниктік газдар шығарындылары стационарлық көздерінің тобы;

39) қондырғы операторы – меншігінде немесе өзгедей заңды пайдалануында қондырғысы бар жеке немесе заңды тұлға;

40) қондырғы паспорты – пайдаланылатын технологияның сипаттамалары, қондырғының географиялық орналасқан жері және оның операторының қызмет түрлері туралы деректерді қамтитын құжат;

41) қоршаған орта - атмосфералық ауаны, Жердің озон қабатын, жер бетіндегі және жер астындағы суларды, жерді, жер қойнауын, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, сондай-ақ олардың өзара іс-әрекетінен туындайтын климатты қоса алғанда, табиғи және жасанды объектілердің жиынтығы;

42) қоршаған ортаға келтірілетін залал - табиғи ресурстардың жұтануы мен сарқылуын немесе тірі организмдердің қырылуын туындатқан немесе туындататындай етіп қоршаған ортаны ластау немесе табиғи ресурстарды белгіленген нормативтерден артық алу;

43) қоршаған ортаға эмиссиялар – ластаушы заттардың шығарындылары, төгінділері, қоршаған ортада өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру, күкіртті қоршаған ортада ашық түрде орналастыру және сақтау;

44) қоршаған ортаға эмиссияларға арналған лимиттер - қоршаған ортаға белгілі бір мерзімге белгіленетін эмиссиялардың нормативтік көлемі;

45) қоршаған ортаға эмиссияларға квота - нақты табиғат пайдаланушыға белгілі бір мерзімге бөлінетін қоршаған ортаға эмиссияларға арналған лимиттің бөлігі;

45-1) қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі – нақты уақыт режимінде деректерді беру үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен онлайн-байланысы бар, ластану көздерінде қоршаған ортаға эмиссияларды өндірістік экологиялық бақылау жүйесі;

46) қоршаған ортаны қорғау - қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіруге, шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

47) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, сондай-ақ оның аумақтық органдары;

48) қоршаған ортаны ластау - қоршаған ортаға ластаушы заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс және тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ шудың, тербелістердің, магнит өрістерінің және өзге де зиянды физикалық әсерлердің қоршаған ортаға әсері;

49) қоршаған ортаның авариялық ластануы - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыруы кезінде болған авариядан туындаған және зиянды заттарды атмосфераға шығару және (немесе) суға ағызу салдары немесе жер беті учаскесінде, жер қойнауында қатты, сұйық немесе газ түріндегі ластаушы заттардың жайылуы немесе иістің, шудың, тербелістің, радиацияның пайда болуы немесе сол уақыттағы жол берілетін деңгейден асатын электромагниттік, температуралық әсер ету, жарықтың әсері немесе өзге де физикалық, химиялық, биологиялық зиянды әсер ету арқылы қоршаған ортаны кенеттен абайсызда ластауы;

50) қоршаған ортаның ластану учаскелері - жер бетін, жер қойнауын және жерасты суларын ластауды болдырмайтын, қалдықтарды орналастыру және сарқынды суларды ағызу үшін жабдықталған және соған арналған объектілерді қоспағанда, белгіленген нормативтерден артық қауіпті химиялық заттармен ластанған жер бетінің шектеулі учаскелері және су объектілерінің учаскелері;

51) қоршаған ортаның сапасы - қоршаған орта жай-күйінің сипаттамасы;

52) қоршаған орта сапасының нормативтері - қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштер;

53) қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері - қоршаған ортаның сапасын біртіндеп жақсарту қажеттігін ескере отырып, қоршаған ортаның белгілі бір уақыт кезеңіне нормаланатын параметрлерінің шекті деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер;

54) мекендеу ортасы – қандай да бір организмнің немесе популяцияның табиғи мекендейтін жерінің тұрпаты немесе орны;

55) мемлекеттік бақылау жасау желісі - қоршаған ортада болып жатқан физикалық және химиялық процестерді қадағалауға, оның метрологиялық, климаттық, аэрологиялық, гидрологиялық, гелиогеофизикалық, агрометеорологиялық сипаттамаларын айқындауға арналған қадағалаудың стационарлық және жылжымалы пункттер, зертханалар, орталықтар жүйесі;

56) мемлекеттік экологиялық бақылау - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі;

56-1) нормативтен тыс эмиссиялар – қоршаған ортаға экологиялық рұқсатпен белгіленгеннен артық эмиссиялар;

57) озонды бұзатын заттар - өз бетінше немесе қоспада болатын, шаруашылық және өзге қызметте пайдаланылатын не осы қызметтің өнімі болып табылатын және озон қабатына зиянды әсер етуі мүмкін химиялық зат;

58) озонды бұзатын заттарды залалсыздандыру - озон қабатын қоса алғанда, қоршаған ортаға зиянды әсер етпейтін, үнемі түрленуіне немесе компоненттерге бөлінуіне әкелетіндей бұзу арқылы озонды бұзатын заттардың қауіпті қасиеттерін жою;

59) озонды бұзатын заттарды кәдеге жарату - қалпына келтіруге болмайтын озонды бұзатын заттарды қайтадан пайдалану немесе залалсыздандыру мақсатында, оларға техникалық қызмет көрсету барысында немесе есептен

шығару алдында тетіктерден, жабдықтардан, контейнерлерден және басқа да құрылғылардан алынатын озонды бұзатын заттарды жинауға және сақтауға бағытталған іс-шаралар кешені;

59-1) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз ету бойынша өнімді (тауарларды) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері;

59-2) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы үлгілік шарт негізінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы мен өндірушілердің (импорттаушылардың) арасында жасалатын шарт;

59-3) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы үлгілік шарт – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы мен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімді (тауарларды) және оның (олардың) орамасын өндірушілер (импорттаушылар) арасындағы құқықтық қатынастарды реттейтін, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы бекіткен шарт;

59-4) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе)

кәдеге жаратуды ұйымдастыруды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

60) өндіріс қалдықтары - шикізаттың, материалдардың, өзге де бұйымдар мен өнімдердің өндіріс процесінде түзілген және бастапқы тұтыну қасиетін толық немесе ішінара жоғалтқан қалдықтары;

61) өндіріс пен тұтынудың орнықты моделі - қайта жаңартылмайтын ресурстарды тұтынуды азайту, қайта жаңартылатын ресурстарды қалпына келтіру және қоршаған ортаның антропогендік ластануын азайту кезінде өндірістің өсуімен сипатталатын әлеуметтік-экономикалық модель;

61-1) өз бетінше эмиссиялар – жылжымалы көздерден болатын эмиссияларды қоспағанда, экологиялық рұқсатсыз жүзеге асырылатын қоршаған ортаға эмиссиялар;

62) парниктік газдар - атмосфераның табиғи және (немесе) антропогендік түрде шығатын, жылу беретін инфрақызыл сәулені сіңіретін және (немесе) оның шығу көзі болып табылатын, газ тәрізді құрамдас бөліктері;

63) парниктік газдарды сіңіру бірлігі - парниктік газдардың сіңірілуін есептеу үшін қолданылатын көміртегі бірлігі;

64) парниктік газдарды түгендеу - парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерінің көлемін айқындау;

65) парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастры - парниктік газдар шығарындылары көздерін, олар шығарған шығарындылар мөлшерін, сондай-ақ қондырғы операторы үшін белгіленген шекара шегіндегі парниктік газдар сіңірулері мөлшерін есепке алу жүйесі;

65-1) парниктік газдар шығарындылары мониторингінің жоспары – тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне немесе шығарындыларды азайту және парниктік газдарды сіңіруді ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру мерзіміне қондырғы операторы әзірлейтін құжат;

65-2) парниктік газдар шығарындыларына квоталарды өтеу – Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінде жүзеге асырылатын, есепті жылдағы парникті газдарды түгендеу туралы есепке сәйкес тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының көміртегі бірліктерін айналымнан жыл сайынғы алып қою (есептен шығару);

65-3) парниктік газдар шығарындыларының стационарлық көзі – парниктік газдар шығарындыларының орын ауыстырылмайтын көзі немесе пайдаланылуы үшін тіркелген қалыпты қажет ететін парниктік газдар шығарындыларының ауыстырылатын көзі;

65-4) парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициенті – парниктік газдар шығарындыларының өнімнің бірлігіне арақатынасының көрсеткіші;

66) радиоактивті қалдықтар - мөлшері мен жинақталуы Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген радиоактивті заттар үшін регламенттелген мәндерден асатын радиоактивті заттарды қамтитын қалдықтар;

67) сараптама объектісін іске асыру - жоспарлау алдындағы, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасында көзделген шешімдерге сәйкес өнеркәсіптік және өзге де объектілерді салу, пайдалану, жою, қызметтер көрсету, бұйымдар мен технологиялардың шаруашылық айналымға түсуі жөніндегі жұмыстардың басталуы мен жүргізілу барысы, сондай-ақ нормативтік құқықтық актінің қолданысқа енгізілуі, сараптама объектісінің өзге де нақты жүзеге асырылуы;

68) сарқынды сулар - өндірістік немесе тұрмыстық мұқтаждықтарға пайдаланылған және бұл ретте олардың бастапқы құрамын немесе физикалық қасиеттерін өзгерткен қосымша қоспа (кір) қосылған сулар. Атмосфералық жауын-шашын түскен сәтте елді мекендер мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумағынан, көшелерге су себу кезінде немесе одан кейін ағатын сулар, пайдалы қазбаларды өндіру кезінде пайда болған сулар да сарқынды сулар болып есептеледі;

69) су объектілері - құрлық бетінің рельефінде және жер қойнауында шоғырланған, шекаралары, көлемі мен су режимі бар сулар;

70) сұйық қалдықтар – сарқынды сулардан басқа сұйық түрдегі кез келген қалдықтар;

71) табиғат пайдаланушы - табиғи ресурстарды пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

72) табиғи объектілер - шекарасы, көлемі және тіршілік режимі бар табиғи объектілер;

73) табиғи ресурстар - тұтыну құндылығы бар табиғи объектілер: жер, жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі;

74) табиғи ресурстарды қорғау - табиғи ресурстардың әрбір түрін олардың тұтыну қасиеттерін жоғалтуға әкеп соғатын тиімсіз пайдаланудан, құрып кетуден, жұтаңданудан қорғауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;

75) табиғи ресурстардың сарқылуы - табиғи ресурстар қорларының сандық және сапалық сипаттамаларының ішінара немесе толық жоғалуы;

76) таза даму тетігі - парниктік газдар шығарындыларын шектеу және (немесе) азайту бойынша сандық міндеттемелері жоқ елдер аумағында парниктік газдар

шығарындыларын шектеу және (немесе) азайту бойынша сандық міндеттемелері бар елдердің заңды тұлғалары қаржыландыратын, парниктік газдар шығарындыларын шектеу және (немесе) азайту жөніндегі жобаларды жүзеге асыру тетігі;

77) тәуелсіз ақпарат беруші - парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласында жобалық тетіктерді есепке алу, мониторингтеу және іске асыру жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

78) тұрмыстық қатты қалдықтар - қатты нысандағы коммуналдық қалдықтар;

79) тұтыну қалдықтары - өнімдерді, бұйымдарды және өзге де заттарды тұтыну немесе пайдалану процесінде түзілген қалдықтар, сондай-ақ өзінің бастапқы тұтыну қасиеттерін толық немесе ішінара жоғалтқан тауарлар (өнім);

80) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрі - нәтижесінде қоршаған ортаны авариялық ластайтын немесе ластауы мүмкін жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қызметі;

81) шығарындылар квоталарымен сауда - парниктік газдар шығарындыларын азайтудың және сіңірудің нарықтық тетігі шеңберінде парниктік газдар шығарындылары квоталарын сатып алу және сату;

82) шығарындыларды азайту бірлігі - бірлесіп жүзеге асыру тетігі шеңберінде жүзеге асырылатын жобаны іске асыру нәтижесінде алынған көміртегі бірлігі;

83) шығарындылардың сертификатталған азайту бірлігі - таза даму тетігі шеңберінде жүзеге асырылатын жобаны іске асыру нәтижесінде алынған көміртегі бірлігі;

84) шығарындыларды ішкі азайту бірлігі - парниктік газдар шығарындыларын азайтудың және (немесе) сіңірудің ішкі жобаларын іске асыру нәтижесінде қол жеткізілген, парниктік газдар шығарындыларын азайтудың және (немесе) сіңірудің көлемін айқындау мақсатында қолданылатын көміртегі бірлігі;

85) экологиялық ағарту ісі - қоғамда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру мақсатында экологиялық білімді, қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйі, экологиялық қауіпсіздік туралы ақпаратты тарату;

86) экологиялық аудит – аудиттелетін субъектілердің шаруашылық және өзге де қызметін экологиялық тәуекелдерді анықтау мен бағалау және олардың қызметінің экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеуге бағытталған тәуелсіз тексеру;

87) экологиялық білім беру - жеке адамның қоршаған ортаның жай-күйі үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін білім мен дағды жүйесін, құндылық бағдарларын, адамгершілік-эстетикалық көзқарасын қалыптастыруға бағытталған, жеке адамды тәрбиелеудің, оқытудың, оның өз бетінше білім алуының және дамуының үздіксіз процесі;

88) экологиялық (жасыл) инвестициялар - бірліктердің белгіленген мөлшерін беруден, Парниктік газдар шығарындарына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервін басқарудан алынған қаражатты парниктік газдар шығарындыларын азайтуға немесе сіңірілуін арттыруға бағытталған жобаларға, бағдарламаларға және іс-шараларға инвестициялау;

89) экологиялық жүйе (экожүйе) - бірыңғай функционалдық тұтастық ретінде өзара іс-әрекет ететін организмдердің және олар мекендейтін тіршіліксіз ортаның өзара байланысты жиынтығы;

90) экологиялық қауіп - антропогендік және табиғи әсерлер ықпалынан, оның ішінде дүлей зілзалаларды қоса алғанда, зілзалалар мен апаттар салдарынан қоршаған ортаның жай-күйі бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын, жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жай-күй;

91) экологиялық қауіпсіздік - қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету нәтижесінде туындайтын қатерлерден жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының қорғалуының жай-күйі;

92) экологиялық қауіпті объект - салынуы және қызметі адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізуі мүмкін немесе зиянды әсерін тигізетін шаруашылық объектісі және өзге де объект;

93) экологиялық қауіпті техника мен жабдық - шаруашылық немесе өзге де қызметте пайдаланылатын және қоршаған ортаға қауіп төндіретін тетіктер, машиналар, құрылғылар, аспаптар;

94) экологиялық қауіпті технологиялар - өндіріс процесінде жүзеге асырылатын және қоршаған ортаға қауіп төндіретін шикізатты, материалды немесе жартылай фабрикатты өңдеу, жасау, олардың жай-күйін, қасиеттерін, нысанын өзгерту әдістерінің жиынтығы;

95) экологиялық менеджмент - қоршаған ортаны қорғауды әкімшілік басқару, ол кәсіпорынның экологиялық саясатын әзірлеуге, енгізуге, орындауға, талдауға және қолдауға арналған ұйымдастыру құрылымын, жоспарлауды, жауапкершілікті, әдістерді, рәсімдерді, процестер мен ресурстарды қамтиды;

96) экологиялық мониторинг - қоршаған ортаның жай-күйін және оған әсер етуді жүйелі түрде қадағалау мен бағалау;

97) экологиялық нормалау - қағидалардың (нормалардың) және олардағы қамтылған қоршаған орта жай-күйінің және оған әсер ету дәрежесінің сандық және сапалық көрсеткіштерінің (нормативтерінің) жүйесі;

98) экологиялық рұқсат - жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру құқығын куәландыратын құжат;

99) экологиялық сараптама - көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта сапасының нормативтеріне және экологиялық талаптарға сәйкестігін белгілеу, сондай-ақ осы қызметтің қоршаған ортаға тигізуі мүмкін қолайсыз әсерлерінің және олармен байланысты әлеуметтік салдарлардың алдын алу мақсатында экологиялық сараптама объектісін іске асыруға жол берілуін айқындау;

100) экологиялық таза өнім белгісі - таңбаланған өнімнің экологиялық таза өнім стандарттарына сәйкестігін растайтын тіркелген белгі;

101) экологиялық талаптар - осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік-техникалық құжаттарында қамтылған, қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметті шектеу және оларға тыйым салу;

102) экологиялық таңбалау – Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестігі растаудан өткен өнімге экологиялық таза өнім белгісін беру;

103) экологиялық тәуекел - белгілі бір факторлардың әсері салдарынан қоршаған орта және (немесе) табиғи объектілер жай-күйінің қолайсыз өзгерістерге ұшырау ықтималдығы;

104) эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері - ел экономикасы үшін қолдануға болатын шығындар кезінде қоршаған ортаға эмиссияларды нақты техникалық құралдармен қамтамасыз ету мүмкіндігін негізге ала отырып айқындалатын, олардың уақыт бірлігіндегі немесе шығарылатын өнім бірлігіндегі немесе басқа да көрсеткіштердегі шамалары;

105) эмиссиялар нормативтері - қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуге жол берілетін эмиссиялар көрсеткіштері.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 407-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 491-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 05.04.2017 № 56-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.11.2020 № 373-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін нормалары бар өзге де заңдарының арасында қайшылық болған жағдайда, осы Кодекстің ережелері қолданылады.

4. Қоршаған орта объектілерін қорғау мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы қатынастар осы Кодексте реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының арнаулы заңдарымен реттеледі.

## **3-бап. Осы Кодексте реттелетін қатынастар**

1. Осы Кодексте Қазақстан Республикасы аумағының шегінде табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер етуге байланысты шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаны қорғау, қалпына келтіру және сақтау, табиғи ресурстарды пайдалану мен молықтыру саласындағы қатынастар реттеледі.

2. Жеке және заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік реттеуді және табиғи ресурстарды пайдалану саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар осы Кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары болып табылады.

## **4-бап. Қазақстан Республикасы орнықты дамуының экологиялық негіздері**

Қазақстан Республикасы орнықты дамуының экологиялық негіздері:

1) адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету жөніндегі мақсатқа мемлекеттің қол жеткізуі;

2) қоршаған ортаны қорғау және биоәртүрлілікті сақтау;

3) Қазақстан Республикасының өз табиғи ресурстарын өндіруге құқықтарын қамтамасыз ету мен іске асыру және табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету мәселелерінде ұлттық мүдделерді қорғау;

- 4) қазіргі және болашақ ұрпақтардың сұранысын әділ қанағаттандыру;
- 5) өндіріс пен тұтынудың орнықты үлгілерін дамыту;
  - 6) қоршаған ортаның жай-күйін есепке ала отырып, экологиялық нормалаудың әлеуметтік және экономикалық даму талаптарына сай келуі;
  - 7) әрбір адамның экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын сақтау және жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау мен орнықты даму мәселелерін шешуге жан-жақты қатысуы;
  - 8) қоршаған ортаны қорғау саласында қабылданатын шаралардың жариялылығын қамтамасыз ету;
  - 9) Жердің экожүйесінің салауатты жай-күйі мен тұтастығын сақтау, қорғау мен қалпына келтіру мақсатындағы жаһандық әріптестік;
  - 10) қоршаған ортаға залал келтіргені үшін жауаптылыққа қатысты халықаралық құқықтың дамуына жәрдемдесу;
  - 11) қоршаған ортаға елеулі залал келтіретін немесе адам денсаулығы үшін зиянды деп есептелетін қызмет пен заттардың кез келген түрлерін басқа мемлекеттерге көшіру мен ауыстыруды тежеу, болдырмау, сондай-ақ қоршаған ортаға елеулі немесе орны толмайтын залал қатері төнген жағдайларда сақтандыру шараларын қолдану болып табылады.

#### **5-бап. Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының негізгі принциптері**

Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының негізгі принциптері:

- 1) Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету;
- 2) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі көзқарас;
- 4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;
- 5) қоршаған ортаны ластаудың және оған кез келген басқа түрде залал келтіруді болдырмау жөнінде алдын алу шараларының міндеттілігі;
- 6) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылықтан бұлтартпау;
- 7) қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі;
- 8) қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болу және оған рұқсат алу тәртібі;
- 9) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану;
- 10) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің өзара әрекеттестігі, үйлесімділігі мен жариялылығы;
- 11) табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды болдырмауға, азайтуға және оны жоюға, қалдықтарды кемітуге ынталандыру;

11-1) өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайталама ресурстар ретінде пайдаланудың басымдығы;

12) экологиялық ақпараттың қолжетімділігі;

13) табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету;

14) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйлесуі;

15) жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі презумпциясы және оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі болып табылады.

**Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.04.2016 № 506-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **6-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі ережелері**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялауды;

2) экологиялық нормалауды;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеуді;

4) мемлекеттік экологиялық сараптаманы;

5) экологиялық рұқсаттар беруді;

6) мемлекеттік экологиялық бақылауды;

7) қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу жүйесін, неғұрлым экологиялық таза технологияларды енгізуді ынталандыруды, табиғат қорғау іс-шараларын қаржыландыру жүйесін;

7-1) парниктік газдар шығарындыларын квоталауды;

7-2) парниктік газдарды түгендеуді;

7-3) парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңірудің нарықтық тетігін белгілеуді;

7-4) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерінің нақты көлемінің мониторингі жүйесін;

8) мемлекеттік экологиялық мониторингі;

9) табиғат пайдаланушыларды, қоршаған ортаны ластау көздері мен учаскелерін мемлекеттік есепке алуды;

10) экологиялық білім беру мен ағарту ісін қамтиды.

2. Табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару:

- 1) табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік жоспарлауды;
- 2) табиғи ресурстарды қорғауға, пайдалануға және молықтыруға мемлекеттік бақылау жасауды;
- 3) табиғи ресурстарды пайдалану құқығына лицензиялар, рұқсаттар беруді және шарттар (келісімшарттар) жасасуды;
- 4) табиғи ресурстарды қалпына келтіру мен молықтыруды, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуді ұйымдастыруды;
- 5) табиғи ресурстардың мониторингі мен кадастрларын жүргізуді;
- 6) табиғи ресурстарды пайдалануға лимиттер белгілеу мен квоталар бөлуді;
- 7) табиғи ресурстарды пайдалануды, қалпына келтіру мен молықтыруды жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлғаларды басқаруды;
- 8) табиғи ресурстарды қорғауды ұйымдастыруды қамтиды.

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **7-бап. Қоршаған ортаны қорғау объектілері**

1. Жер, жер қойнауы, жер үсті және жер асты сулары; атмосфералық ауа; ормандар мен өзге де өсімдіктер; жануарлар дүниесі, тірі организмдердің гендік қоры; табиғи экологиялық жүйелер, климат және Жердің озон қабаты жойылудан, тозудан, зақымданудан, ластанудан және өзге де зиянды әсерден қорғалуға тиіс.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері айрықша қорғалуға тиіс.

#### **8-бап. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры**

1. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры - табиғат эталондары, уникалдар және реликттер, генетикалық резерв, ғылыми зерттеулер, ағарту, білім беру, туризм мен рекреация нысанасы ретінде экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды, мемлекеттік қорғауға алынған қоршаған орта объектілерінің жиынтығы.

2. Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

3. Мемлекеттік табиғи-қорық қорын қорғау ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру жолымен, сондай-ақ қоршаған ортаның экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды объектілерін пайдалануға тыйым салу мен шектеулер белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

#### **9-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ - ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер, су объектілерінің және олардың үстіндегі әуе кеңістігінің учаскелері.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері, құру тәртібі, қорғау режимінің түрі, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлерінің қызметін ұйымдастыру ерекшеліктері "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

#### **10-бап. Табиғат пайдалану ұғымы және оның түрлері**

1. Адамның күнделікті өмірінде, жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы және (немесе) қоршаған ортаға әсер етуі табиғат пайдалану болып табылады.

2. Табиғат пайдалану жалпы және арнайы болып бөлінеді.

3. Жалпы табиғат пайдалану тұрақты болып табылады және халықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін және табиғи ресурстар пайдалануға берілмей, тегін жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, табиғатты жалпы пайдалануды шектеуге жол беріледі.

4. Арнайы табиғат пайдалану - осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды ақылы негізде пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғаның қызметі.

5. Табиғат пайдалану түрлеріне:

- 1) жерді пайдалану;
- 2) суды пайдалану;
- 3) орманды пайдалану;
- 4) жер қойнауын пайдалану;
- 5) жануарлар дүниесін пайдалану;
- 6) өсімдіктер дүниесін пайдалану;
- 7) қоршаған ортаға эмиссиялар;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін өзге де табиғат пайдалану түрлері жатады.

6. Табиғат пайдалану түрлері бойынша арнайы табиғат пайдалану құқығының туындау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

7. Арнайы табиғат пайдалану табиғат пайдаланудың бір түрін не олардың бірнеше түрінің жиынтығын қамтуы мүмкін.

#### **11-бап. Табиғат пайдаланушылар**

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын жеке және заңды тұлғалар табиғат пайдаланушылар болуы мүмкін.

2. Табиғат пайдаланушылар:

1) тұрақты (табиғат пайдалану құқығы мерзімі шектелмейтін сипатта болады) және уақытша (табиғат пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелген);

2) бастапқы (табиғат пайдалану құқығы мемлекеттен не басқа да бастапқы табиғат пайдаланушылардан сол құқықтан айыру немесе әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен алынған) және кейінгі (табиғатты уақытша пайдалану құқығы бұл мәртебені өзінде сақтап қалатын бастапқы табиғат пайдаланушыдан шарт негізінде алынған) болуы мүмкін.

3. Табиғат пайдаланушылар осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.

## **12-бап. Арнайы табиғат пайдалану құқығының туындау негіздері және оны жүзеге асыру шарттары**

1. Арнайы табиғат пайдалану құқығы:

1) табиғи ресурстарды пайдалану мен алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар және (немесе) рұқсаттар;

2) табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдері;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын табиғат пайдалануға арналған шарттар (келісімшарттар) негізінде туындайды.

2. Арнайы табиғат пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен, осы баптың 1-тармағында көрсетілген бір, екі не барлық актілер негізінде туындауы мүмкін.

3. Жылжымалы көздерден туындайтын эмиссияларды қоспағанда, қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылардың арнайы табиғат пайдалану құқығын жүзеге асыруына экологиялық рұқсаттар болған кезде жол беріледі.

4. Табиғи ресурстарды пайдалану құқығы жеке және (немесе) заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес беріледі.

5. Арнайы табиғат пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға билік ете алмайды.

6. Арнайы табиғат пайдалану құқығы мемлекет қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

**Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.11.16 N 200-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **2-тарау. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ, ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **13-бап. Жеке тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері**

1. Жеке тұлғалардың:

- 1) өздерінің өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаға;
- 2) қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;
- 3) қоршаған ортаны қорғау қоғамдық бірлестіктері мен қорларын құруға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы бейбіт жиналыстарға, референдумдарға қатысуға;
- 6) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша хаттар, шағымдар, арыздар, сұрау салулар мен ұсыныстар беруге және оларды қарауды талап етуге;
- 7) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алуға;
- 8) қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезеңінде оларды талқылауға қатысуға және әзірлеушілерге өз ескертпелерін ұсынуға;
- 9) қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау процесіне қатысуға;
- 10) қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы ұсыныс жасап, оған қатысуға;
- 11) кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған орта мен адам

денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу мен тоқтату туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды талап етуге;

12) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуы салдарынан өздерінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беруге құқығы бар.

2. Жеке тұлғалар:

- 1) қоршаған ортаны сақтауға, табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға;
- 2) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыруға жәрдемдесуге;
- 3) өз кінәсінен экологиялық қауіпсіздікке төнуі мүмкін қатерді болдырмауға;
- 4) өз қызметін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

3. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері болады.

**Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 16.11.2015 № 404-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 334-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **14-бап. Қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері**

1. Қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласында өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) экологиялық бағдарламаларды әзірлеуге және насихаттауға, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы белсенді қызметке ерікті негізде тартуға;

1-1) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін, оның ішінде белгіленбеген тұлғалар тобының мүдделерінде сотқа жүгінуге;

2) қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыру жөніндегі жұмыстарды орындауға, экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілерін қорғауға, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметіне қатысуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуға;

4) экологиялық білім беру мен ағарту жұмыстарын орындауға, қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге;

5) қоғамдық экологиялық сараптамаға және қоғамдық тыңдаулар өткізуге бастамашылық жасауға және оларды ұйымдастыруға;

6) қоғамдық экологиялық бақылауды жүзеге асыруға;

7) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алуға;

8) қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға және өзара іс-қимыл жасауға, олармен келісімдер жасауға, олар үшін шарттар бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген белгілі бір жұмыстарды орындауға;

9) қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезеңінде оларды талқылауға қатысуға және әзірлеушілерге өз ескертпелерін ұсынуға;

10) қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау процесіне қатысуға;

11) жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуы салдарынан азаматтардың денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беруге;

12) кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешім шығаруды талап етуге;

13) қоршаған ортаны қорғау қорларын құруға құқығы бар.

2. Қоғамдық бірлестіктер қоршаған ортаны қорғау саласындағы өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларды іске асыруға жәрдемдесуге;

2) өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

3. Қоғамдық бірлестіктердің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері болады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **15-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы өкілеттіктері**

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы өкілеттіктеріне:

1) елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

2) елді мекендерді санитарлық тазартуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

3) өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау мен көму орындарын күтіп ұстау;

4) жергілікті атқарушы органдарға, тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар табиғи және басқа да объектілерді тарих немесе мәдениет ескерткіштері деп жариялау туралы ұсыныстар енгізу жатады.

### **3-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТІ**

#### **16-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында:

1) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оларды жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық шараларды әзірлейді;

1-1) Қазақстан Республикасының климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық шарттары бойынша міндеттемелерін орындау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады;

2) алып тасталды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы шешімдер қабылдайды;

4-1) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторын айқындайды, сондай-ақ акционер (құрылтайшы) ретінде

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторын құруға қатысуға, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуға құқылы;

4-2) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларын бекітеді;

4-3) аукциондық бағаларды индекстеу тәртібін қамтитын қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату арқылы өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын бекітеді;

5) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) мыналарды:

Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарын;  
қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау қағидаларын;

Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорын жүргізу қағидаларын;  
қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндаманы әзірлеу қағидаларын бекітеді ;

8) ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени маңызы бар қоршаған ортаны қорғау объектілерінің тізбесін айқындайды;

9) мыналарды:

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағының шекарасын;

қалдықтарды әкелу, әкету және транзиттеу тәртібін;  
парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің және Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталардың белгіленген мөлшердегі резерві мен көлемін қалыптастыру тәртібін;

парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңіруге бағытталған жобаларды қарау, мақұлдау және іске асыру тәртібін белгілейді;

10) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

11) аумақты төтенше экологиялық жағдай аймағы деп жариялайды және төтенше экологиялық жағдай аймағы құқықтық режимінің қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдайды;

11-1) жобаларды іске асыру кезінде алынған парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңіру бірліктерінің бөлігін басқа елдердің тізіліміне беруді және (немесе) оларды квоталардың белгіленген мөлшер

резервіне немесе Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервіне беруді шектеу туралы шешім қабылдайды;

12) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 407-V ( 01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 491-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.11.2020 № 373-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **17-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді;

1-1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады ;

1-3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-4) құзыреті шегінде коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді;

1-5) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

1-6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-7) коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

1-8) құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлейді және бекітеді;

1-9) құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;

2) өз құзыреті шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыру бөлігіндегі қызметін үйлестіреді;

3) климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады;

4) жеке және заңды тұлғалардың климатты және Жердің озон қабатын қорғау, биоәртүрлілікті сақтау, жердің шөлейттенуі мен жұтаңдауы саласындағы қызметін үйлестіруді өз құзыреті шегінде жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптарды бекітеді немесе келіседі;

б) қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлейді;

7) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) өз құзыреті шегінде экологиялық рұқсаттар береді, оларда қоршаған ортаға арналған эмиссияларға лимиттер белгілейді;

8-1) алып тасталды - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8-2) жергілікті атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асырады ;

8-3) ведомстводан тыс кешенді сараптама құрамында жобалардың экологиялық сараптамасын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды жүзеге асырады;

9) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырады;

9-1) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің іске асырылуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

9-2) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторын айқындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс береді;

10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиялар беруді жүзеге асырады;

11) табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы лицензияларды, рұқсаттарды, шарттарды (келісімшарттарды) өз құзыреті шегінде келіседі;

11-1) табиғат қорғау іс-шараларының жоспарларын келіседі;

12) осы бапта және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді

, сондай-ақ Қазақстан Республикасында экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі қызметті үйлестіреді және оған әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

12-1) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы немесе қала құрылысы жобаларының кешенді қала құрылысы сараптамасы құрамында I санаттағы объектілер бойынша жобаларға мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді;

**13) алып тасталды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**

14) міндетті экологиялық аудит жүргізу туралы шешім қабылдайды және міндетті экологиялық аудит жүргізу туралы қорытындының нысанын бекітеді;

15) қоршаған орта жай-күйінің мемлекеттік мониторингін және мониторингтің жекелеген арнайы түрлерін жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жүргізуді үйлестіреді;

16) Табиғи ресурстар кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізеді;

17) Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады;

18) Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды жер қойнауына жіберудің мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады және оны жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды бекітеді;

19) қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады;

20) Озон қабатын бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады;

20-1) көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін жүргізуді ұйымдастырады;

20-2) парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады;

20-3) қалдықтарды кәдеге жаратуды ынталандыру және олардың түзілу көлемін азайту жөніндегі іс-шаралар тізбесін айқындайды;

20-4) Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімін жүргізуді жүзеге асырады;

21) озонды бұзатын заттарды және құрамында солар бар өнімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкетуді лицензиялауды жүзеге асырады;

21-1) озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеуге, монтаждауға, оған қызмет көрсетуге рұқсат береді;

21-2) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға қорытынды береді;

22) алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23) Экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорын жүргізуді ұйымдастырады, қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және белгіленіп отырған шаруашылық және өзге де қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа қол жеткізу мерзімдері мен тәртібін белгілейді;

24) ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін әзірлейді және олардың тізілімін жүргізуді ұйымдастырады;

24-1) экологиялық қауіпті технологиялардың, техника мен жабдықтың тізілімін жүргізеді;

24-2) мұнайдың теңізге және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарына авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттердің тізбесін бекітеді;

25) әр түрлі дәрежедегі полигондарда орналастыру үшін қалдықтар тізбесін айқындайды;

26) қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

26-1) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру қағидаларын әзірлейді;

26-2) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарауды, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;

26-3) эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін, оның ішінде атмосфераға ластаушы заттарды шығарудың жылжымалы көздері үшін әзірлейді және бекітеді;

27) мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың нысандарын әзірлейді және бекітеді;

27-1) парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициенттерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

28) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу тәртібін қоса алғанда, қоршаған ортаға әсерді бағалау және мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды әзірлейді және бекітеді;

28-1) алып тасталды - ҚР 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен;

28-2) парниктік газдарды түгендеу мониторингі мен оған бақылау жасау тәртібін әзірлейді;

28-3) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асырудың тәртібін әзірлейді;

28-4) Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарын әзірлейді;

28-5) парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің және Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталардың белгіленген мөлшердегі резерві мен көлемін қалыптастыру тәртібін әзірлейді;

28-6) қалдықтарды басқару бағдарламаларын әзірлеу тәртібін әзірлейді;

28-7) Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде өндірістік экологиялық мониторингі ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді;

28-8) Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде фондық экологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын әзірлейді;

28-9) қалдықтардың қауіптілік деңгейін айқындау және оларға код белгілеу әдістемесін бекітеді;

28-10) Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндаманы әзірлеуді ұйымдастырады;

28-11) Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорын жүргізу қағидатын әзірлейді;

28-12) спутниктік навигациялық жүйелер деректері бойынша қалдықтарды әкетуге мамандандырылған көлік құралдарының қозғалысын қадағалаудың ақпараттық жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын ұйымды айқындайды;

28-13) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін қолданылатын полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамаларды, аралас материалдардан ораманы өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы енгізуіне байланысты шығыстарды өтеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

28-14) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату арқылы өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық бағаларды әзірлейді және бекітеді;

28-15) энергетикалық кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;

28-16) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалануға қойылатын талаптарды әзірлейді және бекітеді;

28-17) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

28-18) аукциондық бағаларды индексстеу тәртібін қамтитын қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату арқылы өндірілген электр энергиясына шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын әзірлейді;

28-19) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;

29) мыналарды:

қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін айқындау әдістемесін;

мұнайдың теңізге және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарына авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттер тізбесіне енгізу үшін диспергенттерді айқындау жөніндегі әдістемені;

қауіпті қалдықтар бойынша есеп беру нысанын;

табиғат пайдалану шарттарын қоршаған ортаға эмиссияларға берілетін рұқсаттарға енгізу тәртібін, қоршаған ортаны эмиссияларға рұқсат беру мәселелері бойынша құжаттардың нысандарын және оларды толтыру тәртібін;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесін;

қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақыны есептеу әдістемесін;

мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нысанын;

техникалық реттеу саласындағы сараптама кеңесінің құрамын және оның ережесін;

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жүргізу жөнінде ақпарат алмасудың тізбелерін, нысандарын және мерзімін;

парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктердің бірліктерін квоталар бірліктеріне ауыстыру тәртібін;

парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларды әзірлеу тәртібін және олар жүзеге асырылуы мүмкін экономика салалары мен секторларының тізбесін;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде квоталар бірліктерін және өзге де көміртегі бірліктерін өзара тануды жүзеге асыру тәртібін ;

парниктік газдар шығарындыларына квоталармен және көміртегі бірліктерімен сауда жасау тәртібін;

сауда мақсаты үшін парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктері бойынша мониторинг, есепке алуды және есептілікті жүргізу тәртібін;  
қондырғы паспортының нысанын;

парниктік газдарды түгендеу туралы есептің нысанын;

парниктік газдар шығарындыларын өлшеу және есепке алуды стандарттау тәртібін;

парниктік газдар шығарындыларын, шығарындыларын азайтуды және сіңіруді есептеу әдістемесін;

жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларын;

көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін;

ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін;

эмиссиялар нормативтері белгіленетін ластаушы заттар мен қалдық түрлерінің тізбесін;

қоршаған ортаға эмиссияны қысқартуға арналған квоталар мен міндеттемелер саудасының тәртібін;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламенттерді;

ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін;

парниктік газдарды түгендеу мониторингі мен оны бақылау тәртібін;

парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асыру тәртібін;

қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қағидаларын;

Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде өндірістік экологиялық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын;

өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тізбесін;

қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін;

индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлік құралдарының (4 және одан жоғары экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электрлі қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарының, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін ынталандыру қағидаларын;

индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіз (жанбайтын және (немесе) өрт қауіптілігі төмен және түтін мен газды аз бөлетін); қалдықтары Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңделетін болып табылатын кәбілді-өткізгіш өнімнің өндірісін ынталандыру қағидаларын;

парниктік газдар шығарындылары мониторингі жоспарының нысанын;

Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімін жүргізу қағидаларын;

Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервінен квоталар бөлудің әдістемесін;

жобалары қоғамдық тыңдауларға шығарылуға жататын шаруашылық қызметі түрлерінің тізбесін;

мыналар:

қоршаған ортаға эмиссиялардан бюджетке түсетін түсімдер;

қоршаған ортаға залалды өтеуден бюджетке түсетін түсімдер;

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдан бюджетке түсетін түсімдер;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бюджет шығыстары туралы ақпараттарды ұсынудың нысандарын;

мұнайдың Қазақстан Республикасының теңізінде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау қағидаларын;

қалдықтарды түгендеу жөніндегі есеп нысанын және оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты;

қалдықтарды орналастыру объектілері бойынша кадастрлық істерді толтыру нысанын;

тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін;

Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде фондық экологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;

30) мыналарды:

қоғамдық тыңдау өткізу тәртібін;

парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңірудің нарықтық тетігінің субъектілері үшін парниктік газдар шығарындыларына квоталарды белгілейді;

өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде қоршаған ортаға эмиссиялардың автоматтандырылған мониторингін жүргізу тәртібін және өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептілікке қойылатын талаптарды;

- қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау тәртібін;
- кешенді экологиялық рұқсаттар беру тәртібін және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп объектілері үлгілерінің тізбесін;
- озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеуге, монтаждауға, оған қызмет көрсетуге рұқсаттар беру тәртібін;
- озонды бұзатын заттарды тұтынуды есепке алу тәртібін;
- аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлерін;
- жерді бағалаудың экологиялық критерийлерін;
- мемлекеттік реттеу объектілері болып табылатын парниктік газдар тізбесін;
- шығарындылардың белгіленген мөлшері бөліктерін, азайту бірліктерін, шығарындылардың сертификатталған азайту бірліктерін, парниктік газдарды сіңіру бірліктерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген басқа да туынды бірліктерді құру және айналымы тәртібін;
- парниктік газдар шығарындыларына квоталарды беру, өзгерту және өтеу тәртібін;
- экологиялық (жасыл) инвестицияларды іске асыру тәртібін белгілейді;
- 31) мемлекеттік экологиялық бақылау органдары жүйесіндегі зертханалық-талдамалық бақылау қызметтерінің жұмысын жетілдіреді;
- 32) су объектілерін кешенді пайдаланудың және қорғаудың бассейндік схемаларын келісуге, бассейндік келісімдерді дайындауға, сондай-ақ өз құзыреті шегінде су ресурстарын басқарудың бассейндік қағидатын іске асыруға қатысады ;
- 33) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 34) қоршаған ортаны қорғау саласында келісімдер, меморандумдар жасасады;
- 35) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 36) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 36-1) Қазақстан Республикасының климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық шарттарын іске асыруды жүзеге асырады;
- 36-2) Қазақстан Республикасының климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық шарттарын іске асыру жөніндегі жұмыс органын айқындайды;
- 36-3) Қазақстан Республикасының аумағында іске асырылатын парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңіру жөніндегі жобаларды мақұлдайды;
- 36-4) алып тасталды - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

37) алынып тасталды - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

38) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

38-1) Қазақстан Республикасының табиғи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі халықаралық шарттарын іске асыру бойынша орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді;

38-2) Қазақстан Республикасының жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы халықаралық шарттарын іске асыруды ұйымдастырады;

38-3) Қазақстан Республикасының халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы халықаралық шарттарын іске асыру жөніндегі ұлттық органның функциясын жүзеге асырады;

38-4) метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг жүргізу үшін нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды бекітеді;

38-5) қоршаған ортаға эмиссияларды есептеу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды бекітеді, қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін есептеу үшін бағдарламалық кешендерді қолдануды келіседі;

38-6) Қазақстан Республикасының жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы, қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және олардың жойылуын бақылау туралы және халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты негізделген алдын ала келісім рәсімі туралы халықаралық шарттарының міндеттемелерін орындау шеңберінде, жойылуы қиын органикалық ластауыштарды қоса алғанда, қауіпті химиялық заттарды мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады;

38-7) өз құзыреті шегінде табиғи ресурстардың мемлекеттік есебін, мемлекеттік кадастрлары мен мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін айқындайды;

38-8) мыналарды:

шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін;  
қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобалардың ашық конкурстарын өткізу тәртібін;

сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарды басқару тәртібін;

қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорларын қалыптастыру тәртібін айқындайды;

38-9) апелляциялық комиссияны құрады;

38-10) апелляциялық комиссияның регламентін, ережесін және құрамын бекітеді;

39) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.06.23 N 164-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) , 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 407-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 491-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.04.2017 № 56-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.04.2019 № 241-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа

енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.11.2020 № 373-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **17-1-бап. Коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Ескерту. 17-1-бап алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **17-2-бап. Индустриялық даму саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Ескерту. 17-2-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Индустриялық даму саласындағы уәкілетті орган:

1) түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауды (дайындауды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлғалардың қызметіне қойылатын талаптарды белгілеу;

2) түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар сатып алған және өткізген түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтары туралы есептілік нысаны мен оны ұсыну мерзімін айқындау арқылы түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті реттеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 17-2-баппен толықтырылды – ҚР 26.12.2019 № 284-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **18-бап. Арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыреті**

1. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар мыналар болып табылады:

- 1) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 2) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган;
- 3) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 4) жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

- 5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 6) жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;
- 7) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 8) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган;
- 9) ветеринария саласындағы уәкілетті орган;
- 10) өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;
- 11) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган.

2. Арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың құзыреті Қазақстан Республикасының жер, су, орман заңнамасында, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, ветеринария, өсімдіктер карантині, атом энергиясын пайдалану, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану, азаматтық қорғау, өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасында белгіленеді.

**Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**19-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдарының қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреті**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары (бұдан әрі - жергілікті өкілді органдар) қоршаған ортаны қорғау саласында:

- 1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 2) өз құзыреті шегінде қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаларды бекітеді;
- 3) қоршаған орта сапасының әкімшілік-аумақтық бірлік шегіндегі нысаналы көрсеткіштерін өз құзыреті шегінде бекітеді;

3-1) аумақтарды дамыту бағдарламаларын және парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңіру жөніндегі жобаларды бекітеді;

4) жергілікті атқарушы органдар мен заңды тұлғалар басшыларының қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдаланудың жай-күйі туралы есептерін тыңдайды;

5) өз құзыреті шегінде табиғат пайдалану ережелерін қабылдайды, оны бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделеді;

6) (алынып тасталды - 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен).

6-1) коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **19-1-бап. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдарының коммуналдық шаруашылық саласындағы құзыреті**

Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары коммуналдық шаруашылық саласында:

1) коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекітеді;

2) тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекітеді;

3) сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 19-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 28.04.2016 № 506-V Заңымен (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**20-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреті**

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) қоршаған ортаны қорғау саласында:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады ;

1-2) құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласында келісімдер мен меморандумдар жасасады;

2) объектілер салу жобасының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы қорытындысының негізінде өз құзыреті шегінде жаңа объектілер салуға немесе бұрыннан барларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) тыйым салады немесе рұқсат береді;

3) жобалардың экологиялық сараптамасын ұйымдастыруды және жүргізуді қоспағанда, өз құзыреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;

3-1) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар береді, оларда қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттер белгілейді;

4) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тыңдау ұйымдастырады;

5) қоршаған ортаны қорғау саласында құжаттар әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді, мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қарауына береді;

6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын сыртқы сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тартады;

7) өз құзыреті шегінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлейді;

8) қалдықтарды басқару жөнінде бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастырады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

8-1) коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жинақталуы нормаларын әзірлейді және жергілікті өкілді органдарға бекітуге ұсынады;

9) өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру жөніндегі объектілерді, оның ішінде әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу үшін Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер учаскелерін бөледі;

10) қалдықтарды жою және орналастыру жөніндегі объектілерді салуды қамтамасыз етеді;

11) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

12) қалдықтардың пайда болу көлемдерін бақылауды жүзеге асырады және қалдықтардың пайда болу көлемдерін азайтуға, олардың қайтадан немесе баламалы түрде пайдаланылу деңгейін арттыруға және көмілуге тиіс қалдықтар көлемін қысқартуға бағытталған іс-шаралар мен экономикалық ынталандырулар әзірлейді;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды;

14) тиісті аумақта тұрған табиғат объектілерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады;

15) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің тіркелуін жүзеге асырады;

16) қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етеді;

17) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

17-1) өз құзыреті шегінде табиғат қорғау іс-шараларының жоспарларын келіседі;

17-2) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласында қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуді ұйымдастырады;

17-3) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекітеді;

18) парниктік газдар шығарындыларын азайту мен оларды сіңіру жөніндегі жобаларды әзірлейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келіседі.

**Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (**

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.11.2020 № 373-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**20-1-бап. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының коммуналдық шаруашылық саласындағы құзыреті**

Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары коммуналдық шаруашылық саласында:

1) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын әзірлейді және аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдарына бекітуге ұсынады;

3) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторымен бірлесіп, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін әдістемеге сәйкес есептелген тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму тарифтерін әзірлейді және аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдарына бекітуге ұсынады;

4) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторымен бірлесіп, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын субъектілер арасындағы тарифтердің мөлшері мен оларды бөлу тәртібін айқындайды;

5) сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын әзірлейді және аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді органдарына бекітуге ұсынады;

б) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 20-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 28.04.2016 № 506-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **2-БӨЛІМ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НОРМАЛАУ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РҰҚСАТТАР, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУДИТ**

### **21-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтілицензиялау**

1. Жеке және заңды тұлғалардың табиғат қорғау ісін жобалау, нормалау және экологиялық аудит жөніндегі қызметі осы Кодекстің 40-бабына сәйкес шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылады.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге қызметті лицензиялауды Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **4-тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НОРМАЛАУ**

#### **22-бап. Экологиялық нормалаудың мақсаты**

1. Экологиялық нормалаудың мақсаты экологиялық қауіпсіздікті, экологиялық жүйелер мен биологиялық әртүрлілікті сақтауды қамтамасыз ететін қоршаған орта сапасын реттеу және оған жол беруге болатын әсерді белгілеу болып табылады.

2. Экологиялық нормалау процесінде қоршаған орта сапасының нормативтері, эмиссиялар нормативтері және табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғау саласындағы нормативтер белгіленеді.

3. Мұнайдың авариялық төгілуін жою әдістерін қолдану нәтижесіндегі эмиссиялар нормалануға жатпайды.

**Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 25.04.2016 № 505-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **23-бап. Қоршаған орта сапасының нормативтері және оларды белгілеу тәртібі**

1. Қоршаған орта сапасының нормативтеріне:

1) қоршаған орта жай-күйінің химиялық көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген нормативтер, оның ішінде радиоактивті заттарды қоса алғанда, жол беруге болатын шекті шоғырлану, химиялық заттардың шамалап алынған қауіпсіз деңгейлерінің нормативтері;

2) қоршаған орта жай-күйінің физикалық көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген, оның ішінде шудың, тербелістің, магнит өрістерінің, радиоактивтіліктің, жылудың және өзге де физикалық әсерлердің жол беруге болатын шекті деңгейлерінің нормативтері;

3) қоршаған орта жай-күйінің биологиялық көрсеткіштеріне сәйкес белгіленген, оның ішінде қоршаған орта сапасының индикаторлары ретінде пайдаланылатын өсімдіктердің, жануарлардың және басқа да организмдердің түрлері мен топтарының нормативтері, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық ережелермен және нормалармен, гигиеналық нормативтермен регламенттелетін, микроорганизмдердің жол беруге болатын шекті шоғырлану нормативтері:

топырақ бонитеті, қарашіріндінің құрамы, топырақтың су және жел эрозиясына ұшырау, олардың батпақтану, сортаңдану, тұздану көрсеткіштері және жер топырағының басқа да сипаттамалары;

аумақтың ормандылығы және онда орман өсіру, орманның қоқыстануы, ормандардың санитарлық жай-күйі, орман қорының жекелеген учаскелерінің басқа да сандық және сапалық көрсеткіштері;

ауыз суға және өзге де мақсаттарға пайдаланылатын су сапасының нормативтері;

табиғи ресурстар жай-күйінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де нормативтері;

4) қоршаған орта сапасының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де нормативтері жатады.

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган жол беруге шекті шоғырлану нормативтерін белгілеу мақсатында зиянды заттарды қауіптілік дәрежесіне қарай сыныптауды қамтитын, ықтимал қауіпті химиялық заттарды мемлекеттік тіркеуді жүргізеді. Мемлекеттік тіркеуден өткен химиялық заттарды Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға жол беріледі.

3. Жол беруге болатын шекті шоғырлану және заттардың шамамен алынған қауіптілік деңгейлерінің нормативтерін белгілеу тәртібі Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамаларында, Қазақстан Республикасының жер заңнамасында айқындалады.

4. Табиғи ресурстар жай-күйінің нормативтері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи ресурстардың әрбір түрі бойынша белгіленеді.

#### **24-бап. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері**

1. Жекелеген аумақтар үшін қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері белгіленуі мүмкін.

2. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері қоршаған орта сапасын бірте-бірте жақсарту қажеттігі ескеріле отырып, қоршаған ортаның нормаланатын параметрлерінің белгілі бір уақыт кезеңіне арналған шекті деңгейін реттейді.

3. Қоршаған орта сапасының әртүрлі нысаналы көрсеткіштері:

- 1) қоныстану аумағы;
- 2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;
- 3) рекреациялық аймақтар;
- 4) шөл және шөлейт аудандар;
- 5) су объектілері үшін белгіленуі мүмкін.

4. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленеді.

5. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін белгілеу:

1) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қоршаған орта сапасының нормативтеріне кезең-кезеңмен қол жеткізілуін;

2) экологиялық қауіпсіздікті және халық денсаулығы үшін қатерді азайтуды;

3) әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары, сондай-ақ экожүйелерді,

өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің тектік қорын сақтау қажеттігі ескеріле отырып, қоршаған орта сапасының нормалануын қамтамасыз етуге тиіс.

6. Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 24-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **25-бап. Эмиссиялар нормативтері**

1. Эмиссиялар нормативтеріне:

- 1) эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері;
- 2) ластаушы заттардың жол беруге болатын шекті шығарындылары мен төгінділерінің нормативтері;
- 3) өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері;
- 4) алып тасталды - ҚР 25.04.2016 № 505-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 5) күкіртті қоршаған ортада ашық түрде орналастыру нормативтері жатады.

2. Эмиссиялар нормативтері аумақтардың және акваторияның табиғи ерекшеліктері ескеріле отырып, қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс және жол берілетін шекті шоғырлану немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері негізінде есептеледі.

3. Эмиссиялар нормативтерінің шамалары шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсерін азайту мақсатында экологиялық рұқсаттар беру мен қажетті техникалық іс-шаралар өткізу қажеттігі туралы шешімдер қабылдауға негіз болып табылады.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **26-бап. Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері**

1. Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтері өнеркәсіптің нақты процестері мен салалары үшін ең озық қолжетімді технологиялар енгізу негізінде белгіленеді.

2. Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді және ол кешенді экологиялық рұқсаттардың негізі болып табылады.

3. Атмосфераға ластаушы заттарды шығарудың жылжымалы көздері үшін эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

**Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**27-бап. Ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің шекті жол берілетін нормативтері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері, күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтері**

1. Парниктік газдар шығарындыларын қоспағанда, ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің шекті жол берілетін нормативтері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері, күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтері қоршаған орта сапасының нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететіндей шартпен эмиссиялардың әрбір стационарлық көзі және тұтастай кәсіпорын үшін есептеулер негізінде белгіленетін эмиссиялар шамалары болып табылады.

2. Ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің шекті жол берілетін нормативтері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтері, күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтері қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар беру кезінде шығарындылардың стационарлық және жылжымалы көздері, технологиялық процестер мен жабдықтар үшін эмиссиялар нормативтерінің есептеу мәндерін, техникалық үлестік нормативтерінің белгіленген мәндерін қамтитын жобалар құрамында пайдаланылады. Белгіленген ластаушы заттар шығарындылары мен төгінділерінің шекті жол берілетін нормативтерінің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру нормативтерінің, күкіртті ашық түрде орналастыру нормативтерінің қолданылу мерзімі I, II, және III санаттардағы объектілері үшін – табиғат пайдаланушының өтініміне сәйкес, бірақ күнтізбелік он жылдан аспайтын мерзімге, IV санаттағы объектілер үшін табиғат пайдаланушының өтініміне сәйкес немесе егер өтінімде сұралып отырған мерзім көрсетілмесе мерзімсіз кезеңге белгіленеді.

**Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## 28-бап. Эмиссиялар нормативтерін айқындау тәртібі

1. Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтері көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау құрамында не жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар үшін жекелеген құжаттар (эмиссиялар нормативтерінің жобалары) түрінде негізделеді.

2. Осы Кодекстің 40-бабына сәйкес шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін эмиссиялар нормативтерін әзірлеуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге лицензиясы бар жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

3. Жекелеген көздер бойынша эмиссиялар нормативтері эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтеріне теңестіріліп белгіленеді не санитариялық-қорғау аймағының шекарасындағы және жақын орналасқан қоныстану аумақтарындағы қоршаған орта сапасының нормативтеріне қол жеткізу мақсаттарын негізге ала отырып, есептеу және (немесе) аспаптық жолмен айқындалады.

4. Эмиссиялар нормативтерін есептеу арқылы айқындау әдістемесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

5. Эмиссиялар нормативтерін белгілеу кезінде эмиссиялардың сандық және (немесе) сапалық сипаттамалары, қоршаған ортаның іс жүзіндегі ластануы ескеріледі. Қоршаған орта сапасы параметрлерінің фондық шоғырлануы бойынша деректерді жобаның тапсырыс берушісімен немесе жобалау ұйымымен шарт бойынша ұлттық гидрометеорологиялық қызмет ұсынады. Қоршаған орта сапасы параметрлерінің фондық шоғырлануы бойынша деректерді ұсыну қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізуге технологиялық байланысты қызметке жатады.

6. Атмосфераға ластаушы заттар шығарудың жылжымалы көздерінен туындайтын эмиссия нормативтері белгіленбейді. Шығарылған газдардағы атмосфералық ауаны ластайтын негізгі заттардың шекті концентрациялары Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында айқындалады.

**Ескерту. 28-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **29-бап. Табиғи ресурстар жай-күйінің өзге де нормативтері**

1. Табиғи ресурстарды қорғау мен молықтыру мақсатында табиғи ресурстар жай-күйінің нормативтері белгіленеді.

2. Табиғи ресурстар жай-күйінің нормативтері және оларды белгілеу тәртібі Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы заңнамасында, Қазақстан Республикасының жер, су, орман заңнамасында айқындалады.

### **5-тарау. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ**

#### **30-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы сәйкестікті растау объектілері мен рәсімі**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы сәйкестікті растау объектілері мен рәсімі Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

#### **31-бап. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында сәйкестікті растауға арналған стандарттар**

Ескерту. 31-бап алып тасталды - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **32-бап. Экологиялық таңбалау**

1. Экологиялық таңбалаудың міндеттері:

1) тұтынушыларды қоршаған ортаға қауіпті өнімдерді сатып алудан (пайдаланудан) қорғау;

2) өнімдердің барлық түрлерін өндіру, пайдалану және жою, (кәдеге жарату, өңдеу) кезінде қоршаған ортаның ластануын болдырмау;

3) жабдықтардың, технологиялық процестердің, өндірістердің және өнімдердің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) экологиялық қауіпсіз технологиялық процестерді, жабдықтарды және өндірістерді енгізу;

5) елге экологиялық қауіпті өнімдер мен технологиялардың әкелінуін болдырмау;

б) отандық өнімнің экспортталуына жәрдемдесу және бәсекеге қабілеттігін арттыру болып табылады.

2. Өндірілу кезінде қоршаған ортаға, халықтың денсаулығына және биологиялық ресурстарға зиянды әсері неғұрлым аз немесе қолайлы әсер ететін өнім экологиялық таңбалау объектісі болып табылады. Экологиялық таңбалау объектісі өнім өндіру процесі мен қолданылатын технологияларды қамтиды.

2-1. Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру және балық аулау өнімін, жабайы өсетін өсімдіктерден алынған өнімді және оларды қайта өңдеу өнімдерін, оның ішінде тамақ өнімін өндірушілер "Органикалық өнім өндіру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экологиялық таңбалауды ерікті негізде жүзеге асырады.

3. Өндірушілер, осы баптың 2-1-тармағында аталғандарды қоспағанда, өз өнімін сәйкестігі расталғаннан кейін экологиялық таза өнім белгісімен ерікті негізде таңбалайды. Өнімді экологиялық таңбалауды тиісті саладағы коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

4. Экологиялық таза өнім стандарттарын, экологиялық таза өнім белгісінің нысанын және оған қойылатын техникалық талаптарды "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аккредиттелген коммерциялық емес ұйым белгілейді.

Ескерту. 32-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **33-бап. Техникалық реттеу жөніндегі сарапшылық кеңес**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның техникалық реттеу жөніндегі сарапшылық кеңес техникалық регламенттер жобаларын әзірлейді, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және қолдану жөніндегі ұсыныстарды қарайды.

### **34-бап. Халықаралық стандарттарды енгізу және қолдану**

Ескерту. 34-баптың тақырыбы жаңа редакцияда көзделген - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің халықаралық стандарттарын енгізуі:

1) халықаралық стандарттар туралы ақпарат тарату;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің халықаралық стандарттарын енгізген және мұндай енгізуді растайтын құжаты бар табиғат пайдаланушыларға мемлекеттік экологиялық бақылау жиілігін қысқартуы;

3) қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу тетіктерін пайдалану арқылы ынталандырылады.

1-1. Халықаралық стандарттарды енгізу және қолдану Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Халықаралық стандарттарды енгізуді ынталандыру шаралары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 34-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**34-1-бап. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы халықаралық стандарттар және ұлттық стандарттар**

**Ескерту. 34-1-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган стандарттау саласындағы уәкілетті органның келісімімен Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық стандарттарды және парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асыруда, парниктік газдарды түгендеу, верификация және валидация жүргізуде пайдаланылатын ұлттық стандарттарды қолдануға рұқсат ету және тану қағидалары мен өлшемдерін әзірлейді және бекітеді.

2. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы мемлекеттік реттеу субъектілері өз қызметінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган таныған және рұқсат еткен халықаралық стандарттарды және ұлттық стандарттарды басшылыққа алады.

**Ескерту. Кодекс 34-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 08.04.2016 № 491-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа**

енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **6-тарау. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ**

### **35-бап. Қоршаған ортаға әсерді бағалау**

Қоршаған ортаға әсерді бағалау көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал салдары бағаланатын, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптары ескеріле отырып, қолайсыз зардаптарды (табиғи экологиялық жүйелер мен табиғи ресурстардың жойылуын, жұтаңдануын, бүлінуін және сарқылуын) болғызбау, қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралар әзірленетін рәсім болып табылады.

**Ескерту. 35-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **36-бап. Қоршаған ортаға әсерді бағалау міндеттілігі**

1. Қоршаған ортаға әсерді бағалау қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін болатын кез келген шаруашылық және өзге де қызмет түрлері үшін міндетті болып табылады.

2. Қоршаған ортаға әсер ететін шаруашылық және өзге де жобаларды, қоршаған ортаға әсерін бағаламай әзірлеуге және іске асыруға тыйым салынады. Әсерді бағалау нәтижелерін жоспарлау алдындағы, жоспарлау құжаттамасының, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Жобаланып жатқан объектілердің перспективалық қызметі осы Кодекстің талаптарына сәйкес қоршаған ортаға әсерін бағалауға жатады.

4. Жобалардың тапсырыс берушісі (бастамашысы) мен әзірлеушісі қоршаған ортаға әсер етуге жүргізілген бағалау нәтижелерін ескеруге және қоршаған орта мен адам денсаулығына неғұрлым аз зиян келтіретін нұсқаның қабылдануын қамтамасыз етуге міндетті.

**Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **37-бап. Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың кезеңдері**

1. Қоршаған ортаға әсерді бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қала құрылысы және құрылысты жобалау кезеңдері ескеріле отырып, жүйелі түрде жүзеге асырылады.

2. Қоршаған ортаға әсерді бағалау мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) IV санаттағы объектілерді қоспағанда, қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау (1-кезең);

2) IV санаттағы жұмыс істеп тұрған объектілерді қоспағанда, жобаны іске асырудың ықтимал әсерлерін немесе шаруашылық және өзге де қызметті одан әрі жүзеге асыруды толық және кешенді талдау, баламалы нұсқаларды негіздеу және қоршаған ортаны қорғауды басқару жоспарын (бағдарламасын) әзірлеу мақсатында орындалатын әсерді бағалау (2-кезең);

3) IV санаттағы объектілерді қоспағанда, қоршаған ортаға қолайсыз әсерлерді болдырмау жөніндегі техникалық шешімдерді қамтитын жұмыс жобасы құрамындағы "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі (3-кезең).

3. Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың 2 немесе 3-кезеңдерінде осы Кодекстің 4-тарауына сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтері әзірленеді.

**Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 02.07.2014 N 225-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **38-бап. Қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу тәртібі**

1. Осы Кодекстің 40-бабына сәйкес шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін қоршаған ортаға әсерді бағалауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге лицензия алған жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2. Қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыруды жоспарланып отырған қызметтің тапсырыс берушісі (бастамашысы) қамтамасыз етеді.

3. Қоршаған ортаға әсерді бағалау әзірленімін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар шартқа сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізуден алынған нәтижелердің дұрыстығы, толықтығы мен сапасы үшін тапсырыс беруші алдында жауапты болады.

Тапсырыс беруші мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылатын қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарының дәйектілігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

4. Қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімін орындау кезінде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуын бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

**Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N**

505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **39-бап. Қоршаған ортаға әсерді бағалау процесінде есепке алынуға тиіс әсерлердің түрлері**

1. Қоршаған ортаға әсерді бағалау процесінде:

1) тікелей әсер - объектіні орналастыру ауданында жоспарланып отырған негізгі және ілеспе қызмет түрлерінің тікелей тигізетін әсері;

2) жанама әсер - жобаны іске асыру салдарынан пайда болатын жанама (кейінгі) факторлардан туындайтын қоршаған ортаға әсер;

3) кумулятивтік әсер - жобаны іске асыруға ілесе жасалатын, өткен, қазіргі немесе негізделіп алдын ала болжанатын іс-әрекеттерден туындайтын, үнемі ұлғаю үстіндегі өзгерістер салдарынан пайда болатын әсер есепке алынуға тиіс.

2. Қоршаған ортаға әсерді бағалау процесінде:

1) парниктік газдар шығарындыларының әсерін қоспағанда, атмосфералық ауаға;

2) жер үсті және жер асты суларына;

3) сутоғандары түбінің беткі жағына;

4) ландшафттарға;

5) жер ресурстарына және топырақ жамылғысына;

6) өсімдіктер дүниесіне;

7) жануарлар дүниесіне;

8) экологиялық жүйелердің жай-күйіне;

9) халық денсаулығының жай-күйіне;

10) әлеуметтік салаға (халықты жұмыспен қамту, білім беру, көлік инфрақұрылымы) әсерді бағалау жүргізіледі.

3. Қоршаған ортаға әсерге бағалау жүргізу процесінде табиғи орта мен адам денсаулығына теріс және оң әсерлер есепке алынуға тиіс.

**Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **40-бап. Қоршаған ортаға әсерді бағалау объектілерін бағалану маңыздылығы мен толымдылығы бойынша сыныптау**

1. Қоршаған ортаға әсерін бағалау жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызмет бағалаудың маңыздылығы мен толымдылығы бойынша I, II, III, IV болып – 4 санатқа бөлінеді.

I санатқа өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарына жататын қызмет түрлері, жоғарыда көрсетілген қауіптілік сыныптарының қызмет түрлерінен сарқынды суларды (су объектілеріне, жергілікті жердің рельефіне, жинақтауыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға, тазарту құрылысжайларына) ағызу, сондай-ақ кең таралғандарынан басқа, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру жатады.

II санатқа өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 3-сыныбына жататын қызмет түрлері, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жатады.

III санатқа өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 4-сыныбына жататын қызмет түрлері жатады.

IV санатқа өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 5-сыныбына жататын қызмет түрлері жатады.

1-1. Өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптілік сыныптарына жатпайтын қызмет түрлері IV санат объектілері ретінде сыныпталады.

2. Әртүрлі санаттағы объектілерге қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізуге қойылатын сараланған талаптар қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықта белгіленеді.

Ескерту. 40-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **41-бап. Қоршаған ортаға әсерді бағалау құжаттамасы**

1. Қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі құжаттама:

1) шаруашылық және өзге де қызметке тапсырыс берушінің деректемелерін;  
2) жоспарланып отырған қызметті іске асыру қажеттігі негізделген өтінішті (арызды), инвестициялар негіздемесін, техникалық-экономикалық негіздемені (жобаны), жұмыс жобасының бекітілген бөлігін, түсіндірме жазбаны;

3) қоршаған орта компоненттерінің қызметті іске асырғанға дейінгі не қазіргі кездегі жай-күйінің сипаттамасын;

4) жобаның жазбасын, оған қоса:

бүкіл жобаның мақсаты мен сандық сипаттамаларының және орналастыру ауданына құрылыс және пайдалану сатысы кезеңінде қойылатын талаптардың сипаттамасын;

жоспарланып отырған қызметтің қоршаған орта элементтеріне ықтимал әсерлерінің түрлері қоршаған ортаға эмиссиялардың, тұтынылатын шикізаттың және алынатын ресурстардың көлемі мен оның қосындыларының құрамымен бірге көрсетіле отырып, пайдаланылатын материалдар мен жабдықтардың типтері мен санын қоса алғанда, өндірістік процестердің негізгі сипаттамаларын;

5) қолданылатын технологияның ең озық қолжетімді технологиялармен және техникалық үлестік нормативтермен сәйкестігі, сондай-ақ техникалық регламенттермен және технологияларға, техника мен жабдыққа қойылатын экологиялық талаптармен сәйкестігі тұрғысынан талдауды;

6) баламалы нұсқалар туралы ақпаратты және жобалық нұсқаны таңдаудың негізгі себептеріне нұсқауды;

7) қызметтің қоршаған ортаға, халықтың денсаулығына және әлеуметтік-экономикалық жағдайларға ықтимал әсерлерінің сипаттамасын;

8) жобаланатын шаруашылық немесе өзге де қызметтің қоршаған ортаға беймәлім әсерлерін;

9) экологиялық тәуекелді және халықтың денсаулығына төнетін тәуекелді бағалауды;

10) экологиялық мониторинг жөніндегі ұсыныстарды қоса алғанда, қоршаған ортаға әсерді болдырмау, азайту үшін көзделетін шаралардың сипаттамасын;

11) қоршаған ортаға эмиссиялардың жобалық нормативтерін және табиғи ресурстарды алып қою нормативтерін;

11-1) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының негіздемесін;

11-2) қалдықтарды басқару бағдарламасының негіздемесін;

12) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының негіздемесін;

13) ықтимал тәуекелдерді және келтірілген залалдарды өтеуді ескере отырып, жобаны экологиялық-экономикалық бағалауды;

14) хаттамалармен ресімделген және жоспарланып отырған қызметтің экологиялық аспектілерін қоғамдық талқылау нәтижелері жөніндегі қорытындыларды қамтитын қоғамдық пікірді есепке алу жөніндегі материалдарды;

15) қоршаған ортаға әсерге бағалау жүргізу кезіндегі кез келген қиыншылықтарды және ақпараттың жетіспеушілігін көрсетуді;

16) қоршаған ортаға әсерге жүргізілген бағалау нәтижелері жөніндегі негізгі қорытындыларды қамтиды.

2. Жоспарланып отырған қызметтің тапсырыс берушісі (бастамашысы) қоршаған ортаға әсерге жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша жоспарланып

отырған немесе жүзеге асырылатын қызметтің экологиялық зардаптары туралы мәлімдеме әзірлеп, табыс етеді, ол осы қызметті іске асыруға болатыны туралы шешім әзірлеуге негіз болады.

3. Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың әрбір кезеңіндегі құжаттама мазмұнының толымдылығы қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықпен айқындалады.

Ескерту. 41-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.06.23 N 164-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 491-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **42-бап. Қоршаған ортаға әсерге бағалау жүргізуді әдістемелік қамтамасыз ету**

1. Қоршаған ортаға әсерді бағалау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде тиісті жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаға әсерді бағалауды әзірлеу процесінде қоршаған ортаға әсерге бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттар талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

#### **43-бап. Трансшекаралық әсері бар объектілердің қоршаған ортаға әсерін бағалау ерекшеліктері**

Трансшекаралық әсері бар объектілердің қоршаған ортаға әсерін бағалау ерекшеліктері Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда айқындалады.

#### **44-бап. Қолданыстағы объектілер үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау ерекшеліктері**

Ескерту. 44-бап алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **7-тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА**

#### **45-бап. Экологиялық сараптама түрлері**

Қазақстан Республикасында экологиялық сараптаманың мынадай түрлері жүзеге асырылады:

- 1) мемлекеттік экологиялық сараптама;

- 2) қоғамдық экологиялық сараптама;
- 3) жобалардың экологиялық сараптамасы.

**Ескерту. 45-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **46-бап. Экологиялық сараптаманың мақсаттары**

Экологиялық сараптама:

- 1) жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық, норма шығару және өзге де қызметті іске асырудың қоршаған орта мен халықтың денсаулығына ықтимал теріс зардаптарын айқындау және шектеу;
- 2) экономикалық даму мен қоршаған ортаны қорғау мүдделерінің балансын сақтау, сондай-ақ табиғат пайдалану процесінде үшінші тараптарға залал келтіруді болдырмау мақсатында жүргізіледі.

#### **47-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері**

1. Міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамаға:

1) осы Кодекстің 37-бабында айқындалған кезеңдерге сәйкес қоршаған ортаға әсердің оған ілеспе бағалау материалдарымен бірге қоршаған ортаға әсер етуші межеленіп отырған қызметтің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы;

**2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

3) қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобалары;

4) іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобалары;

**5) алып тасталды - ҚР 02.07.2014 N 225-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

5-1) жоюдың тәсілі мен орны көрсетіле отырып, тауарларды, сондай-ақ тауарларды жою нәтижесінде түзілген қалдықтарды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге де тәсілмен жою мүмкіндігін көздейтін, жою кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларды жою мүмкіндігі туралы материалдар;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту, республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумақтарын кішірейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобалары;

7) өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын алу мен пайдалануға арналған биологиялық негіздемелер;

8) алып тасталды - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) осы аумақтарды экологиялық зілзала немесе төтенше экологиялық жағдай аймақтарына жатқызуды негіздейтін аумақтарды зерттеу материалдары;

10) шектес мемлекеттердің қоршаған ортасына әсер етуі мүмкін немесе оны жүзеге асыру үшін шектес мемлекеттермен ортақ табиғи объектілерді пайдалану қажет болатын не шектес мемлекеттердің Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалған, оның ішінде "Байқоңыр" кешені бойынша мүдделерін қозғайтын шаруашылық қызмет жобалары жатады.

11) алып тасталды - ҚР 02.07.2014 N 225-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-1. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілетін жер қойнауын пайдалану саласындағы жобалау құжаттары міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамаға жатпайды.

2. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы баптың 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында аталған мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері осы Кодекстің 40-бабында келтірілген объектілердің сыныпталуына сәйкес I, II, III, IV санаттарға бөлінеді.

Орталық мемлекеттік органдар әзірлейтін, іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобалары I санатқа жатады.

Жергілікті мемлекеттік басқару органдары әзірлейтін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобалары II санатқа жатады.

Осы баптың 1-тармағының 6) – 10) тармақшаларында көрсетілген мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері I санатқа жатады.

Осы баптың 1-тармағының 5-1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері III санатқа жатады.

Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген және осы Кодекстің 40-бабында келтірілген объектілердің жіктеуішіне сәйкес жіктелмейтін, қоршаған ортаға әсер ететін межеленіп отырған қызметтің жобаалды және жобалау құжаттамасы IV санатқа жатады.

Ескерту. 47-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.06.23 N 164-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2014 N 225-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **48-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын органдар**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

2. I санаттағы мемлекеттік экологиялық сараптама объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптаманы – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, II, III және IV санаттардағыларға облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.

3. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын I санаттағы мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

4. Шаруашылық қызметтің I санаттағы объектілерін салу мен пайдалану жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Осы баптың 4-тармағының талаптары құрылысы жұмыс істеп тұрған I санаттағы объектілердің аумағында жоспарланып отырған II, III және IV санаттардағы объектілерді салу мен пайдалану жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға) қолданылмайды.

Ескерту. 48-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **49-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу тәртібі**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға құжаттаманы электрондық нысанда:

1) белгіленіп отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметтің тапсырыс берушісі (инвестор);

2) мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын нормативтік құқықтық актілердің және жоспарлардың жобаларын әзірлеуді жүргізетін мемлекеттік органның басшысы ұсынады.

2. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 47-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілер бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Осы Кодекстің 47-бабы 1-тармағының 1), 3) және 10) тармақшаларында көрсетілген объектілерге мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатпен бір мезгілде беріледі.

3. Шаруашылық қызметтің I санаттағы объектілерін салу мен пайдалану жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы құрамында жүргізіледі. Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатпен бір мезгілде беріледі.

4. Құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының теріс қорытындысы берілген жағдайда қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат берілмейді.

Ескерту. 49-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **49-1-бап. II, III және IV санаттардағы объектілер үшін жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасы құрамында құрылыс жобаларының экологиялық сараптамасын жүргізу тәртібі**

1. II, III және IV санаттардағы объектілерді салу жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) бойынша жобалардың экологиялық сараптамасын Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған сарапшылар жүргізеді.

Жобалардың экологиялық сараптамасы құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының бір бөлігі болып табылады.

2. Құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының қорытындысында табиғат пайдаланушылардың құрылыс, шаруашылық қызметі кезеңіне арналған эмиссиялардың нормативтері қамтылады.

3. II, III және IV санаттардағы объектілерді салу жобаларының (техникалық-экономикалық негіздемелердің және жобалау-сметалық құжаттаманың) ведомстводан тыс кешенді сараптамасын жүргізу кезеңінде эмиссиялардың нормативтерін қамтитын ведомстводан тыс кешенді сараптама бөлімі табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік тізілімінде есепке алу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты ведомстводан тыс кешенді сараптама органдарына жібереді.

5. Жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасының теріс қорытындысы берілген жағдайда қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат берілмейді. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттарды қайтадан алу ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге қайтадан ұсынылған жобалар үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

**Ескерту. 7-тарау 49-1-баппен толықтырылды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **50-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу мерзімдері**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптама осы Кодекстің 49-бабының 1-тармағында көрсетілген тұлғалар мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу тәртібінде айқындалған құжаттар топтамасын ұсынған кезден бастап:

I санаттағы объектілер үшін қырық бес жұмыс күні;

II санаттағы объектілер үшін отыз жұмыс күні;

III және IV санаттардағы объектілер үшін он бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

2. Тіркелген күннен бастап I санаттағы мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері үшін – бес жұмыс күнінен аспайтын, II, III және IV санаттардағы мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері үшін үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын беретін орган құжаттарды олардың толықтығы тұрғысынан қарайды. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, құжаттар ұсынған тұлғаға қайтаруға жатады.

3. Мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылатын жобалар мен оларға қоса берілетін материалдар бойынша ескертулер болған кезде сарапшылар оларды ұсынған тұлғаға мұндай ескертулерді:

I санаттағы объектілер бойынша – жиырма бес жұмыс күні ішінде жібереді, оларды тапсырыс беруші ескертулер берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жояды;

II санаттағы объектілер бойынша – он бес жұмыс күні ішінде жібереді, оларды тапсырыс беруші ескертулер берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жояды;

III және IV санаттардағы объектілер бойынша – жеті жұмыс күні ішінде жібереді, оларды тапсырыс беруші ескертулер берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жояды.

Ескертулер жойылмаған жағдайда, осы баптың 1-тармағында айқындалған мерзімдерде мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы беріледі.

Бұрын жіберілген ескертулер жойылған жағдайда мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы беріледі.

4. Құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы немесе қала құрылысы жобаларының кешенді қала құрылысы сараптамасы құрамындағы жобалар бойынша жүргізілетін мемлекеттік экологиялық сараптама Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен және мерзімдерде жүргізіледі.

Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен ( 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **51-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы оны жүргізу нәтижелері бойынша беріледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың міндетті сипаты болады және табиғат пайдалану және қоршаған орта мен халық денсаулығына әсер ету бөлігінде құқықтық, ұйымдастырушылық және шаруашылық шешімдерді қабылдаудан бұрын жүргізілуге тиіс.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы экологиялық сараптама объектісін іске асыру жөнінде шешім қабылдауға болатындығы мен мүмкіндігі туралы тұжырымдарды қамтиды.

**3. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу міндетті болып табылатын шаруашылық және өзге де қызмет жобаларын іске асыруды банктердің және өзге де қаржы ұйымдарының мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысынсыз қаржыландыруына тыйым салынады.

5. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның сараптама бөлімшелерінің, тиісті аумақтағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары не облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының сараптама бөлімшесінің басшысы өз құзыреті шегінде қол қояды.

6. Жобалық құжаттамаға мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы I, II және III санаттардағы объектілер үшін – қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтерінің қолданылу мерзімі ішінде, IV санаттағы объектілер үшін – мерзімсіз қолданылады.

7. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысынан айыруды (қайтарып алуды) оны берген орган табиғат пайдаланушының жазбаша өтініші немесе келісімі негізінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысынан айыру (қайтарып алу) сот тәртібімен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 51-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-**

V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **52-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын сарапшылық бөлімшелері басшыларының құқықтары**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын сарапшылық бөлімшелері басшыларының:

1) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін белгіленген тәртіппен экологиялық сарапшылық комиссияларын, топтарын құруға, жұмысқа қатысуға отандық және шетелдік мамандарды, сондай-ақ заңды тұлғаларды тартуға;

2) сарапшылық бөлімшелерінің, құрылатын комиссиялар мен топтардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыруға;

3) мемлекеттік экологиялық сараптаманың сараптама кеңестерін басқаруға, олардың қызметін ұйымдастыруға;

4) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу әдістерін айқындауға;

5) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сай келмейтін, мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған материалдарды қабылдамай тастауға;

6) есептеулерде қате және басқа да олқылықтар жіберілген, оны түзету қосымша зерттеулерді, іздестіру жұмыстарын не қосымша қаражат бөлуді қажет ететін құжаттар мен материалдарды пысықтау үшін қайтаруға;

7) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларына қол қоюға;

8) алып тасталды - ҚР 25.04.2016 № 505-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге қажетті қосымша материалдарды сұратуға;

10) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы алынбаған объектілер туралы мәліметтерді банктер мен өзге де қаржы ұйымдарына табыс етуге;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселелерді шешу үшін тиісті материалдар дайындап, құқық қорғау органдары мен өзге де органдарға тапсыруға құқығы бар.

2. (алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен).

3. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу кезінде сараптама бөлімшелерінің басшылары тәуелсіз болады және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес іс-әрекет жасайды.

Сараптама бөлімшелері басшыларының тәуелсіздігі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар бекітетін, оларды тағайындау және қызметтен босату тәртібі мен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттарды қамтитын олар туралы ережелермен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 52-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **53-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысы**

1. Арнаулы білімі бар және экологиялық сараптама жүргізуге қажетті жеткілікті тәжірибесі бар және мемлекеттік экологиялық сараптама органы белгілеген тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге тартылған адам мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысы болып табылады.

Сараптама ұйымдарының бірінде штатта тұратын, жобалардың белгілі бір бөлімі (бөлігі) бойынша сараптама жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған жеке тұлға құрылыс жобаларының экологиялық сараптамасының сарапшысы болып табылады.

2. Экологиялық сараптама жасалуға тиісті құжаттама тапсырыс берушінің өкілі немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектісін әзірлеуші, сондай-ақ тапсырыс берушімен немесе әзірлеушімен еңбек немесе өзге де шарттық қатынаста тұрған заңды және жеке тұлғалар мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысы бола алмайды.

3. Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысы өзі жасаған сараптама үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

4. Сарапшының мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге байланысты қызметіне мемлекеттік органдардың, жеке, заңды тұлғалардың және лауазымды адамдардың араласуына тыйым салынады.

5. Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысы құқықтарының бұзылуы сот және әкімшілік тәртіппен қорғалуға тиіс, ал мұндай жолсыздықтарға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

6. Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысының:

1) мемлекеттік экологиялық сараптама объектісін жан-жақты және объективті бағалау үшін маңызы бар қосымша материалдарды осы Кодекстің 50-бабында белгіленген мерзім шегінде ұсынуды талап етуге;

2) экологиялық сараптама жүргізуге мамандарды қосымша тартуға;

3) сараптама жұмысын, әдіснамасын ұйымдастыруды жетілдіру, оны жүзеге асыру тәртібі мен принциптері жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) мемлекеттік экологиялық сараптама объектісі жөнінде, мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысына қоса тіркелетін ерекше пікір қалыптастыруға құқығы бар.

7. Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысы:

1) мемлекеттік экологиялық сараптаманың кешенді, объективті және сапалы жүргізілуін қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын сақтауға;

3) қолданылып жүрген нормалар мен ережелер негізінде мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге;

4) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асырудың белгіленген мерзімі мен тәртібін сақтауға;

5) мемлекеттік экологиялық сараптаманың дәлелді қорытындыларын дайындап, оларды сараптама объектісін іске асыру туралы шешім қабылдайтын органдарға және тапсырысшыларға уақтылы беруге;

6) сараптама жасалатын объектілерді одан әрі қарауға қабылдамаған не оларды негіздейтін материалдар пысықтауға қайтарылған кезде мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын объективті бағалап, дәлелді түрде негіздеуге;

7) материалдардың сақталуын қамтамасыз етуге және өзінің құпия құжаттарға қатысты әрекеттерін олардың иесімен келісуге, өзіне сеніп тапсырылған мәліметтердің жария етілуіне жол бермеуге міндетті.

**Ескерту. 53-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **54-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу процесіне сырттан сарапшылар тарту**

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу сырттан сарапшылар тартуды талап еткен жағдайда, мемлекеттік экологиялық сараптама органдарының сараптамалық қорытындылар алу үшін басқа мемлекеттік органдарға, өзге де ұйымдарға, сондай-ақ жекелеген мамандарға өтініш жасауға құқығы бар. Сырттан сарапшылар тартуды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті

орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 54-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **55-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен нормативтік құқықтық актілер жобаларының тізілімі**

Ескерту. 55-бап алып тасталды - ҚР 25.04.2016 № 505-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

#### **56-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестері**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның жанынан консультациялық-кеңесші органдар болып табылатын және өздері туралы ережелерге сәйкес әрекет ететін мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестері құрылады.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық сараптамасының сарапшылық кеңестері туралы ережелерді, олардың персоналдық құрамдарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және оның аумақтық органдарының басшылары бекітеді.

3. Функциялары қоршаған ортаны қорғаумен байланысты мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, жоғары оқу орындарының ғалымдары, практик-мамандар мен жұртшылық өкілдері мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестеріне мүше бола алады.

4. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестерінің қарауына:

1) экологиялық сараптама жүргізу кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, қоршаған ортаны қорғаудың, табиғи ресурстарды пайдалану мен молықтырудың күрделі проблемаларын талқылау;

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманың экологиялық қауіптілігі жоғары объектілерге қатысты қорытындыларын қарау жатады.

Ескерту. 56-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 25.04.2016 № 505-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **57-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың жариялылығы**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың жариялылығы және халықтың қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға қатысуы қоғамдық тыңдаулар өткізу арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге өз пікірін білдіру мүмкіндігі беріледі.

3. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы табиғат пайдаланушы оны алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастыруы үшін табиғат пайдаланушыға жіберіледі.

4. Жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен даулауға құқылы.

5. Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы бойынша шешім қабылданғаннан кейін барлық мүдделі тұлғаларға осы Кодексте көзделген тәртіппен сараптама объектісі жөнінде ақпарат алу мүмкіндігі беріледі.

Ескерту. 57-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **57-1-бап. Жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға қатысуы**

Жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға қатысуы:

қоғамдық тыңдаулар өткізу;

қоғамдық экологиялық сараптама өткізу;

қоғамдық экологиялық бақылау жүргізу;

мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде мемлекеттік органдарға ескертпелер мен ұсыныстар беру;

мемлекеттік органдардың жанындағы қоғамдық кеңестерге қатысу;

қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, оның ішінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесі

құжаттарының жобаларына ескертпелер мен ұсыныстар беру арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту. 7-тарау 57-1-баппен толықтырылды - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **57-2-бап. Қоғамдық тыңдаулар өткізу**

1. Қоғамдық тыңдаулардың мынадай:

1) ауыл және орман шаруашылығы, тау-кен өндіру және қайта өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, қалдықтармен жұмыс істеу және экономиканың басқа да салаларында, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тізбеге сәйкес шаруашылық қызметінің түрлері бойынша;

2) су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі және сумен жабдықтау көздерінің санитариялық қорғау аймақтарындағы объектілердің орналастырылуы көзделетін;

3) мемлекеттік орман қорының жерлеріндегі объектілердің орналастырылуы көзделетін;

4) мемлекеттік орман қорының жерлеріндегі орманның, оның ішінде елді мекендер шекарасының шеңберіндегі көгалдандыру екпелерінің кесілуі көзделетін;

5) табиғат пайдаланушының ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы және бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағындағы қызметі көзделетін;

6) осы Кодекстің 47-бабы 1-тармағының б), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері болып табылатын жобалар бойынша өткізілуі міндетті.

2. Жоспарланған қызметтің тапсырыс берушісі (бастамашысы) қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін жұртшылықты хабардар ету жөніндегі іс-шараларды өткізуге шарттық негізде қоғамдық бірлестіктерді тартуға құқылы.

3. Жергілікті атқарушы органдар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін күнтізбелік жиырма күн бұрын межеленіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау рәсіміне және интернет-ресурс арқылы, сондай-ақ хабардар етудің өзге де тәсілдерін пайдалана отырып осы қызмет бойынша шешім қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

4. Қоғамдық тыңдауларды өткізу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

**Ескерту. 7-тарау 57-2-баппен толықтырылды - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен**

соң қолданысқа енгізіледі) ; өзгеріс енгізілді - ҚР 05.04.2017 № 56-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **58-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру кезіндегі келіспеушіліктерді қарау тәртібі**

1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру кезіндегі келіспеушіліктер келіссөздер жолымен не сот тәртібімен қаралады.

2. Мемлекеттік экологиялық сараптама мәселелері бойынша келіспеушіліктерді кез келген мүдделі тараптың, оның ішінде белгіленіп отырған қызметке тапсырыс берушінің, жергілікті атқарушы органның өтініші бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган келіссөздер арқылы қарайды. Бұл ретте мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы келіспеушіліктердің нысанасы бола алмайды.

#### **59-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы қаржыландыру**

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы қаржыландыру бюджет қаражаты, сондай-ақ тапсырыс берушілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

#### **60-бап. Қоғамдық экологиялық сараптама**

1. Қоғамдық экологиялық сараптама - қоғамдық бірлестіктер құратын сараптама комиссиялары ерікті негізде жүзеге асыратын қызмет түрі.

2. Қоғамдық экологиялық сараптама кез келген шаруашылық және өзге де қызметті азаматтардың өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны сақтау жөніндегі қоғамдық мүдделердің сақталуы тұрғысынан қарайды.

Ластағыштар ретінде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген заттар шығарындыларын қоспағанда, парниктік газдар шығарындылары қоғамдық экологиялық сараптама объектісі болып табылмайды.

3. Қоғамдық экологиялық сараптама объектісі іске асырылған жағдайда мүдделері қозғалатын жеке тұлғалар немесе қоғамдық бірлестіктер қоғамдық экологиялық сараптаманың бастамашысы болуы мүмкін.

Ескерту. 60-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **61-бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушы**

1. Қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушы - қоғамдық бірлестіктер, олардың атынан экологиялық сараптама жүргізу туралы өтініш беріледі және сараптама комиссиясының қызметін ұйымдастыру жөнінде шаралар қолданылады.

2. Қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының:

1) қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің тапсырыс берушісінен қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуге қажетті құжаттар мен материалдар сұратуға;

2) сараптама жүргізу үшін сарапшылық комиссия құруға;

3) қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысын жергілікті атқарушы органдарға және қаржы ұйымдарына табыс етуге құқығы бар.

3. Қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушы:

1) қоғамдық экологиялық сараптаманы осы Кодексте жазылған талаптарға сәйкес ұйымдастыруға;

2) қоғамдық экологиялық сараптаманың барысы мен нәтижелері туралы жұртшылықтың хабардар етілуін және қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысын әзірлеуде қоғамдық пікірдің есепке алынуын қамтамасыз етуге;

3) қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысының барлық мүдделі тараптар үшін ашық болуын қамтамасыз етуге міндетті.

## **62-бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшылары**

1. Қаралатын мәселе бойынша ғылыми және (немесе) практикалық білімі бар және қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушы қоғамдық сараптама жүргізуге тартқан жеке тұлға қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшысы болып табылады.

2. Қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшысы мыналар бола алмайды:

1) қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің тапсырыс берушісінің өкілі;

2) қоғамдық экологиялық сараптама объектісін әзірлеушінің өкілі;

3) қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің аталған тапсырыс берушісімен немесе оны әзірлеушімен еңбек немесе өзге де шарттық қатынаста тұрған жеке тұлға;

4) қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің аталған тапсырыс берушісімен немесе оны әзірлеушімен шарттық қатынаста тұрған заңды тұлғаның өкілі.

3. Қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшысы оны жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасына және қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушы берген тапсырмаға сәйкес қатысады.

4. Қоғамдық экологиялық сараптама сарапшысының қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық экологиялық сараптама объектісі жөнінде

қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысына қоса тіркелетін ерекше пікір білдіруге құқығы бар.

Қоғамдық экологиялық сараптама сарапшысы:

- 1) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын сақтауға;
- 2) экологиялық сараптама объектісі бойынша өз қорытындысы тұжырымдарының объективтілігі мен негізділігін, сондай-ақ қоғамдық экологиялық сараптаманың атына мүдделі жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктерден келіп түскен ескертпелер мен ұсыныстардың ескерілуін қамтамасыз етуге;
- 3) материалдардың сақталуын және қоғамдық экологиялық сараптамаға ұсынылған мәліметтердің құпиялылығын, сондай-ақ зияткерлік меншіктің қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

### **63-бап. Қоғамдық экологиялық сараптама объектісі тапсырыс берушісінің құқықтары мен міндеттері**

1. Жоспарланып отырған басқару, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметтің жеке немесе заңды тұлғасы қоғамдық экологиялық сараптама объектісіне тапсырыс беруші болып табылады.

2. Қоғамдық экологиялық сараптама объектісіне тапсырыс берушінің:

- 1) белгіленіп отырған қызмет бойынша құжаттамада қамтылған заңмен қорғалатын құпия мәліметтердің қорғалуына;
- 2) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат алуға және ақпаратқа қол жеткізуге;
- 3) қоғамдық экологиялық сараптама аясында өткізілетін қоғамдық тыңдауға және өзге де іс-шараларға қатысуға;
- 4) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын органға, жергілікті атқарушы органдарға қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысына өз түсіндірмелері мен түсініктемелерін беруге құқығы бар.

3. Қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің тапсырыс берушісі:

- 1) қоғамдық экологиялық сараптамаға қажетті құжаттар мен материалдарды беруге;
- 2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысында баяндалған ұсынымдарға жазбаша жауап беруге міндетті.

### **64-бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманы қаржыландыру**

Қоғамдық экологиялық сараптаманы қаржыландыру:

- 1) қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастыратын және жүргізетін қоғамдық бірлестіктердің өз қаражаттары;
- 2) ерікті қайырымалдықтар, өтеусіз негізде ұсынылған гранттар;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған өзге көздер есебінен жүзеге асырылады.

#### **65-бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманы тіркеу тәртібі**

1. Қоғамдық экологиялық сараптама сараптаманы ұйымдастырушының оны жүргізу туралы өтініш тіркелген жағдайда жүзеге асырылады.

2. Қоғамдық экологиялық сараптаманы тіркеу туралы өтінішті оның ұйымдастырушысы аумағында сараптама объектісінің қызметі жоспарланып отырған жергілікті атқарушы органдарға береді.

3. Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу туралы өтініште:

1) қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының атауы, заңды мекенжайы;

2) қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының жарғыда көзделген қызметінің сипаты;

3) қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшылық комиссиясының құрамы туралы мәліметтер;

4) қоғамдық экологиялық сараптама объектісі туралы мәліметтер, қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу мерзімдері көрсетілуге тиіс.

4. Жергілікті атқарушы органдар қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны тіркеуге немесе тіркеуден бас тартуға міндетті. Көрсетілген мерзім ішінде қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы өтінішті тіркеуден бас тартылмаса, ол тіркелді деп есептеледі.

5. Егер:

1) бұрын осы объектіге қатысты екі рет қоғамдық экологиялық сараптама жүргізілсе;

2) қоғамдық экологиялық сараптама объектісі мемлекеттік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтерді қамтитын болса;

3) қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының жарғысында осы қоғамдық бірлестіктің қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі қызметі көзделмесе;

4) қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің белгіленіп отырған мемлекеттік экологиялық сараптамасы аяқталса, қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастыру туралы өтінішті тіркеуден бас тартылуы мүмкін.

6. Жергілікті атқарушы орган қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы өтінішті тіркеуден бас тартқан жағдайда, бұл жөнінде қоғамдық экологиялық сараптаманың бастамашысы мен ұйымдастырушысына бас тартудың себептерін дәлелді түрде негіздей отырып, жазбаша хабарлайды.

#### **66-бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы**

1. Қоғамдық экологиялық сараптаманың нәтижелері ұсынымдық сипатта болатын қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы түрінде ресімделеді.

2. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысында:

1) экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының атауы мен заңды мекенжайы;

2) тапсырыс берушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы, қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің атауы мен орналасқан жері;

3) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу туралы өтініштің жергілікті атқарушы органда тіркелгені туралы мәліметтер;

4) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу мерзімдері;

5) қоғамдық экологиялық сараптамадан өткен құжаттаманың құрамы, қоғамдық экологиялық сараптама процесінде пайдаланылған басқа да құжаттардың тізбеленіп көрсетілуі;

6) қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшылық комиссиясы мүшелерінің құрамы;

7) сараптама нәтижелерінің баяндалуы;

8) қоғамдық экологиялық сараптаманың ұйымдастырушысы айқындаған, қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу жөніндегі тапсырмалардың сипаты;

9) қоғамдық экологиялық сараптама процесінің, оның ішінде жұртшылықпен, тапсырыс берушімен және басқа да мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасасудың сипаттамасы;

10) қоғамдық экологиялық сараптаманың тұжырымдары қамтылуға тиіс.

3. Қоғамдық экологиялық сараптама тұжырымдарында:

1) қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды;

2) тапсырыс берушінің қоршаған ортаға әсерге жүргізген бағалауының толымдылығы, сапасы мен дұрыстығы жөніндегі сипаттама;

3) жұртшылықтың әртүрлі топтарының белгіленіп отырған қызметке көзқарасының сипаттамасы, жұртшылықтың ұсыныстары мен ескертпелеріне жасалған шолу;

4) сарапшылардың қоғамдық экологиялық сараптама объектісін іске асыруға экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жол беруге болатыны жөніндегі пікірі;

5) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын органға, тапсырыс берушіге, сараптама объектісін іске асыруға байланысты шешімдер қабылдайтын мемлекеттік органдарға және заңды тұлғаларға берілетін ұсыныстар мен ұсынымдар қамтылуға тиіс.

4. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысына қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының уәкілетті өкілі, сараптамалық комиссияның төрағасы мен мүшелері қол қояды.

5. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы:

1) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуге берілген өтінішті тіркеген жергілікті атқарушы органға;

2) осы объектінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүзеге асыратын органға;

3) жоспарланып отырған қызметтің тапсырыс берушісіне;

4) қоғамдық экологиялық сараптама объектісін іске қосуға байланысты шешімдер қабылдайтын органдарға;

5) бұқаралық ақпарат құралдарына жіберіледі.

#### **67-бап. Қоғамдық экологиялық сараптаманың нәтижелерін пайдалану**

1. Жоспарланып отырған қызметтің тапсырыс берушісі қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысын алған күннен бастап бір ай ішінде онда қамтылған тұжырымдар мен ұсынымдарды қарауға және өзінің түсіндірмелерін мемлекеттік экологиялық сараптама органына және қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушыға жіберуге міндетті.

2. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қаралуға тиіс. Қарау нәтижелері қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушыға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберілуге тиіс.

3. Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы жергілікті атқарушы органдар, қаржы ұйымдары және белгіленіп отырған қызметтің тапсырыс берушісі шешімдер қабылдаған кезде де ескерілуі мүмкін.

Қоғамдық экологиялық сараптаманың нәтижелері ғимараттардың, құрылыстар мен кешендердің, инженерлік және көлік коммуникацияларының құрылысына арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттама) ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу кезінде де ескерілуі мүмкін.

**Ескерту. 67-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **8-тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РҰҚСАТТАР**

## **68-бап. Экологиялық рұқсаттардың түрлері**

Қазақстан Республикасында табиғат пайдаланушыларға мынадай экологиялық рұқсаттар:

- 1) қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар;
- 2) кешенді экологиялық рұқсаттар беріледі.

Эмиссиялардың барлық стационарлық көздерінен қоршаған ортаға эмиссияларды экологиялық рұқсатсыз жүзеге асыруға тыйым салынады.

Ластағыштар ретінде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген заттар шығарындыларын қоспағанда, парниктік газдар шығарындылары экологиялық рұқсаттың нысанасы болып табылмайды.

**Ескерту. 68-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **69-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат**

1. Жылжымалы көздерден туындайтын ластағыш заттардың шығарындыларын қоспағанда, қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға міндетті.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылатын табиғат пайдаланушылар шаруа немесе фермер қожалықтары үшін арнайы салық режимі қолданылатын қызметте пайдаланылатын объектілер бойынша қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алмайды.

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат табиғат пайдаланушыға осы баптың 2-1-тармағында айқындалған тәртіппен не мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысымен бір мезгілде беріледі.

2. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат Қазақстан Республикасында қоршаған ортаға эмиссияны жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасында тіркелген филиалдары мен өкілдіктеріне олардың өтінімдеріне сәйкес осы Кодексте белгіленген тәртіппен беріледі.

2-1. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы немесе ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы болған кезде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат осы Кодекстің 72, 74, 75-баптарында және 77-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде беріледі.

3. Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатта көрсетілген шарттарды орындауға міндетті және оларды сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

4. Өз меншігінде өндірістік объектілері бар табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу үшін:

1) бір облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында орналасқан әрбір объект бойынша да, олардың тұтас жиынтығы бойынша да өтінім бере алады;

2) әртүрлі облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аумағында орналасқан әрбір объектінің орналасқан жері бойынша өтінім беруге тиіс.

5. Егер қоршаған ортаға эмиссиялар ортақ табиғат пайдалану процесінде жүретін болса, бұл эмиссияларға рұқсат алу талап етілмейді.

Ескерту. 69-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.11.16 N 200-IV (01.01.2010 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **70-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың мазмұны**

1. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат:

1) табиғат пайдаланушы және ол жүргізіп отырған шаруашылық және өзге де қызмет туралы мәліметтерді;

2) рұқсаттың қолданылу мерзімін;

3) табиғат пайдалану шарттарын, оның ішінде олардың барлық көздері бойынша эмиссиялардың нормативтерін;

4) рұқсаттың қолданылуы кезеңіне арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтитын, белгіленген үлгідегі құжаттар жиынтығы болып табылады.

5) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-1. Алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат бланкілерінің нысандарын және оларды толтыру тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 70-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **71-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу талап етілетін объектілердің санаттары**

1. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін табиғат пайдаланушыларға рұқсат берілетін объектілер I, II, III және IV болып төрт санатқа бөлінеді.

2. I санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-сыныпты объектілері жатады.

II санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 3-сыныпты объектілері жатады.

III санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 4-сыныпты объектілері жатады.

IV санатқа өндірістік объектілерді санитарлық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 5-сыныпты объектілері жатады.

2-1. Өндірістік объектілердің санитариялық сыныпталуына сәйкес сыныпталмайтын қызмет түрлері IV санатқа жатады.

3. Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты I санат объектілеріне - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органнан, II санат объектілеріне - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан, III санат объектілеріне - оңайлатылған схема бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан, IV санат объектілеріне облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарынан алады.

3-1. I санаттағы объектілердің аумағында орналасқан II, III және IV санаттардағы объектілерге қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы орган береді.

4. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру үшін I санат объектілерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 71-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **72-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу үшін ұсынылатын материалдар**

1. Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін рұқсат беру органына қажетті құжаттар топтамасын электрондық нысанда ұсынады.

2. I, II және III санаттардағы объектілері бар табиғат пайдаланушылар үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін құжаттар топтамасы мыналарды қамтиды:

1) рұқсат алуға өтінім;

2) бекітілген эмиссиялар нормативтері қамтылған құрылыс жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы не ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы;

3) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

3. Жаңадан енгізілетін IV санаттағы объектілері бар табиғат пайдаланушылар үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға арналған құжаттар топтамасы:

1) рұқсат алуға өтінімді;

2) қоршаған ортаға эмиссиялардың есептік немесе аспаптық жолмен белгіленген және негізделген нормативтерін қамтиды.

4. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға арналған өтінімнің нысанын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

**Ескерту. 72-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **73-бап. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа енгізілетін табиғат пайдалану шарттары**

1. Табиғат пайдаланушының Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын қызмет түрлері үшін экологиялық талаптар мен нормалар қабылданған болса, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа осы талаптар мен нормалардың орындалуын қамтамасыз ететін табиғат пайдалану шарттары енгізілуі мүмкін.

2. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа табиғат пайдалану шарттарын енгізу туралы шешімді рұқсат берген органдар қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларда көзделмеген табиғат пайдалану

шарттарын қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа енгізуге тыйым салынады

4. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа табиғат пайдалану шарттарын енгізу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

5. Табиғат пайдаланушы экологиялық рұқсатқа енгізілген табиғат пайдалану шарттарының орындалуы туралы есепті рұқсат берген органға тоқсан сайын ұсынып отыруға міндетті.

Ескерту. 73-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **74-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қарау және беру мерзімдері**

Ескерту. 74-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ).

1. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Шаруашылық және өзге де қызметтің I, II және III санаттарындағы объектілер үшін өтінім тіркелген күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде рұқсат беретін орган өтінімді оның толықтығы тұрғысынан қарайды.

Өтінім белгіленген мерзім ішінде қарауға қабылданады не ұсынылған құжаттардың жеткіліксіз болуы салдарынан қабылданбайды.

Өтінім қабылданбаған кезде табиғат пайдаланушыға қабылданбау себептері уәжді түрде негізделіп, бас тарту жіберіледі.

3. Рұқсат беретін орган қабылданған өтінімдерді:

1) шаруашылық және өзге де қызметтің I санаттағы объектілері үшін – өтінім тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде;

2) шаруашылық және өзге де қызметтің II және III санаттардағы объектілері үшін – өтінім тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде;

3) шаруашылық және өзге де қызметтің IV санаттағы объектілері үшін өтінім тіркелген күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

4. Қарау қорытындылары бойынша қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат немесе уәжді бас тарту беріледі.

Ескерту. 74-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен ( 01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI Заңымен (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен

#### **75-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беру үшін негіздер**

1. Табиғат пайдаланушыға I, II және III санаттардағы объектілерге мынадай шарттар сақталған кезде:

1) осы Кодекстің 72-бабына сәйкес қажетті құжаттар мен материалдар ұсынылған;

2) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларға сәйкес келген және I санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз еткен кезде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беріледі.

2. Егер табиғат пайдаланушы қажетті өтінімді және қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін ұсынса, оған IV санаттағы объектіге қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат берілуге тиіс.

**Ескерту. 75-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **76-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың қолданылу мерзімдері**

1. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар қолданыстағы рұқсатта көрсетілген табиғат пайдаланудың қолданылатын технологиялары мен шарттары өзгергенге дейінгі, бірақ I, II және III санаттардағы объектілер үшін он жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

2. IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат, қолданыстағы рұқсатта көрсетілген табиғат пайдаланудың қолданылатын технологиялары мен шарттары өзгерген жағдайларды қоспағанда, мерзімсіз негізде беріледі.

**Ескерту. 76-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **77-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беруден бас тарту, оны тоқтата тұру, жою, одан айыру**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беретін органдар мынадай:

1) рұқсат алу үшін ұсынылған материалдар толық емес және дәйексіз болған;  
2) сұратылып отырған табиғат пайдалану шарттары осы Кодекстің 73-бабында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген;

3) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларға, қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуге сәйкес келмеген жағдайларда рұқсат беруден бас тартады.

2. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беруден бас тартуға байланысты даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

3. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Егер табиғат пайдаланушыға рұқсат бірнеше өндірістік объектілерге берілген жағдайда, рұқсаттың қолданылуы бұзушылыққа жол берілген объект бойынша тоқтатыла тұрады.

4. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты берген орган оның күшін жаңа рұқсат берілген күннен бастап не табиғат пайдаланушының жазбаша өтініші негізінде жояды.

5. Табиғат пайдаланушыны қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттан айыру сот тәртібімен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 77-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **78-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қайта ресімдеу тәртібі**

1. Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты қайта ресімдеу табиғат пайдаланушының атауы өзгерген, ол қайта ұйымдастырылған жағдайларда, сондай-ақ осындай эмиссияға рұқсат берілген объектіге (обектілерге) қатысты оның (олардың) меншік иесі ауысқан жағдайда, бұл қайта ресімдеу қоршаған ортаға жүктемені ұлғайтуға алып келмейтін кезде күнтізбелік он бес күн ішінде жүзеге асырылады.

2. Рұқсатты қайта ресімдеу мына құжаттар болған кезде жүзеге асырылады:

- 1) рұқсатты қайта ресімдеуге өтінім;
- 2) алып тасталды - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) алып тасталды - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) Алынып тасталды - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.

5) қайта ресімделетін эмиссияға рұқсат берілген табиғат пайдалану объектісіне (объектілеріне) қатысты оған (оларға) меншік құқығының ауысқанын растайтын құжаттың көшірмесі.

Ескерту. 78-бап жаңа редакцияда - ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV , 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **79-бап. Кешенді экологиялық рұқсат**

1. Кешенді экологиялық рұқсат табиғат пайдаланушының ең озық қолжетімді технологияларды енгізу және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген эмиссиялардың техникалық үлес нормативтерін сақтау шартымен қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру құқығын куәландыратын біртұтас құжат болып табылады.

Кешенді экологиялық рұқсаттарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган береді.

2. Өнеркәсіптің жекелеген процестері мен салалары үшін ең озық қолжетімді технологиялар тізбелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мүдделі орталық атқарушы органдардың, басқа да заңды тұлғалардың қатысуымен әзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Табиғат пайдаланушылар Қоршаған ортаның ластануын кешенді бақылау және болдырмау жөніндегі Еуропа бюросының анықтамалықтарына енгізілген, ұсынылатын технологиялардың кез келгенін де таңдай алады.

3. Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп объектілері типтерінің тізбесін және оларды беру тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

4. Кешенді экологиялық рұқсат осы Кодекстің 70-бабында көрсетілген ақпаратпен қатар мыналарды:

- 1) шикізат пен энергияны үнемді пайдалану шарттарын;
- 2) қалдықтарды басқару жүйесін;

3) қоршаған ортаға қауіп төндіретін жағдайларда объектіні пайдалану жөніндегі іс-әрекеттер мен шараларды;

4) ең озық қолжетімді технологияларды енгізу мерзімдері мен шарттарын қамтуға тиіс.

5. Кешенді экологиялық рұқсат осы рұқсатта көрсетілген қолданылатын технологиялар мен табиғат пайдалану жағдайлары өзгерген кезге дейін қолданылады.

6. Кешенді экологиялық рұқсаттың қолданысын тоқтата тұру және одан айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 79-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **9-тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУДИТ**

### **80-бап. Экологиялық аудит**

1. Экологиялық аудитормен немесе экологиялық аудиторлық ұйыммен экологиялық аудит жүргізуге шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға аудиттелетін субъект болып табылады.

2. Экологиялық аудит аудиттелетін субъектілердің қоршаған ортаға әсер ету туралы есептілігіне талдау жасау жолымен жүргізіледі.

Парниктік газдар шығарындылары экологиялық аудит жүргізу кезінде талдау нысанасы болып табылмайды.

3. Экологиялық аудитті жүргізу кезінде:

1) қоршаған ортаға әсер туралы ұсынылған есептіліктің дұрыстығын тексеру;  
2) өндірістік-технологиялық процестің экологиялық талаптарға сәйкес келуін бағалау;

3) өндірістік мониторинг пен бақылау жүйесінің экологиялық талаптарға сәйкес келуін бағалау;

4) қызметкерлердің біліктілік деңгейін бағалау мақсатында арнайы зерттеулер мен өлшемдер жасалуы мүмкін.

4. Экологиялық аудиторлар, экологиялық аудиторлық ұйымдар және аудиттелетін субъектілер арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан

Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес экологиялық аудит жүргізуге арналған шарттың негізінде туындайды.

**Ескерту. 80-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **81-бап. Экологиялық аудит түрлері және оны жүргізу үшін негіздер**

1. Міндетті аудит және бастамашылық аудит экологиялық аудиттің түрлері болып табылады.

2. Жеке және заңды тұлғаларға қатысты міндетті экологиялық аудит жүргізуге:

1) жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінен қоршаған ортаға келтірілген, құжат бойынша расталған елеулі залал;

2) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушыны заңды тұлғаны қосу, бөлу және бөліп шығару түрінде қайта ұйымдастыру;

3) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы - заңды тұлғалардың банкроттыққа ұшырауы негіз болып табылады.

3. Бастамашылық экологиялық аудит бастамашының және экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның арасындағы экологиялық аудитті жүргізуге арналған шартта көзделген экологиялық аудиттің нақты міндеттері, мерзімдері мен көлемі ескеріле отырып, аудиттелетін субъектінің не оған қатысушының бастамасы бойынша жүргізіледі.

4. Мүдделі жеке және (немесе) заңды тұлғалар, сақтандыру ұйымдары, инвесторлар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар экологиялық аудитке тапсырыс берушілер болуы мүмкін.

### **82-бап. Экологиялық аудитті жүргізу**

1. Экологиялық аудит экологиялық аудитті жүргізу жоспарына сәйкес жүргізіледі, оны экологиялық аудитор осы баптың 2-тармағының талаптарын ескере отырып жасайды және ол тапсырыс берушімен және аудиттелетін субъектімен келісіледі. Экологиялық аудит жүргізуді жоспарлау кезінде тараптар экологиялық аудиторлар палатасы бекіткен, ұсынымдық сипатта болатын экологиялық аудитті жүргізу жоспарының үлгілік нысанын басшылыққа алады.

2. Экологиялық аудитті жүргізудің сатылары мыналар:

1) аудиттелетін субъектімен алдын ала танысу;

- 2) аудит жүргізу жоспарын әзірлеу;
- 3) қажетті ақпаратты жинау және жүйелеу;
- 4) аудиттелетін субъектіні қарап тексеру және оның қызметкерлеріне сауал жүргізу;
- 5) арнайы зерттеулер көлемін айқындау;
- 6) арнайы зерттеулер жүргізу;
- 7) экологиялық тәуекелдерді айқындау;
- 8) экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 9) экологиялық аудиторлық есеп жасау болып табылады.

3. Экологиялық аудит жүргізудің жоспарын әзірлеу үшін экологиялық аудитор аудиттелетін субъектінің ерекшеліктерімен алдын ала танысады.

4. Қажетті ақпаратты жинау мен жүйелеу аудиттелетін субъектіде және өзге де ұйымдарда жүргізіледі. Ақпарат құрамына:

1) қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің аудиттелетін субъектінің қызметіне қатысты талаптары;

2) аудиттелетін субъект орналасқан ауданның картасы және карта-схемасы;

3) егер бар болса, аэрофотосуреттердің нәтижелері;

4) аудиттелетін субъектіні басқарудың әкімшілік құрылымы;

5) егер бар болса, аудиттелетін субъектідегі қоршаған ортаны қорғау қызметі туралы ереже;

6) экологиялық рұқсат;

7) аудиттелетін субъектінің қоршаған ортаны қорғау бойынша соңғы бес жылдағы есебі;

8) өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу жөніндегі есептілік;

9) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның соңғы үш жылда тексерулер жүргізуі туралы хаттамалардың көшірмелері;

10) егер бар болса, аудиттелетін субъектінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламасы;

11) апатты жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі іс-шаралар жоспары;

12) қабылданған толықтырулармен қоса, аудиттелетін субъектінің қоршаған ортаға әсер етуін бағалау;

13) шығарындыларды, төгінділерді түгендеу жөніндегі ағымдағы кезеңдегі есеп;

14) жол берілетін шекті шығарындылар мен төгінділердің, қалдықтарды орналастырудың ағымдағы кезеңде қолданыста болатын нормативтерінің жобалары;

15) субъект қызметінің экологиялық-экономикалық аспектілері туралы деректер;

16) бұған дейінгі экологиялық аудиторлық есептердің көшірмелері;

17) аудиттелетін субъектінің әсері болатын аудандағы мемлекеттік экологиялық мониторингтің деректері;

18) аудиттелетін субъектінің қызметіне байланысты азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің өтініштері туралы мәліметтер кіреді.

5. Аудиттелетін субъектіні қарап тексеру және оның қызметкерлеріне сауал жүргізу құжаттаманың аудиттелетін субъектінің нақты жай-күйіне сәйкес келуін бағалау, аудиттелетін субъект мамандарының біліктілігін айқындау, аудиттелетін субъект қызметінің тиімділігін жақсарту үшін ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізіледі.

6. Қарап тексеру барысында:

1) аудиттелетін субъектінің жоспар-схемаға және жалпы технологиялық сипаттамаға сәйкес келуі;

2) аудиттелетін субъектінің құжаттамасында қоршаған ортаға әсер ету көздері көрсетілуінің толымдылығы;

3) аудиттелетін субъектінің ықтимал әсер ету аумағының жай-күйі;

4) қоршаған ортаға ықтимал әсер ету туралы құжаттамаға енгізілмеген мән-жайлардың болуы;

5) өндірістік объектілерде есепке алу және өзге де қажетті құжаттаманың болуы мен толымдылығы;

6) объектіні пайдалану процесінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі техникалық талаптардың сақталуы;

7) өндірістік экологиялық бақылауды жүргізуге қойылатын талаптардың сақталуы анықталуға тиіс.

7. Аудиттелетін субъектінің қызметкерлеріне сауал қою барысында:

1) қоршаған ортаны қорғау үшін мәні бар мәселелер бойынша қызметкерлердің біліктілік деңгейі;

2) есептілік құжаттаманы жүргізудің объективті болуын растау үшін қажетті ақпарат;

3) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылу жағдайлары және оларды болдырмау жөніндегі шаралар туралы мәліметтер;

4) аудиттелетін субъектінің болашақта шаруашылық және өзге де қызметті одан әрі жүзеге асыруы кезінде экологиялық талаптардың бұзылу ықтималдығы;

5) қоршаған ортаны қорғауды жетілдіру жөніндегі инженерлік бастамалардың болуы анықталуға тиіс.

8. Арнайы зерттеулерді экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар мынадай жағдайда:

1) өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу жөніндегі есептілікті растау қажет болғанда;

2) қоршаған ортаға әсердің құжаттамаға енгізілмеген көздері анықталғанда;

3) аудиттелетін субъекті қызметінің қоршаған ортаға және халықтың денсаулық жағдайына теріс әсер ету салдарлары туралы мән-жайлар болғанда жүргізеді.

9. Қажет болғанда, зерттеулер:

1) шығарындылар (төгінділер) көздерінде жүргізілетін өлшеулерді, қалдықтар үлгілерін зерттеуді;

2) аудиттелетін субъектінің ықпалды әсер ету аймағында қоршаған ортаның ластануын өлшеулерді;

3) аудиттелетін субъектінің ықпалды әсер ету аймағында өсімдіктердің, жануарлар дүниесінің, экожүйелердің және халық денсаулығының жай-күйін зерделеуді қамтиды.

10. Арнайы зерттеулерді жүргізу үшін қоршаған ортаның жай-күйін айқындайтын аккредиттелген зертханалар тартылуға тиіс.

11. Аудиттелетін субъектінің экологиялық тәуекелдерін айқындау:

1) құжаттама мен есептердің байқалатын ағымдағы жай-күйге сәйкестігін талдау;

2) аудиттелетін субъект қызметінің өсімдіктерге, жануарлар дүниесіне, экожүйелерге және халық денсаулығының жай-күйіне ықтимал салдарларын бағалау, соның ішінде қоршаған орта сапасының бұзылуынан туындаған аурулар мен өлім-жітім жағдайларын талдау;

3) қоршаған орта үшін теріс салдарларға әкеп соғуы мүмкін аудиттелетін субъектідегі авариялық жағдайлардың ықтималдылығын немесе технологиялық регламенттен өзге де ауытқуларды айқындау жолымен жүргізіледі.

12. Аудиттелетін субъектінің экологиялық қауіпсіздігі деңгейін арттыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу:

1) осы сияқты объектілер үшін пайдаланылатын ең үздік қолжетімді технологияларды;

2) қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін жақсарту жөніндегі ықтимал шараларды;

3) өндірістік экологиялық бақылауды жетілдіру тәсілдерін;

4) экологиялық нормативтер мен талаптарды өзгерту жөніндегі ұсыныстарды зерделеу негізінде жүргізіледі.

### **83-бап. Міндетті экологиялық аудитті жүргізу туралы шешім**

1. Міндетті экологиялық аудитті жүргізу туралы шешімді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 81-бабының 2-тармағында

көзделген мән-жайлар белгіленген кезден бастап бір ай мерзім ішінде қабылдайды.

2. Міндетті аудит жүргізу туралы шешім міндетті экологиялық аудит туралы қорытынды түрінде ресімделеді.

3. Міндетті экологиялық аудит туралы қорытындының нысанын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Қорытындыда:

1) аудиттелетін субъектінің тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы;

2) аудиттелетін субъектінің орналасқан жері;

3) аудиттелетін субъектінің шаруашылық және өзге де қызметімен байланысты қоршаған орта үшін ықтимал тәуекелдердің сипаты;

4) міндетті экологиялық аудитті жүргізуге негіз;

5) міндетті экологиялық аудиттің қорытындысын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс ету мерзімі көрсетілуге тиіс.

5. Міндетті экологиялық аудит туралы қорытынды аудиттелетін субъектінің басшысына жолданады.

#### **84-бап. Міндетті экологиялық аудитті жүргізудің ерекшеліктері**

1. Міндетті экологиялық аудит аудиттелетін субъект міндетті экологиялық аудит туралы қорытындыны алған кезден бастап алты айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі.

2. Экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым аудит жүргізудің жоспарын әзірлеу үшін міндетті экологиялық аудит туралы қорытындымен, аудитті жүргізу негіздемесімен, аудиттелетін субъектіге тән экологиялық проблемалармен және өзге де аспектілермен танысады.

#### **85-бап. Экологиялық аудиторлық есептерге қойылатын талаптар**

1. Экологиялық аудиторлық есеп міндетті экологиялық аудиттің нәтижелері бойынша:

1) экологиялық аудитордың және экологиялық аудиторлық ұйымның құқықтылығын растайтын мәліметтерді;

2) аудиттелетін субъект туралы жалпы ақпаратты;

3) экологиялық аудитті жүргізу негіздемесін;

4) экологиялық аудитті жүргізудің жоспарын;

5) жинақталған ақпарат тізбесін және оған шолуды;

6) аудиттелетін субъектіні қарап тексеру және оның қызметкерлеріне сауал қою нәтижелерін;

7) арнайы зерттеулердің нәтижелерін;

- 8) экологиялық тәуекелдерді бағалауды (сандық және сапалық тұрғыдан);
- 9) экологиялық қауіпсіздікті арттыру жөніндегі ұсынымдар тізбесін;
- 10) аудиттелетін субъектінің қоршаған орта үшін қауіпсіздік дәрежесі, анықталған жолсыздықтар, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі құжаттама мен есептілікті жүргізудің дұрыстығы туралы тұжырымдарды қамтуға тиіс.

2. Бастамашылық экологиялық аудит есебінің нысаны экологиялық аудитті жүргізуге арналған шартта белгіленеді.

3. Бастамашылық экологиялық аудиттің есебі құпия болып табылады. Бастамашыл экологиялық аудиттің есебіндегі мәліметтерді жария ету құқығына аудиттелетін субъект ғана ие болады.

### **86-бап. Міндетті экологиялық аудит есебін қарау тәртібі**

1. Міндетті экологиялық аудиттің нәтижелері бойынша экологиялық аудиторлық есепті экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым бір мезгілде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға және аудиттелетін субъектінің басшысына жібереді.

2. Міндетті экологиялық аудиттің нәтижелерін аудиттелетін субъект Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын сақтау, қоршаған ортаға қызметтің теріс салдарларын азайту және қоршаған ортаға залал келтірудің алдын алу, экологиялық есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау үшін пайдаланады.

3. Міндетті экологиялық аудит барысында аудиттелетін субъектілердің экологиялық есептілігінде дұрыс емес фактілер анықталған жағдайда, аудиттелетін субъект экологиялық аудиторлық есепті алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей өзінің есептілігін экологиялық аудит ұсынымдарына сәйкес келтіруге, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтау жөніндегі өзге де шараларды қолдануға және бұл туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етуге тиіс.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган міндетті экологиялық аудиттің нәтижелері бойынша экологиялық аудиторлық есепті алған күннен бастап бір ай мерзімде оны қарауға міндетті.

5. Міндетті экологиялық аудиттің нәтижелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган аудиттелетін субъектінің экологиялық талаптарды және қоршаған орта сапасының нормативтерін сақтауы туралы дұрыс ақпарат алу үшін пайдаланады.

6. Міндетті экологиялық аудиттің экологиялық аудиторлық есебін қараудың нәтижелері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

- 1) аудиттелетін субъектінің қызметін тоқтата тұру туралы талап қою арқылы сотқа жүгінуге;

2) экологиялық рұқсат талаптарына өзгерістер енгізуге немесе табиғи ресурстарды пайдалану және алып қою, қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат шарттарының (келісімшарттардың) және табиғат пайдалануға өзге де рұқсаттардың талаптарын өзгерту туралы ұсыныспен арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінуге;

3) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына өзгерістер енгізу ұсынымдарын беруге құқылы.

7. Міндетті экологиялық аудиттің экологиялық аудиторлық есебі бойынша туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

**Ескерту. 86-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.12.04 № 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **87-бап. Экологиялық аудитор**

1. Аудиттелетін субъектілердің шаруашылық және өзге де қызметін экологиялық тәуекелдерді анықтауға, бағалауға және олардың қызметінің экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеуге бағытталған тәуелсіз тексеруді жүзеге асыратын жеке тұлға экологиялық аудитор болып табылады. I санаттағы аудиттелетін субъектілердің шаруашылық және өзге де қызметін осы Кодекстің 40-бабына сәйкес тексеру қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылады.

2. Экологиялық аудитор экологиялық аудиторлық қызметті дара кәсіпкер немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде жүзеге асыруға құқылы.

**Ескерту. 87-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **88-бап. Экологиялық аудиторлық ұйым**

1. Экологиялық аудиторлық ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, аудиттелетін субъектілер қызметінің экологиялық қауіпсіздігін анықтау мен бағалауға бағытталған, олардың шаруашылық және өзге де қызметін тәуелсіз тексеруді жүзеге асыратын коммерциялық ұйым болып табылады. I санаттағы аудиттелетін субъектілердің

шаруашылық және өзге де қызметін осы Кодекстің 40-бабына сәйкес тексеру қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылады.

2. Шетелдік экологиялық аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасында экологиялық аудиторлық қызметті тиісті экологиялық аудиторлық ұйымдарды - Қазақстан Республикасының резиденттерін құрған кезде ғана жүзеге асыра алады.

3. Экологиялық аудиторлық ұйымның құрамындағы экологиялық аудиторлардың саны үш адамнан кем болмауға тиіс.

**Ескерту. 88-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **89-бап. Экологиялық аудиторлар палатасы**

1. Экологиялық аудиторлар палатасы экологиялық аудиторлардың және мемлекеттік органдарда экологиялық аудиторлық ұйымдардың құқықтарын қорғау және заңды мүдделерін білдіру үшін құрылады.

Экологиялық аудиторлар палатасы өз мүшелерінің жалпы жиналысында бекітілетін жарғысының негізінде әрекет ететін және мүшелік жарналар есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылатын коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіптік және өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады.

2. Экологиялық аудиторлар палатасының негізгі міндеттері:

1) экологиялық аудиторлардың қызметін материалдық-техникалық, анықтамалық-ақпараттық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету;

2) экологиялық аудиторлық қызметтің жүзеге асырылуына кәсіби бақылауды ұйымдастыру болып табылады.

3. Экологиялық аудиторлар палатасы экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың қызметін реттейді, халықаралық тәжірибе негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық аудит стандарттарын әзірлейді.

4. Экологиялық аудиторлық ұйымдардың экологиялық аудиторлар палатасына мүшелігі міндетті болып табылады. Экологиялық аудиторлар экологиялық аудиторлық қызметті дара кәсіпкер ретінде жүзеге асырған жағдайда олар мүшелікке қабылданады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған лицензиясы болған кезде экологиялық аудиторлар палатасына қабылдаудан бас тартуға болмайды.

5. Экологиялық аудиторлар палатасынан шығару:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған лицензиядан айырылған немесе оның қолданысы тоқтатылған;

2) экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын және нормаларын өрескел не бірнеше рет бұзған;

3) экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан өздерінің кәсіби міндеттерін орындай алмайтыны анықталған жағдайларда;

4) экологиялық аудиторлар палатасының құрылтай құжаттарында көзделген өзге де жағдайларда жүргізіледі.

6. Экологиялық аудиторды немесе экологиялық аудиторлық ұйымды осы баптың 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша шығару қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның талап-арызы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылатын, экологиялық аудиторлық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданылуын тоқтатуға әкеп соғады.

**Ескерту. 89-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **90-бап. Экологиялық аудиторлардың және экологиялық аудиторлық ұйымдардың құқықтары**

Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар:

- 1) экологиялық аудитті жүргізудің әдістерін дербес айқындауға;
- 2) экологиялық аудитті жүргізуге арналған шарттың талаптарын орындау үшін қажетті құжаттаманы алуға және тексеруге;
- 3) экологиялық аудитті жүргізуге қатысуға осы Кодекстің 92-бабында көрсетілген адамдардан басқа әртүрлі кәсіп мамандарын шарттық негізде тартуға ;
- 4) аудиттелетін субъект экологиялық аудитті жүргізуге арналған шарттың талаптарын бұзған жағдайда, экологиялық аудитті жүргізуден не экологиялық аудиторлық есепті беруден бас тартуға құқылы.

#### **91-бап. Экологиялық аудиторлардың және экологиялық аудиторлық ұйымдардың міндеттері**

Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдар:

1) осы Кодекстің 92-бабында көрсетілген мән-жайлардың салдарынан экологиялық аудитті жүргізудің мүмкін еместігі жөнінде хабарлауға;

2) аудиттелетін субъектіден алынған, сондай-ақ экологиялық аудитті жүргізу процесінде жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

3) аудиттелетін субъектіге экологиялық аудит нәтижесінде құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сай келмеуінің анықталғаны туралы хабарлауға;

4) экологиялық аудиторлық есептердің, сондай-ақ экологиялық аудитті жүргізу кезінде алынған және коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтердің құпиялылығын сақтауға;

5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға міндетті экологиялық аудит нәтижесінде анықталған Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуы жөнінде хабарлауға;

6) экологиялық аудитті жүргізуге арналған шарт бойынша міндеттемелерден туындайтын өзге де талаптарды орындауға міндетті.

## **92-бап. Экологиялық аудитті жүргізу құқығын шектеу**

Экологиялық аудиторлық ұйымның немесе экологиялық аудитордың:

1) осы экологиялық аудиторлық ұйым немесе экологиялық аудитор өзінің қатысушысы, кредиторы болып табылатын тапсырыс берушілерге;

2) орындаушылары аудиттелетін субъектімен еңбек қатынастарында тұратын немесе оның лауазымды адамдарының, сондай-ақ аудиттелетін субъекті акцияларының он және одан да көп процентін (немесе жарғылық капиталға қатысу үлесін) иеленген акционердің (қатысушының) жақын туыстары немесе жекжаттары болып табылатын жағдайда;

3) орындаушыларының аудиттелетін субъектіде жеке мүліктік мүдделері бар болса;

4) егер, экологиялық аудит жүргізу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, экологиялық аудиторлық ұйымның немесе экологиялық аудитордың аудиттелетін субъекті алдында немесе аудиттелетін субъектінің олардың алдында ақшалай міндеттемелері болса, экологиялық аудит жүргізуіне тыйым салынады.

## **93-бап. Аудиттелетін субъектінің құқықтары мен міндеттері**

1. Аудиттелетін субъект:

1) экологиялық аудиторды немесе экологиялық аудиторлық ұйымды таңдау туралы шешімді дербес қабылдауға;

2) экологиялық аудитордан немесе экологиялық аудиторлық ұйымнан экологиялық аудитті жүргізуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары туралы егжей-тегжейлі ақпарат алуға;

3) экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның ескертпелері мен қорытындыларына негіз болған нормативтік құқықтық актілермен танысуға;

4) экологиялық аудитордан немесе экологиялық аудиторлық ұйымнан экологиялық есептіліктің және өзге де құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкессіздігі анықталған жайлар туралы ұсыныстар, ақпарат алуға;

5) экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым экологиялық аудитті жүргізу шартының талаптарын бұзған жағдайда олардың қызмет көрсетуінен бас тартуға құқылы.

## 2. Аудиттелетін субъект:

1) міндетті экологиялық аудиттің жүргізілуін ұйымдастыруға;

2) экологиялық аудитті уақтылы әрі сапалы жүргізу үшін экологиялық аудиторға немесе экологиялық аудиторлық ұйымға жағдай жасауға;

3) экологиялық аудитті жүргізу үшін экологиялық аудиторға немесе экологиялық аудиторлық ұйымға қажетті толық әрі дұрыс құжаттаманы және өзге де ақпаратты ұсынуға, ауызша немесе жазбаша түрде түсініктемелер беруге;

4) қоршаған ортаға әсер ету туралы дұрыс есептілікті және экологиялық аудитті жүргізуге қажетті өзге де құжаттарды табыс етуге;

5) егер экологиялық аудитті жүргізу шартында өзгеше көзделмесе, экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызметін шектемеуге;

6) экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның талабы бойынша қажетті ақпарат алу үшін өз атынан үшінші тұлғаларға жазбаша сауал жіберуге;

7) экологиялық аудиторлардың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызметтер көрсетуіне ақы төленуін қамтамасыз етуге;

8) экологиялық аудитті жүргізу шарты бойынша міндеттемелерден туындайтын өзге де талаптарды орындауға міндетті.

## **94-бап. Экологиялық менеджмент жүйелерінің аудиті**

1. Экологиялық менеджмент жүйелерінің аудиті бастамашылық аудит болып табылады.

2. Экологиялық менеджмент жүйелері аудитінің нәтижелері бойынша жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының техникалық реттеу

саласындағы заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғауды басқарудың енгізілген жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігін растайтын құжатты ала алады.

**Ескерту. 94-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **9-1-тарау. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу**

**Ескерту. Кодекс 9-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.**

### **94-1-бап. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі ережелері**

Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласында мемлекеттік реттеу:

- 1) қондырғы операторларына парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлуді;
- 2) парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңірулерінің нарықтық тетіктерін белгілеуді;
- 3) қондырғы операторларын әкімшілендіруді қамтиды.

**Ескерту. 94-1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **94-2-бап. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар**

1. Қондырғы операторларының мынадай шығарындылары жылына көміртегі қостотығының жиырма мың тонна баламасынан асатын мынадай: мұнай-газ, электр энергетикасы, тау-кен өндірісі, металлургия, химия, өңдеу сияқты реттелетін қызмет салаларында, құрылыс материалдарын: цемент, әк, гипс және кірпіш өндіру бөлігінде парниктік газдар шығарындыларына квоталар алмастан, қондырғыларды пайдалануына тыйым салынады.

2. Парниктік газдардың шығарындыларына квоталар Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарында көрсетілген көлемге сәйкес ол күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде көміртегі бірліктері мемлекеттік тізіліміндегі қондырғы операторының есебіне жазылады.

3. Қондырғы операторы тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспары қолданылатын алғашқы

жылдың бірінші сәуіріне дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға расталған парниктік газдар шығарындылары мониторингінің жоспарын және қондырғының верификацияланған паспортын ұсынады.

Парниктік газдар шығарындылары мониторингінің жоспары мен қондырғы паспорты осы тармақта көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда қондырғы операторының есеп-шоты талап етілетін құжаттар ұсынылғанға дейін бұғаттауға жатады.

4. Қондырғы операторы ағымдағы жылдың бірінші сәуіріне дейін Парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларына сәйкес парниктік газдарды түгендеу туралы өткен жылға арналған верификацияланған есепті қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынуға немесе Парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастрының жүйесінде есептің электрондық нысанын толтыруға міндетті.

5. Қондырғы операторына тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарында белгіленген, сондай-ақ осы Кодекстің 94-4-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда алынған парниктік газдар шығарындыларына квоталарды көлемнен асыруға тыйым салынады.

Қондырғы операторы тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарына енгізілген бар квоталарды өз қондырғыларының арасында дербес бөлістіруге құқылы.

6. Қондырғы операторы, осы Кодекстің 94-4-бабының 1-тармағына сәйкес берілген квоталарды қоспағанда, квоталар бірліктерін сатуға немесе сатып алуға құқылы.

7. Осы баптың 1-тармағының сақталуын бақылау тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарына енгізілген қондырғыларға және Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңінде шығарындылары жылына көміртегі қостотығының жиырма мың тонна баламасынан асатын әкімшілендіру субъектілерінің қондырғыларына қатысты ғана жүзеге асырылады.

8. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне парниктік газдар шығарындыларына берілген квоталар Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды беру, өзгерту және өтеу қағидаларына сәйкес өтелуге жатады.

**Ескерту. 94-2-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз).**

**94-3-бап. Парниктік газдар шығарындыларына арналған сертификат**

Ескерту. 94-3-бап алып тасталды - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **94-4-бап. Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды өзгерту**

1. Қондырғы операторы тиісті кезеңге бекітілген тиісті Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарын әзірлеген жылдың басынан және оның қолданылу кезеңінде қондырғының қуаттылығы ұлғайған және (немесе) парниктік газдар шығарындыларының жаңа стационарлық көздері енгізілген жағдайларда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға парниктік газдар шығарындыларына квоталардың қосымша көлемін алу үшін өтініш жасайды.

2. Қондырғының операторы, оның атауы не ұйымдық-құқықтық нысаны ауысқан жағдайда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган растаушы құжаттар негізінде, өтініш беруші жүгінген кезден бастап бес жұмыс күні ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның парниктік газдар шығарындыларын реттеу жөніндегі ведомстволық бағынысындағы ұйымын тиісті өзгерістер енгізілгендігі туралы хабардар етеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның парниктік газдар шығарындыларын реттеу жөніндегі ведомстволық бағынысындағы ұйымы бес жұмыс күні ішінде тиісті өзгерістерді енгізеді.

Парниктік газдардың шығарындылары бойынша міндеттемелер қондырғының жаңа операторына өтеді.

3. Қондырғы операторы таратылған жағдайда парниктік газдар шығарындыларына квоталардың пайдаланылмаған көлемі Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервіне өтеді.

**4. Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды өзгерту тәртібі Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды беру, өзгерту және өтеу қағидаларына сәйкес айқындалады.**

Ескерту. 94-4-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

#### **94-5-бап. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспары**

1. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспары парниктік газдар шығарындыларын қысқарту жөніндегі міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспары Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу және Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталардың

белгіленген саны мен көлемінің резервін қалыптастыру қағидаларына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тиісті кезеңге әзірленеді.

2. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарында реттелетін қызмет салалары бойынша парниктік газдар шығарындыларына квоталардың жалпы көлемі және қондырғылар үшін бөлінген парниктік газдар шығарындыларына квоталар көлемімен бірге қондырғылардың тізбесі белгіленеді.

3. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспары мыналар:

1) жаңа қондырғылар үшін парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлу;

2) осы Кодекстің 94-4-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда қосымша квоталар беру;

3) Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңінде пайдаланылуы осы Кодекстің 94-2-бабы 1-тармағының талаптарына түсетін әкімшілік субъектілерінің қондырғылары үшін парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу;

4) парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) парниктік газдарды сіңіруді ұлғайту жөніндегі ішкі жобалар үшін көміртегі бірліктерін беру;

5) аукцион шартымен квоталарды сату үшін квоталар резервінің көлемін қамтиды.

4. Қондырғыларды Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарына енгізу және одан шығару Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу және квоталардың Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы белгіленген саны мен көлемінің резервін қалыптастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Квоталар көлемінің резервін басқаруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Осы баптың 3-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген квоталар көлемінің резерві қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның парниктік газдардың шығарындыларын реттеу жөніндегі ведомстволық бағынысындағы ұйымына сатуды ұйымдастыру үшін беріледі.

Резервтегі парниктік газдарға квоталарды сатудан алынған қаражат мемлекеттік бюджеттің кірісіне түседі.

**Ескерту. 94-5-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 05.04.2017 № 56-VI (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **94-6-бап. Әкімшілендіру субъектілері**

1. Әкімшілендіру субъектілері мынадай: мұнай-газ, электр энергетикасы, тау-кен өндірісі, металлургия, химия, өңдеу сияқты реттелетін қызмет салаларында құрылыс материалдарын: цемент, әк, гипс және кірпіш өндіру бөлігінде парниктік газдар шығарындылары жылына көміртегі қостотығының оннан жиырма мың тоннасына дейін баламасын құрайтын қондырғы операторлары болып табылады.

2. Осы Кодекстің 94-2, 94-4 және 94-11-баптары, осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу субъектілері жүзеге асыратын рәсімдер бөлігінде әкімшілендіру субъектілеріне қолданылмайды.

3. Әкімшілендіру субъектілері ағымдағы жылдың бірінші сәуіріне дейінгі мерзімде Парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларына сәйкес өткен жылға арналған парниктік газдарды түгендеу туралы есепті қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынады немесе Парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастрының жүйесінде есептің электрондық нысанын толтырады.

Әкімшілендіру субъектілерінің парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есептері верификациялауға жатпайды.

4. Әкімшілендіру субъектілерінің парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асыруға қатысу тәртібі парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңінде пайдаланылуы осы Кодекстің 94-2-бабы 1-тармағы талаптарына дөп түсетін әкімшілендіру субъектілерінің қондырғылары Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды беру, өзгерту және өтеу қағидаларына сәйкес квоталауға жатады.

6. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган әкімшілендіру субъектілерінің парниктік газдар шығарындыларының көлемін бақылауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 94-6-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **94-7-бап. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін азайтудың нарықтық тетігі**

1. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін азайтудың нарықтық тетігі:

1) парниктік газдар шығарындыларына квоталар бірліктерінің, шығарындыларды ішкі азайту бірліктерінің саудасын;

2) парниктік газдарды сіңіру бірліктерінің, шығарындыларды сертификатталған азайту бірліктерінің, шығарындыларды азайту бірліктерінің саудасын;

3) парниктік газдар шығарындыларына шектеуі және (немесе) азайтулары бар елдер және олардың заңды тұлғалары арасындағы белгіленген мөлшердегі бірліктердің халықаралық саудасын қамтиды.

2. Көміртегі бірліктерін сатуды және сатып алуды:

қондырғы операторлары;

парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асыруға қатысатын жеке және заңды тұлғалар;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның парниктік газдардың шығарындыларын реттеу жөніндегі ведомстволық бағынысындағы ұйымы жүзеге асырады.

3. Квоталар бірліктерін, парниктік газдарды сіңіру бірліктерін, шығарындыларды сертификатталған азайту бірліктерін, шығарындыларды азайту бірліктерін, шығарындыларды ішкі азайту бірліктерін сату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауар биржаларында жүргізіледі.

Қондырғы операторы квоталарды мәміле жасалған күнгі квотаның биржалық белгіленім деңгейінен төмен емес бағамен сатып алу-сату шарты бойынша тікелей сату (сатып алу) арқылы өткізуге құқылы.

Қондырғы операторы квоталарды тікелей сату-сатып алуды жүргізудің қорытындысы бойынша мәліметтерді мәміле жасалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беруге міндетті.

Ескерту. 94-7-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

#### **94-8-бап. Тәуелсіз ақпарат беруші**

Тәуелсіз ақпарат берушілердің негізгі міндеті консультациялық қызмет көрсету, сондай-ақ қондырғы операторларына парниктік газдар шығарындыларын басқару бойынша, оның ішінде парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

Ескерту. 94-8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **94-9-бап. Көміртегі бірліктерінің саудасына қойылатын талаптар**

1. Парниктік газдар шығарындыларына квоталардың сауда жүйесіне енгізілген көміртегі бірліктері Парниктік газдар шығарындыларына квоталардың және көміртегі бірліктерінің саудасы қағидаларына сәйкес ішкі сауда нарығында айналымда болады.

2. Сертификатталған азайту бірліктері және шығарындыларды азайту бірліктері ішкі және халықаралық сауданың мақсаттарында пайдаланылуы және мемлекеттік белгіленген мөлшердегі есепке алу жүйесінен басқа елдердің есепке алу жүйесіне өтуімен қамтамасыз етілуі мүмкін.

3. Көміртегі бірлігі тауар болып табылады.

4. Квоталар бірліктері тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылуы шегінде бір есепті жылдан басқа есепті жылға көшірілуі мүмкін.

**Пайдаланылмаған квоталар бірліктерінің көлемі келесі Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарына көшірілмейді және Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервіне қайтарылуға жатады.**

**Ескерту. 94-9-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **94-10-бап. Парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) сіңірулерді ұлғайту жөніндегі ішкі жобалар**

1. Парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) сіңірулерді ұлғайту жөніндегі ішкі жобаларды Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Бұл ретте, парниктік газдар шығарындыларын квоталау жөніндегі талаптардың қолданысына түсетін қондырғыларға қатысты парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобалар жүзеге асырыла алмайды.

2. Парниктік газдар шығарындыларын азайту және сіңірулерді ұлғайту жөніндегі ішкі жобалар экономиканың мынадай салаларында:

1) тау-кен өндіруде және металлургияда (шахталық метанды кәдеге жарату жобалары бөлігінде);

2) ауыл шаруашылығында;

3) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта;

4) орманды және далалы аумақтарды көгалдандыруда;

5) жердің тозуының алдын алуда;

6) жаңартылатын энергия көздерінде;

7) коммуналдық және өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеуде;

8) көлікте;

9) энергия тиімді жұмсалатын құрылыста;

10) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыруда іске асырылуы мүмкін.

3. Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларды қарауға және мақұлдауға, есепке алуға, есептілік пен мониторингке дайындау қағидаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

**Ескерту. 94-10-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **94-11-бап. Парниктік газдар шығарындылары мониторингінің рәсімі**

1. Қондырғы операторы тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне квоталанатын қондырғының орындалуға міндетті парниктік газдар шығарындылары мониторингінің жоспарын әзірлейді.

2. Парниктік газдар шығарындылары мониторингінің жоспары валидациялауға жатады.

3. Парниктік газдар шығарындыларын есептеу әдістемесі жоқ болған жағдайда, қондырғы операторы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісуге жататын өзінің әдістемесін әзірлеуге құқылы.

**Ескерту. 94-11-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **94-12-бап. Экологиялық (жасыл) инвестициялар**

1. Парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемінің бір бөлігінен белгіленген мөлшердегі бірліктер резерві құралады, оны қалыптастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Резерв қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысындағы ұйымға басқаруға беріледі.

3. Жобаларды экологиялық (жасыл) инвестициялар тетігі шеңберінде инвестициялау резервтен белгіленген мөлшердегі бірліктерді іске асырудан немесе пайдаланудан алынған қаражат көлемінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 94-12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **3-БӨЛІМ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕТТЕУ**

#### **10-тарау. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ТЕТІКТЕРІ**

##### **95-бап. Қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктерінің түрлері**

Мыналар:

1) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен қаржыландыру;

2) қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы төлеу;

2-1) алып тасталды - ҚР 28.04.2016 № 506-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін ақы төлеу;

4) қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру;

5) қоршаған ортаға эмиссияларды басқарудың нарықтық тетіктері;

5-1) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін азайтудың нарықтық тетіктері;

6) экологиялық сақтандыру;

6-1) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері;

7) қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктерінің түрлері болып табылады.

Ескерту. 95-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 407-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

##### **96-бап. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар**

1. Қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық, ұйымдық, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар болып табылады.

2. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға:

1) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған;

2) қоршаған ортаның сапалық сипаттамаларын арттыру арқылы қоршаған орта құрауыштарының жай-күйін жақсартатын;

3) экологиялық жүйелердің жай-күйін тұрақтандыру мен жақсартуға, биологиялық әртүрлілікті сақтауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруға ықпал ететін;

4) қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына залал келтірудің алдын алатын және оларды болғызбайтын;

4-1) жойылуы қиын органикалық ластауыштарды қоса алғанда, қауіпті химиялық заттарды қауіпсіз басқаруды қамтамасыз етуге бағытталған;

5) қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты ұтымды пайдалануға және қоршаған ортаны басқарудың халықаралық стандарттарын енгізуге бағытталған әдістер мен технологияларды жетілдіретін;

6) өндірістік экологиялық бақылауды дамытатын;

7) қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық жүйелерді қалыптастыратын және экологиялық ақпарат беруге ықпал ететін;

8) экологиялық білімді насихаттауға, тұрақты даму үшін экологиялық білім мен ағарту ісіне ықпал ететін;

9) парниктік газдар шығарындыларының көлемін азайтуға және (немесе) парниктік газдардың сіңірілуін арттыруға бағытталған іс-шаралар жатқызылады.

3. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға осы баптың 2-тармағында көзделген инвестициялық экологиялық жобалар жатқызылуы мүмкін.

4. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

**Ескерту. 96-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **97-бап. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру**

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру:

1) бюджет қаражаты;

2) табиғат пайдаланушылардың өз қаражаттары;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

### **98-бап. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау**

1. Өртүрлі деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленетін бағыттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті өкілді органдардың шешімдеріне сәйкес айқындалады.

2. алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Аумақтарды дамыту жоспарлары мен бағдарламалары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының стратегиялық жоспарлары оларды бекіткенге дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, осы орган белгілеген тәртіппен келісуге жатады.

5. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары инвестициялық экологиялық жобаларды Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес әзірлеп, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етеді.

6. Алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 98-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **99-бап. Табиғат пайдаланушылардың өз қаражаттары есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау**

1. Табиғат пайдаланушының өз қаражаты есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды табиғат пайдаланушы дербес жоспарлайды.

2. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 99-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**100-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау**

Өзге де көздер есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**101-бап. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы**

1. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленеді.

2. Табиғат пайдаланушылар экологиялық рұқсатта айқындалған нормативтер шегінде жүзеге асыратын қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алынады.

II, III және IV санаттардағы объектілерді салу мен пайдалану жобаларын (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) іске асырудан қоршаған ортаға эмиссияларға төлемақы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың негізінде, табиғат пайдаланушы жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының қорытындысында айқындалған эмиссиялар нормативтерінің шегінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алынады.

3. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақыны есептеу әдістемесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. (алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.10 N 101-IV(2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен).

5. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы бойынша салықтық міндеттемелерді атқару табиғат пайдаланушыны қоршаған ортаға келтірген залалды өтеуден босатпайды.

Ескерту. 101-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.10 N 101-IV (01.01.2009 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**102-бап. Табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін бюджетке төленетін міндетті төлемдер**

Табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін бюджетке төленетін міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленеді.

**103-бап. Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру**

Ескерту. 103-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **104-бап. Мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру**

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға мемлекеттік емес қарыздар бойынша мемлекеттік кепілдіктер бере алады.

#### **105-бап. Қоршаған ортаға эмиссияларды басқарудың нарықтық тетіктері**

1. Қоршаған ортаға эмиссияларды қысқарту мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттер мен квоталар белгілеу және қоршаған ортаға эмиссияларды қысқартуға арналған квоталар мен міндеттемелер саудасының тәртібін бекіту жолымен нарықтық тетіктер енгізуі мүмкін.

2. Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға эмиссиялардың жылдық квоталары белгіленген жағдайда осындай квотаға құқық алады.

Ескерту. 105-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **106-бап. Халықаралық деңгейде квоталар саудасы**

Ескерту. 106-бап алып тасталды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
**З а ң ы м е н .**

#### **107-бап. Экологиялық сақтандыру**

1. Үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) авариялық ластануы нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу экологиялық сақтандырудың мақсаты болып табылады.

2. Міндетті экологиялық сақтандыру "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін осы Кодекс және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Ерікті экологиялық сақтандыруды жеке және заңды тұлғалар өздерінің еркін білдіруіне қарай жүзеге асырады. Ерікті экологиялық сақтандырудың түрлері, талаптары және тәртібі сақтандырушылар мен сақтанушылар арасындағы шарттарда айқындалады.

**Ескерту. 107-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **11-тарау. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒАЛАУ**

### **108-бап. Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау тәртібі**

1. Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау - қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтыну қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық көрінісі.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары қоршаған ортаға залал келтіру фактісі анықталған күннен бастап бір ай мерзім ішінде қажетті материалдарды жинау мен талдауды жүргізеді және келтірілген залалға экономикалық бағалауды белгілейді.

3. Атмосфералық ауаны және су, жер ресурстарын белгіленген нормативтерден тыс ластаудан, жер қойнауын заңсыз пайдаланудан, сондай-ақ өндіріс пен тұтыну қалдықтарын, оның ішінде радиоактивті қалдықтарды белгіленген нормативтерден тыс орналастырудан келтірілген залалды экономикалық бағалау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидаларға сәйкес тікелей немесе жанама әдістермен айқындалады.

**Ескерту. 108-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **109-бап. Залалды экономикалық бағалаудың тура әдісі**

1. Залалды экономикалық бағалаудың тура әдісі неғұрлым тиімді инженерлік, ұйымдық-техникалық және технологиялық іс-шаралар арқылы қоршаған ортаны қалпына келтіруге, жұтандаған табиғи ресурстардың орнын толтыруға, тірі организмдерді сауықтыруға қажетті нақты шығындарды анықтаудан тұрады.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары бірінші кезекте қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаның қоршаған

ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады.

Қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөніндегі тиісті міндеттемелер қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаның нақты іс-шаралар және оларды жүргізу мерзімі көрсетілген кепілдік хатында жазылады.

3. Залалдың салдарларын жою жөніндегі шаралардың құны олардың нарықтық құны бойынша айқындалады.

4. Залалды тура әдіспен экономикалық бағалау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары тәуелсіз сарапшыларды тарта алады. Сарапшылар ретінде экологиялық аудиторлар, жобалау, инженерлік және ғылыми ұйымдардың мамандары қатыса алады.

5. Тәуелсіз сарапшылар жұмысына ақы төлеу жөніндегі міндет қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаға жүктеледі.

#### **110-бап. Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі**

1. Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі залалды экономикалық бағалаудың тура әдісін қолдану мүмкін болмайтын жағдайларда қолданылады.

2. Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі қоршаған ортаға әсер ету түрлеріне қарай залалды әрбір ингредиент бойынша жиынтықтау жолымен айқындалады.

### **4-БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ**

#### **12-тарау. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҚОРҒАУ, МОЛЫҚТЫРУ МЕН ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ**

##### **111-бап. Мемлекеттік бақылаудың мақсаты мен түрлері**

1. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылаудың мақсаты экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, биологиялық ресурстарды орнықты пайдалану, ұлттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

2. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласында мемлекеттік бақылаудың мынадай түрлері қолданылады:

- 1) экологиялық бақылау;
- 2) жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау;
- 3) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы бақылау;
- 4) жер қойнауын зерттеу жөніндегі саласындағы бақылау;
- 5) Қазақстан Республикасының орман заңнамасы саласындағы бақылау;

6) жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы бақылау;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылау.

#### **112-бап. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар**

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру мен пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган;

2) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

3) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган;

4) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

5) жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

7) жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;

8) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

9) Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган;

10) ветеринария саласындағы уәкілетті орган;

11) өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

12) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

13) көлікті бақылау органдары болып табылады.

**Ескерту. 112-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 491-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **113-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылаудың міндеттері**

Мемлекеттік экологиялық бақылау мынадай міндеттерді:

1) табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруды;

2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы саласындағы бұзушылықтардың алдын алуды орындау үшін қызмет етеді.

## 114-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылаудың бағыттары

Мыналарға:

- 1) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуына;
- 2) қоршаған ортаның ластану салдарларын жою жөніндегі шаралардың жүргізілуіне;
- 3) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 4) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 5) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 6) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 7) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 8) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 9) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың аяқталуына қарай немесе басқа да бүлдіретін процестер мен жұмыстардан босатылған жердің Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарына сәйкес оны одан әрі пайдалану үшін жарамды жай-күйге келтірілуіне;
- 10) қоршаған ортаны қорғауға қатысты лицензиялық келісімшарттық талаптардың сақталуына;
- 11) жер қойнауының ластанудан, су басудан және қоршаған орта объектілерін бүлдіруге алып келетін техногендік процестерден сақталуына;
- 11-1) жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығының сақталуына;
- 12) жер қойнауы учаскесінің және жер қойнауын пайдалану объектілерінің консервациялануына, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарының жойылуына;
- 13) жер қойнауын пайдалану және пайдалы қазбаларды қайта өңдеу кезінде экологиялық нормалар мен қағидалардың сақталуына;
- 14) пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеу кезінде қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі жобалық шешімдердің сақталуына;
- 15) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде авариялық және өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың орындалуына;
- 16) зиянды заттардың, радиоактивті қалдықтардың көмілуіне және сарқынды сулардың жер қойнауына ағызылуына;

17) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18) су сапасы нормативтерінің сақталуына;

19) атмосфералық ауаны қорғаудың, оның ішінде көлік және басқа да жылжымалы құралдарды пайдалануға шығару және пайдалану кезінде техникалық регламенттердің, нормативтердің, ережелер мен өзге де талаптардың сақталуына;

20) қалдықтарды жинап қою мен жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуына;

20-1) парниктік газдар шығарындыларын жүзеге асырған кезде талаптардың сақталуына;

21) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

22) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23) қоршаған ортаны ластаудың алдын алу жөніндегі экологиялық талаптар бөлігінде радиоактивті және өзге де экологиялық жағынан қауіпті заттарды пайдалану, сақтау, тасымалдау, көму, кәдеге жарату немесе олармен өзге де жұмыстар істеу ережелерінің сақталуына;

24) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

25) экологиялық рұқсаттарда белгіленген табиғат пайдалану талаптарының орындалуына;

26) өндіріс пен тұтыну қалдықтарын есепке алудың, кәдеге жаратудың және залалсыздандырудың белгіленген нормалары мен ережелерінің сақталуына;

27) ластаушы заттар шығарындыларының, төгінділерінің стационарлық көздері бар және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыратын объектілерге қойылатын экологиялық талаптардың сақталуына;

28) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

29) тазарту құрылыстары жұмысының технологиялық регламенттерінің сақталуына;

30) өндірістік экологиялық бақылау нормалары мен ережелерінің сақталуына;

31) Қазақстан Республикасының міндетті экологиялық сақтандыру туралы заңнамасының сақталуына;

32) қоршаған ортаны қорғау саласында лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асырудың біліктілік талаптары мен ережелерінің сақталуына;

33) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізудің міндеттілігі туралы талаптардың сақталуына және оның шарттарының орындалуына;

34) міндетті экологиялық аудит жүргізу және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша дұрыс ақпарат беру туралы талаптардың сақталуына;

35) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

36) қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау ережелерінің сақталуына;

37) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

38) озонды бұзатын заттардың нақты әкелінген, әкетілген және өткізілген саны туралы деректерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну туралы талаптардың сақталуына;

39) өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы төлеу жөніндегі талаптарды орындауына;

40) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының осы Кодексте айқындалған талаптарды орындауына мемлекеттік экологиялық бақылау жүзеге асырылады.

Ескерту. 114-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.06.23 N 164-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 407-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **115-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру**

### **1. Мемлекеттік экологиялық бақылау:**

1) қоршаған ортаға эмиссияларды және табиғи ресурстарды есепке алу жөніндегі статистикалық ақпаратты, сондай-ақ табиғатты пайдаланушылардың табиғат қорғау қызметі туралы деректерін талдау;

2) табиғат пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтауы мен орындауына тексерулер ұйымдастыру және жүргізу;

2-1) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Кодекске сәйкес профилактикалық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;

3) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үшін құқықтық құралдарды пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік экологиялық бақылау шаралар кешенін, оның ішінде:

1) бақылаудың басымдықтарын айқындауды;

2) бақылаудың қолданыстағы құралдарын пайдалануды;

3) қызметтің перспективалық жоспарларын, нақты іс-шаралар мен қажетті кадрлық және материалдық ресурстарды, сондай-ақ сапалық және сандық көрсеткіштерді әзірлеу мен енгізуді;

4) тексерулер мен профилактикалық бақылау жүргізуді;

5) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) талдама бақылаудың деректерін және мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де ақпаратты жинауды, талдау мен пайдалануды;

7) мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшелері қызметінің перспективалық, жылдық және жедел жоспарларын есепке алуды, құжаттауды және олардың іске асырылуын талдауды;

8) мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшелері қызметінің ашықтығы мен есеп беруін қамтамасыз етуді қамтиды.

Ескерту. 115-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV; 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **116-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар**

1. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік экологиялық инспекторы;

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік экологиялық инспекторының орынбасары;

Қазақстан Республикасының аға мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аға мемлекеттік экологиялық инспекторлары;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мемлекеттік экологиялық инспекторлары жатады.

1-1. Осы баптың 1-тармағында аталған лауазымды адамдарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган тағайындайды.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімшелері мемлекеттік қызметшілерінің санаттарын осы баптың 1-тармағында көрсетілген лауазымды адамдарға жатқызу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Мемлекеттік экологиялық инспекторлар белгіленген тәртіппен нысанды киіммен (погонсыз) қызметтік куәліктермен не сәйкестендіру карталарымен, омырау белгілерімен және белгіленген үлгідегі мөрлермен және пломбирлермен қамтамасыз етіледі.

Нысанды киім (погонсыз) киіп жүру құқығы бар лауазымды адамдар лауазымдарының тізбесін, нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамның қызметіне араласуға жол берілмейді.

4. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға кедергі келтіретін, мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға қатысты күш көрсету немесе зорлық іс-әрекет жасау арқылы қатер төндіретін адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

5. Мемлекеттік экологиялық инспекторлардың өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерін барлық жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті және солар бойынша мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын жоғары тұрған мемлекеттік органның лауазымды адамына және сотқа шағым жасауға болады.

6. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік экологиялық инспекторында, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бас мемлекеттік экологиялық инспекторларында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және өз атауы жазылған құжаттардың бланкілері болады.

Ескерту. 116-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.06 N 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.11.2019 № 273-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **117-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары**

1. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар :

1) табиғат пайдаланушылармен, жеке тұлғалармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасасуға;

2) тексерілетін объектілерде, оның ішінде әскери және қорғаныс объектілерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кедергісіз болуға;

3) жеке және заңды тұлғалардың аумақтарына сынамалар алуға арналған өлшеу аспаптары мен жабдықтарды алып кіруге, қажет болғанда мамандарды және жұртшылық өкілдерін тарта отырып, қажетті өлшеу жұмыстарын жүргізуге, сынамалар (оның ішінде тауарлар мен материалдардың үлгілерін) алуға және оларға талдау жасауға;

4) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға қажетті құжаттаманы, талдаулар нәтижелерін және өзге де материалдарды сұратуға және алуға;

5) табиғат пайдаланушы экологиялық нормалар мен талаптарды, экологиялық немесе өзге де рұқсаттарда көзделген табиғат пайдалану шарттарын бұзған, қоршаған ортаға және (немесе) халық денсаулығына аса ірі нұқсан келтірген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға арналған экологиялық және өзге де рұқсаттарды тоқтата тұру немесе олардан айыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) жеке және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығаруға;

7) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметті шектеу, тоқтата тұру және тыйым салу туралы талап-арыздар ұсынуға;

8) қоршаған ортаны қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға, тұлғаларды әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тарту туралы материалдарды тиісті органдарға жіберуге;

9) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу салдарынан қоршаған ортаға келтірілген залал мөлшерін айқындауға немесе анықтауға қатысуға, залалды өтеу туралы нұсқама шығаруға және сотқа талап-арыз ұсынуға ;

10) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылардың іс-әрекеттерін болғызбау немесе олардың жолын кесу үшін жәрдемдесуін сұрап, прокуратураға және құқық қорғау органдарына жүгінуге құқылы.

11) алып тасталды - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда арнаулы құралдарды (арнайы байланыс құралдарын, фото-бейне аппаратураларды, өлшеу құралдарын) сақтауға, алып жүруге және қолдануға құқығы бар.

Ескерту. 117-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен

### **118-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың міндеттері**

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

3) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзудың қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері бар фактілері туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға;

4) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша басқа да мемлекеттік органдармен, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауға;

5) мемлекеттік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша алынған ақпарат құпиялылығын сақтауға;

б) қызметтік әдеп ережелерін сақтауға міндетті.

Ескерту. 118-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **13-тарау. Мемлекеттік экологиялық бақылау нысандары**

Ескерту. 13-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **119-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылау нысандары**

1. Мемлекеттік экологиялық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Кодекске сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін ендірген табиғат пайдаланушылардың объектілерінде жүргізілмейді.

Ескерту. 119-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **120-бап. Инспекторлық экологиялық тексерулер жүргізудің кезеңділігі мен мерзімдері**

Ескерту. 120-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

#### **121-бап. Инспекторлық экологиялық тексерулер жүргізу тәртібі**

Ескерту. 121-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

#### **122-бап. Мемлекеттік экологиялық инспекторлардың инспекторлық экологиялық тексеру жүргізу үшін аумаққа немесе үй-жайға кіруіне жол беру**

Ескерту. 122-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

#### **123-бап. Инспекторлық экологиялық тексеру нәтижелері**

Ескерту. 123-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

#### **124-бап. Инспекторлық экологиялық тексеру нәтижелерін ресімдеу тәртібі**

Ескерту. 124-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

## 125-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәртібі

1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін ендірген табиғат пайдаланушыларға қатысты қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесінен алынған деректерді талдау жолымен жүргізеді.

2. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

3. Бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) оған бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдары бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ақпараттық хатты ресімдейді және бақылау субъектісіне жібереді.

4. Ақпараттық хат жөнелту және алу фактілерін растайтын тәсілмен бақылау субъектісіне табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ақпараттық хат мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ақпараттық хатта алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап ;

2) курьерлік не пошта қызметімен;

3) электрондық тәсілмен – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган сұрау салған кезде бақылау субъектісінің хатта көрсетілген электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілген болып саналады.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ақпараттық хатты алған бақылау субъектісі, ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын оларды жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып ұсынуға міндетті.

Ақпараттық хатта көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, бақылау субъектісі ақпараттық хатты жіберген қоршаған ортаны қорғау

саласындағы уәкілетті органға ақпараттық хат табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жоймау , сол сияқты бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын мерзімінде ұсынбау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жарты жылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға алып келеді.

7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау тоқсанына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

**Ескерту. 125-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **126-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау тәртібі**

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен жоғары тұрған мемлекеттік органға және (немесе) лауазымды адамға және сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) арыз оларға жоғары тұрған мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға шағым жасалғаннан кейін сотқа беріледі.

**Ескерту. 126-бап жаңа редакцияда - ҚР 31.10.2015 № 378-V Заңымен ( 01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **126-1-бап. Апелляциялық комиссияның шағымды қарау тәртібі**

1. Табиғат пайдаланушы апелляциялық комиссияға тексеру нәтижелері туралы актіге шағымды қарауы туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқылы.

Апелляциялық комиссияның құрамына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері міндетті түрде кіреді.

2. Шағымды апелляциялық комиссия қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның тексерулер нәтижелері туралы актісіне шағым жасалатын мәселелер шегінде қарайды.

3. Тексеру нәтижелері туралы актіге шағым Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жазбаша нысанда беріледі.

4. Апелляциялық комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады.

5. Апелляциялық комиссия жыл сайын тексерулер нәтижелері туралы актілерге шағымдарды қарау нәтижелерін қорытуды жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдайды.

6. Табиғат пайдаланушының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен сотқа жүгінуі сот шешім шығарғанға дейін апелляциялық комиссияның тексеру нәтижелері туралы актіге шағымды қарауын тоқтата тұрады.

**Ескерту. 13-тарау 126-1-баппен толықтырылды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**126-2-бап. Апелляциялық комиссияның шағымды қарауы кезінде ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету**

Коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтер, сондай-ақ құпия ақпарат апелляциялық комиссияның мүшелеріне қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүргізген тексерулер нәтижелері туралы актілерге шағымды қарау кезінде шағым берген адамның жазбаша рұқсатын алмастан, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұсынылады.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер апелляциялық комиссия мүшелерінің жария етуіне жатпайды.

**Ескерту. 13-тарау 126-2-баппен толықтырылды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**127-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жүргізу кезінде ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету**

**Ескерту. 127-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Табиғат пайдаланушыға қатысты құпия ақпарат табиғат пайдаланушының жазбаша рұқсатынсыз басқа тұлғаға берілмейді. Ақпараттың құпиялылығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және халықаралық шарттарда айқындалады.

2. Мемлекеттік экологиялық инспектор мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген құпия ақпарат беруді қоспағанда, мемлекеттік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша алынған құпия ақпаратты жария етпеуге міндетті.

**Ескерту. 127-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **14-тарау. ӨНДІРІСТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ**

### **128-бап. Өндірістік экологиялық бақылауды тағайындау және оның мақсаттары**

1. Арнайы табиғат пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

2. Өндірістік экологиялық бақылаудың мақсаттары:

1) табиғат пайдаланушының экологиялық саясатына, қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне және қоршаған ортаға ықпалды әсер ететін өндірістік процестерді реттеу аспаптарына қатысты шешімдер қабылдау үшін ақпарат алу;

2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) табиғат пайдаланушының өндірістік процестерінің қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсер етуін мейлінше азайту;

4) табиғи және энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру;

5) тосын жағдайларға жедел кідіріссіз ден қою;

6) табиғат пайдаланушылардың басшылары мен қызметкерлерінің неғұрлым жоғары деңгейде экологиялық хабардар болуы мен жауапкершілігін қалыптастыру;

7) кәсіпорындардың экологиялық қызметі және халықтың денсаулығы үшін қатер туралы жұртшылықты хабардар ету;

8) экологиялық талаптарға сәйкестіктің деңгейін арттыру;

9) қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің өндірістік және экологиялық тиімділігін арттыру;

10) инвестициялау және кредит беру кезінде экологиялық тәуекелдерді есепке алу болып табылады.

### **129-бап. Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу тәртібі**

1. Өндірістік экологиялық бақылауды табиғат пайдаланушы әзірлеген өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы негізінде табиғат пайдаланушы жүзеге асырады.

2. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасында өндірістік экологиялық бақылау процесінде қадағаланып отыратын міндетті параметрлер тізбесі, оның мерзімділігін, ұзақтығы мен өлшемдер жиілігін айқындау критерийлері, пайдаланылатын аспаптық немесе есептік әдістер белгіленеді.

3. Өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде өндірістік процестің тиімділігін экологиялық бағалау қоршаған ортаға эмиссиялар, зиянды өндірістік факторлар деңгейін, сондай-ақ табиғи, энергетикалық және өзге де ресурстарды тұтынудың нақты көлемін өлшеу негізінде және (немесе) есептеу негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 129-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **130-бап. Табиғат пайдаланушының өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттері**

1. Өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде табиғат пайдаланушының:

1) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуын қадағалап отыру үшін ең аз қажетті көлемде өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыруға;

2) өзінің техникалық және қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, қабылданған талаптарға сәйкес өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеуге;

3) өндірістік экологиялық бақылау қызметінің ұйымдық құрылымын және персоналдың оны жүргізу үшін жауапкершілігін дербес айқындауға;

4) кеңейтілген өндірістік экологиялық бақылауды ерікті негізде жүргізуге;

5) өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде қоршаған ортаға эмиссиялардың автоматтандырылған мониторингін жүргізу тәртібіне және өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері жөніндегі есептілікке қойылатын талаптарға сәйкес ластану көздерінде қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін орнатуға құқығы бар.

2. Өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде табиғат пайдаланушы:

1) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеуге;

2) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының талаптарын іске асыруға және нәтижелерін құжаттауға;

3) рәсімдік талаптарды ұстануға және алынған деректердің сапасын қамтамасыз етуге;

4) өндірістік экологиялық бақылаудың нәтижелерін жүйелі түрде бағалауға және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына анықталған сәйкессіздіктерді жою жөнінде қажетті шаралар қолдануға;

5) өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері жөніндегі есептілікті қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ұсынуға;

6) өндірістік экологиялық бақылау процесінде анықталған, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу фактілері туралы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органға үш жұмыс күні ішінде хабарлауға;

7) қауіпсіздік техникасын сақтауға;

8) жүзеге асырылатын өндірістік экологиялық бақылаудың сапасы мен объективтілігін растау үшін мемлекеттік экологиялық инспекторлардың бастапқы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

9) жұртшылықтың өндірістік экологиялық бақылау бағдарламаларына және өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі есептік деректерге қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

10) мемлекеттік экологиялық инспекторлардың талап етуі бойынша мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті өндірістік экологиялық бақылаудың құжаттарын, талдаулардың нәтижелерін және өзге де материалдарын ұсынуға міндетті.

Ескерту. 130-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **131-бап. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеуге қойылатын талаптар**

1. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын табиғат пайдаланушы әзірлейді.

2. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасында мынадай ақпарат:

1) өндірістік мониторинг процесінде қадағаланып отыратын міндетті параметрлер тізбесі;

2) өндірістік мониторинг пен өлшеулерді жүзеге асыру кезеңі, ұзақтығы және жиілігі;

3) өндірістік мониторингті жүргізуде пайдаланылатын әдістер туралы мәліметтер;

4) сынамаларды іріктеп алу нүктесі және өлшеулер жүргізу орны;

5) деректерді есепке алуды жүргізудің, талдаудың және хабарлаудың әдістері мен жиілігі;

6) ішкі тексерулердің жоспар-кестесі және олардың сақталмауына ден қоюдың ішкі аспаптарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылықтарды жою рәсімі;

7) аспаптық өлшеулердің сапасын қамтамасыз ету тетіктері;

8) тосын жағдайлардағы іс-қимыл хаттамасы;

9) өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу үшін қызметкерлердің ішкі жауапкершілігінің ұйымдастырушылық және функционалдық құрылымы;

10) өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу мәселелері көрініс табатын өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

### **132-бап. Өндірістік мониторингтің түрлері және оны жүргізуді ұйымдастыру**

1. Өндірістік мониторинг өндірістік экологиялық бақылаудың белгіленген кезеңділікпен толық деректер алу үшін орындалатын элементі болып табылады.

2. Өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыру шеңберінде операциялық мониторинг, қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі және әсер ету мониторингі орындалады.

3. Операциялық мониторинг (өндірістік процесс мониторингі) табиғат пайдаланушының қызмет көрсеткіштері оны тиісті жобалық пайдалану және осы өндірістің технологиялық регламентінің талаптарын сақтау үшін орынды деп есептелетін ауқымда тұрғанын растау үшін технологиялық процестің параметрлерін қадағалауды қамтиды. Операциялық мониторингтің мазмұнын табиғат пайдаланушылар айқындайды.

4. Эмиссиялардың санын, сапасын және олардағы өзгерістерді байқау не қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі арқылы байқау қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі болып табылады.

5. Әсер ету мониторингін жүргізу, ол Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының және қоршаған орта сапасы нормативтерінің сақталуын қадағалап отыру үшін қажет болған жағдайларда өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына енгізіледі.

6. Әсер ету мониторингі мынадай жағдайларда:

1) табиғат пайдаланушының қызметі сезімтал экожүйеге және халықтың денсаулығына әсер ететін болса;

2) технологиялық объектілерді пайдалануға беру кезеңінде;

3) қоршаған ортаға авариялық эмиссиялардан кейін міндетті болып табылады.

7. Әсер ету мониторингін табиғат пайдаланушы жеке, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша басқа да табиғат пайдаланушылармен бірге жүзеге асыруы мүмкін.

**8. Алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

9. Қоршаған ортаның өндірістік мониторингін "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен аккредиттелген өндірістік немесе тәуелсіз зертханалар жүзеге асырады.

10. Өндірістік мониторингтің деректері Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жүргізу шеңберінде қоршаған ортаның жай-күйін бағалау үшін пайдаланылады.

**Ескерту. 132-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **133-бап. Өндірістік экологиялық бақылау жөніндегі есеп пен есептілік**

Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес ішкі есепті жүргізеді, өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша кезеңдік есептер беруді қалыптастырады және ұсынады.

### **134-бап. Табиғат пайдаланушының ішкі тексерулерді ұйымдастыруы**

1. Табиғат пайдаланушы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының сақталуын тұрақты ішкі тексеру және өндірістік экологиялық бақылау нәтижелерін экологиялық және өзге де рұқсаттардың талаптарымен салыстыру жөнінде шаралар қолданады.

2. Ішкі тексерулерді еңбек міндеттеріне қоршаған ортаны қорғау мәселелері және өндірістік экологиялық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі функциялар кіретін қызметкер (қызметкерлер) жүргізеді.

3. Ішкі тексерулер барысында:

1) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасында көзделген іс-шаралардың орындалуы;

2) қоршаған ортаны қорғауға қатысты өндірістік нұсқаулықтар мен ережелерді ұстану;

3) экологиялық және өзге де рұқсат талаптарын орындау;

4) өндірістік экологиялық бақылаудың нәтижелері бойынша есеп пен есептілікті жүргізудің дұрыстығы;

5) өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу мәселелері көрініс табатын өзге де мәліметтер бақыланады.

4. Ішкі тексеруді жүзеге асыратын қызметкер (қызметкерлер):

1) алдыңғы ішкі тексеру туралы есепті қарауға;

2) қоршаған ортаға эмиссия жүзеге асырылатын әрбір объектіні қарап тексеруге;

3) қажет болған жағдайда, басшыға тексеру барысында анықталған сәйкессіздіктерді түзету жөніндегі шараларды жүргізу туралы талаптарды, оларды жою мерзімдері мен тәртібін қамтитын жазбаша есеп жасауға міндетті.

## **15-тарау. ҚОҒАМДЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ**

### **135-бап. Қоғамдық экологиялық бақылаудың мақсаттары мен міндеттері**

1. Қоғамдық экологиялық бақылау жұртшылықты мемлекеттің экологиялық проблемаларына тарту мақсатында жүргізіледі.

2. Қоғамдық экологиялық бақылау жүргізу тәртібін қоғамдық бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес айқындайды.

### **136-бап. Ақпараттық және өзге де өзара іс-қимыл**

1. Жеке және заңды тұлғалар қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жұмысы және оның нәтижелері туралы ақпаратқа қол жеткізуге тиіс.

2. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жекелеген тексерулер нәтижелерінің және жылдық есептіліктің жариялануын қамтамасыз етеді.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ынтымақтасу және өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру үшін жарғыларында қоғамдық экологиялық бақылау функциясы көзделген қоғамдық бірлестіктердің тізбесін жасайды.

4. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзушылықтарды анықтау жөніндегі жұмысқа жеке және заңды тұлғаларды ерікті негізде тартуы мүмкін.

## **5-БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ПЕН КАДАСТРЛАР**

### **16-тарау. ҚОРШАҒАН ОРТА МЕН ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МОНИТОРИНГІ**

#### **137-бап. Мемлекеттік экологиялық мониторинг**

1. Мемлекеттік экологиялық мониторинг (қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі) – табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен

қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйінің өзгеруін бағалау, болжау және бақылау мақсатында, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып, олардың жай-күйін байқаудың кешенді жүйесі.

2. Атмосфералық ауа, жер, жер үсті мен жер асты сулары, жер қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, сондай-ақ климат пен Жердің озон қабаты, экологиялық жүйелер, қоршаған ортаның халықтың денсаулығына әсер ететін факторлары мемлекеттік экологиялық мониторинг объектілері болып табылады.

**Ескерту. 137-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 08.04.2016 № 490-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **138-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі және оның міндеттері**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі - экологиялық қауіпсіздікті, табиғи ресурстарды сақтауды, молықтыруды және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында басқарушылық және шаруашылық шешімдердің қабылдануы үшін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйін байқауды, сондай-ақ олардың нақты жай-күйі туралы деректерге талдау жасауды қамтитын көп мақсатты ақпараттық жүйе.

2. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган арнайы мемлекеттік уәкілетті органдармен бірлесе отырып ұйымдастырады.

3. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің принциптері:

1) бірыңғай ұйымдық, әдістемелік, метрологиялық және ақпараттық ұстаным негізінде жұмыс істеу;

2) қолданыстағы мемлекеттік және өзге де мониторинг жүйелерінің мүмкіндіктерін барынша пайдалану болып табылады.

4. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің міндеттері:

1) қоршаған ортаның, биологиялық әралуандық және экожүйелердің жай-күйі туралы, антропогендік әсер ету көздері, тіршілік ету ортасының халық денсаулығына әсер ететін факторлары туралы дұрыс және салыстырмалы ақпарат алу;

2) қоршаған ортаның жай-күйін, антропогендік әсер ету деңгейлерін, биосфера жай-күйінің көрсеткіштерін, экожүйелердің функционалдық тұтастығын бағалау және болжау;

3) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қабылданатын басқарушылық шешімдері мен өткізілетін іс-шаралардың тиімді болуына талдау жүргізу үшін деректермен қамтамасыз ету болып табылады.

5. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі тіршілік ету ортасы мен халықтың денсаулығын қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін тікелей немесе жанама түрде қамтитын, Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы мониторинг жүйелері мен мониторингтің кіші жүйелерінің базасында қалыптасады.

6. Арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар өздерінің құзыретіне сәйкес табиғи объектілерге зерттеу жүргізуге және мониторинг түрлерін (кіші жүйелерді) ұйымдастыруға міндетті.

### **139-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің бірыңғай ақпараттық жүйесі**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін ақпараттық қамтамасыз ету жинақтық деректер банкіне берілетін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар орындайтын қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингінің, сондай-ақ табиғат пайдаланушылар өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде жүзеге асыратын өндірістік мониторингтің нәтижелеріне негізделеді.

2. Бағдарламалық құралдар жүйесі Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің әртүрлі деңгейлері, сондай-ақ жүйелері мен кіші жүйелерінің деректер банктері арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ете отырып, ақпараттың бірыңғай әдістемелік негізде жинақталуын, өңделуі мен сақталуын жүзеге асыруға мүмкіндік беруге тиіс.

3. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі шеңберінде ақпарат алмасу табиғи ресурстардың тиісті түрлерінің мониторингін жүзеге асыратын арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбелерге, нысандар мен мерзімдерге сәйкес өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

### **140-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің мазмұны**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің мазмұнын мониторингтің мынадай кіші жүйелері:

- 1) қоршаған орта жай-күйінің мониторингі;
- 2) табиғи ресурстар мониторингі;
- 3) мониторингтің арнайы түрлері құрайды.

2. Жұмыс істеу процесінде Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің кіші жүйелеріне мониторингтің басқа да түрлері енуі мүмкін.

#### **141-бап. Қоршаған орта жай-күйінің мониторингі**

1. Қоршаған орта жай-күйінің мониторингі мынадай түрлерді қамтиды:

- 1) атмосфералық ауа жай-күйінің мониторингі;
- 2) атмосфералық жауын-шашын жай-күйінің мониторингі;
- 3) су ресурстарының сапалық жай-күйінің мониторингі;
- 4) топырақ жай-күйінің мониторингі;
- 5) метеорологиялық мониторинг;
- 6) радиациялық мониторинг;
- 7) трансшекаралық ластаулар мониторингі;
- 8) фондық мониторинг.

2. Қоршаған орта жай-күйінің мониторингін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ұйымдастырады.

3. Атмосфералық ауа жай-күйінің мониторингі - Қазақстан Республикасының елді мекендерінде атмосфералық ауаның ластануының жай-күйіне бақылау жасау жүйесі. Мемлекеттік бақылау бекеттерінің санын және оларды әрбір нақты елді мекенде орналастыруды халық саны, жер рельефі, ластанудың нақты деңгейін ескере отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде айқындайды.

4. Атмосфералық жауын-шашын жай-күйінің мониторингі - атмосфераның ластануының көрсеткіші болатын атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау жасау, сондай-ақ қыс кезінде атмосфераның өңірлік ластануын бағалау және елді мекендер мен өнеркәсіп объектілерінен ластаушы заттардың таралу ауқымын анықтау үшін қар қабатындағы заттардың болуына бақылау жасау жүйесі.

5. Су ресурстарының сапалық жай-күйінің мониторингі - жер үсті және жер асты сулары сапасының жай-күйіне бақылау жасау жүйесі.

6. Топырақ жай-күйінің мониторингі - елді мекен жерлерінде, суармалы аумақтар мен ауыл шаруашылығы алқаптарында топырақтың техногендік ластануының жай-күйіне бақылау жасау жүйесі.

7. Метеорологиялық мониторинг - мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды ауа райы туралы ақпаратпен қамтамасыз ету, қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді метеорологиялық, агрометеорологиялық болжамдар жасау және дүлей метеорологиялық құбылыстардың туындау ықтималдығы туралы ескерту мақсатында атмосфера мен жер үстінің физикалық параметрлеріне, метеорологиялық, оның ішінде актинометрикалық, жылу балансы,

озонметрикалық, аэрологиялық бақылау жасаудың кешенді жүйесі. Метеорологиялық мониторинг деректерінің негізінде климаттың және Жердің озон қабатының мониторингін жүргізу жүзеге асырылады.

8. Радиациялық мониторинг - қоршаған ортаның объектілері мен аумақтардың техногендік және табиғи радиоактивті ластануына бақылау жасау жүйесі.

9. Траншекаралық ластану мониторингі - трансшекаралық сулар мен ауаның трансшекаралық ластануының, сондай-ақ қоршаған ортаға трансшекаралық әсерді болғызбау, шектеу және азайту үшін қолданылатын шаралар тиімділігінің жай-күйіне шекаралас мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастық шеңберінде жүзеге асырылатын бақылау жүйесі.

10. Фондық мониторинг - қоршаған ортаның кешенді фондық мониторингі станцияларының мамандандырылған желісіндегі атмосфера мен басқа да ортаның биосферамен өзара іс-қимылының жай-күйіне бақылау жасау жүйесі.

#### **142-бап. Табиғи ресурстар мониторингі**

1. Табиғи ресурстар мониторингі мынадай түрлерді қамтиды:

- 1) жер мониторингі;
- 2) су объектілері және оларды пайдалану мониторингі;
- 3) жер қойнауы мониторингі;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мониторингі;
- 5) таулы экожүйелер мен шөлейттену мониторингі;
- 6) орман мониторингі;
- 7) жануарлар дүниесі мониторингі;
- 8) өсімдіктер дүниесі мониторингі.

2. Табиғи ресурстар мониторингін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

3. Жер мониторингі жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау, болып жатқан өзгерістерді уақтылы анықтау, оларды бағалау, одан әрі дамуын болжау және теріс процестер салдарларының алдын алу және жою жөнінде ұсынымдар тұжырымдау мақсатында жер қорының сапалық және сандық жай-күйіне базалық (бастапқы), жедел, кезеңдік байқаулар, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып жүргізілген байқаулар жүйесін білдіреді.

4. Су объектілері мониторингі теріс процестерді уақтылы анықтау, олардың дамуын бағалау мен болжау, жүзеге асырылатын су шаруашылығы іс-шараларының зиянды салдарларын болғызбау және тиімділік дәрежесін айқындау жөнінде ұсынымдар тұжырымдау мақсатында олардың жай-күйінің гидрологиялық, гидрогеологиялық, гидрогеохимиялық, санитариялық-химиялық,

микробиологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштерін тұрақты байқаулар жүйесін, алынған ақпаратты жинауды, өңдеуді және беруді, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып жүргізуді білдіреді.

5. Жер қойнауының мониторингі жер қойнауының мемлекеттік қорын ұтымды басқаруды қамтамасыз ету және олардың өзгеруін уақтылы анықтау, теріс процестер салдарын бағалау, алдын алу және жою үшін жер қойнауының жай-күйін байқау, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып байқау жүйесін білдіреді. Жер қойнауы мониторингінің деректері мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастрында жинақталады.

6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мониторингі - табиғи процестердің қалыпты өтуі мен қоршаған ортаның жай-күйіндегі өзгерістердің ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық жүйелеріне әсерін зерттеу үшін бақылау жасау жүйесі. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мониторингінің деректері Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрында қорытылады.

7. Таулы экожүйелер мен шөлейттену мониторингі - шөлейттену мен оның зардаптарына және таулы экожүйелердің жай-күйіне бақылау жасау.

8. Орман мониторингі орман қорын күзету, қорғау, пайдалану және орман өсіру, ормандардың биологиялық әралуандығы мен экологиялық функцияларын сақтау саласында мемлекеттік басқару мақсатында орман қорының жай-күйі мен серпінін байқау, бағалау және болжау, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып байқау, бағалау және болжау жүйесін білдіреді. Орман мониторингінің деректері Мемлекеттік орман кадастрында жинақталады.

9. Жануарлар дүниесінің мониторингі жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру мен пайдалану және биологиялық әралуандықты сақтау саласындағы мемлекеттік басқару мақсатында жануарлар дүниесі объектілерінің жай-күйі мен динамикасын бақылау, бағалау және болжау жүйесі болып табылады. Жануарлар дүниесі мониторингінің деректері Жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастрында қорытылады.

10. Өсімдіктер дүниесінің мониторингі өсімдіктер дүниесін зерттеу, қорғау, молықтыру және тұрақты пайдалану мақсатында олардың объектілері жай-күйінің бағалануын бақылау жүйесін білдіреді.

**Ескерту. 142-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 08.04.2016 № 490-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми**

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңдарымен.

#### 143-бап. Мониторингтің арнайы түрлері

1. Мониторингтің арнайы түрлеріне:

- 1) әскери-сынақ полигондарының мониторингі;
- 2) "Байқоңыр" зымыран-ғарыш кешенінің мониторингі;
- 3) парниктік газдардың және озон қабатын бұзатын заттарды тұтынудың мониторингі;
- 4) санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг;
- 5) климаттың және Жердің озон қабатының мониторингі;
- 6) төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық зілзала аймағының мониторингі;
- 7) ғарыштық мониторинг жатады.

2. Әскери-сынақ полигондарының мониторингі - әскери, оның ішінде зымырандық техниканы сынақтан өткізуден, жабық және қолданыстағы полигондар аумақтарында бейбіт мақсаттарда ядролық жарылыстар жасаудан туындайтын қоршаған ортаның ластануына бақылау жасау жүйесі.

3. "Байқоңыр" зымыран-ғарыш кешенінің мониторингі – "Байқоңыр" кешенінің зымыран-ғарыш қызметінің әсеріне ұшырайтын аумақтарда қоршаған ортаның жай-күйін байқау жүйесі, оның жұмыс істеуін ұйымдастыруды ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Парниктік газдардың және озон қабатын бұзатын заттарды тұтынудың мониторингі - парниктік газдардың атмосфераға шығарылатын шығарындыларын және озон қабатын бұзатын заттарды тұтынуды және олардың көздеріне бақылау жасау және есепке алу жүйесі.

5. Санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг - халықтың денсаулығы мен тіршілік ету ортасының жай-күйіне, оларды талдаудың, бағалаудың және болжаудың, сондай-ақ халықтың денсаулығы жай-күйі мен тіршілік ету ортасы факторларының әсері арасындағы себеп-салдар байланыстарын айқындаудың мемлекеттік бақылау жасау жүйесі. Мониторингті халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган жүзеге асырады.

6. Климаттың және Жердің озон қабатының мониторингі - климаттың өзгерістері мен Жердің озон қабатының динамикасына, олардың жай-күйін кешенді бағалау мен болжауға бақылау жасау.

7. Төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық зілзала аймағының мониторингі - төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала

аймақтарының аумақтарында қоршаған ортаның жай-күйіне бақылау жасау жүйесі.

8. Ғарыштық мониторинг – Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау құралдарын пайдалана отырып, қоршаған ортаның жай-күйін байқау жүйесі, оның жұмыс істеуін ұйымдастыруды ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

9. Осы баптың 2, 4, 6 және 7-тармақтарында көрсетілген мониторингтің арнайы түрлерін ұйымдастыруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

**Ескерту. 143-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 08.04.2016 № 490-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **144-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингібірыңғай мемлекеттік жүйесінің деңгейлері мен байқау желілері**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің мониторингін жүргізу мынадай үш деңгейде жүзеге асырылады:

1) жергілікті (өндірістік мониторинг және елді мекендердің нақты учаскелерінің, су тоғандары мен өзендердің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мониторингі);

2) өңірлік (өңірлердің физикалық-географиялық және экономикалық ерекшеліктерін, экологиялық тұрғыдан ауыртпалықты аймақтардың бар-жоғын және қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстардың пайдаланылуына әсер ететін табиғи және техногендік факторлар кешенін ескере отырып, әкімшілік-аумақтық бірліктер шегіндегі мониторинг);

3) республикалық (қажет болған кезде жалпы мемлекеттік мәні бар ірі өңірлер мен жекелеген объектілерді бөліп көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағын қамтитын мониторинг).

2. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің шеңберінде қоршаған ортаның жай-күйін байқау, сондай-ақ талдау үшін сынамаларды іріктеу арнайы құрылған мемлекеттік, аумақтық және жекеше байқау желілерінің пункттерінде жүзеге асырылады. Іріктеліп алынған сынамалардағы ластаушы заттардың құрамын талдауды аккредиттелген талдамалық зертханалар және (немесе) автоматтық байқау пункттері жүзеге асырады.

3. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің шеңберінде бақылау желілерін құру қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

Ескерту. 144-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 25.04.2016 № 505-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **145-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингібірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеу негіздері**

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі:

1) ғылыми зерттеулер ұйымдастыру мен жүргізу, Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі үшін қажетті және жеткілікті әдістемелік база;

2) қоршаған ортаның жай-күйін айқындайтын нормативтерді, оған антропогендік әсер ететін нормаларды, қоршаған ортаның жай-күйін бағалау мен болжау, табиғат қорғау қызметінде басқарушылық шешімдерді шығару және қабылдау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін негіз болып табылатын экологиялық қауіпсіздік нормаларын әзірлеу және белгілеу;

3) Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің, оның құрылымдық бөлімшелері мен элементтерін құру және жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті талаптарды, ережелер мен рәсімдерді регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау және қолданысқа енгізу;

4) бақылаудың салыстырмалы нәтижелерін алуға мүмкіндік беретін әдістемелік құжаттарды әзірлеуді және енгізуді ұйымдастыру;

5) ақпараттық жүйелердің құрылымдарын, деректер базасының жүйелерін, жіктеуіштерді, деректер сөздіктерін және құжаттардың біріздендірілген нысандарын әзірлеу;

6) техникалық қамтамасыз ету;

7) талдамалық зертханаларды және мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін басқа да бөлімшелерді аккредиттеуді ұйымдастыру негізінде жұмыс істейді.

#### **145-1-бап. Мемлекеттік бақылау жасау желісін қорғау**

1. Мемлекеттік бақылау жасау желісі, оның ішінде желіге бөлінген жер учаскелері мен акватория бөліктері, сондай-ақ мүлік тек қана мемлекеттік меншікке жатады және мемлекеттің қорғауында болады әрі жекешелендіруге жатпайды.

2. Стационарлық және жылжымалы байқау пункттерінің қызметін ұйымдастыруды Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет жүзеге асырады.

Жаңадан ашылатын байқау пункттерінің орналасқан жерін (дислокациялау орнын) айқындау жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің шешімімен жүргізіледі. Көрсетілген байқау пункттерінің қызметін тоқтату Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің шешімімен жүзеге асырылады.

3. Қоршаған ортаның жай-күйі, оның ластануы туралы анық ақпарат алу мақсатында стационарлық бақылау жасау пункттерінің айналасында шаруашылық қызметке шектеу қойылатын қорғау аймақтары құрылады. Стационарлық бақылау жасау пункттері туралы ережені қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Мемлекеттік бақылау жасау желісіне кіретін стационарлық байқау пункттеріне өту немесе көлікпен өту жүзеге асырылатын болса, ол жер учаскелеріне Қазақстан Республикасының жер заңнамасында айқындалған тәртіппен сервитуттар белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 16-тарау 145-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 № 505-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **145-2-бап. Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің жұмысы**

1. Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет мемлекеттік бақылау жасау желісін пайдалана отырып, қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг, метеорологиялық және гидрологиялық мониторингті жүргізуді қамтамасыз етеді. Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет бюджет қаражаты есебінен құрылады және жұмыс істейді.

Мемлекеттік байқау желісінде жүзеге асырылатын, метеорологиялық және гидрологиялық мониторингтерді және қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын – ұлттық гидрометеорологиялық қызмет жүзеге асырады.

Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

2. Гидрометеорологиялық қызмет осы Кодекске, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына және Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет азаматтық қорғаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің құрамына кіреді және өз қызметін төтенше жағдайларда Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

4. Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет осы Кодекске және "Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне ақпарат ұсынады.

Ескерту. 16-тарау 145-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V ( 01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **146-бап. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін қаржыландыру**

1. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады.

2. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін қаржыландыру:

1) мониторингтің республикалық деңгейін жасауға және оның жұмыс істеуіне қолдау көрсетуге;

2) мониторингтің және оның кіші жүйелерінің жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық бағдарламаларды орындау үшін ғылыми-техникалық өнімді жасауға;

3) мониторингтің аумақтық деңгейін жасауға және оның жұмыс істеуіне қолдау көрсетуге, оны дамыту мүддесі үшін ғылыми-техникалық өнімді жасауға арналып көзделеді.

Ескерту. 146-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **17-тарау. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЛАСТАНУ УЧАСКЕЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕПКЕ АЛУ**

### **147-бап. Қоршаған ортаның ластану учаскелерін есепке алуды жүргізудің міндеттері мен принциптері**

1. Қоршаған ортаның ластану учаскелері мен объектілерін мемлекеттік есепке алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген нормативтерден жоғары деңгейде зиянды, оның ішінде шығу тегі табиғи заттармен ластанған қоршаған орта учаскелері мен объектілерін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді жүйелі түрде айқындау мен бекіту болып табылады.

2. Қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алудың деректері олардың адам өмірі мен денсаулығы үшін өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздігінің, зерделенуінің, пайдаланылуының және рекультивациялануының дәрежесін сипаттайды.

3. Қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алуды арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырысы бойынша табиғат пайдаланушылар және қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингін жүзеге асыратын ұйымдар ұсынатын деректердің негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

### **148-бап. Қоршаған ортаның ластану учаскелерін есепке алуды жүргізудің тәртібі және олардың тізілімдері**

1. Қоршаған ортаның ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімі ластану учаскелерінің түрлері мен шығу көздері, олардағы ластанушы заттардың көлемі мен шоғырлану көлемі, ластану учаскелерінің тиесілігі және оларды жою жөніндегі шаралар туралы деректер жинақталатын деректер банкі болып табылады.

2. Қоршаған ортаның ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімі орталық және аумақтық тізілімдерден тұрады. Мемлекеттік тізілімнің жүргізілуін ұйымдастыруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

3. Қоршаған ортаның ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімі бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

## **18-тарау. ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КАДАСТРЛАРЫ**

### **149-бап. Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесі**

1. Қазақстан Республикасының табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесі (бұдан әрі - Кадастрлардың бірыңғай жүйесі) Қазақстан Республикасының табиғи және экономикалық әлеуетінің бірыңғай жалпы мемлекеттік кешенді есебін жүргізу мен бағалауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының барлық түрлерін біріктіретін салааралық ақпараттық жүйе ретінде құрылады және жүргізіледі.

2. Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен табиғи ресурстардың сандық және сапалық көрсеткіштері туралы ақпараттың жүйелендірілген жиынтығы болып табылады.

3. Қоршаған ортаның құрамдас бөліктері: жер, су, орман, топырақ, жер қойнауы, өзара байланыста болатын өсімдіктер мен жануарлар дүниесі Кадастрлардың бірыңғай жүйесінің объектілері болып табылады.

4. Кадастрлардың бірыңғай жүйесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган табиғи ресурстардың жай-күйі мен оларды пайдалану есебі деректерінің негізінде табиғи ресурстардың тиісті түрлерінің мониторингін жүзеге асыратын арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізеді.

5. Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары жүйесінде географиялық байланысы мен ұйымдық-құқықтық нысаны көрсетіле отырып, әрбір есепке алынған кадастрлық объектіге оның жай-күйі туралы цифрлы түрдегі құжаттамалық мәліметтер қамтылады.

6. Кадастрлардың бірыңғай жүйесін жүргізудің негізгі принциптері:

1) кадастрлық ақпаратты өңдеу мен ұсыну технологиясының біртұтастығы;  
2) автоматтандырылған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;

3) ақпаратты толықтыру мен жаңартудың объективтілігі болып табылады.

**Ескерту. 149-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен ( 01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **150-бап. Кадастрлардың бірыңғай жүйесінің құрылымы мен мазмұны**

Кадастрлардың бірыңғай жүйесінің құрылымын мына есепке алу объектілері құрайды, олар бойынша мониторингті мына арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады:

1) мемлекеттік жер кадастры бойынша - жер ресурстарын басқару саласындағы орталық уәкілетті орган - жалпы республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

2) мемлекеттік су кадастры бойынша (жер үсті және жер асты су көздері, су ресурстарын пайдалану) - қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен

қорғау саласындағы, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар - жалпы республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - өзендер бассейні және әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

3) мемлекеттік орман кадастры бойынша - орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - жалпы республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

4) мемлекеттік жер қойнауы қорының бірыңғай кадастры бойынша – жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – жалпы республика бойынша, ал оның аумақтық органдары – әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры бойынша - ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - жалпы республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде;

6) жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастры бойынша - жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган - жалпы республика бойынша, ал оның аумақтық органдары - әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде.

**Ескерту. 150-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **151-бап. Ақпарат беру**

1. Табиғи ресурстардың кадастрлары шеңберінде алынған объектілерді есепке алу мен тіркеудің нәтижелерін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өтеусіз береді.

2. Кадастрлардың бірыңғай жүйесіне енгізілген объект туралы деректерде:

1) арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар бекіткен есептік материалдар, объект паспорты және статистикалық ақпарат;

2) объектілердің кеңістіктегі жағдайы туралы картографиялық материал және аумақтарды кешенді бағалау үшін қажетті басқа да деректер қамтылуға тиіс.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган табиғи ресурстардың тиісті түрлерінің мониторингін жүзеге асыратын арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың кадастрларында қамтылатын ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

**Ескерту. 151-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.**

## **19-тарау. ӨНДІРІС ПЕН ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КАДАСТРЫ**

## **152-бап. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры**

1. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры (бұдан әрі - Қалдықтардың мемлекеттік кадастры) қалдықтарды орналастырудың әрбір объектісі (олардың кеңістіктегі орналасуын көрсете отырып) бойынша геоақпараттық жүйелер, сондай-ақ қалдықтардың түрлері, олардың шығу көздері мен физикалық-химиялық қасиеттері (халыққа және қоршаған ортаға қауіптілігі ескеріле отырып), компоненттік құрамы, сандық және сапалық көрсеткіштері, оларды сақтаудың, көму мен тастаудың техникалық, гидрогеологиялық және экологиялық шарттары, оларды пайдалану мен залалсыздандыру технологиялары негізінде жүйелендірілген, кезеңділікпен толықтырылатын және нақтыланатын бірегей мәліметтер жиынтығы болып табылады.

2. Барлық қалдық түрлері және қалдықтарды орналастыру объектілері Қалдықтардың мемлекеттік кадастрында есепке алынуға тиіс.

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын жүргізуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымы жүзеге асырады.

**Ескерту. 152-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.04.2016 № 506-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **153-бап. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрының мақсаттары мен міндеттері**

1. Қалдықтардың мемлекеттік кадастры мемлекеттік органдарды, мүдделі жеке және заңды тұлғаларды қоршаған ортаны қорғауға қатысты технологиялық, экономикалық, құқықтық және басқа да шешімдерді бағалау, болжау, әзірлеу үшін ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ қалдықтардың жалпы мемлекеттік кешенді есебін жүргізу мақсатында жүргізіледі.

2. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізудің негізгі міндеті жалпы мемлекеттік, өңірлік және салалық ақпараттық-сараптамалық жүйелерді және деректер банкін қалдықтар, оларды өңдеудің қасиеттері мен технологиялары бойынша ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

## **154-бап. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу**

1. Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға мына құжаттаманы:

- 1) қауіпті қалдықтардың паспортын;
- 2) қалдықтарды түгендеу жөніндегі есепті;

3) алып тасталды - ҚР 28.04.2016 № 506-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) мыналарды:

облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының қалдықтарды жинақтауға және жоюға арналған жер учаскесін бөлу туралы шешімін;

жер учаскесі орналасқан жер бойынша өздерінің құзыреті шеңберінде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері растаған, жер учаскесінің шекараларын белгілеу және жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың берілгені туралы анықтаманы;

қалдықтарды орналастыру объектілерін құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін;

қалдықтарды орналастыру объектілерін құруға мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындыларын қамтитын қалдықтарды орналастыру объектісі бойынша кадастр ісін ұсынады.

1-1. Осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды толтыру нысанын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

2. Осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттама есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 1 наурызына дейін қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде ақпараттық жүйенің экрандық нысанын толтыру және ақпаратты беруге жауапты табиғат пайдаланушының лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңба қоюы арқылы жыл сайын ұсынылады.

Осы баптың 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттама өзгерген жағдайда, ол қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде ақпараттық жүйенің экрандық нысанын толтыру және ақпаратты беруге жауапты табиғат пайдаланушының лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңба қоюы арқылы қайтадан ұсынылады.

Ескерту. 154-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **155-бап. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу нәтижелері туралы ақпарат**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу нәтижелері бойынша жыл сайын ақпараттық шолу жасайды.

2. Қалдықтардың мемлекеттік кадастры қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде, интернет-ресурсында орналастырылады және жаңартылады.

**Ескерту. 155-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.04.2016 № 506-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **20-тарау. ЗИЯНДЫ ЗАТТАРДЫ, РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӨМУ МЕН САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫ ЖЕР ҚОЙНАУЫНА АҒЫЗУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КАДАСТРЫ**

##### **156-бап. Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастры**

1. Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастрын (бұдан әрі – көмінділердің мемлекеттік кадастры) жүргізу Қазақстан Республикасының аумағында зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму объектілерінің, сарқынды суларды жер қойнауына ағызу объектілері мен орындарының барлығы бойынша міндетті болып табылады.

2. Көмудің мемлекеттік кадастрын жедел ақпарат алу, қоршаған орта саласында шешім қабылдау, зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму мен сарқынды суларды жер қойнауына ағызудың жай-күйіне жоспарлы бақылау жасау мақсаттарында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ұйымдастырады.

3. Көмінділердің мемлекеттік кадастрының деректері жер қойнауы мемлекеттік қорының бірыңғай кадастріне енгізіледі және жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің құрамдас бөлігі болып табылады.

4. Көмудің мемлекеттік кадастрының есебіне зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін объектілер мен жер қойнауына сарқынды су ағызылатын жерлер жатады.

Ескерту. 156-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **157-бап. Көмудің мемлекеттік кадастрының мазмұны**

1. Көмудің мемлекеттік кадастрында көмілген заттардың және ағызылған сулардың сандық және сапалық көрсеткіштері, көму мен ағызудың тау-кен-техникалық, арнаулы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық жағдайлары көрсетілген үлгісі мен түрін сипаттайтын мәліметтер болады және:

1) зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін объектілер мен сарқынды су ағызылатын жерлердің жалпы сипаттамасын: орналасқан жерін, пайдалану кезеңін, ұстауға жұмсалатын шығынды, қоршаған орта жай-күйінің мониторингі мен жер қойнауы мониторингін бақылау желісінің болуын және орналасуын;

2) зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар көмілетін объектілер мен сарқынды су ағызылатын жерлердің физикалық сипаттамасын: оқшаулану сипаттамасын, тау-кен жынысы типін, қабатты-коллектор жатқан жердің тереңдігі мен тиімді қуатын, оның алаңын, кеуектік коэффициентін, төсеніштік және бөгесіндік су қысымының сипаттамасын, жер асты суларының табиғи ағысының жылдамдығын, сарқынды сулардың сақталуы мен басқа да сандық және сапалық көрсеткіштерді;

3) зиянды заттардың, радиоактивті қалдықтардың, сарқынды сулардың сипаттамасын: өнімнің атауын, нәтижесінде өнім жасалатын технологиялық өндірістер немесе процестерді, физикалық сипаттамасын (толық химиялық құрамын, уытты компоненттерінің болуын, өрт шығу-жарылыс қауіптілігі, ерігіштігі, сақтау кезінде басқа заттармен сыйысымдылығы, негізгі ластаушы радионуклидтер, олардың активтілігі және басқа да сипаттамалар), тасымалдау жүйесінің сипаттамасын қамтиды.

2. Көмудің мемлекеттік кадастры қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар және жер қойнауына ағызылатын сарқынды сулар үшін жеке жүргізіледі.

### **158-бап. Көмудің мемлекеттік кадастрын жүргізу**

1. Табиғат пайдаланушылар есеп беретін жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанының ішінде 1 қаңтарға дейінгі жағдай бойынша жыл сайын осы Кодекстің 157-бабының 1-тармағында аталған мәліметтердің екі данасын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етеді.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган табиғат пайдаланушылардан түскен деректердің негізінде Көмудің мемлекеттік кадастрын жасайды.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Көмудің мемлекеттік кадастрын жүргізу кезінде:

- 1) табиғат пайдаланушылардан мәліметтердің уақтылы түсуін бақылауды;
- 2) материалдарды жинауды, олардың есебін, жүйеленуі мен сақталуын;
- 3) табиғат пайдаланушыларға анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету мақсатында есептеу техникасын пайдалану арқылы деректерді өңдеудің автоматтандырылған жүйесін жасауды және оның жұмыс істеуін;
- 4) Көмудің мемлекеттік кадастрын дұрыс ресімдеуді қамтамасыз етеді.

### **20-1-тарау. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік бағалау жүйесі**

Ескерту. Кодекс 20-1-тараумен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) З а ң ы м е н .

### **158-1-бап. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу жүйесі**

1. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу жүйесі парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерінің тиісті кезеңдегі нақты көлемін айқындауға қажетті деректерді жинау, өңдеу, сақтау және талдау жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шаралардың жиынтығын білдіреді.

2. Парниктік газдарды мемлекеттік түгендеу үшін ақпарат жинау статистикалық есептілікке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қондырғылар паспортында ұсынылатын деректерге негізделеді.

3. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеу жүйесінің жұмысын ұйымдастыруды және үйлестіруді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

4. Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығын, айқындығын және анықтығын бақылау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жыл сайын жүргізіледі.

Ескерту. 158-1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі).

### **158-2-бап. Парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастры**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастрын әзірлеуді және жүргізуді ұйымдастырады.

2. Парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастры парниктік газдар шығарындыларының көздері, қондырғы операторлары, парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерінің мөлшері туралы мәліметтерді қамтиды.

3. Парниктік газдар шығарындылары және сіңірулері көздерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу және ұстау тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастрының деректері негізінде парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін талдауды және болжауды жүзеге асырады, парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері көлемдеріне мемлекеттік бақылау жүйесін ұйымдастыруды, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының жыл сайынғы есептілік міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 158-2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **158-3-бап. Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімі**

1. Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінің негізгі функциялары айналымға енгізілген, сақтауда жатқан, берілген, сатып алынған, жойылған және айналымнан алынған көміртегі бірліктерінің нақты есебін қамтамасыз ету, сондай-ақ басқа да ұлттық тізілімдермен деректер алмасу болып табылады.

2. Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның парниктік газдарды реттеу жөніндегі ведомстволық бағынысындағы ұйымы қалыптастырады және жүргізеді.

**Ескерту. 158-3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## 158-4-бап. Валидация және верификация

1. Валидация және верификация жөніндегі органдарды аккредиттеу Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Валидация және верификация жөніндегі орган валидацияның және верификацияның дұрыстығы үшін жауаптылықта болады.

3. Парниктік газдарды түгендеу туралы жыл сайынғы есепті, мониторинг жоспарын және қондырғы паспортын қондырғы операторы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша ұсынады.

Валидация және верификация қондырғы операторының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Парниктік газдар шығарындыларын азайтудың және сіңірудің сол бір жобасының валидациясын және верификациясын валидация және верификация жөніндегі сол бір орган жүргізе алмайды.

5. Валидация және верификация, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, стандарттау саласындағы уәкілетті орган бекіткен ұлттық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 158-4-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 21-тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚПАРАТ

### 159-бап. Экологиялық ақпарат

1. Экологиялық ақпарат:

- 1) қоршаған ортаның және оның объектілерінің жай-күйі;
- 2) қоршаған ортаға әсер ету факторлары, оның ішінде оның ластануы туралы;
- 3) қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер ете алатын бағдарламалық, әкімшілік және өзге де шаралар;
- 4) экологиялық нормативтер мен шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар;
- 5) қоршаған ортаны қорғау жөнінде жоспарланатын және іске асырылатын іс-шаралар және оларды қаржыландыру;

б) қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер ете алатын қызмет, оның ішінде бұл ретте қаралған қоршаған ортаға қатысты есептер, талдаулар мен өзге де мәліметтер;

7) қоршаған орта жай-күйінің халықтың денсаулығына, қауіпсіздігіне және тіршілік жағдайларына, мәдениет объектілеріне, ғимараттар мен құрылыстарға әсер етуі туралы мәліметтер мен деректерді қамтиды.

2. Экологиялық ақпарат жазбаша, электрондық, дыбыс бейнелі немесе өзге де нысанда көрсетілуі мүмкін.

**Ескерту. 159-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **160-бап. Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімі**

1. Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімі – ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүргізетін, ашық қолжетімді түрде орналастырылған эмиссияның жай-күйі және қоршаған ортаның ластануы туралы құрылымдалған дерекқор.

2. I санаттағы объектілері бар табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімін жүргізу қағидаларына сәйкес жыл сайын 1 сәуірге дейін өткен жылға арналған ақпаратты ұсынады.

3. Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімі ластауыш заттардың шекті жол берілетін шоғырлануы, олардың денсаулыққа және қоршаған ортаға әсері туралы ақпаратты, сондай-ақ ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдары бойынша басқа да ғылыми негізделген ақпаратты және табиғат пайдаланушылар туралы ақпаратты қамтиды

Табиғат пайдаланушылар туралы ақпарат:

- 1) табиғат пайдаланушының атауын, мекенжайын және қызмет түрін;
- 2) берілген экологиялық рұқсаттың электрондық нұсқасын;
- 3) қоршаған ортаға эмиссиялардың көлемі бойынша ақпаратты;
- 4) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының және экологиялық мониторинг есептерінің, қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарының электрондық нұсқасын;
- 5) мемлекеттік экологиялық бақылаудың тексеру нәтижелерін;
- 6) бюджетке қоршаған ортаға эмиссиялар үшін, оның ішінде белгіленген нормативтерден тыс міндетті төлемақылар туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

Ескерту. 160-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **161-бап. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры**

1. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды қоршаған ортаның және оның объектілерінің жай-күйі, қоршаған ортаға әсер ету факторлары туралы, оны қорғау, қоршаған ортаның ластануының алдын алу және оны азайту бойынша қолданылатын шаралар, табиғи ресурстарды пайдалану туралы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорын жүргізуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысындағы ұйым жүзеге асырады және экологиялық ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, талдау, ғылыми-зерттеу, ұсыну, тарату, халықты және табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері жөнінде ағарту бойынша іс-шараларды қамтиды.

3. Мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорына ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен ұсынады.

4. Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорының құрамына:

- 1) табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастры;
- 2) қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алу;
- 3) өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры;
- 4) табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік тізілімі;
- 5) озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастры;
- 6) ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркелімі;
- 7) қоршаған ортаға әсерді бағалау және мемлекеттік экологиялық сараптама материалдары;
- 8) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілер және нормативтік-техникалық құжаттар;
- 9) қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды пайдалануға байланысты ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау туралы есептер;
- 10) Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстарды пайдалану туралы ұлттық баяндама;
- 11) Ұлттық экологиялық атлас;

12) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы бақылау және құқық қолдану қызметінің нәтижелері бойынша есептер;

13) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы және экологиялық мониторинг есептері;

14) мемлекеттік экологиялық мониторингтің деректері;

15) экология саласындағы ғылыми-техникалық әдебиет;

16) қоршаған ортаның жай-күйі туралы және табиғи ресурстарды пайдалану, қоршаған ортаға әсер етудің факторлары және оны қорғау бойынша қолданылатын шаралар туралы ақпарат;

17) экологиялық ақпаратты қамтитын өзге де материалдар мен құжаттар кіреді.

**Ескерту. 161-бап жаңа редакцияда - ҚР 08.04.2016 № 491-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **162-бап. Ұлттық экологиялық атлас**

1. Экологиялық ақпаратты жүйелі және көрнекі түрде беру мақсатында картографиялық материалдардың кешенді ғылыми-анықтамалық жинағы - Ұлттық экологиялық атлас жасалады.

2. Ұлттық экологиялық атласты әзірлеуді және жариялауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ұйымдастырады.

#### **163-бап. Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу**

1. Экологиялық ақпарат, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады.

2. Жалпыға бірдей қолжетімді экологиялық ақпаратты құрайтын жекелеген мәліметтер мен деректерге қол жеткізу оларды жеке және заңды тұлғалардың сұратуы бойынша беру, бұқаралық ақпарат құралдарында, арнайы басылымдарда тарату, Интернетте орналастыру арқылы, сондай-ақ өзге де жалпыға бірдей қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық құралдар қолданыла отырып жүзеге асырылады.

3. Жергілікті атқарушы орган жыл сайын жылдың 1 мамырына дейін өзінің интернет-ресурсында өткен жылға арналған:

қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақылардан бюджетке түсетін түсімдер;

қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларға бюджет шығыстары туралы ақпаратты орналастырады.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жыл сайын жылдың 1 мамырына дейін өзінің интернет-ресурсында өткен жылға арналған:

қоршаған ортаға залалды өтеуден бюджетке түсетін түсімдер;

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдардан бюджетке түсетін түсімдер туралы ақпаратты орналастырады.

**Ескерту. 163-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **164-бап. Субъектілердің экологиялық ақпаратқа қол жеткізуге қатысты құқықтары мен міндеттері**

1. Жеке және заңды тұлғалардың экологиялық ақпаратты қамтитын жалпыға бірдей қолжетімді мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарға еркін қол жеткізуге құқығы бар.

2. Мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды атқаратын лауазымды адамдар немесе жария шарттың негізінде халыққа қоршаған ортаға қатысы бар қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар экологиялық ақпаратқа, оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың сауалдары бойынша ашық түрде қол жеткізуді ұсынуға міндетті.

3. Қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын өзге де жеке және заңды тұлғалар азаматтардың өмірі мен денсаулығына әсер етуге қатысты экологиялық ақпаратты адамдардың сауалдары бойынша беруге міндетті.

4. Жеке және заңды тұлғалар осы баптың 2-тармағында аталған тұлғалардан, егер оны басқа нысанда беруге негіз болмаса, сұрау салу нысанында экологиялық ақпарат алуға құқылы.

**Ескерту. 164-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен ( 01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

#### **165-бап. Экологиялық ақпарат берудің мерзімдері мен тәртібі**

1. Экологиялық ақпарат беру және оны беруден бас тарту мерзімдері, тәртібі Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы және ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнамасында белгіленеді.

2. Алып тасталды - ҚР 16.11.2015 № 404-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Қоршаған ортаға әсер етуді бағалау рәсіміне және жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа қол жеткізу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қамтамасыз етіледі.

4. Сұратылған экологиялық ақпарат мемлекеттік органда болмаған жағдайларда алынған сауал Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде құзыретті мемлекеттік органға жіберіледі.

Ескерту. 165-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 16.11.2015 № 404-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **166-бап. Экологиялық ақпаратты бергені үшін төлемақы**

Ескерту. 166-бап алып тасталды - ҚР 16.11.2015 № 404-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

#### **166-1-бап. Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндама**

1. Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндама Қазақстан Республикасының аумағындағы нақты экологиялық жағдайлар және оны жақсарту бойынша қолданылатын шаралар туралы халықты жыл сайын ақпараттандыру мақсатында жасалады.

2. Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндамада мынадай:

1) қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың сандық және сапалық сипаттамалары туралы;

2) негізгі қоғамдық маңызы бар экологиялық проблемаларды қоса алғанда, қоршаған ортаға тигізетін антропогендік әсерлер туралы;

3) өңірлердегі экологиялық хал-ахуал туралы;

4) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша мәліметтер көрініс табады.

3. Орталық мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін Қазақстан

Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндаманы жасау үшін ақпарат ұсынады.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган орталық мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар ұсынған ақпараттар негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Қағидаларға сәйкес Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндаманы әзірлеуді ұйымдастырады.

Ескерту. 21-тарау 166-1-баппен толықтырылды - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **167-бап. Экологиялық ақпарат беруден бас тарту**

Ескерту. 167-бап алып тасталды - ҚР 16.11.2015 № 404-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **22-тарау. ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЛАСТАУ КӨЗДЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ**

Ескерту. 22-тарау алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **6-БӨЛІМ. ТӨТЕНШЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗІЛЗАЛА АЙМАҚТАРЫ**

#### **23-тарау. ЖЕКЕЛЕГЕН АУМАҚТАРДЫ ТӨТЕНШЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ НЕМЕСЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗІЛЗАЛА АЙМАҚТАРЫ ДЕП ЖАРИЯЛАУ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ**

#### **173-бап. Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала**

1. Төтенше экологиялық жағдай - шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде қоршаған ортада халықтың денсаулығына, табиғи экологиялық жүйелердің, өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық қорларының жай-күйіне қауіп төндіретін тұрақты теріс өзгерістер болатын аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуал.

2. Экологиялық зілзала - шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде халықтың денсаулығының едәуір нашарлауына, табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған қоршаған ортаның орны толмас, терең өзгерістері болған аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуал.

3. Халықтың денсаулығына төнетін қауіп деп қоршаған ортаның ластануына байланысты денсаулықтың қайталама бұзылу жиілігінің артуы түсініледі.

4. Халық денсаулығының едәуір нашарлауы деп қоршаған ортаның ластануынан туындаған денсаулықтың өмірмен сыйыспайтын орны толмас бұзылуының, өлім себептері құрылымы өзгерулерінің және ерекше өзіндік аурулардың пайда болуының артуы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына байланысты денсаулықтың қайталама бұзылу жиілігінің едәуір артуы түсініледі.

5. Аумақтарды төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарына жатқызу экологиялық ахуалды нашарлататын көздер мен факторларды анықтау және экологиялық қолайсыздық деңгейін тұрақтандыру мен азайту, қоршаған ортаға шаруашылық және өзге де қызметтің әсер ету деңгейін төмендету, табиғи ресурстарды қалпына келтіру және халықтың денсаулығына әсер ету салдарларын мейлінше азайту жөнінде негізделген шұғыл шаралар әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады.

#### **174-бап. Жекелеген аумақтарды төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялаудың тәртібі**

1. Төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала болу ықтималдығы болжанатын аумақты зерттеу мақсатында комиссия құрылады.

2. Жергілікті атқарушы органдар және өзге де мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) экологиялық ахуалының қолайсыздығы болжанатын аумақта тұратын тұрғындардың;

2) Қазақстан Республикасы Парламентінің және жергілікті өкілді органдар депутаттарының;

3) қоғамдық бірлестіктердің өтініштері негізінде комиссия құруға бастамашы болуға құқылы.

3. Комиссияның құрамына жергілікті өкілді органдардың депутаттары, қоршаған ортаны қорғау, білім беру, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет, денсаулық сақтау, индустрия және сауда, энергетика және минералдық ресурстар, ауыл шаруашылығы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, азаматтық қорғау

саласындағы уәкілетті органдардың, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының өкілдері және басқа да мүдделі жеке және заңды тұлғалар кіреді.

#### 4. Комиссия:

- 1) аумақтың экологиялық жай-күйін;
- 2) қолайсыз экологиялық ахуалдың туындау себептерін;
- 3) қандай да бір тозу деңгейіне ұшыраған аумақтардың шекараларын;
- 4) болжанатын қолайсыз экологиялық жағдайдың залалын, нашарлау мүмкіндігін;
- 5) болжанатын қолайсыз экологиялық жағдайды жою жөніндегі қажетті шараларды;
- 6) болжанатын қолайсыз экологиялық ахуалдың туындауына себепші болған факторларды жою мақсатында оны жоюға қажетті құралдарды;
- 7) болжанатын қолайсыз экологиялық ахуалдың туындауына себепші болған шаруашылық және өзге де қызмет түрлерін айқындау мақсатында материалдарды жинау мен талдауды жүзеге асырады.

5. Қолда бар материалдар жеткіліксіз болған жағдайда, комиссия тиісті мемлекеттік органға қосымша зерттеулер жүргізу қажеттігі туралы ұсыныс енгізеді.

6. Аумақты зерттеу материалдары мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін денсаулық сақтау, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет және білім беру салаларындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындысымен бірге қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беріледі.

7. Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысында аумақты төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймағы деп тану немесе танымау туралы тұжырым болуға тиіс.

8. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындылары, сондай-ақ денсаулық сақтау, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет салаларындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындылары негізінде аумақ:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен - төтенше экологиялық жағдай аймағы;

2) Қазақстан Республикасының заңымен - экологиялық зілзала аймағы деп жарияланады.

#### 9. Осы баптың 8-тармағында тізбеленген нормативтік құқықтық актілерде:

1) экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтарының шекаралары;

2) экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймағы деп жариялау мерзімдері;

3) экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтарының құқықтық режимі;

4) тиісті аумақтағы қолайсыз экологиялық жағдайды тұрақтандыру және деңгейін азайту жөніндегі шаралар не оларды әзірлеу қажеттігіне сілтеме;

5) азаматтарды төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала салдарынан зардап шеккендер санатына жатқызу тәртібі және оларды әлеуметтік қорғау шаралары көрсетіледі.

10. Табиғи ресурстарды молайту, қоршаған ортаны сауықтыру, халыққа медициналық көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес сараланған түрде әзірленеді және жүзеге асырылады.

**Ескерту. 174-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **175-бап. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау**

1. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлердің қосымша немесе көмекші түрлерін пайдалана отырып, критерийлердің басты түрлерінің негізінде жүргізіледі.

2. Аумақтардағы экологиялық ахуалды бағалау критерийлері - халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-күйінің нашарлауын сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығы.

3. Төтенше экологиялық жағдай аймағын немесе экологиялық зілзала аймағын айқындау экологиялық қолайсыз жағдайдың неғұрлым жоғары деңгейін көрсететін бір немесе бірнеше негізгі және қосымша көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады.

4. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

**Ескерту. 175-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **24-тарау. ТӨТЕНШЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗІЛЗАЛА АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**176-бап. Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарындағы құқықтық режим**

1. Белгілі бір аумақта төтенше экологиялық жағдай мен экологиялық зілзаланың құқықтық режимі белгіленген жағдайда мынадай шаралар:

1) қолайсыз экологиялық жағдайдың туындауына себепші болған объектілер қызметін тоқтату не шектеу;

2) табиғи ресурстарды қалпына келтіру (молайту), қоршаған ортаны сауықтыру жөнінде жедел шаралар;

3) халыққа тұрақты немесе уақытша тұруы үшін міндетті түрде үй-жайлар бере отырып, оларды тұруға қауіпті жерлерден көшіру;

4) карантин белгілеу және басқа да санитарлық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыру;

5) ауырған, өлім-жітімге ұшырау қаупі туындаған жағдайда жануарларға көмек беру жөніндегі қажетті жұмыстарды жүргізу;

6) келудің және кетудің ерекше режимін белгілеу, көлік құралдарының қозғалысын шектеу;

7) жаңа құрылыс салуға және жұмыс істеп тұрған, қызметі төтенше экологиялық жағдайларды жоюмен немесе халықтың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етумен байланысты емес кәсіпорындар мен басқа да объектілерді кеңейтуге уақытша тыйым салу;

8) қолайсыз экологиялық жағдайдың салдарынан зардап шеккен адамдар үшін тамақ өнімдерін бөлудің ерекше тәртібін енгізу;

9) жоғары экологиялық қауіп төндіретін объектілерді салуға және олардың жұмыс істеуіне тыйым салу;

10) жиынтық қасиеттері және (немесе) жай-күйінің ерекшеліктері осы аймақтағы экологиялық жағдайды ушықтыруы мүмкін ерекше қауіпті (химиялық, радиоактивті, уытты, жарылғыш, жанатын, биологиялық) заттарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын шаруашылық және өзге де қызметтерге қолдануға уақытша тыйым салуды белгілеу;

11) сауықтыру, курорттық мақсаттағы объектілердің жұмыс істеуіне тыйым салу;

12) адамдарға, өсімдіктерге, жануарлар дүниесіне және басқа табиғи объектілерге жоғары экологиялық қауіп бар кез келген басқа да қызметті жүзеге асыруға тыйым салу немесе оларға шектеу енгізілуі мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарындағы құқықтық режимді және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

**177-бап. Төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала салдарынан зардап шеккен адамдарға келтірілген зиянды өтеу**

Төтенше экологиялық жағдайдың немесе экологиялық зілзаланың салдарынан зардап шеккен адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өздеріне келтірілген зиянды өтетуге, сондай-ақ әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

#### **178-бап. Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарындағы экологиялық жағдайдың мониторингі**

1. Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарының аумағында, сондай-ақ оларға іргелес жатқан аумақтарда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары шеңберінде қоршаған ортаның және халық денсаулығының жай-күйіне арнайы бақылаулар мен зерттеулер жүргізіледі.

2. Бақылау және зерттеу объектілері:

1) төтенше экологиялық жағдайдың немесе экологиялық зілзаланың туындауына әкеп соқтырған факторлар;

2) төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймағы аумағындағы қоршаған ортаның және халықтың денсаулығына әсер ететін келеңсіз өзгерістер болып табылады.

**Ескерту. 178-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **179-бап. Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарында құқықтық режимнің қолданысын тоқтату**

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және экологиялық жағдайдың қалыпқа түсуін куәландыратын зерттеу материалдарының негізінде төтенше экологиялық жағдай аймақтарында құқықтық режимнің қолданысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен, ал экологиялық зілзала аймақтарында құқықтық режимнің қолданысы - Қазақстан Республикасы заңымен тоқтатылуы мүмкін.

#### **180-бап. Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарында құқықтық режимді бұзушылық үшін жауаптылық**

Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарында құқықтық режимнің бұзылуына кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

## **7-БӨЛІМ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕН АҒАРТУ, ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ**

### **25-тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕН АҒАРТУ, МАМАНДАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ**

#### **181-бап. Экологиялық білім беру мен ағартудың, мамандардың біліктілігін арттырудың мақсаты және негізгі міндеттері**

1. Экологиялық білім беру мен ағартудың мақсаты орнықты даму принциптеріне негізделген азаматтардың белсенді өмірлік ұстанымын және қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

2. Қазақстан Республикасындағы экологиялық білім беру, экологиялық ағарту және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру орнықты дамуға арналған білім жүйесінің бір бөлігі ретінде дамиды.

3. Экологиялық білім беру мен ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру саласындағы негізгі міндеттер:

1) экологиялық білім берудің мазмұнын өзекті ету, білім беру ұйымдарын қазіргі заманғы оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, оқытушы кадрлардың біліктілігін арттыру арқылы экологиялық білім берудің сапасын жақсартуды;

2) қоғам мен отбасында экологиялық ағарту жөніндегі ұйымдастыру негіздерін, бағдарламалар мен іс-шараларды дамытуды;

3) қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттерді іске асыру үшін кәсіби кадрлар даярлауды қамтиды.

#### **182-бап. Экологиялық білім беру мен ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтің ұйымдастырушылық негіздері**

1. Экологиялық білім беру және ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру саласындағы қызметті мемлекеттік органдар, білім беру, мәдениет және ғылым ұйымдары, табиғат қорғау мекемелері, табиғат пайдаланушылар, қоғамдық бірлестіктер, жекелеген жетекші педагогтар мен ғалымдар ұйымдастырады және жүзеге асырады.

2. Қоғам мен отбасында экологиялық ағартуды ұйымдастыруды оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуде сектораралық ынтымақтасу мен ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау, біліктілікті арттыру мен қайта даярлау мақсатында білім беру, ғылым ұйымдары мен қоғамдық

бірлестіктер жанынан өңірлік кеңестер (орталықтар) құрылады. Өңірлік кеңестердің (орталықтардың) құрамына осы баптың 1-тармағында аталған ұйымдар мен тұлғалардың өкілдері кіруі мүмкін.

### **183-бап. Білім беру ұйымдарындағы экологиялық білім беру**

1. Үздіксіз және кешенді экологиялық білім беру жүйесі білім берудің барлық деңгейлерін қамтиды.

2. Білім беру ұйымдарындағы экологиялық білім беру мамандандырылған және пәнаралық білім беру бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ экологиялық аспектілерді қазіргі оқу пәндеріне кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

3. Табиғат қорғау мен табиғат байлықтарына ұқыптылықпен қарауға белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің басым міндеттерінің бірі ретінде танылады.

4. Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттары мен қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мамандықтар бойынша кәсіби білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім беру саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып бекітеді.

**Ескерту. 183-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27 . N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **184-бап Экологиялық білім беру мен ағартуды мемлекеттік қолдау**

1. Мемлекет мынадай басым бағыттар бойынша:

1) Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуі үшін білім беру саласында ұзақ мерзімді іс-қимыл жоспарын айқындау;

2) экологиялық білім беру мен ағартудың оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіру;

3) қоршаған ортаны қорғау саласында білікті мамандар даярлау;

4) экологиялық білім беру мен ағарту жөніндегі оқу және әдістемелік материалдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

5) қоғам мен отбасында экологиялық ағарту жөніндегі бағдарламаларды және іс-шараларды жүзеге асыратын ұйымдарды дамытуға жәрдемдесу жөнінде экологиялық білім беру мен ағартуды қолдауды жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қолдау шаралары:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының шеңберінде білім беру ұйымдарында экологиялық білім беруді (экологиялық

білім беру мен ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу-әдістемелік жұмыстар мен іс-шараларды) қаржыландыруды;

2) мемлекеттік органдардың мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруға белсене қатысуын;

3) орнықты даму үшін білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге мемлекеттік тапсырыс беруді;

4) экологиялық білім беру мен ағарту саласындағы қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс беруді;

5) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының шеңберінде экологиялық білім беру мен ағарту, кадрлардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлау жөніндегі қажетті іс-шараларды қамтамасыз етуді қамтиды.

**Ескерту. 184-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **26-тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР**

### **185-бап. Экологиялық ғылыми зерттеулердің мақсаттары мен міндеттері**

1. Экологиялық ғылыми зерттеулер қоршаған ортаны қорғауды ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету, табиғи экологиялық жүйелерді жақсарту, қалпына келтіру, орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми негізделген іс-шараларды әзірлеу, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молайту, Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі мен әлеуметтік, экономикалық және экологиялық теңгерімді дамуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2. Экологиялық ғылыми зерттеулердің міндеттері:

- 1) қоршаған ортаның жай-күйін ғылыми тұрғыдан бағалау және болжау;
- 2) ғылыми негізделген экологиялық нормативтерді, стандарттар мен талаптарды әзірлеу;
- 3) табиғи ресурстарды кешенді және ұтымды пайдалануды негіздеу;
- 4) қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында мемлекеттік реттеу мен басқаруды қамтамасыз ету үшін ғылыми ұсынымдар әзірлеу;
- 5) экологиялық тұрғыдан тиімді ресурстарды сақтау технологияларын ғылыми тұрғыдан негіздеу, әзірлеу және енгізу болып табылады.

### **186-бап. Экологиялық ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласын ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету міндеттерін шешу үшін ғылыми зерттеулердің мынадай түрлері:

- 1) аумақтардың әлеуметтік-экономикалық орнықты дамуының кешенді мемлекеттік, өңірлік, жергілікті ғылыми негіздемелерін әзірлеу;
- 2) экологиялық жүйелердің антропогендік әсерге тұрақтылығын зерттеу және экологиялық тәуекелдерді айқындаудың ғылыми негіздерін әзірлеу;
- 3) қоршаған ортаға антропогендік жүктемелер деңгейін және экологиялық жүйелер мен ландшафттардың бүліну дәрежесін бағалау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми негізделген нормативтік құжаттар әзірлеу;
- 5) экожүйелер мен ландшафттарға антропогендік әсер ету шегінің аймақтық деңгейлерін айқындау;
- 6) қоршаған орта факторларының халық денсаулығына әсер етуін анықтау;
- 7) республика аумағын экологиялық шиеленісу дәрежесі бойынша аудандарға бөлу және саралау;
- 8) қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлеуге байланысты зерттеулер;
- 9) қоршаған ортаға эмиссияларды тазарту жөніндегі әдістерді және технологияларды әзірлеуге байланысты зерттеулер;
- 10) шикізатты кешенді пайдалану, қалдықтарды өңдеу мен кәдеге жарату жөніндегі зерттеулер;
- 11) экологиялық тиімді және ресурсты сақтаудың жаңа технологияларын іздестіру, оларды ғылыми-техникалық негіздеу және енгізу жөніндегі зерттеулер;
- 12) қоршаған ортаның жай-күйін бағалауды әзірлеу мен ғылыми тұрғыдан сүйемелдеу және олардың антропогендік және табиғи факторлар әсерінен өзгеруін болжау;
- 13) қоршаған ортаға антропогендік немесе табиғи факторлардың әсер етуінің теріс салдарларын болғызбау немесе бәсеңдету әдістерін ғылыми негіздеу;
- 14) көп жылғы байқаулар мен жедел бақылау негізінде экожүйелер мен объектілер жай-күйінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне экологиялық мониторингтің нәтижелерін жүйелі зерделеу және жинақтау;
- 15) қоршаған орта жай-күйінің мониторингін ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету;
- 16) қоршаған ортаға эмиссияларға, табиғи ресурстарды пайдалануға арналған лимиттерді (квоталарды) әзірлеу және ғылыми негіздеу;
- 17) климаттың өзгеруін кешенді зерттеу және оның Қазақстан Республикасының экономикасы мен табиғи ресурстарына әсерін бағалау;
- 18) озон қабатының жай-күйін, оның бүліну және қалпына келу процестерін зерттеу, озон қабатына адам қызметінің әсер етуін болдырмау жөніндегі шараларды әзірлеу;

19) табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктерінің проблемаларын зерттеу, табиғат қорғау іс-шараларының экономикалық тиімділігі мен оған жұмсалатын шығындарды бағалау әдістерін әзірлеу және осы іс-шараларды ғылыми тұрғыдан сүйемелдеу;

20) елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының экологиялық индикаторларын әзірлеуге және ғылыми негіздеуге қатысу;

21) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты ғылыми зерттеулер жүргізу;

22) қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ғылыми ынтымақтастық жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Иргелі және қолданбалы ғылыми экологиялық зерттеулер бюджет қаражаты мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 186-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **187-бап. Экологиялық ғылыми зерттеулерді жүргізуге қойылатын талаптар**

1. Экологиялық ғылыми зерттеулерді осы Кодекске және Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңына сәйкес ғылыми ұйымдар жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының аумағында қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді қазақстандық та, шетелдік те жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын міндетті түрде орындаған жағдайда, халықаралық ұйымдар жүзеге асыра алады.

#### **27-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ**

#### **188-бап. Халықаралық ынтымақтастықтың басымдықтары мен деңгейлері**

1. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысуы мынадай:

- 1) адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғау;
- 2) орнықты дамуға қол жеткізу;
- 3) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мүдделерін қорғау;
- 4) трансшекаралық ластануларды болғызбау, оларды азайту және бақылау;

5) еркін халықаралық сауда мен инвестицияларды экологиялық стандарттар мен талаптарды сақтау негізінде дамыту және қолдау;

6) төтенше экологиялық жағдайлар болғанда халықаралық көмек көрсету;

7) трансшекаралық және өңірлік экологиялық проблемаларды шешу үшін халықаралық құқықтың нормалары мен принциптерін қолдану;

8) қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму саласындағы халықаралық бастамаларға қатысу басымдықтарына негізделеді.

2. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың басым міндеттері жаһандық, трансшекаралық, өңірлік және екіжақты негізде шешіледі.

### **189-бап. Халықаралық ынтымақтастықтың принциптері**

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастығы:

1) халықаралық міндеттемелерді адал орындау;

2) мемлекеттердің өз табиғи ресурстарын игеруге деген егеменді құқығын құрметтеу;

3) орнықты дамуға қол жеткізу үшін қоршаған ортаны қорғау мен экономикалық дамудың интеграциясы;

4) басқа мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасының юрисдикциясынан тысқары жатқан аудандардың қоршаған ортасына келтірілетін залалдың алдын алу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету үшін мемлекеттің жауапкершілігі;

5) алдын ала сақтанушылық және алдын ала ескеру шараларын қабылдау;

6) халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу;

7) қоршаған ортаға ықтимал елеулі трансшекаралық әсері бар қызмет жөнінде алдын ала хабарлау және өзара консультациялар алысу;

8) жаһандық, өңірлік, ұлттық және жергілікті деңгейлерде жұмсалатын күш-жігердің өзара бірін-бірі толықтыруы;

9) қоршаған ортаны ластауға байланысты шығындар үшін ластаушының жауапкершілігі принциптеріне негізделеді.

### **190-бап. Халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық негізі**

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық негізін:

1) халықаралық ұйымдарға төленетін міндетті және ерікті жарналар;

2) халықаралық бағдарламаларды, форумдар мен өзге де халықаралық іс-шараларды қаржыландыруға қатысу;

3) трансшекаралық әсердің салдарынан келтірілген залал үшін жауапкершілік ;

4) табиғи ресурстарды бірлесіп пайдалануға арналған құрылыстарды пайдалануға беруге жұмсалған шығындарды пайдаланылатын табиғи ресурстарға үлестік қатысу принципіне орай өтеу;

5) бір мемлекеттің басқа мемлекетке Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың негізінде белгіленген өз табиғи ресурстарының үлесін (үлесінің бір бөлігін) өтемақылық негізде беруі құрайды.

### **191-бап. Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін халықаралық жауапкершілік**

Экологиялық құқық бұзушылықтар, шектес мемлекеттердің қоршаған ортасы мен табиғи ресурстарына келтірілген залал, халықаралық шарттардың міндеттемелерін сақтамағаны үшін халықаралық жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының ережелеріне сәйкес қолданылады.

### **192-бап. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың тетігі**

1. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың тетігі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар жөніндегі міндеттемелерге сәйкес мынадай халықаралық және трансшекаралық рәсімдерге:

1) экологиялық ақпараттың деректерін алмасу;

2) келісілген талаптар мен стандарттар негізінде қоршаған ортаның бірлескен мониторингін жүргізу;

3) халықаралық маңызы бар биологиялық түрлер мен табиғи объектілерді анықтау және сақтау;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық реттеу нысанасы болып табылатын белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға алдын ала негізделген келісім алу;

5) қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал қатер төндіретін белгілі бір қызмет түрлеріне қатысты арнаулы рұқсаттар беру;

6) қоршаған ортаға әсерді бірлесіп нормалау және оларды қолданудың тиімділігін бағалау;

7) қоршаған ортаға әсерді трансшекаралық бағалау;

8) трансшекаралық әсердің ықтимал қаупі болған кезде төтенше жағдайлар туралы хабарлау;

9) трансшекаралық әсердің қаупі болатын төтенше жағдайлар кезінде басқа мемлекеттердің сұрауы бойынша көмек көрсету, оған қоса тиісті бірлесіп назар аудару жоспарларын әзірлеу;

10) халықаралық міндеттемелердің орындалғаны туралы ұлттық баяндамалар әзірлеу және ұсыну;

11) арнайы уәкілетті халықаралық ұйымдар жүргізетін халықаралық шарттар жөніндегі міндеттемелердің сақталуын бағалау;

12) басқа мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасынан тысқары жатқан аудандардың қоршаған ортасына залал келтіргені үшін жауапкершілік шараларын қолдану рәсімдеріне қатысуын көздейді.

2. Халықаралық шарттарда белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасы екіжақты және көпжақты ынтымақтастық негізінде осы баптың 1-тармағында аталған қажетті рәсімдерді әзірлейді.

3. Халықаралық ынтымақтастық тетігінің тиімді жұмыс істеуін және осы баптың 1-тармағында аталған рәсімдердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мемлекеттік органдар өз құзыреттеріне сәйкес мемлекетаралық органдар құруға бастамашы болуға құқылы.

### **193-бап. Халықаралық шарттар**

1. Халықаралық шарттар қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың құқықтық нысаны ретінде болады.

2. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық шарттарды жасасу, орындау, өзгерту және тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар туралы заңнамасымен реттеледі.

3. Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық шарттарды іске асыру:

1) олардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі қажетті іс-әрекеттер жоспарын әзірлеу мен бекітуді;

2) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық шарттың орындалуын қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік органды айқындауды;

3) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық шарттарға қатысу тиімділігіне тұрақты талдау жүргізуді қамтуы мүмкін.

## **ЕРЕКШЕ БӨЛІМ**

### **8-БӨЛІМ. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

#### **28-тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

##### **194-бап. Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар және олардың түрлері**

1. Экологиялық талаптар Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметке белгіленеді.

2. Экологиялық талаптар мынадай түрлерге бөлінеді:

1) шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын жалпы экологиялық талаптар;

2) табиғи ресурстарды пайдалану кезінде қойылатын экологиялық талаптар;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы экологиялық талаптар;

4) Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағындағы шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар;

5) радиоактивті материалдарды, атом энергиясын пайдалануға және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын экологиялық талаптар;

6) ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды, генетикалық түрлендірілген өнімдер мен ағзаларды өндіру және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар;

7) өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезіндегі экологиялық талаптар;

8) әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери қызметке қойылатын экологиялық талаптар.

3. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында экологиялық талаптардың өзге де түрлері белгіленуі мүмкін.

##### **195-бап. Экологиялық талаптарды әзірлеудің және бекітудің тәртібі**

1. Экологиялық талаптар осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленеді және жекелеген құжаттар немесе шаруашылық және өзге де қызметтің тиісті түрлерін жүзеге асыру ережелерінің жекелеген бөлімдері түрінде қабылдануы мүмкін.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган экологиялық талаптарды әзірлеу кезінде мамандандырылған ғылыми-зерттеу, жобалау институттары мен басқа да ұйымдарды, сондай-ақ табиғат пайдаланушыларды тартуы мүмкін.

3. Жер ресурстарын, жер қойнауын, жерасты және жерүсті суларын, орман және өсімдіктер дүниесінің өзге де ресурстарын, жануарлар дүниесінің

ресурстарын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар тиісінше жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, жер қойнауын зерттеу жөніндегі, су қорын пайдалану және қорғау, орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша белгіленеді.

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы экологиялық талаптар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша белгіленеді.

5. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді салу мен реконструкциялау, пайдалануға беру және пайдалану, қалалар мен басқа да елді мекендерді салу, радиоактивті материалдарды пайдалану, ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды, генетикалық түрлендірілген өнімдер мен организмдерді өндіру және пайдалану, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезінде оларды жобалауға және, орналастыруға қойылатын, әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери қызметке қойылатын экологиялық талаптар осы Кодексте және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде белгіленеді.

**Ескерту. 195-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.04.2015 № 308-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **196-бап. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезіндегі экологиялық талаптар мен міндеттемелерді есепке алу**

1. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде жекешелендіруді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік орган экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Кәсіпорындарды және өзге де объектілерді жекешелендіру кәсіпорынды және өзге де объектіні жекешелендіру жоспарында көзделуге тиісті экологиялық жай-күйді тексерудің нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен жүзеге асырылады.

**197-бап. Экологиялық қауіпті шаруашылық және өзге де қызметтер түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы заңды тұлға банкрот болған, қайта ұйымдастырылған және таратылған кездегі экологиялық талаптарды есепке алу**

1. Экологиялық қауіпті шаруашылық және өзге де қызметтер түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы заңды тұлғаның банкроттығы туралы іс қозғалған кезде міндетті экологиялық аудит жүргізіледі.

Табиғат пайдаланушы заңды тұлғаның банкроттығы туралы істі жүргізу кезінде міндетті экологиялық аудиттің нәтижелерін есепке алу қамтамасыз етіледі.

2. Экологиялық қауіпті шаруашылық және өзге де қызметтер түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру міндетті экологиялық аудиттің нәтижелерін есепке ала отырып және оларды бөлу балансында (бөліну немесе бөліп шығару нысанындағы қайта ұйымдастыру кезінде) және өткізу балансында (бірігу нысанындағы қайта ұйымдастыру кезінде) көрсете отырып жүргізіледі.

**3. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. 197-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **29-тарау. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

### **198-бап. Шаруашылық және өзге де объектілерді жобалауға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы объектілерін, сумен жабдықтау жүйелерін, кәріздерді, гидротехникалық құрылыстарды, көлік және байланыс объектілерін, технологиялық процестерді, бұйымдар мен жабдықтарды, басқа да объектілерді жобалау кезінде:

- 1) қоршаған орта сапа нормативтерінің сақталуы;
- 2) қауіпті қалдықтардың залалсыздандырылуы және кәдеге жаратылуы;
- 3) қалдығы аз және қалдықсыз технологиялардың пайдаланылуы;
- 4) қоршаған ортаны ластаудың алдын алудың тиімді шараларының қолданылуы;
- 5) табиғи ресурстарды молайту және ұтымды пайдалану көзделуі тиіс.

#### **2. Мыналар:**

- 1) мемлекеттік экологиялық сараптаманың;
- 2) эпидемиялық маңыздылығы жоғары объект жобаланған жағдайда санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындылары жоқ жобаларды қаржыландыруға және іске асыруға тыйым салынады.

Ескерту. 198-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

**199-бап. Жалпы экологиялық талаптар және табиғат пайдаланушылардың шаруашылық және өзге де объектілерді пайдалануға беру мен пайдалану кезіндегі жауапкершілігі**

1. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға беру жобада көзделген барлық экологиялық талаптар толық көлемде орындалған жағдайда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен құрылатын қабылдау комиссиясының актісі бойынша жүргізіледі.

2. Қауіпті қалдықтарды, шығарындыларды, төгінділерді залалсыздандыру және кәдеге жарату жөніндегі қоршаған ортаны қорғау нормативтерін қамтамасыз ететін жабдықтарды орнатпай, сондай-ақ жерді рекультивациялау, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалану жөніндегі жобада көзделген жұмыстарды аяқтамай кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға тыйым салынады.

3. Шаруашылық және өзге де объектілерді пайдалануды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы:

1) өзіне бөлінген аумақта жұмысты экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүргізу;

2) қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі белгіленген құжаттаманы жүргізу және бүкіл қызметі бойынша мемлекеттік органдарға белгіленген есептілікті беру үшін жауаптылықта болады.

3) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4. Табиғат пайдаланушы әрбір объектіде:

1) өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыруға, жүргізуге және бақылаушы органдармен өзара іс-қимыл жасауға жауап беретін арнайы бөлімше құруға не қызметкерді тағайындауға;

2) қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін, қоршаған ортаны және мүлікті қорғау мақсатында барлық операцияларды неғұрлым қауіпсіз тәсілмен жүргізуге және жабдықтарды қауіпсіз жай-күйде ұстауға;

3) барлық қызмет түрлері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарымен келісілген, кемінде бес жылда бір рет қайта қаралатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеп, бекітуге тиіс. Нормативтік-техникалық құжаттар жаңа үлгілік ережелер мен нормаларды, жаңа технологиялық процестерді, қондырғыларды, машиналар мен аппаратураларды енгізу кезінде де қайта қаралуға тиіс;

4) жұмыс учаскелерінде (объектілерінде) табиғат пайдаланушының жауапты лауазымды адамдары анықталған кемшіліктерді жоюдың мерзімдерін көрсетіп, техникалық және экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйін жазатын тексеру журналдарын жүргізуге тиіс.

5. Экологиялық қауіпті объектілердегі жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі табиғат пайдаланушы әзірлеген арнайы ережеде белгіленуге тиіс.

6. Табиғат пайдаланушыда Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуының, дүлей зілзалалар мен табиғи катаклизмдердің нәтижесінде туындаған авариялық жағдайларды жою немесе оқшаулау жөніндегі іс-қимылдар жоспары болуға тиіс.

7. Экологиялық талаптардың, нормалардың, ережелер мен нұсқаулықтардың бұзылуын немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін қауіпті, сондай-ақ қоршаған ортаның ластану мүмкіндігін анықтаған қызметкер туындаған жағдайды жою немесе оқшаулау жөніндегі шамасы жететін барлық шараларды дереу қабылдауға және ол жөнінде диспетчерге немесе басшылыққа хабарлауға міндетті.

8. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, сондай-ақ шаруашылық және өзге де объектілерді пайдалануды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы анықталған кемшіліктердің белгіленген мерзімдерде жойылуын бақылауға тиіс.

9. Өндірістегі жазатайым оқиғаларға және экологиялық зардаптарға әкеп соқпаған авариялар жазатайым оқиғаларға және экологиялық зардаптарға әкеп соқпаған аварияларды техникалық тексеру және есепке алу жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес тексеріледі. Ерекше жағдайларда ірі техникалық аварияларды және экологиялық зардаптарды, сондай-ақ топтық жазатайым оқиғаларды тексеру үшін комиссия тағайындалады.

10. Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға ластанушы заттар шығарылған және төгілген авариялар туралы ол анықталған кезден бастап екі сағат ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

**Ескерту. 199-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**199-1-бап. Технологияларға, техника мен жабдыққа қойылатын экологиялық талаптар**

1. Қазақстан Республикасында технологиялардың, көлік құралдарын қоспағанда, техниканың және жабдықтың қолданылуы қоршаған ортаға әсерін

бағалау материалдарымен қоса осындай технологиялардың, техника мен жабдықтың қолданылуын негіздейтін жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік экологиялық сараптамаға табыс етілетін, технологияларды, техника мен жабдықты, оның ішінде Қазақстан Республикасына өткізілетіндерін (әкелінетіндерін) қолдану жөніндегі құжаттама құрамын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мемлекеттік экологиялық сараптаманың нәтижелері бойынша экологиялық қауіпті деп танылған технологиялар, техника мен жабдық шаруашылық және өзге де қызметте қолдануға жатпайды.

Бұл ретте өткізілген (әкелінген), экологиялық қауіпті деп танылған техника мен жабдық осы Кодексте, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы, азаматтық қорғау туралы және техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптар сақтала отырып жойылуға, кәдеге жаратылуға немесе қайта өңделуге немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әкетілуге тиіс.

3. Мынадай:

1) қолданылуы осы Кодексте немесе халықаралық стандарттарда белгіленген экологиялық талаптарға сәйкес келмейтін;

2) қолданылуы нәтижесінде Қазақстан Республикасында оларды залалсыздандыру немесе кәдеге жарату жөніндегі технологиялары жоқ не оларды кәдеге жарату экологиялық зор қатермен байланысты немесе экономикалық жағынан тиімсіз болатын қалдықтар түзілетін технологиялар экологиялық қауіпті деп танылады.

4. Мынадай:

1) нормативті пайдаланылу мерзімі аяқталған;

2) қолданылуы осы Кодексте, Қазақстан Республикасының техникалық регламенттерінде немесе халықаралық стандарттарда белгіленген экологиялық талаптарға сәйкес келмейтін;

3) пайдаланылуы нәтижесінде Қазақстан Республикасында оларды залалсыздандыру немесе кәдеге жарату жөніндегі технологиялары жоқ не оларды кәдеге жарату экологиялық зор қатермен байланысты немесе экономикалық жағынан тиімсіз болатын қалдықтар түзілетін техника мен жабдық экологиялық қауіпті деп танылады.

5. Мемлекеттік экологиялық сараптама технологияларды, техника мен жабдықты экологиялық қауіпті деп таныған жағдайда олар экологиялық қауіпті технологиялардың, техника мен жабдықтың тізіліміне енгізілуге жатады.

Экологиялық қауіпті технологиялардың, техника мен жабдықтың тізіліміне енгізілген технологияларды, техника мен жабдықты Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға тыйым салынады.

Ескерту. 199-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.06.23 N 164-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **30-тарау. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

#### **200-бап. Елді мекендерді жобалауға және салуға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалау, салу, реконструкциялау экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, халықтың өміріне, еңбек етуі мен демалуына мейлінше қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге тиіс.

2. Қалалар және басқа да елді мекендерді жоспарлау және салу кезінде оларды санитарлық тазарту, өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен қауіпсіз жұмыс істеу көзделуге және жүзеге асырылуға, шектеулі табиғат пайдалану режимі қолданылатын орманды-саябақты, жасыл және қорғау аймақтары құрылуға тиіс.

3. Ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, автомобиль жолдары және өзге де өнеркәсіптік объектілер қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ететін техникалық регламенттердің, санитарлық-эпидемиологиялық ережелердің, нормалардың, қала құрылысының талаптары және өзге де талаптар ескеріле отырып орналастырылуға тиіс.

#### **201-бап. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастыруға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілер орналастырылатын жерлерді айқындау қоршаған ортаны қорғаудың шарттары мен ережелері сақтала отырып, аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлары ескеріліп жүргізіледі.

2. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастыру кезінде күзет, санитарлық-қорғау және өзге де қорғау аймақтары белгіленеді.

## **202-бап. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және басқа да объектілерді салуға және реконструкциялауға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді салу және реконструкциялау мемлекеттік экологиялық сараптаманың, санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың (эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді салған және реконструкциялаған жағдайда) оң қорытындылары болған кезде және қоршаған орта сапасының нормативтеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бекітілген жобаны немесе жұмыстардың құнын қоршаған ортаға залал келтіре отырып өзгертуге жол берілмейді.

2. Құрылыс жұмыстарын орындау кезінде жерді қалпына келтіру, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалану, аумақтарды абаттандыру және қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралар қолданылуға тиіс.

3. Жоба бекітілгенге дейін және нақты жер учаскесі бөлінгенге дейін объектілерді салуға, реконструкциялауға тыйым салынады.

**Ескерту. 202-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **203-бап. Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану белгіленген экологиялық талаптар ескеріліп және экологиялық тұрғыдан негізделген технологиялар, қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын қажетті тазарту құрылыстары мен санитарлық күзет аймақтары пайдаланыла отырып жүзеге асырылуға тиіс. Аталған объектілерді пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аз қалдықты және қалдықсыз технологиялар енгізілуіне тиіс.

2. Жеке және заңды тұлғалар топырақты, су тоғандарын, ормандарды және өзге де өсімдіктерді, жануарлар дүниесін ауыл шаруашылығы қызметінің зиянды әсерінен қорғау жөніндегі шаралар кешенін орындауға міндетті.

## **204-бап. Автомобиль және өзге де көлік құралдарын жасау мен пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

Қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін автомобиль және өзге де көлік құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар жол

берілетін шығарындылар нормативтерін сақтауға, шуыл деңгейін және қоршаған ортаға өзге де теріс әсерді азайту жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

#### **205-бап. Атом, жылу және су электр станцияларын орналастыруға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Атом электр станцияларын орналастыру және салу жоба мен мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындысы болғанда жүзеге асырылады. Атом электр станцияларының жобалары оларды пайдалануды қауіпсіз түрде шығаруды қамтамасыз ететін шешімдерді, сондай-ақ қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі шараларды қамтуға тиіс.

Атом электр станцияларын орналастыру, жобалау және салу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылданады.

2. Жылу электр станцияларының іргелес аумақтың ауа бассейнінің жай-күйіне зиянды әсерін шектеу мақсатында оларды орналастырудың алдында жобаның құрамында әрбір энергетика ұйымы (және оның әрбір ластаушы көзі) үшін жылу электр станциясының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бақылау көрсеткіштері (секундына грамм есебімен) және жылдық нормативтер (жылына тонна есебімен) белгілеу арқылы қоршаған ортаға эмиссияларды нормалау жүргізіледі.

Бақылау көрсеткіштерін (секундына грамм есебімен) есептеу және қоршаған ортаға эмиссияларды азайту жөніндегі тиісті іс-шараларды әзірлеу жылу электр станциялары жабдықтарының жоспарланып отырған ең жоғары өнімділігін негізге ала отырып (жоспарлы жөндеуді, резервке шығаруды ескере отырып) жүргізіледі.

3. Су электр станцияларын орналастыру, жобалау және салу кезінде тиісті өңірлердің электр энергиясына нақты қажеттігі, аумақтың сейсмикалығы мен объектіні орналастыруға арналған жердің рельефі, жалпы алғанда қоршаған ортадағы елеулі түрдегі теріс өзгерістерді болғызбауды қамтамасыз ететін ормандар мен жерлерді сақтау, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын тиімді қорғау жөніндегі шаралар толық ескерілуге тиіс.

4. Жобалану және салыну үстіндегі электр станциялары үшін қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін сақтау оларды пайдалануға қабылдау кезіне қарай қамтамасыз етілуге тиіс.

#### **206-бап. Әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери қызметке қойылатын экологиялық талаптар**

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, осы Кодексте белгіленген экологиялық талаптар әскери және қорғаныс объектілері мен әскери қызметке қолданылады.

#### **207-бап. Табиғи ресурстарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Жерді, жер қойнауын, суды, орманды және өзге де өсімдіктерді, жануарлар дүниесін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

2. Табиғи экологиялық жүйелердің, тірі организмдер генетикалық қорының жойылу қатерін, қоршаған ортаның, халық өмірі мен денсаулығына қауіпті басқа да өзгерістерін туғызатын шаруашылық және өзге де қызметке тыйым салынады.

**Ескерту. 207-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **31-тарау. ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

**208-бап. Жердің нысаналы пайдаланылуы өзгерген және оны бір санаттан екіншісіне ауыстырған кездегі экологиялық талаптар**

**Ескерту. 208-бап алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**209-бап. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздік пен ауыл шаруашылығы алқаптарының сапалы жай-күйі қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді аймақтарға бөлу критерийі физикалық тозу мен химиялық ластану болып табылатын экологиялық қолайсыздық дәрежесінің көрсеткіштеріне негізделеді.

3. Жердің химиялық ластану деңгейін айқындау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдар бекіткен топырақтағы химиялық заттардың жол берілетін шекті шоғырлануы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

4. Жерлерді неғұрлым бағалыдан бағасы төмендеу жерге ауыстыру, жерлерді консервациялау, сондай-ақ оларды экологиялық зілзала аймағына немесе

төтенше экологиялық жағдай аймағына жатқызу қажеттігін айқындау мақсатында жерді бағалаудың экологиялық критерийлерін (бұдан әрі – жерді бағалаудың экологиялық критерийлері) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

**Ескерту. 209-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **210-бап. Елді мекендердің жерін аймақтарға бөлу мен пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Елді мекендердің жерін аймақтарға бөлу жерді бағалаудың экологиялық критерийлері негізінде жүзеге асырылады.

2. Елді мекендердің жерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру кезінде ластаушы заттардың осы аумақтардағы ауа мен суға өту мүмкіндігі және олардың халық денсаулығына тікелей әсер етуі ескеріледі.

3. Төтенше экологиялық жағдайдағы аймақ үшін экологиялық ахуалдың одан әрі нашарлауына әкеп соқпайтын ерекше пайдалану режимі белгіленеді.

#### **211-бап. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерді аймақтарға бөлу кезінде экологиялық қауіпсіздік және жерді ұтымды пайдалану қамтамасыз етіледі.

2. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өнеркәсіп, көлік және өзге де объектілерді пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға ықпал ететін, аталған жерді пайдаланудың ерекше жағдайлары ескеріле отырып, аймақтар белгіленеді

3. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерді басқа санаттағы жерге ауыстыру кезінде өз шегінде аймақтарды белгілеу мақсаттарына сай келмейтін қызмет түрлеріне шек қойылатын немесе тыйым салынатын аймақтар ескеріледі.

4. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерді басқа санаттағы жерге ауыстыру кезінде олардың химиялық заттармен жерлерді бағалаудың экологиялық критерийлерінде белгіленген деңгейлерден артық ластануы қосымша экологиялық критерий болып табылады. Ластанудың жоғары деңгейіне жатқызылған жер консервациялануға тиіс және босалқы жер құрамына ауыстырылады.

## **212-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін және сауықтыру мақсатындағы жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін пайдалану режимі Қазақстан Республикасының Жер кодексімен және "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

2. Сауықтыру мақсатындағы жерде қолайлы экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды сақтау мақсатында оларды аймақтарға бөлу кезінде санитарлық қорғаныш аймақтары белгіленеді.

## **213-бап. Орман қорының жерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Орман қорының жерін пайдалану режимі Қазақстан Республикасының Жер және Орман кодекстерімен реттеледі.

2. Жерді орман қоры санатына жатқызу кезінде аумақтың экологиялық жай-күйінің индикаторы ретінде өсімдіктердің жай-күйін экологиялық критерийлер деп есептеген жөн.

3. Орман шаруашылығының мұқтаждықтары үшін пайдаланылмайтын орман қоры жеріндегі ауыл шаруашылығы алқаптары Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің санатына ауыстырылуы мүмкін.

4. Орман қоры жерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыруға орман орналастыру және жерге орналастыру материалдары негізінде Қазақстан Республикасының орман және жер заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде жол беріледі.

5. Орман қорының жерін басқа санаттарға ауыстыру кезінде жерді бағалаудың экологиялық критерийлеріне сәйкес жердің жай-күйінің шөпті және сүректі өсімдіктерге әсер етуін көрсететін экологиялық көрсеткіштерді ескерген жөн.

**Ескерту. 213-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **214-бап. Су қорының жерін аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Су қорының жерін аймақтарға бөлу кезінде су объектілерін қорғау және суды ұтымды пайдалану қамтамасыз етіледі.

2. Су қоры жерінің құрамындағы жер учаскелерін жергілікті атқарушы органдар су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарының келісімі бойынша жеке және заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығының, орман, балық, аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін және жер учаскесінің негізгі нысаналы мақсатына қайшы келмейтін, жердің ластануы мен тозуына және тиісінше экологиялық ахуалдың нашарлауына әкеп соқтырмайтын басқа да мақсаттар үшін уақытша жер пайдалануға беруі мүмкін.

3. Су қорының жерін басқа жер санатына ауыстыруға, мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындылары Қазақстан Республикасының су заңнамасының талаптарына сәйкес болған кезде:

1) су объектісінің жұмыс істеуі тоқтатылған немесе оның экологиялық және гигиеналық көрсеткіштері едәуір өзгерген;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жеріне жатқызылған;

3) елді мекендердің шекаралары (шектері) экологиялық ахуалдың өзгеруіне әкеп соқтыратындай өзгерген жағдайда жол беріледі.

4. Су қорғау белдеулеріне бөліп берілген жер елді мекендер мен өнеркәсіп жерінің санатына ауыстырылмайды, онда судың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау үшін шаруашылық қызметтің арнайы режимі белгіленеді.

#### **215-бап. Босалқы жерді аймақтарға бөлу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Босалқы жерді аймақтарға бөлу кезінде келеңсіз өзгерістер байқалған алаңдарды және зерттелетін аумақтағы тозу дәрежесі әртүрлі учаскелерді бөлудің кеңістікті әркелкілігі ескеріледі.

2. Экологиялық жүйелердің тозу жылдамдығы елу жылдық байқау қатары бойынша есептеледі. Экожүйелердің тозуын бағалау жерді бағалаудың экологиялық критерийлеріне сәйкес жүргізіледі.

3. Босалқы жер басқа жер санатына одан әрі пайдалану мақсаттарына қарай сол орында санатына ауыстырылатын жердің шекаралары белгіленгеннен кейін ғана ауыстырылуы мүмкін. Босалқы жерді басқа жер санатына ауыстыру кезінде жер учаскесін осындай жер санатына қойылатын экологиялық талаптарға сәйкес таңдау алдын ала жүзеге асырылады.

4. Бұзылған жерді босалқы жер санатынан ауыстыру қалпына келтіру және жердің сапасы мен экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырғаннан кейін мүмкін болады.

5. Ядролық қаруды сынау жүргізілген жер учаскелері босалқы жер құрамынан ядролық қаруды сынау зардаптарын жою және кешенді экологиялық тексеру жөніндегі барлық іс-шаралар аяқталғаннан кейін мемлекеттік

экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындысы болған кезде ғана меншікке немесе жер пайдалануға берілуі мүмкін.

**Ескерту. 215-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **216-бап. Оңтайлы жер пайдалану жөніндегі экологиялық талаптар**

1. Оңтайлы жер пайдаланудың негізгі экологиялық талаптары:

1) ұсынылып отырған жердің қайта түлетілуі және жерді қайта бөлу салдарларын ғылыми негіздеу және болжау;

2) барлық санаттағы жердің ұтымды пайдаланылуы мен қорғалуын жоспарлау мен ұйымдастыруда бірыңғай мемлекеттік саясатты негіздеу және іске асыру;

3) жердің нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы өндірісіндегі құнарлы жерді сақтау;

4) экологиялық негізделген жинақы және алаңы жағынан оңтайлы жер учаскелерін қалыптастыру және орналастыру;

5) ауыл шаруашылығы алқаптарын жақсарту, топырақтың құнарлылығын арттыру, тұрақты ландшафттарды күтіп ұстау және жерді қорғау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

6) жерді ұтымды пайдалану және қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;

7) жерге түгендеу жүргізу және пайдаланылмайтын, ұтымды пайдаланылмайтын, нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жерді анықтау;

8) жердің өнімділігін арттыру мақсатында және адам денсаулығын сақтау мүддесіне орай ормандардың орта құрау, су қорғау, қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық, сауықтыру және өзге де пайдалы табиғи қасиеттерін сақтау және күшейту;

9) биологиялық әралуандықты сақтау болып табылады.

2. Кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілерді орналастыру және пайдалану үшін жер учаскелерін беру аталған объектілер қызметінің экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық салдарларын ескеріп, қоршаған ортаны қорғаудың, табиғи ресурстарды молайтудың және ұтымды пайдаланудың шарттары мен ережелері сақтала отырып жүргізіледі.

3. Ауыл шаруашылығы өндірісімен байланысты емес объектілерді салу мен тұрғызу үшін ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін жарамсыз, топырағының бонитет балы ең төмен жер бөлінуге тиіс.

## 217-бап. Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

1. Табиғат пайдаланушылар жерді пайдалану кезінде:

1) санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін өндіріс технологияларын қолдануы, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеуі, қолжетімді озық технологияларды енгізуі;

2) топырақтың ластануына, қоқыстануына, тозуына және құнарлылығының төмендеуіне, сондай-ақ құнарлы қабаттың мүлдем жоғалуын болғызбау үшін оны алу қажет болған жағдайларды қоспағанда, басқа тұлғаларға сату немесе беру мақсатында топырақтың құнарлы қабатын алуға жол бермеуі;

3) қалдықтарды жинақтау мен жоюды олардың құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, сондай-ақ арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімімен айқындалатын жерде жүргізу талаптарын сақтауы тиіс.

2. Табиғат пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды, геологиялық барлау, құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде:

1) иеленіп отырған жер учаскелерін оларды одан әрі мақсатына сай пайдалануға жарамды күйде ұстауға;

2) жердің бүлінуімен байланысты жұмыстар жүргізілген кезде топырақтың құнарлы қабатын сылып алуға, сақтауға және пайдалануға;

3) бүлінген жерді қалпына келтіруді жүргізуге міндетті.

3. Бүлінген жерді қалпына келтіру бағытын таңдау кезінде:

1) жер учаскесінің үстіңгі жағының бүліну сипаты;

2) объект орналасқан ауданның табиғи және физикалық-географиялық жағдайлары;

3) ауданның даму перспективалары және қоршаған ортаны қорғау талаптарын ескере отырып, объектіні орналастырудың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері;

4) қара топырақты жердің таралу және үдемелі ауыл шаруашылығы аймағында бүлінген жердің негізгі көлемін жыртылатын жер алқаптары ретінде қалпына келтіру қажеттігі;

5) кені алынған бос жерде су тоғандарын және аршылған жыныстар мен байытылған қалдықтар үйінділерінде сәндік бақ-парк кешендерін құруды қоса алғанда, елді мекендерге тым жақын орналасқан бүлінген жерді бақ, қосалқы шаруашылықтар және демалыс аймақтары етіп қалпына келтіру қажеттілігі;

6) өндірістік объектінің аумағында жоспарлау жұмыстарын орындау, қажетсіз шұңқырлар мен үйінділерді жою, құрылыс қоқыстарын жинау және жер учаскесін абаттандыру;

7) пайдаланылатын жер учаскесіндегі жыралар мен су шайған жерлерді топырақпен жабу немесе тегістеу;

8) міндетті түрде аумақты көгалдандыру ескерілуге тиіс.

4. Жер учаскелері өнеркәсіптік қалдықтарды орналастыру, көму, жинақтау үшін пайдаланылған жағдайда олар мынадай талаптарға сай келуге:

1) кәдеге жаратылмаған өнеркәсіптік қалдықтарды көмуге арналған полигондарды жобалаудың, салудың және пайдаланудың санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес келуге;

2) су тоғаны, ауыл шаруашылығы алқаптары, ормандар, өнеркәсіптік кәсіпорындар жағына 1,5 процент еңісі бар жерлерде сыйымдылықтың түбінен алғанда екі метрден аспайтын ыза суы тұрғанда әлсіз сүзгіш топырағы болуға;

3) елді мекенге қатысты желден ық жақта және жерасты суы ағысының бағыты бойынша төмен орналасуға;

4) тасқын су мен нөсер су басып қалмайтындай жерлерде орналасуға;

5) инженерлік қарсы сүзгі қорғанышы, периметрі бойынша қоршауы мен көгалдандырылуы, қатты жамылғысы бар кірме жолдары болуға;

6) жер учаскесінен шығатын жер үсті және жер асты ағыны ашық су объектілеріне қосылмауға тиіс.

5. Жаңа технологияларды енгізуге, жерді мелиорациялау және топырақтың құнарлығын арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға олар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерге және өзге де талаптарға сәйкес келмеген жағдайда тыйым салынады.

6. Радиоактивті және химиялық ластануға ұшыраған жерді пайдаланудың, күзет аймақтарын белгілеудің, осы жерде тұрғын үйлерді, өндірістік, коммерциялық және әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді сақтаудың, оларда мелиорациялық және техникалық жұмыстар жүргізудің тәртібі радиациялық және химиялық әсер етудің жол берілетін шекті деңгейлерінің нормативтері ескеріле отырып айқындалады.

7. Жерді қорғау мақсатында жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар:

1) жерді су және жел эрозиясынан, селдерден, су басудан, батпактанудан, қайта тұзданудан, құрғап кетуден, тығыздалудан, радиоактивті және химиялық заттармен ластанудан, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен қоқыстанудан, ластанудан, оның ішінде биогендік ластанудан, сондай-ақ басқа да теріс әсерлерден сақтау;

2) жерді карантинді объектілерді, бөтен текті түрлер мен аса қауіпті зиянды организмдерді жұқтырудан, олардың таралуынан, арамшөптердің, бұталардың

және шіліктердің басып кетуінен, сондай-ақ жердің жай-күйінің нашарлауының өзге де түрлерінен қорғау;

3) ластанудың, оның ішінде биогендік ластанудың және жердің қоқыстануының салдарларын жою;

4) мелиорацияның қол жеткізілген деңгейін сақтау;

5) бүлінген жердің құнарлылығын қалпына келтіру, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру, жерді айналымға уақтылы енгізу;

6) топырақтың құнарлы қабатын кейіннен жердің құнарлылығын қалпына келтіруді жүргізу кезінде пайдалану үшін алу мен сақтау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге міндетті.

8. Елді мекендер жерінде көктайғаққа қарсы күресу үшін ас тұзын пайдалануға тыйым салынады.

**Ескерту. 217-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **32-тарау. ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

### **218-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін экологиялық негіз**

1. Жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және экологиялық рұқсат жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін экологиялық негіз болып табылады.

2. Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік экологиялық сараптамаға барлық жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын ұсынуға міндетті, оған жоспарланатын қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсеріне баға беру енгізілуге және ол "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімін қамтуға тиіс.

**Ескерту. 218-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 271-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **219-бап. Жер қойнауын пайдалану кезіндегі жалпы экологиялық талаптар**

1. Жер қойнауын пайдалану кезіндегі жалпы экологиялық талаптар:

1) жер қойнауын Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес пайдалану;

2) жердің тұтастығын сақтау мақсатында, техникалық, технологиялық, экологиялық және экономикалық тұрғыдан орындылығын ескере отырып, кен орындарын әзірлеудің арнаулы әдістерін қолдану;

3) жердің техногендік шөлейттенуін болғызбау;

4) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қауіпті техногендік процестердің пайда болуынан сақтандыру шараларын қолдану;

5) жер қойнауын су басудан, өрттен және кен орындарын пайдалану мен қазуды қиындататын басқа да дүлей факторлардан қорғау;

6) жер қойнауының, әсіресе мұнайды, газды немесе өзге де заттар мен материалдарды жер астында сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму кезінде ластануын болғызбау;

7) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды, тоқтату, тоқтатып қою, кен орнын игеру объектілерін консервациялау мен жою жөніндегі белгіленген тәртіпті сақтау;

8) қалдықтарды жинап қою мен орналастыру кезінде экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету;

9) автомобиль жолдарын салу жұмыстары басталмас бұрын ұтымды схема бойынша, сондай-ақ ұңғымаларды бұрғылауда тармақты тәсілді қоса алғанда басқа да әдістерді пайдалану, ішкі үйінділер жасау технологиясын қолдану, минералдық шикізатты өндіру мен өңдеудің қалдықтарын пайдалану арқылы бұзылатын және бүлінетін жердің аумағын азайту;

10) топырақтың жел эрозиясына ұшырауын, аршу жыныстары және өндіріс қалдықтарының құлауын, олардың тотықтануы мен өздігінен жануын болғызбау;

11) сіңірме және тұщы су қабаттарының ластануын болғызбау үшін оларды оқшаулау;

12) жер асты суларының сарқылуын және ластануын болғызбау, оның ішінде жуғыш сұйықтарды дайындағанда уытсыз реагенттерді қолдану;

13) бұрғылау ерітінділерін тазалау және қайталап пайдалану;

14) бұрғылау және жанар-жағармай материалдарының қалдықтарын экологиялық қауіпсіз тәсілмен жою;

15) мұнай кен орындарында қабатаралық қысымды сақтау жүйесінде мұнай кәсіпшілігі сарқынды суларын тазалау және қайтадан пайдалану негізгі экологиялық талаптар болып табылады.

2. Заттардың сапасының нормативтерін белгілеу талап етілмейтін мынадай сарқынды суларды:

1) жерасты сулары минералға қаныққан, ауызсу, бальнеологиялық, техникалық қажеттіліктер үшін, сондай-ақ ирригация және мал шаруашылығы мақсатында пайдаланылмайтын немесе пайдалануға болмайтын, жерасты сутұтқыш белдеулерге сарқынды суларды айдауды;

2) қосымша ілесіп шыққан шахта және карьер суларын жинақтауыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға ағызуды қоспағанда, нормативтік көрсеткіштерге дейін тазартылмаған сарқынды суларды жер қойнауына ағызуды тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген мемлекеттік экологиялық сараптаманың және басқа да сараптамалардың оң қорытындысын алған жобалар мен технологиялық регламенттерде көзделген пайдалы қазбамен ілесіп өндірілген суларды кері айдау, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру үшін жер қойнауына технологиялық ерітінділерді айдау сарқынды суларды төгу болып табылмайды.

### 3. Жер қойнауын пайдаланушы:

1) жұмыстарды жүргізудің халықаралық практикада қабылданған стандарттарға негізделген неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға;

2) жұмыскерлердің, халықтың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, ал көмірсутектерді барлау мен өндіруді жүргізу кезінде жер қойнауын ұтымды пайдалануды да қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық схемалар мен жобаларды сақтауға міндетті.

**Ескерту. 219-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.04.2017 № 56-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **220-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар шаруашылық қызметінің экологиялық жағынан қауіпті түрлері болып табылады және мынадай талаптар сақталған кезде орындалуға тиіс:

1) ұңғымалар мен тау-кен өндіру конструкциялары беріктігі, технологиялылығы және экологиялық қауіпсіздігі жағынан жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау шарттарын қамтамасыз етуге тиіс;

2) дизельді-генератор және дизельді жетегі бар қондырғыларды қолдана отырып, бұрғылау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқа да операциялар кезінде атмосфераға осындай қондырғылардан тазартылмаған газдардың шығарылуы олардың техникалық сипаттамасына және экологиялық талаптарға сәйкес келуге тиіс;

3) құнарлы жерде және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерде жер қойнауын пайдалану жөніндегі құрылыстарды салу кезінде жабдықтарды монтаждауға дайындық жұмыстарын жүргізу процесінде аумақтың құнарлылығын кейіннен қалпына келтіру үшін құнарлы қабат алынады және жеке сақталады;

4) уытты заттардың табиғи объектілерге көшуін болғызбау үшін технологиялық алаңдарды гидрологиялық оқшаулай отырып, жер қойнауын пайдаланудың қалдықтарын ұйымдасқан түрде жинау мен сақтаудың инженерлік жүйесі көзделуге тиіс;

5) ұңғыма құрылысы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда салынған жағдайларда, тек қана ұрасыз технологияны қолдану қажет;

5-1) мұнай операцияларын жүргізу кезінде күкірттің көлемін азайту және оның қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендету жөніндегі шаралар көзделуге тиіс;

6) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар кезінде шламдарды кәдеге жарату және бұрғылау процесінде қайтадан пайдалану, қоршаған ортаға қайтару үшін, пайдаланылған бұрғылау ерітінділерін, бұрғылаудан, карьерлерден және шахтадан шыққан сарқынды суды бейтараптандыру жөніндегі жұмыстар белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілуге тиіс;

7) бұрғылау ерітінділерін көмірсутегі (эк-битум, инверт-эмульсия және басқалары) негізінде қолданған кезде ауаның газдануының алдын алу жөніндегі шаралар қолданылуға тиіс;

8) жану мүмкіндігін немесе адамдардың улану ықтималдығын болғызбау мақсатында пирофорлық шөгінділер, шлам мен керн жобаға сәйкес және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органы мен жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша көміледі;

9) жер қойнауын пайдалану жөніндегі құрылыстарды пайдалануға беру жобада көзделген барлық экологиялық талаптар толық көлемде орындалған жағдайда жүргізіледі;

10) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар мен жабдықтарды бөлшектеу аяқталғаннан кейін жобалық шешімдерге сәйкес жер учаскесін қалпына келтіру (рекультивациялау) жөніндегі жұмыстар жүргізіледі;

11) жер қойнауын пайдаланушы бұрғылайтын, оның ішінде өздігінен ағып шығатын ұңғымаларды, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе пайдаланылуы тоқтатылған ұңғымаларды реттегіш құрылғылармен жабдықтауға, консервациялауға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жоюға тиіс;

12) қызметі жер асты суы объектілерінің жай-күйіне зиянды әсер ететін немесе зиянды әсер етуі мүмкін жеке және заңды тұлғалар су объектілерінің ластануын және тартылуын болғызбайтын шаралар қабылдауға міндетті;

13) ауызсумен және шаруашылық-ауызсумен жабдықтау мақсатында пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты суы объектілерінің су жинау алаңдарында қалдықтарды көмуге, қорымдар, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) және жерасты суының жай-күйіне әсер ететін басқа да объектілер салуға жол берілмейді;

14) сіңірме ұңғымаларды бұрғылауға қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы, жер қойнауын зерттеу жөніндегі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының осы ұңғымалар бұрғыланатын ауданда арнайы тексерулер жүргізілгеннен кейін беретін оң қорытындылары болған кезде жол беріледі;

15) өнеркәсіптік, емдік минералды суларды пайдаланғаннан кейін ағызып жіберу Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес жүргізілуге тиіс;

16) ұңғымаларды тоқтатып қою және жою келісімшарттық аумақтар шегінде Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

17) пайдаланудан шығарылған суды сіңірме ұңғымаларға айдау жүргізілетін ауданда жақын жердегі ұңғымалардағы, бұлақтардағы, құдықтардағы судың сапасына қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісілген жоспар бойынша су пайдаланушылардың күшімен жүйелі зертханалық байқаулар ұйымдастырылуға тиіс.

2. Жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерттеу жөніндегі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жерасты су объектілеріне шекті жол берілетін зиянды әсерлердің нормативтерін сақтауға;

2) ағызылатын судың химиялық құрамын "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен аккредиттелген өзінің немесе өзге де зертханаларда анықтауды қамтамасыз етуге ;

3) қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына ластаушы заттардың авариялық ағызылғаны туралы, сондай-ақ жерасты суларын алудың белгіленген режимінің бұзылуы және оларға суларды ағызу (айдау) объектісі туралы шұғыл ақпаратты беруге міндетті.

### 3. Мыналарға:

1) жер қойнауын пайдалану объектілерін салуға және (немесе) орналастыруға бөлінген учаскелердің шегінен тыс жерде өсімдік және топырақ қабатын бүлдіруге;

2) өндіріс қалдықтарын жерүсті су объектілеріне және жер қойнауына ағызуға;

3) егер жерасты сулары объектілерінің жай-күйіне әсер етсе немесе әсер ететін болса, жерді сарқынды сумен суландыруға;

4) шаруашылық-ауыз суларын қамтитын қабаттарға ерітінділер мен материалдарды жіберуге;

5) өнеркәсіптік, емдік минералдық және жылу-энергетикалық сарқынды суларды ағызуға арналған сіңірме ұңғымалар шаруашылық ауыз суымен жабдықтау немесе емдік мақсаттарға жарамды немесе сол үшін пайдаланылатын су тұтқыш жиектерді ластайтын көздер болуы мүмкін жағдайларда оларды бұрғылауға;

6) сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтарында сіңірме ұңғымалар мен құдықтар орнатуға;

7) құрамында радиоактивті заттары бар, пайдаланудан шығарылған суды сіңірме ұңғымалар мен құдықтарға ағызуға тыйым салынады.

4. Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын, сондай-ақ ресурстарының табиғи емдік қасиеттері бар жерасты су объектілерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес санитарлық қорғау аймақтары белгіленеді.

Ескерту. 220-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2015 № 322-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **221-бап. Жер асты суларын барлау және (немесе) шығару кезіндегі экологиялық талаптар**

**Ескерту. 221-бап алып тасталды - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **222-бап. Су асты кабельдері мен құбырларын жобалау, төсеу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Әрбір нақты объектіні салу мен пайдалануға арналған трассалар, конструкциялар, жабдықтар, технологиялар мен техникалық құралдар орналастырылатын жерлерді таңдау қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерді азайту мақсатында баламалы негізде жүргізілуге тиіс.

2. Құбыр трассасына немесе су асты кабельдеріне бес жүз метрден жақын арақашықтықта бұрғылау-жару жұмыстарына және пневматикалық және басқа да қуатты толқындар (сейсмикалық дабыл) тудыру көздерімен сейсмикалық барлауға тыйым салынады.

3. Құбырлар мен су асты кабельдері трассаларын кесіп өтетін жолмен сейсмикалық косты сүйреуге және балық аулау кемелеріне тралмен балық аулауға тыйым салынады.

4. Салынуға тиіс құбырлар мен соған ілеспе инженерлік құрылыстарды жобалау:

1) олардың беріктігінің, қауіпсіздігінің, олардың техникалық жай-күйін қорғау мен бақылаудың жоғары деңгейі;

2) кездейсоқ ахуалдарға жедел ден қою мүмкіндігі;

3) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының жеделдігі мен сапасы;

4) қоршаған ортаға теріс әсердің неғұрлым аз болуы қамтамасыз етілуге тиіс.

5. Жобада міндетті түрде құрылыс, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелердің талаптарына, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның нұсқамалық құжаттарына сәйкес келетін дербес "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі болуға тиіс.

6. Жобалау-сметалық құжаттамалардың толықтығы мен дұрыстығына тапсырыс беруші мен жобаны әзірлеуші жауап береді.

**7. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

8. Құбыр төсеу жобаларында құрылыстарды салған және кейіннен пайдаланған кезде оларды қорғау жөніндегі шаралар көзделуі қажет. Құрылыстың әрбір кезеңінде және көмірсутегі шикізаты мен оның өңделген өнімдері

тасымалданатын құбырды пайдаланған кезде қоршаған ортаны, сондай-ақ тәуекелі жоғары объектілерге жататын құбырларды қорғау жөнінде шаралар қабылдануға тиіс.

9. Құбырлардың кеме жүзетін өзендермен және каналдармен қиысу орындары жағалауларда навигациялық белгілермен белгіленеді. Навигациялық белгілер магистральдық құбыр салған кезде Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі саласындағы заңнамасына сәйкес орнатылады.

10. Құбырлардың зақымдану ықтималдығын болғызбау үшін оларды төсеудің кез келген түрінде күзет аймағы:

1) су асты өтпе жолдарының бойымен - өтпе жолдардың шеткі сызықтарының осінен әрбір жағынан жүз метр қашықтықтағы, параллель жазықтар арасында орналасқан, су үстінен түбіне дейінгі су кеңістігінің учаскесі түрінде;

2) өнімді тасымалдауға дайындаудың технологиялық қондырғыларының, басты және аралық, қайта айдайтын және құятын насос станцияларының, резервуарлық парктердің, компрессорлық және газ бөлетін станциялардың, өнім өлшейтін тораптардың құятын және ағызатын эстакадалардың, мұнай мен мұнай өнімдерін қыздыратын пункттердің айналасында - аталған объектілер аумағы шекараларының жан-жағынан жүз метр қашықтықта орналасқан тұйық сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде белгіленеді.

11. Күзет аймақтарын, оның құрамына кіретін коммуникациялар мен объектілерді қоса, құбырлардың нақты жағдайының материалдары оларды аудандық жер пайдалану карталарына енгізу үшін тиісті жергілікті атқарушы органдарға берілуге тиіс. Жергілікті атқарушы органдар мүдделі заңды тұлғаларға олардың сұраулары бойынша құбырлардың орналасқан жері туралы мәліметтер береді.

12. Құбырлардың күзетілетін аймақтарында олардың қалыпты пайдаланылуының бұзылуына не бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін іс-әрекет жасауға:

1) навигациялық айырым белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерінің орнын ауыстыруға, оларды көмуге және сындыруға;

2) кабель байланысының қызмет көрсетілмейтін пункттерінің люктерін, қақпалары мен есіктерін, тораптық арматуралар тораптарының қоршауларын, катодтық және сорғыту қорғаныс қондырғыларын, желілік және қарап көруге арналған құдықтар мен басқа да желілік қондырғыларды ашуға, крандар мен жылжытқыштарды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен жабдықтау және құбырлар телемеханикасы құралдарын қосуға немесе ажыратуға;

3) қоқыс үйінділеріне айналдыруға, қышқылдар, тұздар мен сілтілер ерітінділерін төгуге;

4) жағалауларды бекітетін құрылыстарды, су өткізетін қондырғыларды, құбырларды бұзылудан, ал іргелес аумақтар мен айналадағы жерді тасылатын өнімдердің авариялық жайылып төгілуден сақтайтын топырақтан жасалған немесе өзге құрылыстарды (қондырғыларды) бұзуға;

5) зәкір тастауға, түсірілген зәкірлермен, шынжырлармен, лоттармен, ысырғыштармен және тралдармен өтуге, түбін тереңдететін және топырағын аршитын жұмыстар жүргізуге;

6) от жағуға және ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға тыйым салынады.

13. Құбырлардың күзетілетін аймақтарында магистральдық құбыр желісі меншік иесінің жазбаша рұқсатынсыз кез келген жұмысты атқаруға, оның ішінде ұңғымалар, шурфтар орнатумен және топырақ сынамасын алумен байланысты геологиялық-түсіру, геологиялық-барлау, іздеу, геодезиялық және басқа іздестіру жұмыстарына, сондай-ақ жару жұмыстарын жасауға тыйым салынады. Құбырлардың күзетілетін аймақтарында жару жұмыстарын жүргізуге жазбаша рұқсат осы жұмыстарды жүргізетін ұйым Жару жұмыстары кезіндегі қауіпсіздіктің бірыңғай ережелерінде көзделген тиісті материалдарды табыс еткеннен кейін ғана беріледі.

14. Құрамында күкіртті сутегі бар мұнай және су авариялық жағдайда төгілген кезде оларды дереу жинау және сол жерде залалсыздандыру немесе көмуге алып кету керек.

15. Газ-, мұнай-, конденсат құбырлары қиылысатын темір және су жолдарына, автомобиль жолдарына, жыраларға және басқа да табиғи кедергілерге, бұрылыс бұрыштарына, адамдар көп жиналуы мүмкін пункттерге, газ-, мұнай-, конденсат құбырлары технологиялық тораптарына тиісті қауіпсіздік белгілері мен жазбалар қойылады. Аталған жерлер үшін жобада шығарындылардың қауіптілігін болғызбайтын немесе азайтатын қосымша іс-шаралар көзделуге тиіс.

**Ескерту. 222-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**223-бап. Сақтық аймағы шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Сақтық аймағы шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы оларды су деңгейі көтерілген жағдайда теңіздің ластануын болғызбайтындай немесе барынша азайтатындай етіп жүргізуге міндетті.

2. Сақтық аймағы шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы, өзінің келісімшарт аумағында

теңіз ластанған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушының кінәсі болмаса да, қоршаған ортаға, жеке немесе заңды тұлғаларға келтірілген залал мен шығындар үшін жауаптылықта болады.

### **33-тарау. СУДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

#### **224-бап. Су объектілерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Су объектілерінде суды ортақ пайдалану Қазақстан Республикасының су заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Жеке және заңды тұлғалар облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті өкілді органдары белгілеген суды ортақ пайдалану ережелерін сақтауға міндетті.

3. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыру қоршаған ортаны қорғаудың, жер қойнауын қорғаудың, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздікті, су ресурстарын молайту мен ұтымды пайдаланудың талаптары мен ережелерін сақтай отырып, сондай-ақ аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлар ескеріле отырып жүргізіледі.

4. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салу, реконструкциялау, пайдалану, консервациялау, жою, қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың және санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мемлекеттік органының (эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге жатқызылған объектілерге) оң қорытындылары болған кезде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 224-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **224-1-бап. Жерасты суларын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Жер асты суларын алу және пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес берілетін арнайы су пайдалануға рұқсат негіз болып табылады.

2. Тәулігіне екі мың текше метрден басталатын көлемде жерасты суларын алу мен пайдалануды жүзеге асыруға негіз болатын жоба (технологиялық схема) мемлекеттік экологиялық сараптамаға жатады.

3. Табиғат пайдаланушылар жерасты суларын барлауды, тәулігіне екі мың текше метрден басталатын көлемде тартуды және (немесе) пайдалануды жүргізу кезінде өз есебінен жерасты суларының кен орындарын әзірлеудің жаңа тәсілдері

мен технологиялық схемаларын іздестіру және қолда барын жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстарын жүргізуге, технологиялық жабдықты, үздіксіз және кезеңдік бақылау құралдарын жаңғыртуға, жерасты суларын ұтымды пайдалануда және оның тартылу мен ластанудан сақталуын, жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Арнайы су пайдалануға рұқсаттар шарттарында көзделмеген мақсаттар үшін немесе осы шарттарды бұза отырып жерасты суларын тартуға және (немесе) пайдалануға тыйым салынады.

5. Жерасты суларын барлау, тарту және (немесе) олардың кен орындарын пайдалану арнайы су пайдалануға рұқсат шарттарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген нормалар мен талаптар сақталған кезде жүзеге асырылуға тиіс.

6. Жерасты суларын барлауды, тартуды және (немесе) пайдалануды жүргізетін табиғат пайдаланушылар мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:

1) ұңғымаларды пайдаланудағы кемшіліктер есебінен судың мүлдем жоғалуын болғызбауға және оның сапалық қасиеттерінің жойылмауына қол жеткізілетін, жерасты суларын ұтымды барлау, тарту және (немесе) пайдалану;

2) су тұтқыш жиектерінің ластану ықтималдығын болғызбау;

3) әртүрлі су тұтқыш жиектердегі судың араласып кету және бір жиектерден екіншіге ағып кету ықтималдығын, егер бұл жобада көзделмесе, болғызбау;

4) жерасты суларын бақылаусыз реттелмей шығаруға жол бермеу, ал авариялық жағдайларда су ысырабын жою жөніндегі шараларды шұғыл қолдану;

5) құрамында пайдалы құрауыштар бар жерасты суларын кешенді пайдалану;

6) атмосфералық ауаны, жерүсті қабатын, ормандарды, суларды және басқа да табиғи объектілерді, сондай-ақ ғимараттар мен құрылысжайларды су пайдалануға байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғау;

7) жерасты суларын барлау, тарту және (немесе) пайдалану процесінде жарамсыз күйге келтірілген жер учаскелерінде қалпына келтіру жұмыстары кешенін жүргізу.

7. Табиғат пайдаланушы гидрогеологиялық ұңғымаларды, оның ішінде өздігінен ағатын және барлау ұңғымаларын, сондай-ақ іске қосуға жарамсыз немесе пайдаланылуы тоқтатылған ұңғымаларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен реттегіш құрылғылармен жабдықтауға, консервациялауға немесе жоюға тиіс.

8. Егер жер қойнауы басқа пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру үшін пайдаланылған кезде су тұтқыш жиектер ашылса, табиғат пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жерасты су объектілерін қорғау жөнінде шаралар қолдануы қажет және бұл жөнінде

қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға хабарлауға тиіс.

9. Ашылған жерасты су тұтқыш жиектері олардың ластануын болғызбайтын сенімді оқшаулаумен қамтамасыз етілуге тиіс.

10. Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланылуы мүмкін су тұтқыш жиектері ашылған кезде бұрғылау мен цемент ерітінділерін дайындау (өңдеу) үшін қолданылатын химиялық реагенттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген уыттылық сипаттамасы болуға тиіс.

11. Қазақстан Республикасының Су кодексінде және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ауыз суға жарамды сапасы бар жерасты суларын шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға байланысты емес мұқтаждық үшін пайдалануға жол берілмейді.

12. Жерасты суларының су тартуларын су реттегіш құрылғылармен, су өлшегіш аспаптармен жабдықтамай, сондай-ақ санитариялық қорғау аймақтарын белгілемей және жерасты су объектілерінің жай-күйі көрсеткіштерін байқау пункттерін құрмай оларды пайдалануға беруге тыйым салынды.

13. Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жерасты су объектілеріне зиянды әсерлердің шекті жол берілетін нормативтерін сақтауға міндетті.

14. Жерасты су объектілерін пайдалануға байланысты су тартуларды орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға беру және пайдалану кезінде олардың жерүсті су объектілеріне және қоршаған ортаға зиянды әсерін (аумақты су басуын, жердің шөлейттенуін, батпақтануын, топырақтың көшуі мен шөгуін) болғызбайтын шаралар көзделуге тиіс.

15. Табиғат пайдаланушылар жерасты суларын мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету, олардың пайдаланылуын бақылау және қоршаған ортаны қорғау мақсатында:

1) жерасты су объектілерінен тартылатын және оларға ағызылатын судың бастапқы есебін қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау

саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін тәртіппен және мерзімдерде жүргізеді;

2) су тарту және су ағызу құрылысжайларын су шығындарын өлшегіш құралдармен жабдықтайды, сондай-ақ өздігінен ағатын ұңғымаларға реттегіш құрылғылар орнатады;

3) жерасты сулары кен орындарының ағымдағы игерілуіне бақылауды, ұңғымалардың жұмысына жедел бақылауды және технологиялық режимнің орындалуына бақылауды кен орындарын әзірлеудің бекітілген жобасына немесе технологиялық схемаға сәйкес жүргізеді. Бақылаудың кезеңділігі әзірлеу жобасында (технологиялық схемада) белгіленеді;

4) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекітетін статистикалық әдіснамаға сәйкес жерасты суларын пайдалану туралы бастапқы статистикалық деректерді ұсынады.

16. Осы баптың 1-5, 7, 11-13 және 15-тармақтарының талаптары пайдалы қатты қазбаларды барлау және (немесе) өндіру кезінде ілеспе алынған жерасты ( шахта, карьер, кеніш) суларына қолданылмайды.

**Ескерту. 33-тарау 224-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **225-бап. Сарқынды суды ағызып жіберу кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Табиғи су объектілерін сарқынды суды ағызып жіберу үшін пайдалануға осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тыйым салынады.

2. Қоршаған ортаға эмиссияға тиісті экологиялық рұқсат бар болған кезде сарқынды суды жер үсті су объектілеріне және жер қойнауына ағызып жіберуге жол беріледі.

Бұл ретте сарқынды суларды жерүсті су объектілеріне ағызуға – су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша, сарқынды суларды жер қойнауына ағызуға жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті лицензия немесе келісімшарт болған кезде жол беріледі.

3. Сарқынды суларды жинағыштары және (немесе) сарқынды суларды табиғи биологиялық тазартуға арналған жасанды су объектілері бар табиғат пайдаланушылар олардың қоршаған ортаға әсерін болғызбау жөніндегі қажетті шараларды қолдануға, сондай-ақ оларды пайдалану тоқтатылғаннан кейін жерлерді рекультивациялауды жүзеге асыруға міндетті.

3-1. Жинақталған сарқынды суды кәдеге жаратудың немесе қалдықсыз өндіріске ауыстырудың басқа әдістерін қолданудың мүмкін еместігі негізделген кезде жаңа жинақтауыш-буландырғыштар құруға (қолданыстағыларын кеңейтуге) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының рұқсаты бойынша жол беріледі.

Жобаланған (пайдалануға жаңадан берілетін) өндірістік сарқынды суларды жинақтауыш-буландырғыштарға:

1) сүзгіге қарсы экранның болуы;

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар жобалық шешімдерге сәйкес нормативтік-тазартылған сарқынды суды орналастыру талаптары қойылады.

4. Табиғат пайдаланушы ластаушы заттардың сарқынды суда белгіленген шоғырлану нормативтерін асыра немесе сарқынды судың құрамына экологиялық рұқсатта көзделмеген жаңа заттарды қоса алмайды. Аталған талаптар бұзылған кезде сарқынды суды ағызып жіберу тоқтатылуға тиіс. Беткі су айдынына ағызылатын су мөлдір, бояусыз, иіссіз болуға, құрамында ауру тудыратын бактериялар және гигиеналық нормативтерден асатын шоғырлануларда адамның денсаулығы мен жануарлар үшін зиянды заттар болмауға тиіс. Ағызылатын судың температурасы Цельсий бойынша 30 градустан аспауға тиіс.

5. Ағызылатын суда бетон мен металды бүлдіріп-бұзатын заттар болмауға тиіс.

6. Сарқынды суды, олардың тазалану деңгейіне қарамастан, орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғалу аймақтарындағы, курорттардағы, суға түсуге арналған жерлердегі су айдындарына ағызып жіберуге жол берілмейді.

7. Сарқынды суды су объектілеріне, жер қойнауына, сарқынды су жинақтауыштарға, жергілікті жердің рельефіне ағызуды жүзеге асыратын немесе су бөлудің тұйықталған циклінде жұмыс істейтін табиғат пайдаланушылар Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес су көлемін есептеу аспаптарын пайдалануға және су тұтыну мен су бөлуді есепке алу журналын жүргізуге тиіс.

8. Тау-кен металлургиясы кәсіпорындарының шахта және карьер суларын жинақтауыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға, сондай-ақ сумен суыту үшін пайдаланылатын суларды сумен жабдықтаудың тұйықталған (айналымды) жүйесінде орналасқан жинақтауыштарға ағызуды қоспағанда, сарқынды суларды алдын ала тазартусыз су объектілеріне, жергілікті жердің рельефіне және сарқынды су жинақтауыштарға ағызуды тыйым салынады.

**Ескерту. 225-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа**

енгізіледі); 15.06.2015 № 322-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 05.04.2017 № 56-VI ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **34-тарау. ОРМАНДАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ӨСІМДІКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

##### **226-бап. Аралық пайдалану мақсатында ағаш кесуді жүзеге асырған кезіндегі экологиялық талаптар**

Мемлекеттік орман қоры санатындағы ормандарда бағалылығы төмен және қорғаныштық, су сақтау және басқа экологиялық функцияларын жоғалта бастаған екпелерді реконструкциялаумен байланысты ағаш кесу мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша ғана жүргізіледі.

##### **227-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар**

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асырған кезде орман пайдаланушылар:

1) жұмысты топырақ эрозиясының пайда болуына жол бермейтін, ормандардың жай-күйі мен молықтырылуына, сондай-ақ су және басқа да табиғи объектілердің жай-күйіне теріс әсерді болдырмайтын немесе оны шектейтін және жануарлар дүниесі мен олардың тіршілік ету ортасының сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізуге;

2) ағаш сүрегін дайындаған кезде мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобаларда көзделген техника мен технологияны пайдалана отырып, ормандарды табиғи түрде молықтыру үшін оңтайлы жағдайларды сақтау жөніндегі талаптарды ұстануға;

3) ағашы кесілетін жерлерде оны дайындау мен тасып әкетудің белгіленген мерзімі аяқталған соң кесілмеген және дайындалған ағаш сүректерін қалдырмауға;

4) ағаш сүрегін дайындаумен бір мезгілде кеспеағаш аймағын кесілген ағаштардың қалдықтарынан тазартуды жүргізуге;

5) мемлекеттік орман қорының орман пайдалануға бөлінген учаскелерінде ағаштың заңсыз кесілуіне және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын өзгедей бұзуға жол бермеуге;

6) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кескен кезде, орман орналастыру жобасына сәйкес, орманды қайта жаңартуды қоса алғанда, ағашы кесілген алаңның екі еселенген мөлшерінен астам алаңға ағаш отырғызуды жүзеге асыруға;

7) ағашы кесілген жерлерде және өздерінің қызметі нәтижесінде өскіндері жойылған, ағаш пен бұта өсімдіктері құрып кеткен алаңдарда ормандарды молықтыруды өз есебінен жүзеге асыруға;

8) ормандардың санитарлық жай-күйін қамтамасыз ету мен жақсарту жөніндегі ережелерді сақтауға;

9) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде мемлекеттік орман қоры учаскелерін орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;

10) мемлекеттік орман иеленушілерді мемлекеттік орман қорының орман пайдалану үшін оларға бөліп берген учаскелерінде орман зиянкестері мен ауруларының пайда болғаны туралы хабардар етуге;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға және оның аумақтық органдарына, облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына және мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, мемлекеттік орман мониторингін жүргізу, орман пайдалану төлемақысының мөлшерін анықтау үшін қажетті ақпаратты беріп тұруға міндетті

**Ескерту. 227-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **228-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығын ұйымдастыру кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығын жүргізу ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін арттыруды қамтамасыз етуге тиіс.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін арттыру ағаш кесудің ғылыми негізделген жүйесін іске асыру, ормандарды молықтыру, олардың тұқымдық құрамын жақсарту, селекциялық-гендік негізде тұрақты ормандық тұқым базасын жасау және оны тиімді пайдалану, су-орман мелиорациясы, күтіп-баптау үшін ағаш кесу мен санитарлық ағаш кесуді қоса алғанда, орманды күтіп-баптау, орман

шаруашылығы мақсатында жол салу, басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын өткізу нәтижесінде жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін арттыру жөніндегі іс-шараларды орман мекемелері мен орман пайдаланушылар орман орналастыру жобаларына сәйкес жүргізеді.

#### **229-бап. Ормандарды молықтыру мен орман өсіру кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Ормандарды молықтыру мақсаты мемлекеттік орман қорының ағашы кесілген, өртелген және бұрын орман өскен өзге де аумақтарында орманды уақытында қалпына келтіру, ормандардың тұқымдық құрамын жақсарту, олардың өнімділігін арттыру, мемлекеттік орман қоры жерлерінің ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Орман өсірудің мақсаты бұрын орман өспеген аумақтарда екпелер отырғызу болып табылады.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыру жөніндегі іс-шаралар орман өсіру жағдайлары мен экономикалық мақсатқа сәйкестігі ескеріле отырып, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталып, неғұрлым қысқа мерзімде өнімділігі жоғары және төзімді екпелер жасауды қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізілуге тиіс.

4. Мемлекеттік орман қорында ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі жұмыстар көлемі мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобалармен айқындалады.

#### **230-бап. Ормандарды молықтыру мен орман өсіру үшін орман тұқымдары мен екпе материалдарды дайындау, өңдеу, сақтау, орнын ауыстыру, сату және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Сатуға және егу үшін пайдалануға жататын орман тұқымдарының егу сапасын, олардың ұлттық стандарттарға, техникалық шарттарға және орман тұқым шаруашылығы жөніндегі басқа да нормативтік құжаттарға сәйкестігін айқындауды орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның мамандандырылған ұйымдары жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі тексеруден өтпеген орман тұқымдарын сату мен егуге тыйым салынады.

3. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді қалыптастыру, оларды мемлекеттік орман қоры учаскелерінде пайдаланудың режимін белгілеу мемлекеттік-экологиялық сараптамадан өткен жобалармен айқындалады.

**Ескерту. 230-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 31-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**231-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ормандарды молықтырған және орман өсірген кезде мемлекеттік орман қорының учаскелерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ормандарды молықтырған және орман өсірген кезде мемлекеттік орман қорының учаскелерін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**232-бап. Қалалық ормандар мен орман саябақтарында орманды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

Қалалардың шекарасы шегінде орналасқан ормандар (қала ормандары мен орманды саябақтар) халықтың тынығуына, мәдени-сауықтыру және спорт шараларын өткізуге, сондай-ақ қолайлы қоршаған ортаны сақтауға арналған. Қалалық ормандарда және орманды саябақтарда басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге және осы ормандардың мақсатымен сыйыспайтын орман пайдаланудың өзге де түрлерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

**233-бап. Жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта өсімдіктерін күзету, қорғау, молықтыру және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға ауыл және орман шаруашылықтарын кешенді жүргізу үшін берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш және бұта өсімдіктерін күзету, қорғау, молықтыру және пайдалану Қазақстан Республикасының Орман кодексінің талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2. Пайдалануына мемлекеттік орман қоры учаскелері берілген жер учаскелерінің меншік иелері немесе жер пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Орман кодексінде белгіленген тәртіппен оларда орман орналастыру жұмыстарын жүргізуге және орман қорының мемлекеттік есебін жүргізуге қатысуға міндетті.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ағаш және бұта өсімдіктерінің жай-күйін, күзетілуін, қорғалуын, пайдаланылуы мен молықтырылуын

бақылауды орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

**234-бап. Басқа меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер учаскелері арасында орналасқан мемлекеттік орман қоры учаскелерін күзету, қорғау, пайдалану, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыру кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Басқа меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер учаскелері арасында орналасқан мемлекеттік орман қоры учаскелерін күзетуді, қорғауды, пайдалануды, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыруды жүзеге асыру үшін мемлекеттік орман иеленушілердің Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен бөтен жер учаскесін шектеулі мақсатта пайдалану (сервитут) құқығы бар.

2. Табиғи өсіп шығатын ормандарды сыртқы қолайсыз әсерлерден қорғау үшін басқа меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер учаскелері арасында орналасқан мемлекеттік орман қоры учаскелерінің шекарасын бойлай ені жиырма метр болатын күзет аймақтары белгіленеді.

3. Күзет аймағы шегінде мемлекеттік орман қоры учаскесінің жай-күйіне кері әсер ететін кез келген қызметке тыйым салынады.

**235-бап. Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулердегі қорғаныштық екпелерді күзету, қорғау және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулерде орналасқан қорғаныштық екпелер осы объектілерді қолайсыз табиғи құбылыстардан қорғауға, қоршаған ортаның ластануын болдырмауға, шудың әсерін азайтуға арналған.

2. Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулердегі қорғаныштық екпелерде, қорғаныштық екпелер жасау жобаларына сәйкес орманды күтіп-баптау үшін кесуге, санитарлық кесуге, бағалылығы төмен екпелерді, сондай-ақ қорғаныштық, су сақтау және басқа да функцияларын жоғалта бастаған екпелерді реконструкциялауға байланысты кесуге және өзге де мақсаттарда кесуге жол беріледі.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қорғаныштық екпелерді күзетуді, қорғауды және пайдалануды, Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес жер пайдаланушылар өздері орналасқан жерлерде жүзеге асырады.

## **35-тарау. ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

### **236-бап. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жануарлар дүниесі объектілерін табиғи ортадан алып қойылмай жүзеге асырылады.

2. Жануарлар тіршілігінің пайдалы қасиеттерін, сондай-ақ жануарлар дүниесі объектілерін ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа мақсаттарда пайдалану жануарлар дүниесін жалпы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

3. Жануарлар дүниесін жалпы пайдалануды жүзеге асыру кезінде жануарларды алып қоюға, олардың паналау орындарын және басқа да құрылыстарды қиратуға, жануарларды көбею кезеңінде мазалауға, жануарлардың тіршілік ету ортасын бұзуға және олардың көбею жағдайларын нашарлатуға тыйым салынады.

### **237-бап. Елді мекендерді, кәсіпорындарды, темір жолдарды, автомобиль жолдарын, магистральдық құбырларды, электр беру және байланыс желілерін, каналдарды, бөгеттерді, өзге де құрылыстар мен объектілерді орналастыру, жобалау мен салу кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Кәсіпорындар, құрылыстар мен басқа да объектілер орналастырылатын орын, сондай-ақ жануарлар дүниесінің жай-күйіне әсер ететін және әсер етуі мүмкін жаңа техниканы, технологияны, материалдар мен заттарды енгізу жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісіледі.

2. Жануарларды және олардың тіршілік ету ортасын қорғау құралдарымен камтамасыз етпей объектілерді пайдалануға беруге және технологияларды қолдануға тыйым салынады.

3. Елді мекендерді, кәсіпорындарды, құрылыстар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау және салу, өндірістік процестерді жүзеге асыру мен көлік құралдарын пайдалану, қолданыстағы технологиялық процестерді жетілдіру және олардың жаңаларын енгізу, пайдаланылмайтын, жағалау маңындағы, батпақты, бұта басқан аумақтарды шаруашылық айналымына қосу, жерлерді мелиорациялау, орман ресурстарын және су объектілерін пайдалану, геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбаларды өндіру, ауыл шаруашылығы жануарлары жайылатын және оларды айдап өтетін жерлерді

айқындау, туристік маршруттарды әзірлеу мен халықтың жаппай тынығу орындарын ұйымдастыру кезінде жануарлар дүниесі объектілерінің тіршілік ету ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың өріс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, сондай-ақ жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы ретінде ерекше құнды болып табылатын учаскелерге қол сұғылмауы қамтамасыз етілуге тиіс.

4. Кәсіпорындар, құрылыстар мен басқа да объектілер салу мен реконструкциялау жобаларын экологиялық сараптамадан өткізу кезінде олардың жануарлар дүниесінің жай-күйіне, тіршілік ету ортасына, жануарлардың өріс аудару жолдарына және көбею жағдайларына әсері міндетті түрде ескеріледі.

5. Жеке және заңды тұлғалар жануарлар дүниесінің жай-күйіне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін кез келген қызметті жүзеге асырған кезде жануарлардың тіршілік ету ортасының, көбею жағдайлары мен өріс аудару жолдарының қорғалуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ өндірістік процестерді жүзеге асырған уақытта, оның ішінде жануарларға қауіпті препараттарды, химиялық заттар мен қоспаларды сақтау, тасымалдау, қолдану, қалдықтарды жинап қою, жою, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, ағаш дайындау және басқа жұмыстар жүргізген кезде, сондай-ақ электр желілері мен көлік құралдарын пайдалану кезінде жануарлардың қырылуын болдырмауға арналған іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті.

6. Темір жолдарды, автомобиль жолдарын, магистральдық құбырларды, электр беру және байланыс желілерін, сондай-ақ каналдарды, бөгеттерді және өзге гидротехникалық құрылыстарды жобалау мен салу кезінде жануарлардың өріс аудару жолдарының сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралар әзірленуге және жүзеге асырылуға тиіс.

7. Жануарлардың көбею жерлерінде жоғары шуыл көздері болып табылатын жару және басқа да жұмыстар жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасымен шек қойылады.

8. Су объектілерінде гидротехникалық және басқа құрылыстарды пайдалану, су объектілерінің гидрологиялық режимі мен олардан су тұтыну режимін, сондай-ақ жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасының жай-күйіне әсер ететін және әсер етуі мүмкін басқа да қызметтерді белгілеу жануарлар дүниесін қорғау талаптары, балық және аң шаруашылығы мүдделері ескеріле отырып жүзеге асырады.

**Ескерту. 237-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

**Заңымен.**

## **238-бап. Қамыстарды шабу мен құрғақ өсімдіктерді өртеу кезіндегі экологиялық талаптар**

Қамыстарды шабу мен құрғақ өсімдіктерді немесе оның қалдықтарын өртеуге жабайы фаунаның сақталуы жөніндегі іс-шаралар әзірлене отырып, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның тиісті рұқсаттарына сәйкес шаруашылыққа қажетті жағдайда ғана жол беріледі.

**Ескерту. 238-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **239-бап. Өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштар мен шаруашылық және өзге де қызметте пайдаланылатын басқа да препараттарды тасымалдау, сақтау мен қолдану, жаңа препараттар жасау кезінде қойылатын экологиялық талаптар**

1. Өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштар мен шаруашылық және өзге де қызметте пайдаланылатын басқа да препараттарды тасымалдау, сақтау мен қолдану, жаңа препараттар жасау кезінде жеке және заңды тұлғалар аталған препараттарды тасымалдау, сақтау мен қолдану ережелерін сақтауға және жануарлардың ауыруы мен қырылуын болдырмауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті.

2. Жаңа препараттар жасаған кезде оларды қоршаған ортада қолданудың нормативтері әзірленуге тиіс.

3. Жануарлардың қырылуын және олардың тіршілік ету ортасының нашарлауын болдырмау мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысы бойынша пестицидтердің, улы химикаттардың және басқа да химиялық препараттардың қолданылуы шектелетін немесе оған тыйым салынатын жекелеген аумақтарды айқындай алады.

4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган бекіткен пестицидтердің тізіміне енгізілген пестицидтерді қолдануға рұқсат етіледі.

4-1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген, құрамында жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар пестицидтерді

өндіруге және пайдалануға тыйым салынады. Осы заттардың экспорты мен импортына оларды жою мақсатында ғана рұқсат етіледі.

5. Пестицидтерді осы баптың 4-тармағында аталған тізімге енгізуге уыттылық зерттеулер, олармен жұмыс істеуге гигиеналық регламенттеу жүргізілгеннен, гигиеналық және экологиялық нормативтер белгіленгеннен және осы пестицидтерді мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылғаннан кейін жол беріледі.

6. Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүргізіледі.

7. Минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттарда ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттар болған кезде, өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның немесе қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ұсынысы бойынша уыттылық зерттеулерін жүргізіп, соның негізінде осы минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттар бойынша экологиялық нормативтер белгіленеді.

8. Мыналарға:

1) дала кеміргіштерін құрту кезінде, сондай-ақ жануарлардың жаппай құтыру індеті және басқа аурулары болған жағдайларда жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша улы химикаттар мен басқа да химиялық препараттар қолдануды қоспағанда, жануарлар дүниесі объектілерін жарғыш құрылғыларды, улы химикаттар мен басқа да химиялық препараттарды қолдана отырып аулауға;

2) пестицидтерді, улы химикаттарды, минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттарды:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы қорық режимі аймақтарында;

өріс аудару және көбею кезеңінде жануарлар жаппай топтасатын жерлердегі белгі қойылған тыныштық аймақтарында, сондай-ақ жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы ретінде ерекше құнды болып табылатын учаскелерде;

жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің белгі қойылған тіршілік ету және қолдан өсіру орындарында қолдануға;

3) ауыл шаруашылығы және басқа да алқаптарда топыраққа сіңірілмеген және жабайы жануарлардың қоректенуі мүмкін уланған тұқымдарды жер бетінде қалдыруға тыйым салынады.

9. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларының тіршілік ету орталарын пестицидтермен улы химикаттармен және басқа да химиялық

препараттармен ластанудан қорғау мақсатында балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің қазіргі бар жағалауларынан екі километр шегінде:

1) өсімдік зиянкестерімен, ауруларымен және арам шөптермен күресте авиация арқылы тозандату тәсілін қолдануға;

2) пестицидтерді, улы химикаттарды, минералдық тыңайтқыштар мен мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды салуға, авиациялық жұмыстар жүргізу үшін ұшу-қону жолақтарын, сондай-ақ жер бетіндегі аппаратураларды пестицидтермен, улы химикаттармен толтыру алаңдарын және қой тоғытуға арналған әуіттер орнатуға тыйым салынады.

Ескерту. 239-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу трәтібін 2-б. қараңыз), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.25 № 548-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **240-бап. Жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар түрлерін интродукциялауға, реинтродукциялауға және будандастыруға мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар биологиялық негіздеме негізінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарда жол беріледі.

2. Будандастырылған жануарларды үйреншікті ортаға интродукциялауға тыйым салынады.

3. Жеке және заңды тұлғаларға жануарлар түрлерін өз бетінше интродукциялауға, реинтродукциялауға және будандастыруға тыйым салынады.

4. Жабайы жануарларды, сондай-ақ жабайы жануарлармен шағылысуы немесе оларға зиян келтіруі мүмкін үй жануарларын еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстайтын немесе өсіретін жеке және заңды тұлғалар осы жануарлардың табиғи ортаға шығуын болғызбау жөнінде іс-шаралар жүргізуге міндетті.

Ескерту. 240-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **240-1-бап. Жануарларды Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету**

Жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарларды Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен берілетін рұқсат бойынша жол беріледі.

Жануарларды Қазақстан Республикасынан үшінші елдерге әкету Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 35-тарау 240-1-баппен толықтырылды - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **241-бап. Аң аулау, аңшылық алқаптарын бекітіп беру, аңшылықты ұйымдастыру кезіндегі экологиялық талаптар**

Аң аулау, аңшылық алқаптарын бекітіп беру, сондай-ақ аңшылықты ұйымдастыруды жүргізу кезінде қойылатын экологиялық талаптар Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

## **242-бап. Балық аулау кезіндегі экологиялық талаптар**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.**

1. Балық аулау ережесі, балық аулау объектілері, балық шаруашылығы мен балық аулауды жүргізу үшін балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру тәртібі, балық ресурстары мен басқа су жануарларын беру тәртібі Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жеке тұлғаларға жануарлар дүниесі объектілерін жалпы пайдалану тәртібімен балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорында бір рет балық аулауға шыққанда бес килограмға дейін тегін әуесқойлық (спорттық) балық аулауға мүмкіндік беріледі. Бұл ретте жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы белгіленген ережелер, нормативтер, шектеулер мен тыйымдар сақталуға тиіс.

3. Сулы-батпақты алқаптарда және балық ресурстарының және басқа да су жануарларының тіршілік ету және таралу орындарында гидромелиорациялық жұмыстар мұндай қызметтің жобалары мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткеннен кейін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

4. Балық аулау Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 242-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.01.21 № 242-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.**

#### **243-бап. Жануарлар тіршілігінің пайдалы қасиеттері мен өнімдерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Жануарлар тіршілігінің пайдалы қасиеттері мен өнімдерін пайдалануға, жануарларды алып қоймағанда және жоймағанда, олардың тіршілік ету ортасын нашарлатпағанда және жануарларға зиян келтірмегенде, жол беріледі.

2. Жабайы жануарларды олардың тіршілігінің өнімдерін алу мақсатында пайдалануға жануарларды алып қоймағанда және жоймағанда және олардың тіршілік ету ортасын нашарлатпағанда жол беріледі.

3. Жабайы жануарларды олардың тіршілігінің өнімдерін алу мақсатында пайдалану жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ережелер бойынша жүзеге асырылады.

#### **244-бап. Зоологиялық коллекцияларға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Жеке және заңды тұлғалар жануарларды табиғи ортадан алу жолымен зоологиялық коллекцияларды (жануарлар дүниесі объектілерінің тұлыптарын, жұмыртқаларын, препараттары мен бөліктерін, жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде жабайы жануарлар зоопарктерін, зообақтарын, цирктерді, зоологиялық питомниктерді, аквариумдерді, океанарумдарды) жасауды және толықтыруды жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган беретін рұқсаттар негізінде жүзеге асырады.

2. Ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу-тәрбиелік немесе эстетикалық құндылық болып табылатын және жалпымемлекеттік маңызы бар зоологиялық коллекциялар мемлекеттің есебіне алынуға тиіс.

3. Зоологиялық коллекцияларды жасау, толықтыру, сақтау, пайдалану, иеліктен алу мен мемлекеттік есепке алу, олармен сауда жасау, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасына әкелу, одан тысқары жерлерге жөнелту мен әкету жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін ережелер бойынша жүзеге асырылады.

#### **245-бап. Жануарлардың санын реттеу кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі, ауылшаруашылық және басқа үй жануарлары ауруларын болдырмау, қоршаған ортаға, шаруашылық және басқа қызметке зиян келтіруді болдырмау мүддесінде жабайы жануарлардың жекелеген түрлерінің санын реттеуге бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылады. Бұл шаралар жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасының сақталуын қамтамасыз ететін және оларға зиян келтіруге жол бермейтін тәсілдермен жүзеге асырылуға тиіс.

2. Жануарлар санын реттеу қағидаларын жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

**Ескерту. 245-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **246-бап. Аңшылық және балық шаруашылығын жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар**

Аңшылық және балық шаруашылығын жүргізу кезінде мынадай экологиялық талаптар қойылады:

1) жануарлар дүниесі объектілерін ұтымды пайдалану, өз қызметінің нәтижесінде жануарлардың тіршілік ету ортасының экологиялық жай-күйінің нашарлауына жол бермеу, өндірістік процестерді жүзеге асырған уақытта табиғат қорғау технологияларын қолдану;

2) жабайы жануарлардың саны мен пайдаланылуының бастапқы есебін жүргізу, олардың жай-күйін және аңшылық алқаптарының сипатын зерделеу, ол ақпаратты жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға беру;

3) жануарларды аулаудың белгіленген қағидаларын, нормаларын, нормативтерін, лимиттері мен мерзімдерін сақтау;

4) бекітіп берілген аумақтағы жануарлар дүниесінің объектілерін, соның ішінде құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін қорғауды жүзеге асыру;

5) жабайы жануарларды өсіруге, оның ішінде қолдан өсіруге, олардың тіршілік ету ортасын сақтауға және жақсартуға бағытталған кешенді іс-шараларды жүргізу;

6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген іс-шараларды жүзеге асыру;

7) аурулардың алдын алу мен оларға қарсы күрестің кешенді іс-шараларын жүзеге асыру, жануарлар ауруларының анықталуы, олардың тіршілік ету ортасы жай-күйінің нашарлауы, жануарлардың құрып кету қаупінің туындауы және қырылу жағдайлары туралы жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдарына дереу хабарлау;

8) жануарлар дүниесі объектілерінің жай-күйі мен олардың тіршілік ету жағдайлары нашарлаған, жануарлардың көбею қабілеті төмендеген және олардың құрып кету қаупі туған жағдайда оларды пайдалануды өз бетімен тоқтату, жануарларға және олардың тіршілік ету ортасына теріс әсерді жою шараларын шұғыл қолдану.

**Ескерту. 246-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **247-бап. Жануарлар дүниесін пайдалануға лимиттер мен квоталар белгілеу кезіндегі экологиялық талаптар**

Жануарларды сақтау және өсімін молайту мақсатында Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдалануға лимиттер мен квоталар белгіленеді.

#### **248-бап. Жануарлар дүниесін биотехнология өнімдерінің зиянды әсерінен қорғау**

Микроорганизмдердің жаңа штаммдарын, биологиялық белсенді заттарды жасау, генетикалық түрлендірілген организмдерді жасап шығару, басқа да биотехнология өнімдерін өндіру мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындылары болған кезде жүзеге асырылады. Мұндай қорытындылар болмаған кезде көрсетілген организмдер мен заттарды пайдалануға тыйым салынады.

**36-тарау. ЖАНУАРЛАРДЫҢ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ЖӘНЕ ҚҰРЫП КЕТУ ҚАУІП ТӨНГЕН ТҮРЛЕРІН ҚОРҒАУ, ӨСІМІН МОЛАЙТУ, ЕРІКСІЗ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ ЕРІКТІ ЖАҒДАЙДА ӨСІРІП-ӨНДІРУ, ШЕКТЕУЛІ ШАРУАШЫЛЫҚ ТҮРҒЫДА ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

**249-бап. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесі**

1. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және ол Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтық қайраңы мен айрықша экономикалық аймағында табиғи еркін жағдайда құрғақ жерде, суда, атмосферада және топырақта тұрақты немесе уақытша мекендейтін жануарлардың (омыртқалы және омыртқасыз) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін (шағын түрлерін, популяцияларын) қамтиды.

2. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне жатқызылған жануарлар мемлекеттік меншік болып табылады, ал еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсірілетін және ұсталатын жануарлар мемлекеттік меншікте де, жеке меншікте де болуы мүмкін.

3. Жеке және заңды тұлғалар сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерге жатқызылған жануарларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен пайдалануға құқылы.

**Ескерту. 249-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**250-бап. Табиғи еркін жағдайда тіршілік ететін жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау және өсімін молайту**

1. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің қырылуына, санының азаюына немесе тіршілік ету ортасының бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін іс-әрекеттерге жол берілмейді.

2. Жеке және заңды тұлғалар бекітіп берілген аумақтар шегінде жануарларды қорғауды қамтамасыз етуге, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерге жатқызылған жануарлардың қырылуының өздеріне белгілі болған немесе анықталған жағдайлары туралы жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға

міндетті. Мұндай жағдайларды тексеру тәртібін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды.

3. Дүлей зілзалалар кезінде және басқа да себептер салдарынан жануарлардың жаппай ауруы, оларға қырылу қаупі төнген жағдайларда, жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес көмек көрсетіледі.

4. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне жатқызылған жануарлардың қырылуын болдырмау мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ерекше жағдайларды қоспағанда, оларды алып қоюға тыйым салынады.

5. Табиғи еркін жағдайда мекендейтін жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің өсімін молайту мақсатында:

- 1) табиғи өсімін молайту жағдайларын жақсарту;
- 2) қоныс аударту;
- 3) қолдан өсірілген жануарларды тіршілік ету ортасына жіберу жүргізілуі мүмкін.

6. Осы баптың 5-тармағында аталған іс-шаралар мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған биологиялық негіздемелер негізінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

7. Табиғи еркін жағдайда мекендейтін жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау және өсімін молайту үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылады, сондай-ақ олардың айналасында осы аймақтардың шегінде жануарлар дүниесінің жағдайына теріс әсер ететін кез келген қызметке тыйым сала отырып, күзет аймақтары белгіленуі мүмкін.

8. Шаруашылық және өзге де қызметті жоспарлау мен жүзеге асыру кезінде жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тіршілік ету ортасы мен көбею жағдайларын, өріс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар әзірленуге тиіс, сондай-ақ осы жануарлардың тіршілік ету ортасы ретінде ерекше құнды болып табылатын, бөлініп берілетін учаскелерге қол сұғылмауы қамтамасыз етілуге тиіс.

**Ескерту. 250-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**251-бап. Табиғи еркін жағдайда тіршілік ететін жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін пайдалану**

1. Егер табиғи еркін жағдайда мекендейтін жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалану жануарларды тіршілік ету ортасынан алып қоймай жүзеге асырылса, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілі бір орынға баруға және белгілі бір мерзімге шектеу енгізуге құқылы. Көрсетілген шектеулер туралы мәліметтер аудандық және облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, ал тиісті жерлерде ескерту қалқалары қойылады.

2. Жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстауға және өсіруге мүдделі жеке және заңды тұлғалар мекендеу ортасынан алып қойылған, жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлері дара нұсқаларының санына сәйкес келетін, қолдан өсіру жолымен алынған жануарларды белгіленген мерзімдерде мекендеу ортасына жіберуге міндетті. Жануарларды жіберу жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдарының қатысуымен акт бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 251-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**252-бап. Жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау және өсіру**

**Ескерту. 252-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері еріксіз (шағын торларда және вольерлерде ұстау) және жартылай ерікті (табиғи тіршілік ету ортасына жақын жағдайлары бар саябақтарда және басқа учаскелерде ұстау) жағдайларда қолдан өсірілуі мүмкін.

2. Жеке және заңды тұлғаларға, олар мынадай:

1) жануарларды ұстау үшін жағдайлардың, оған қоса белгіленген тәртіппен бөліп берілген, вольерлермен, шағын торлармен және басқа да құрылыстармен жабдықталған учаскелері мен үй-жайлары бар болу;

2) зоотехникалық, ветеринариялық және санитарлық-эпидемиологиялық іс-шаралардың қажетті көлемде орындалуы;

3) зоологиялық, зоотехникалық, ветеринарлық бейіндегі мамандар, ал азаматтарда жануарларды еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұстау дағдысы болу;

4) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган рұқсатының болу талаптарын сақтаған кезде жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстауға және өсіруге рұқсат етіледі.

3. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстауға және өсіруге берілген рұқсатта орындалуы міндетті талаптар, сондай-ақ жануарлар түрлері бойынша жеке-дараларының барынша көп саны көрсетіледі. Егер жеке және заңды тұлғалар рұқсат талаптарын орындамаса, алты ай ішінде үш ескертуден кейін рұқсат кері қайтарылып алынуы немесе оның күші жойылуы мүмкін.

4. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін мамандандырылған зоологиялық питомниктерде еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау мен өсіру осы питомниктер туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

5. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерге жатқызылған және еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлардың иелері осы жануарларға алынбайтын сақина тағуға немесе оларды таңбалау жүргізуге және оларға паспорты болуға міндетті.

6. Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгенге жатқызылған жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстайтын жеке және заңды тұлғалар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының рұқсаты бойынша ғана осы жануарларды Қазақстан Республикасының шегінде сатып алуға, сатуға және алмастыруға құқылы.

7. Меншігінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгенге жатқызылған, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлары бар жеке және заңды тұлғалар оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен халықаралық сауда мақсатында пайдалануы мүмкін.

8. Егер жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсірілетін түрлерімен халықаралық сауда мемлекетке экологиялық және (немесе) экономикалық залал келтіретіндей болса, Қазақстан Республикасының Үкіметі бұл саудаға шектеу енгізуге құқылы.

**Ескерту. 252-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 73-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**37-тарау. ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАРДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

## **253-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тіршілік ету ортасы ретінде ерекше құнды болып табылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық жай-күйін сақтау мен жақсарту мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша осы аумақтарға арналған Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы үшін белгіленгенге қарағанда неғұрлым қатаң экологиялық нормативтер әзірлеуі және енгізуі мүмкін.

## **254-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда елді мекендер, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен мелиорация, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, әскери және қорғаныс объектілерін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мақсаттарына және жұмыс істеуіне байланысты емес құрылыстар орналастыру кезіндегі экологиялық талаптар**

Экологиялық жай-күйді жақсарту, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға залалды болдырмау мақсатында елді мекендер, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен мелиорация, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, әскери және қорғаныс объектілерін және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мақсатына және жұмыс істеуіне байланысты емес құрылыстар орналастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде осы аумақтарға арналған экологиялық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

## **255-бап. Мемлекеттік қорық аймақтары аумағында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге қойылатын арнайы экологиялық талаптар**

**Ескерту. 255-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 27.12.2017 № 126-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде қоршаған ортаға және мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілеріне ықтимал теріс әсерлерді болғызбау үшін табиғат пайдаланушы:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен:

технологиялық жолдарды және электр беру желілерін жөндеу кезінде қажетті алаңдардың саны мен орналасуын, сондай-ақ табиғат пайдаланушының қызметі кезінде автокөліктің жолдан шығу қажеттілігін;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілетін аумақ бойынша қосалқы технологиялық жолдардың схемасын;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинақтауға, сондай-ақ жанар-жағар май материалдарын және басқа да ластаушы заттарды төгуге арналған алаңдарды орналастыру мен жабдықтауды;

жобада көзделген технологиялық алаңдарды әзірлеу үшін жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілетін аумақта ағаштар мен бұталарды кесу және тамырымен жұлуды келісуі;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілетін аумақ шекараларын анық белгілеу мақсатында аншлаптар орнату арқылы шекараларды затпен айқындауы;

3) химиялық және радиоактивті материалдарды тасымалдауды олардың қоршаған ортаға түсуіне жол бермейтін арнайы ыдыстармен ғана жүзеге асыруы;

4) технологиялық жолдардың жабындысын жол бетінің бұзылуын, оның өте қатты шаң басуын, тасымалдау кезінде химиялық және радиоактивті заттардың төгілу қаупінің артуын болғызбайтын жағдайда ұстауы;

5) үйінділерді рекультивациялауды, технологиялық жолдарды және электр беру желілерін жөндеу кезінде пайдаланылған құрылыс материалдарының қалдықтарын тасып әкетуді немесе бөлінген орындарға көмуді жүргізуі қажет.

## 2. Мемлекеттік қорық аймақтары аумағында:

1) елді мекендер, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығы мен мелиорацияның, энергетиканың, көлік және байланыстың тұрақты объектілерін, әскери және қорғаныс объектілерін, санаторийлер, демалыс үйлерін, тамақтану пункттерін, қонақүйлер, мемлекеттік қорық аймағының мақсаттары мен жұмыс істеуіне байланысты емес өзге де объектілер мен ғимараттар орналастыруға және салуға;

2) табиғи ландшафтың өзіне тән бейнесін өзгертуге, экологиялық жүйенің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін жұмыстар жүргізуге;

3) өндіріс және тұтыну қалдықтарын, сондай-ақ радиоактивті материалдарды көмуге;

4) жергілікті жер рельефінің ойыстарын өнеркәсіптік және өзге де ластанған суларды төгу үшін пайдалануға;

5) ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды қолдануға, қоршаған ортаға зиянды физикалық ықпал етулерді жүзеге асыруға;

6) тұрақтар ұйымдастыру, шатырлар құру, алау жағу үшін көзделген орындардың шегінен тысқары жерде осындай әрекет етуге;

7) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан тысқары және сол үшін арнайы көзделген орындардан тысқары жерде механикалық көлік құралдарының жүруіне және тұруына, үй жануарларын айдауға;

8) жергілікті флора мен фаунаға жат өсімдіктерді және жануарларды интродукциялауға;

9) медицинада және басқа мақсаттарда пайдаланылатын өсімдіктерді өнеркәсіптік дайындауға;

10) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның арнаулы рұқсатынсыз жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға, ағаштар мен бұталарды кесуге, қосалқы орман материалдарын дайындауға және шөп шабуға;

11) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша арнайы бөлінген алаңдарды қоспағанда, көлік құралдарының технологиялық жолдардан шығып кетуіне, сондай-ақ жол желісінен тыс жердегі жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілетін аумақпен жүруге;

12) кеңінен таралған пайдалы қазбаларды өндіруге;

13) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілетін аумақ және мемлекеттік қорық аймағының аумағы бойынша қалдықтардың (желмен, жауын-шашынмен) көшуін болғызбайтын, осы үшін арнайы бөлінген орындардан тыс жерге өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинап қоюға;

14) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілетін аумақтағы, арнайы бөлінген орындарды қоспағанда, жанар-жағармай материалдарын және басқа да ластаушы заттарды төгуге тыйым салынады.

3. Қоршаған ортаның жай-күйін бақылау мақсатында қоршаған орта жай-күйінің өндірістік мониторингінің бағдарламасын жыл сайын жасауды және оны ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны қорғау және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісуді қамтамасыз ету қажет, онда:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілетін аумақтан жиырма километрге дейінгі шеңберде артезиан ұңғымалары мен құдықтардағы судың химиялық құрамын тоқсан сайын бақылау;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізілетін аумақта және оның шегінен тыс он километрге дейінгі шеңберде топырақтағы радиация деңгейі мен радиоактивті заттардың болуын тоқсан сайын бақылау;

3) қоршаған ортада қызмет барысында пайда болатын ластаушы заттардың шоғырлануын тоқсан сайын бақылау;

4) іс-шаралардың нақты мерзімі және оны орындаушылар, аяқтау және есептілік нысаны көзделуге тиіс.

Ескерту. 255-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 73-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **38-тарау. КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ СОЛТҮСТІК БӨЛІГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ АЙМАҒЫНДА ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

#### **256-бап. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағының шекаралары**

Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағының шекараларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

#### **257-бап. Пайдалану режимін шектеу**

1. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы шегінде функционалдық аймақтарға бөлу негізінде "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шаруашылық және өзге де қызметке толық тыйым салынған және жекелеген жұмыс түрлерін жүргізуге қосымша уақытша шектеулер енгізілген қорық учаскелері белгіленеді.

2. Қорық аймағында мынадай пайдалану режимі белгіленеді:

1) теңізде балықтардың қалыпты уылдырық шашуын және олардың жас өркендерінің ширауын қамтамасыз ету үшін 1 сәуірден 15 шілдеге дейінгі кезеңде Жайық пен Еділ өзендері сағасындағы аудандарда Еділ өзенінің жер беті атырауы қазақстандық бөлігінің теңізге қарай сұғына енген нүктесінен және Жайық өзенінің жер беті атырауы қазақстандық бөлігінің теңізге қарай сұғына енген нүктесінен 50 километр шеңберде, сондай-ақ 1994 жылы 1 қаңтардағы жағалау сызығынан ені 15 километр белдеуде жоғарыда аталған атыраулар бойындағы кеңістікте және одан әрі шығысқа қарай Жем өзеніне дейін құрылыс және геофизикалық жұмыстар жүргізуге, ұңғымаларды сынауға және кемелің жүзуіне тыйым салынады. Бұл ретте жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша балық аулауды және оны тасымалдауды, навигациялық жағдайды бақылау құралдарын қоюды, ауыстыруды, алуды және тексеруді жүзеге асыратын кемелердің жүзуіне, ғылыми-зерттеу жұмыстарына жол беріледі;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген кезеңде мұнай өндіру процесі жабдықтармен, химиялық реагенттермен, жанар-жағар және басқа материалдармен, азық-түлікпен дербес қамтамасыз етуге көшірілуге тиіс. Мұнай

өндіру процесіндегі қалдықтарды кейіннен тыйым салу кезеңі аяқталғаннан кейін шығарып тастау үшін оларды жинақтау мен сақтауды қамтамасыз ететін барлық шаралар қабылдануға тиіс;

3) құстарды ұя салатын жерлерінде (қамыс нуларында, құмдауытты жағалау қойнаулары мен аралдарда) сақтау мақсатында осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген кезеңде құрылыс жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ ұңғымаларды сынауға тыйым салынады;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілгеннен басқа мерзімдерде құрлық - теңіз шекарасындағы қамысты нулардың (табиғи биологиялық сүзгілердің) шегінде жұмыстар жүргізу жыл маусымы ескеріле отырып, қоршаған ортаны қорғау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдерімен реттеледі;

5) Каспий итбалығының популяциясын сақтау үшін қазан айынан бастап мамыр айын қоса алғанда мұнай операцияларын жүргізу олардың шоғырланған жерлерінен 1852 метр (1 теңіз милі) алыс қашықтықта жүзеге асырылуға тиіс. Итбалықтардың шоғырланған жерлерін анықтау үшін жатақ ауыстыру ескеріле отырып, барлық ықтимал шаралар қабылдануға тиіс;

б) құстар мен каспий итбалығына теріс әсер етуді болдырмау үшін, қоршаған ортаны қорғау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарды алдын ала хабардар ете отырып ғылыми-зерттеу және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуден басқа жағдайларда, олардың белгіленген мекендеу және көбею жерлерінің үстімен әуе көлігінің 1 километрден төмен биіктікте ұшуына тыйым салынады.

**Ескерту. 257-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 N 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **258-бап. Су қорғау аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Каспий теңізінің жағалауы бойынша су қорғау аймағының ені теңіздің соңғы он жыл ішіндегі орташа-көпжылдық деңгейі белгісінен 2000 метрге тең, минус 27,0 метрге тең қашықтықта қабылданады.

Елді мекендер шегіндегі су қорғау аймақтарының шекаралары жағалау аймақтарын су объектілерінің қоқыстануы мен ластануын болғызбайтын міндетті инженерлік немесе орманмелиорациялық абаттандыру (жақтаулар, құламалар, орман бұталары белдеулері) жүргізіле отырып, оларды жобалау мен салудың нақты жағдайларына негізделіп белгіленеді.

2. Су қорғау аймағы шегінде:

1) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланатын объектілерді жобалауға, салуға және пайдалануға беруге;

2) мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, арнаулы техникаларға техникалық қызмет көрсету пункттерін, механикалық шеберханаларды, жуу орындарын, қалдықтарды орналастыру орындарын елді мекендер шегінен тысқары жерге орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына теріс әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

3) осы жұмыстар қоршаған ортаны қорғау және су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген жағдайларды қоспағанда, құрылыс, түбін тереңдететін және жару жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кабельдер, құбырлар мен басқа да коммуникациялар тартуға, бұрғылау, ауылшаруашылық және өзге де жұмыстарға тыйым салынады.

#### **259-бап. Сақтық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Сақтық аймақта мұнай операцияларын жүргізу "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сақтық аймағы шегінде қалдықтарды көму полигондарын салуға тыйым салынады.

**Ескерту. 259-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **260-бап. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі халықтың су пайдаланатын жерлерінде жағалау бойы суларын қорғау**

1. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі халықтың су пайдаланатын жерлерінде жағалау бойы суларын қорғау аудандарын, нақты және перспективалық су пайдалануды ескере отырып, өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдар белгілейді. Осы ауданның теңізге қарайғы ені теңіздің соңғы он жылдағы орташа көпжылдық деңгейінен 3,9 километрден (2 мильден) кем болмауға тиіс.

2. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі халықтың су пайдаланатын жерлерінде жағалау бойы суларын қорғау аудандарының құрамында бөлінетін

жағалау бойындағы құрлық белдеуі шекараны айқындау бөлігінде де, қорғау режимі бөлігінде де Каспий теңізінің су қорғау аймағына сәйкес келеді.

**261-бап. Теңіз деңгейінің көтеріліп-қайтып ауытқуының әсер ету аймағы шегінде шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Теңіз деңгейінің көтеріліп-қайтып ауытқуының әсер ету аймағының нақты тіркелген шекарасы болмайды және ол шамамен акваторий шегінде минус 29 метр абсолютті белгіден құрылықтағы минус 26 метрге дейін жетеді.

2. Теңіз деңгейінің көтеріліп-қайтып ауытқуының әсер ету аймағы шегінде:

1) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болдырмайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланатын объектілерді жобалауға, салуға және пайдалануға беруге;

2) мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, техникаларға техникалық қызмет көрсету пункттерін, механикалық шеберханаларды, жуу орындарын елді мекендер шегінен тысқары жерде орналастыруға және салуға, қалдықтарды орналастыру орындарын ұйымдастыру мен жайластыруға, сондай-ақ судың сапасына теріс әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

3) мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобалары болмаса, құрылыс, түбін тереңдететін және жару жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кабельдер, құбырлар мен басқа да коммуникациялар тартуға және бұрғылау, ауылшаруашылық және өзге де жұмыстарға тыйым салынады.

**262-бап. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі жалпы экологиялық талаптар**

1. Топырақты қазып алумен және басқа жерге апарумен байланысты жұмыстарға жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган беретін арнаулы рұқсат болған кезде жол беріледі.

2. Құрылыстарды салу, монтаждау және оларды қайта бөлшектеу ластаушы заттардың барлық түрлерін жинауды қамтамасыз ететін технологиялар пайдаланылған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Келісімшарттық аумақ шегінде бұрын бұрғыланған ұңғымалар табылған кезде жер қойнауын пайдаланушы оларды өз балансына қабылдауға және олар бойынша мониторинг жүргізуге міндетті.

4. Мұнай операцияларының барлық сатысында қоршаған ортаға эмиссия олар үшін белгіленген ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділеріне жол берілетін шекті нормативтерінен аспауға тиіс.

5. Ұңғымаларды пайдалану кезінде, авариялық ахуалдың қауіп төндіру жағдайларын қоспағанда, флюидтерді алау етіп жағуға тыйым салынады.

6. Ұңғымаларды сынау кезінде көмірсутегін алау етіп жағу барынша азайтылуға тиіс. Осы тармақта көрсетілген әдіс, экологиялық сараптама қорытындысында қоршаған ортаға неғұрлым қауіпсіз деп танылған жағдайда, оны түтінді шлейфтің сейілуіне ықпал ететін табиғи қолайлы жағдайларда ғана қолдану қажет, бұл ретте, алау қондырғыларының конструкциясы көмірсутегілердің толық жануын қамтамасыз етуге тиіс. Ұңғымалар құстардың өріс аудару жолдарына орналастырылған жағдайда, орнитофаунаға залалды болғызбау үшін ұйымдастыру-техникалық шаралар қабылдануға тиіс.

7. Мұнай операцияларын жүргізген кезде атмосфераға шығарындылар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық практикада қабылданған, байқаудан өткізілген принциптер мен әдістерге сәйкес бақылануға тиіс.

8. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы шегінде, ластанбаған немесе тазартылған сарқынды сулардың шектеулі тізбесін, оның ішінде салқындату және өрт сөндіру жүйелерінің сулары мен қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның рұқсаты бойынша төгілетін балласт суларды қоспағанда, сарқынды суларды төгуге және қалдықтарды тастауға тыйым салынады. Судың бақылау жақтауы шегінен тыс төгілуі нәтижесіндегі температурасы соңғы үш жыл ішіндегі төгу кезеңіндегі орташа айлық су температурасымен салыстырғанда бес градустан жоғары көтерілмеуге тиіс.

9. Бұрғылау қалдықтарын оларды залалсыздандыру жөніндегі алдын ала операцияларсыз жер қойнауына айдауға тыйым салынады және ол мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобаға сәйкес жүзеге асырылады.

9-1. Бекітілген жобалық құжаттарда көзделген, қыртыс қысымын сақтау арқылы мұнай беруді ұлғайтуды қамтамасыз ететін Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі ілеспе мұнай газын нормадан тыс жер қойнауына айдауға, сондай-ақ ілеспе газды жобалық көрсеткіштен артық айдауға тыйым салынады.

10. Айналымға тартылмайтын және жер қойнауына айдалмайтын бұрғылау қалдықтарын (шламдар мен қоспаларды) залалсыздандыру мен сақтау жөніндегі барлық операциялар Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағынан тысқары жерде, арнайы полигонда жүзеге асырылуға тиіс. Аталған операциялар полигон құрылысының бұрғылау жұмыстары басталар кезге қарай аяқталуын қамтамасыз етуге және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

11. Теңіздегі өндірістік (бұрғылау, өндіру, пайдалану) объектілер және оларға қызмет көрсететін кемелер сарқынды суларды тазарту мен залалсыздандыруға немесе сарқынды суларды жинауға, сақтауға және кейіннен арнаулы кемелерге немесе жағалаудағы қабылдау құрылғыларына беруге арналған қондырғымен жабдықталуға тиіс. Қоқысты жинау немесе өңдеу (ұнтақтау немесе сығымдау) үшін тиісті құрылғылар көзделуге тиіс. Ең озық қолжетімді технологияларды пайдалану кезінде және жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар болғанда медициналық және тамақ қалдықтарын инсинерациялауға жол беріледі.

12. Кез келген құрылыс және өзге де жұмыс түрлерін жүргізген кезде судың терең қабаты мен теңіз түбінде жару жұмыстарын пайдалануға тыйым салынады. Теңіз түбіндегі жару жұмыстары қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

13. Суда жүзетін және су маңдарындағы құстардың ұя салатын орындарын бұзуға, сондай-ақ бекіре балықтарының уылдырық шашу орындарына баруына кедергі орнатуға тыйым салынады.

14. Су тарту құрылыстары балық қорғау құрылғыларымен жарактандырылған жағдайда ғана теңізден су тартуға жол беріледі. Су тарту құрылыстарында балық қорғау құрылғылары жұмысының тиімділігін үздіксіз бақылауға арналған техникалық құрылғылар орнатылуға тиіс.

15. Мұнай өндіру жөніндегі жұмыстарды бастар алдында жер қойнауын пайдаланушының қаржылай қаражаты есебінен Каспий теңізі солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағында уылдырық шашылуын қорғау және бағалы кәсіпшілік балықтарын молайту жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, қоршаған ортаны, сондай-ақ итбалықтардың тіршілік ету ортасын қорғау жөнінде кешенді бағдарламалар көзделуге тиіс.

16. Көліктің бағыттары олардың теңіз сүт қоректілеріне, балықтар мен құстарға әсерін болдырмайтындай немесе оны азайтатындай етіп таңдалуға тиіс.

17. Арнаулы талаптар қолданылатын аймақта жобада көзделмеген темір жолдарды, автомобиль жолдарын төсеуге және магистральдық құбырларды тартуға тыйым салынады.

18. Таяз суларда жұмыс жүргізу үшін жоғары өнімді түптік топтасу мен уылдырық шашудың сақталуын қамтамасыз ететін көлік құралдары пайдаланылуға тиіс. Қажет болған жағдайда, қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу кезінде топырақ-өсімдік жамылғысының тұтастығын және сол жердегі биоценоздарды барынша аз бұзатын жалпақ шынжыртабанды, қысымы төмен шиналармен, ауа жастықшаларымен жүретін арнаулы көлік құралдарын пайдалануға жол беріледі.

19. Бұрғылық және тампонаждық сұйықтар құрамында техникалық жобада келісілмеген заттар қолданылмауға тиіс. Өзге заттарды пайдаланған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы оларды қолдануды қоршаған ортаны қорғау саласындағы және жер қойнауын зерттеу жөніндегі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен келіседі.

20. Бұрғылау қондырғылары Халықаралық теңіз ұйымының тұншықтыратын газ шығарындыларының шекті мәндері жөніндегі талаптарына сай келетін іштен жану двигательдерімен жарақтандырылуы қажет.

21. Энергия қондырғылары іштен жану двигательдерімен немесе қосарлы отын (дизельді отын-газ) турбиналарымен жарақтандырылуға тиіс.

22. Теңізде барлау жүргізудің алдында, қоршаған ортаға әсерді толық көлемінде бағалауды қоса алғанда, жұмыс жобасы әлемдік тәжірибе ескеріле отырып әзірленуге тиіс. Көзделіп отырған шаруашылық қызмет жүргізілетін, бұрын зерделенген ауданның қазіргі жай-күйін талдау қоршаған ортаға әсерді бағалау табыс етілгенге дейін кемінде төрт жыл бұрын жүргізілген далалық зерттеу нәтижелеріне негізделуге тиіс.

23. Қоршаған ортаға әсерді бағалау кезінде, теңіз акваторий мен жағалау аймақтарының айрықша осал учаскелерінде барлау жүргізуден бас тартуды қоса алғанда, балама нұсқаларды талдау міндетті элемент болып табылады.

24. Су қорғау аймағында және теңіздің жағалау бойындағы тереңдігі 5-10 метрге дейінгі таяз сулы учаскелерінде ұнғымаларды бұрғылау сыртқы желілерден электр жетекті бұрғылау қондырғыларының көмегімен жүзеге асырылады. Егер бұрғылау дизельді отыны және дизельді жетегі бар генератордан бұрғылау қондырғысымен жүргізілсе, онда мұндай қондырғылардан тазартылмаған шығарынды газдардың атмосфераға шығуы барынша төмендетілуге тиіс.

25. Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде, мұнай мен құрамында мұнай бар жүктерді тасымалдайтын әрбір теңіз құрылысында және әрбір кемеді төгілудің зардаптарын шектеу және жинау үшін материалдар мен абсорбенттер орналастырылуға тиіс.

Ескерту. 262-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**263-бап. Геофизикалық жұмыстар жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Геофизикалық операциялар жүргізу кезінде:

1) сейсмикалық толқындардың жару көздерін және ихтиофауна мен олардың тіршілік ету ортасына зиянды әсер ететін параметрлері бар пневматикалық көздерді пайдалануға;

2) қауіпсіздігі құжаттармен немесе тәжірибелік геофизикалық жұмыстар негізінде расталмаған аппаратуралар мен әдістерді қолдануға;

3) теңізде сейсмикалық шығанақтардың бөлініп қалуы мен су ағызып кетуін болдырмау үшін оларды қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оларды су түбімен сүйретуге тыйым салынады.

2. Каспий итбалығының популяциясын сақтау мақсатында қазан айынан мамыр айына дейінгі кезеңде сейсмикалық жұмыстар мен өзге де шаруашылық қызметті жүргізу аралдағы және мұздақтардағы жатақтарда итбалықтардың шоғырланған жерінен кемінде бір теңіз милі қашықтығында сейсмикалық бөліктер бөліп беру арқылы үйлестіріледі. Итбалықтардың көп шоғырланған жерлерін анықтау үшін, жатақтардың жиі орын ауыстырылатыны ескеріле отырып, алдын ала авиациямен шолып ұшу көзделуге тиіс.

3. Сейсмикалық барлау процесінде балықтарды жұмыс аймақтарынан үркітіп кетіру құралдарын пайдалану көзделуі мүмкін.

#### **264-бап. Теңізде барлау мен өндіру кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Мұнай операцияларын жүргізген кезде ұңғымаларды бұрғылау қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық практикада қабылданған, байқаудан өткізілген озық принциптер мен әдістер негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

2. Келісімшарттық аумақ шегінде теңіз бұрғылау платформаларын орналастыруға арналған орындар балық аулау кәсіпшілігі, балықтардың бағалы түрлерін және су кәсіпшілігінің басқа да объектілерін сақтау және өсімін молайту үшін перспективалық маңызы бар теңіз аудандарын барынша сақтау мүмкіндігі ескеріле отырып таңдалуға тиіс.

3. Кеме қатынауға болатын акваторийде мұз қабаты болған жағдайда бұрғылау баржасынан немесе платформасынан бұрғылау жұмыстарын жүргізу, көмірсутегінің ықтимал төгілуін тұмшалау үшін қажетті жабдықтары бар мұзжарғыш түріндегі кемеңіз ұдайы бірге болуымен жүзеге асырылуға тиіс. Осы тармақта көрсетілген талап жасанды аралдарда жүргізіліп жатқан бұрғылау жұмысына қолданылмайды.

4. Теңізде мұз қатқан қиын жағдайларда болжанған төтенше қысыммен және күкіртсутегінің өте жоғары мөлшерімен қалың тұз астындағы өнім беретін қабатты ашуға және ұңғымаларды сынауға тыйым салынады.

5. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы экожүйесінің тұрақты тіршілігін қамтамасыз ету үшін теңізде барлау мен

өндіруді жобалау кезінде бұрғылық негіздер салу, ұңғымаларды сынау мен кемеде жүзу барынша шектеледі.

6. Жер қойнауын пайдаланушы мұнай операцияларын жүргізу кезінде авариялық төгілулердің алдын алу, оларды оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуге тиіс.

7. Теңізде өндіру бойынша мұнай операцияларын жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұңғымалар сағаларында қадағалау және өлшеу арқылы өндірістік процеске мониторинг жүргізуге міндетті.

**Ескерту. 264-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **265-бап. Мұнай-газ құбырларын жобалау мен салу кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Мұнай-газ құбырларын және оларды сүйемелдеу объектілерін теңіз деңгейінің көтеріліп-қайтып ауытқуының әсер ету аймағында жобалау мен салу олардың ең жоғары ауытқу шегі ескеріле отырып жүргізілуге тиіс.

2. Мұнай-газ құбырларындағы автоматты бекіту ысырмаларын жобалау мұнай-газ құбыры тұтастығының бұзылу ықтималдығына байланысты тәуекелдердің бағалануы ескеріле отырып жүргізілуі қажет.

3. Мұнай-газ құбырларын салу кезінде теңіз түбі бұзылу көлемінің барынша аз болуын қамтамасыз ететін техникалық құралдар мен жабдықтар қолданылуға және қалқыма заттардың су қабатында таралуын тұмшалайтын технологиялар мен әдістер пайдаланылуға тиіс.

4. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында мұнай-газ құбырларын жылжымалы мұздардан, кемелер зәкірінен және техногендік сипаттағы басқа да сыртқы әсерден зақымданудан қорғауды қамтамасыз ететін тереңдікте тарту міндетті болып табылады.

5. Мұнай-газ құбырларының бойымен құбырдың шеткі сызықтарының осінен әрбір жағынан бес жүз метр қашықтықтағы, параллель жазықтықтар арасында орналасқан, су үстінен түбіне дейінгі су кеңістігінің учаскесі түрінде күзет аймағы белгіленуге тиіс.

6. Мұнай-газ құбырларын гидрологиялық сынау кезінде суды ағызу Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағы шекарасынан тысқары жерде жүргізілуге тиіс.

## **266-бап. Жағалаудағы жарақтандыру базалары мен жағалау инфрақұрылымы объектілеріне арналған экологиялық талаптар**

1. Порттар мен айлақтарды қоспағанда, жағалаудағы базаларды, оның ішінде жанар-жағар май материалдары қоймаларын, көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету станцияларын салу, қолда бар инфрақұрылымдар пайдаланыла отырып, Каспий теңізі жағалауының су қорғау аймағынан тысқары жүзеге асырылуға тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген су қорғау аймағында объектілер салуға және жұмыстар орындауға жол беріледі.

2. Жарақтандыру айлақтары мен базаларының аудандары, жарақтандыру, техникалық қызмет ету мен май құю жөніндегі операциялар қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен халық денсаулығын қамтамасыз ететін барлық талаптар сақтала отырып жүзеге асырылатындай етіп жоспарлануға тиіс.

3. Жағалау инфрақұрылымы объектілері жұмыс істеуін аяқтап, олар қайта бөлшектелгеннен кейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген жобалау құжаттамасына сәйкес жерді рекультивациялау жүргізілуіне тиіс.

## **267-бап. Кеме жүзуіне қойылатын экологиялық талаптар**

1. Каспий теңізіне өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің кездейсоқ кіруін болғызбау үшін бұрын өзге су бассейндерінде жұмыс істеген жабдық пен аппаратураны, сондай-ақ кемелерді экологиялық тексеруден өткізбей пайдалануға тыйым салынады.

2. Су көлігімен орын ауыстырудың барлық түрлері жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы құрамында табыс етілуіне тиіс. Егжей-тегжейлі жобалау сатысында және жұмысты ұйымдастыру кезінде кемелердің жүзу бағыттарының маусымдар бойынша кестесі белгіленуге және ол картографиялық материалдарда көрсетілуіне тиіс. Орын ауыстыру бағыттары таңдалған кезде, мұз қату жағдайларын қоса алғанда, гидрометеорологиялық жағдайлар, сондай-ақ балықтардың бағалы түрлерінің уылдырық шашу және өріс аудару кезеңдері мен орындары, итбалықтардың жатақтары, құстардың ұя салуы ескерілуіне тиіс.

3. Барлық кемелер отынды жабық алып жүру жүйелерімен, ластанған сулар мен тұрмыстық қоқыстарды жинайтын ыдыстармен жабдықталған, ашық су айдынына төгінділер мен шығарындыларға мүмкіндік бермейтін құрылғыларда жарақталған болуға тиіс.

4. Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу заңнамасының талаптарына сәйкес сусымалы материалдарды, химиялық реагенттер мен қауіпті

жүктерді тасымалдау олардың қоршаған ортаға жайылуын болдырмайтын жабық контейнерлерде және арнаулы ыдыстарда жүзеге асырылуға тиіс.

5. Кемелердің, басқа да жүзуші құралдардың, теңіз бұрғылау қондырғылары мен платформаларының корпустары қазіргі заманғы сертификатталған коррозияға қарсы материалдармен жабылуға тиіс.

6. Теңізде кемелерге май құю отынның және жанар-жағар май материалдарының төгілуі мен ағып кетуін болдырмайтын жүйелердің көмегімен жүргізілуіне тиіс.

7. Кемелерден шығатын шу мен діріл санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларда, гигиеналық нормативтерде белгіленген шудың жол берілетін шекті деңгейінен аспауға тиіс.

8. Арнаулы мақсаттағы кемелердің құрылыс жабдықтары шу мен діріл деңгейін азайтуға арналған құралдармен жабдықталуға тиіс.

9. Көмірсутектерді және өзге де қауіпті заттарды Каспий теңізі акваториясында танкермен тасымалдау үшін қосарлы корпусты танкерлер пайдаланылады.

10. Кемелер кеме палубаларының мұнай өнімдерімен ластануына, су айдындарына ластанған сарқынды сулардың ағуына жол бермейтін жабдықпен жарақталуға тиіс. Су объектілеріне кемелерден мұнайды, зиянды заттар мен құрамында олар бар суларды, тамақ қалдықтарын, тұрмыстық қоқысты және пластмассалардың барлық түрлерін тастауға тыйым салынады.

11. Кемелердің жүзу режимі жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша белгіленеді.

**Ескерту. 267-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **268-бап. Мұнай операциялары объектілерін консервациялау мен жоюға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Теңіздегі мұнай операциялары, барлау, оның ішінде қатты пайдалы қазбаларды, минералдық және (немесе) ауыз суды барлау объектілерін консервациялау немесе жою Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сынау аяқталғаннан кейін ұңғымалар консервацияланатын жағдайда жер қойнауын пайдаланушы оны консервациялау жөніндегі жұмысты жүргізуге,

жұмыс қайта басталатын кезге дейін бұрғылау негіздерінің сақталуын және ұңғымалардың берік бекітілуін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Үйінді негізден (су асты бермадан немесе аралдан) бұрғыланған ұңғымаларды жою кезінде жер қойнауын пайдаланушы олардың берік бекітілуін және көмірсутегілермен және өзге де химиялық заттармен ықтимал ластанудан тазартуды алдын ала жүргізе отырып, жасанды негіздің жай-күйін бақылауды қамтамасыз етуге міндетті. Аралды (берманы) су шайып кеткен жағдайда жер қойнауын пайдаланушы негізді түбегейлі тегістегенге дейін оны қадамен немесе қалқымамен белгілеуге және кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында теңіз карталарына түсіру үшін оның координаттарын жер қойнауын зерттеу жөніндегі жөніндегі, ішкі су көлігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге міндетті.

4. Кез келген үлгідегі платформадан бұрғыланған ұңғымаларды жою кезінде олардың конструкциялары толық қайта бөлшектенуге және жойылуға, ал берік бекітілген ұңғымалардың шығып тұрған шеттері балық аулауға және кемеде жүзуге кедергі келтірмеуі үшін түбінен кесіп тасталуға тиіс.

5. Пайдаланудан шығарылған қазба үйінділері аралдарын жою туралы шешім, жою жөніндегі жұмыстардың қоршаған ортаға әсеріне жүргізілген бағалаудың негізінде қабылдануға тиіс.

6. Су басып қалған және батып кеткен ескі ұңғымаларды консервациялау мен жою қоршаған ортаға әсерді бағалау қамтылған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптамадан, өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасынан және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүргізілетін сараптамадан өткен жобалар бойынша орындалуға тиіс. Бұл ретте, міндетті түрде мұнайдың төгілуіне авариялық ден қою жоспары әзірленіп, бекітілуге тиіс. Жұмыстарды қажетті жабдықтармен, мамандармен, көліктермен және мұнайдың төгілуіне авариялық ден қою жоспарына сәйкес авариялық ахуалды болдырмау мен оларға ден қою жөніндегі өзге де құралдармен қамтамасыз етпей жүргізуге жол берілмейді.

Ескерту. 268-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**269-бап. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағындағы қоршаған ортаның мониторингі**

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында міндетті түрде мемлекеттік экологиялық мониторингті жүзеге асырады.

2. Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы теңіз ортасына келеңсіз әсерді болдырмау мақсатында, мұзбен жабылған теңіз акваториясында қысқы кезеңдегі мониторингті қоспағанда, барлық келісімшарт аумағы бойынша қоршаған ортаның жыл сайынғы өндірістік мониторингін (климаттық маусымдар бойынша) жүргізуге міндетті.

3. Мұнай операцияларының әрбір кезеңінің (геофизикалық зерттеулер, инженерлік–геологиялық іздестірулер, бұрғылау, құрылыс, жайластыру, пайдалану, жою және өзгелері) қоршаған ортаға әсерін бағалау материалдарында өндірістік мониторинг жүргізу көзделуге тиіс, онда:

1) мұнай операцияларының әрбір кезеңінде өндірістік объектілердегі қоршаған ортаның жай-күйіне тікелей зерттеулер;

2) ластану көздерінің мониторингі;

3) қоршаған орта жай-күйінің мониторингі;

4) қоршаған ортаны авариялық ластау салдарының мониторингі қамтылады.

4. Қоршаған ортаның мемлекеттік экологиялық және өндірістік мониторингі мына параметрлерді:

1) Каспий теңізінің мәртебесі (режимі) бойынша әртүрлі учаскелерінде судың, сондай-ақ су түбіндегі шөгінділердің физикалық, химиялық және гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша ластану деңгейін;

2) Каспий теңізінің белгілі бір учаскелерінде (ашық теңізде, шығанақтарда, сағалық учаскелерде, теңізге құятын өзендерде, мұнай операцияларын жүргізетін аудандарда сынамаларды іріктеп алудың бақылау нүктелерінде) атмосфера - су бөліну шекарасында ластаушы заттардың балансы мен түрленуін және олардың су түбі шөгінділерінде (тұнбаларда) жинақталуын;

3) табиғи циркуляциялық процестерді, гидрометеорологиялық көрсеткіштерді (судың температурасын, ағысын, желдің жылдамдығы мен бағытын, атмосфералық жауын-шашынды, атмосфералық қысымды, ауаның ылғалдығын) байқауды қамтуға тиіс.

5. Жер қойнауын пайдаланушы қажет болған жағдайда және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның талап етуімен қоршаған ортаның жай-күйіне қосымша зерттеулер жүргізуге тиіс.

6. Жер қойнауын пайдаланушы қоршаған ортаның жай-күйін қадағалаудың түрлері мен әдістерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен айқындайды.

7. Өндірістік мониторинг өткізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы өткен жылдардағы қадағалаулардың нәтижелерін ескеруі және қадағалауды ұзақ мерзім қатарынан жалғастыру мақсатында жұмыс алаңында (келісімшарттық аумақ шегінде және оның айналасында) орналасқан, жұмыс істеп тұрған станциялардың көрсеткіштерін пайдалануға тиіс.

8. Авариялық жағдайлар туындаған жағдайда қоршаған ортаның авариялық ластану салдарының мониторингі кідіріссіз ұйымдастырылуға тиіс.

9. Жер қойнауын пайдаланушы өндірістік мониторинг нәтижелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға беруге міндетті.

**Ескерту. 269-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**39-тарау. Радиоактивті материалдарды, атом энергиясын пайдалануға және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын экологиялық талаптар**

**Ескерту. 39-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 12.01.2016 № 443-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**270-бап. Радиоактивті қалдықтар мен материалдарды трансшекаралық ауыстыру**

1. Өңдеу үшін басқа мемлекеттерге әкетілген Қазақстан Республикасының өз радиоактивті қалдықтарын қоспағанда, радиоактивті қалдықтарды сақтау немесе көму мақсатында басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салынады. Радиоактивті заттардың қоршаған ортаға таралуына жол бермеу жөніндегі іс-шараларды жүргізбей радиоактивті қалдықтар мен материалдарды жер бетіне және жер қойнауына көмуге (орналастыруға) тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасына радиоактивті материалдарды, радиациялық қауіпсіздік нормаларында белгіленген, құрамында алып қою деңгейлерінен жоғары радиоактивті заттар бар жартылай фабрикаттарды, шикізатты, жинақтаушы бұйымдарды әкелу Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес ядролық материалдар мен иондандырушы сәулелену көздерінің мемлекеттік есебіне алынуға жатады.

3. Радиоактивті материалдарды трансшекаралық ауыстыру кезінде табиғат пайдаланушы халықаралық құқық нормаларын сақтай отырып ауыстыруды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға міндетті. Бұл ретте:

1) табиғат пайдаланушы межелі мемлекеттің рұқсаты және алдын ала хабардар етілуі, сондай-ақ келісімі бойынша ауыстыруды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға міндетті;

2) транзит мемлекеттері арқылы трансшекаралық ауыстыру нақты пайдаланылатын көлік түрлеріне сәйкес келетін халықаралық міндеттемелерді орындау шартымен жүзеге асырылуға тиіс;

3) пайдаланылған отынды немесе радиоактивті қалдықтарды сақтау немесе көму үшін оңтүстік ендіктен оңтүстікке қарай 60 градус межелі орынға жөнелтуге тыйым салынады.

**Ескерту. 270-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.01.2016 № 443-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **271-бап. Радиоактивті материалдарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Жеке және заңды тұлғалар радиоактивті материалдарды өндірудің, сақтаудың, тасымалдаудың, пайдаланудың, кәдеге жаратудың және жоюдың белгіленген ережелерін сақтауға, радиациялық әсердің жол берілетін шекті деңгейі нормативтерінің бұзылуына жол бермеуге, қоршаған ортаның радиациялық ластануының алдын алу және оны жою жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

2. Қоршаған ортаның радиациялық ластануы байқалған жағдайда жеке және заңды тұлғалар бұл туралы атом энергиясы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органына кідіріссіз түрде хабарлауға тиіс.

3. Радиоактивті материалдарды пайдалану кезінде табиғат пайдаланушылар:

1) радиоактивті материалдарды пайдалану мерзімі ішінде оларға әсер етуі мүмкін барлық факторларды бағалауды;

2) радиоактивті материалдардың халық денсаулығына және қоршаған ортаға әсерін бағалауды;

3) азаматтарға және қоғамдық бірлестіктерге, мемлекеттік немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын ақпаратты қоспағанда, радиоактивті материалдардың сипаттамасы мен оларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы ақпараттың берілуін;

4) Қазақстан Республикасының халықтың радиациялық қауіпсіздігі саласындағы заңнамасына сәйкес радиациялық қауіпсіздіктің негізгі нормалары мен ережелерін ескере отырып, халық денсаулығына және қоршаған ортаға радиациялық, оның ішінде авария салдарынан болатын радиациялық әсерді шектеу шараларын;

5) радиоактивті қалдықтар түзілуінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз етуге тиіс.

### **272-бап. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды сақтау мен көму кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Қазақстан Республикасының аумағында түзілетін радиоактивті қалдықтар олардың ықтимал қауіптілігі болуы мүмкін уақыт кезеңі ішінде халық пен қоршаған ортаның радиациядан қорғалуын қамтамасыз ететіндей түрде көмілуге тиіс.

2. Радиоактивті қалдықтарды орналастыру радиоактивті қалдықтардың түзілуіне алып келетін қызметтің кез келген түрінің міндетті кезеңі ретінде жобалау және техникалық құжаттамада көзделуге тиіс. Радиоактивті қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау мен көму тәртібі және оларды ұйымдастыру осы Кодексте көзделген экологиялық талаптар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды сақтау мен көму кезінде табиғат пайдаланушылар:

1) өздігінен жүретін тізбекті ядролық реакцияларды болғызбауды және жылудың көп бөлінуінен қорғауды;

2) радиациялық қауіпсіздік ережелері мен нормаларына сәйкес тиісті қорғау әдістерін қолдану арқылы халықтың және қоршаған ортаның тиімді қорғалуын;

3) радиоактивті материалдар мен қалдықтарды сақтаумен байланысты болуы мүмкін биологиялық, химиялық және басқа да тәуекелдердің есебін;

4) көму объектісінің орналасқан жеріне, конструкциясы мен құрамына қатысты есеп құжаттарының сақталуын;

5) радиоактивті материалдарға санкциясыз қол жеткізуді бақылау мен шектеу, сондай-ақ радиоактивті заттардың қоршаған ортаға жоспарланбаған шығарылуын болдырмауды қамтамасыз етуге тиіс.

### **273-бап. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды тасымалдау кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ережелерге және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Радиоактивті материалдар мен қалдықтарды тасымалдау ережелері жүк жөнелтушінің, тасымалдаушының және жүк алушының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, қауіпсіздік, физикалық жағынан қорғалу шараларын, оқиғалар мен аварияларға жол бермеу жөніндегі келісілген шаралар жүйесін, буып-түюге, таңбалауға және көлік құралдарына қойылатын талаптарды, ықтимал авариялардың салдарын тұмшалау жөніндегі іс-шараларды көздеуге тиіс.

### **274-бап. Ядролық қондырғыларды және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объектілерді орналастыру мен пайдалануға қойылатын экологиялық талаптар**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне ядролық қондырғыларды және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объектілерді орналастыруға қатысты ұсыныстар енгізуге жергілікті мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың құқығы бар.

Ядролық қондырғыларды немесе радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объектілерді орналастыру туралы мәселенің қаралуы үшін өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әзірленген, осындай қондырғыны немесе объектіні салу қажеттігінің негіздемесі, сондай-ақ оларды орналастыруға арналған алаңдардың балама нұсқалары қамтылуға тиіс материалдарды табыс етеді.

Материалдар:

1) ядролық қондырғы немесе радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объекті орналастырылуы мүмкін аудандағы қоршаған ортаның сипаттамасын;

2) объектілерді салу, пайдалануға беру, пайдалану, пайдаланудан шығару және жабу жөніндегі жоспарланған жұмыстардың адам денсаулығына және қоршаған табиғи ортаға әсерін бағалауды;

3) қоршаған ортаға теріс әсерді төмендететін іс-шараларды;

4) қоғамдық тыңдаулардың қорытындылары міндетті түрде ескерілген мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және техникалық сараптамалардың оң қорытындысын қамтуға тиіс.

2. Ядролық қондырғыларды және объектілерді салу туралы шешімді аумағында ядролық қондырғы және (немесе) объекті салу жоспарланатын

жергілікті өкілді органдар келіскен кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

3. Ядролық қондырғыларды және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объектілерді орналастыру үшін жер учаскелерін және жер қойнауын беру Қазақстан Республикасының Жер кодексінде, Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында және осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Ядролық қондырғыларды және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объектілерді орналастыруға қатысты шешімдер қабылдау кезінде өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған қосымша іс-шаралар көзделуге тиіс. Бұл іс-шараларды жүзеге асырудың көлемі мен тәртібін әрбір нақты жағдайда ғылыми-экономикалық негіздемелер негізінде жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Ядролық қондырғыны немесе радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объектіні пайдалануға қабылдауды мемлекеттік қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

6. Ядролық қондырғыны немесе радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объектіні пайдалануға қабылдау жобада көзделген өндірістік және тұрмыстық мақсаттағы объектілермен бір кешенде жүзеге асырылуға тиіс.

7. Ядролық қондырғыны немесе радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объектіні пайдаланудан шығару және радиоактивті қалдықтарды көмуге арналған қойманы жабу тәртібі атом энергиясын пайдалану саласындағы нормаларға, ережелер мен стандарттарға сәйкес жобада көзделуге тиіс. Шығыстарды қаржыландыруды ядролық қондырғының немесе радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объектінің иесі жүзеге асырады.

8. Ядролық қондырғыны немесе радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объектіні пайдаланудан мерзімінен бұрын шығару және радиоактивті қалдықтарды көмуге арналған қойманы жабу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және аталған іс-қимылдар басталғанға дейін екі жылдан кешіктірмей пайдаланушы ұйымның немесе осы салада маманданған ұйымның назарына жеткізіледі.

9. Ядролық қондырғы немесе радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеуге арналған объекті орналасқан жерлерде санитарлық-қорғаныш аймағы және бақылау аймағы белгіленеді.

Аймақтардың көлемдері мен шекаралары жобада ядролық энергияны пайдалану саласындағы нормаларға, ережелер мен стандарттарға сәйкес белгіленеді. Санитарлық-қорғаныш аймағында және бақылау аймағында радиациялық жағдайды бақылау жүзеге асырылады.

10. Параметрлері мен кімге тиесілі екеніне қарамастан, санитарлық-қорғаныш аймағында, бағбандық және бақшалық жер учаскелерін орналастыруды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді қоса алғанда, тұрғын үй ғимараттарын, білім беру ұйымдарын, денсаулық сақтау және демалыс мекемелерін, спорттық-сауықтыру құрылыстарын орналастыруға (салуға) тыйым салынады.

11. Санитарлық-қорғаныш аймағында орналасқан жерлер мен су айдындарын өнімдерге радиологиялық бақылауды міндетті түрде жүргізу шартымен шаруашылық мақсатында пайдалануға болады.

**Ескерту. 274-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **275-бап. Құрылыс материалдарының, минералдық тыңайтқыштардың, мелиоранттар мен көмірдің жол берілетін радиоактивтілік деңгейі**

1. Құрылыс материалдарының, минералдық тыңайтқыштардың, мелиоранттар мен көмірдің жол берілетін радиоактивтілік деңгейі радиациялық қауіпсіздік нормаларымен белгіленеді.

2. Көмір радиациялық қауіпсіздік нормаларында белгіленген мөлшер шегінен аспаған кезде кез келген мақсатта пайдаланылуы мүмкін. Радиоактивтілігі радиациялық қауіпсіздіктің қолданыстағы нормаларында және санитарлық ережеде көзделген деңгейден жоғары көмір, радиациялық қауіпсіздік нормалары сақталу шартымен карьердің ішкі үйіндісіне жинақталып, көмілуге тиіс.

### **276-бап. Елді мекендер аумақтарындағы, тұрғын үйлердің және қоғамдық ғимараттардың үй-жайларындағы радиациялық жағдайға, құрылыс материалдарының, минералдық тыңайтқыштардың, отын-энергетикалық шикізаттың радиациялық қауіпсіздігіне және мұнай операциялары кезіндегі радиациялық қауіпсіздікке бақылау ұйымдастыру**

1. Радиациялық бақылауды ұйымдастыру радиациялық қауіпсіздіктің белгіленген нормативтік шамаларынан асуына жол бермеуін, сондай-ақ халыққа дозалық жүктемені төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен енгізуді өзіне міндет етіп қояды.

2. Елді мекен пункттерінің, тұрғын үй-тұрмыстық объектілерінің, өнеркәсіп кәсіпорындарының, демалыс және рекреация аймақтарының, бағбандық серіктестіктерінің құрылысына жер учаскелері бөлініп берілген кезде, міндетті іздестіру жұмыстары көлеміне бөлініп берілген учаске аумағындағы сыртқы

гамма-сәуленің экспозициялық дозасының қуатын өлшеу енгізілуге тиіс. Нәтижелері құрылысқа учаске таңдау жөніндегі комиссияның хаттамасымен ресімделеді.

3. Тұрғын үй объектілері пайдалануға берілген кезде сыртқы гамма-сәуленің экспозициялық мөлшерінің қуаты - әрбір пәтерде, ал радонның шоғыры әрбір кіреберістің бірінші қабатындағы пәтерлердің бірінде өлшенеді. Радонның жол берілетін шоғырлануы асып кеткені анықталған жағдайда зерттеу үйдің барлық пәтерлерінде жүргізіледі.

4. Сыртқы гамма-сәуленің дозалық қуатын өлшеу жер бетінен немесе үй-жай еденінен 1 метр биіктікте жүргізіледі.

5. Радонның баламалық тепе-тең көлемді белсенділігінің болуын бақылау халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның әдістемелік нұсқауларына және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған басқа да әдістемелерге сәйкес жүзеге асырылады.

6. Пайдалануға берілетін құрылыс объектілеріндегі өлшеулердің нәтижелері радиациялық тексеру актісі түрінде ресімделіп, оның бір данасы объектіні пайдалануға енгізу жөніндегі мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісіне тіркеледі. Өлшеулерді өткізу үшін жауапкершілік объект құрылысын жүзеге асыратын және оны пайдалануға ұсынатын ұйымға жүктеледі.

7. Үй-жайлардағы гамма-фонды және радонның мөлшерін азайту жөніндегі іс-шараларды жүргізу мүмкіндігін, қажеттілігін, көлемі мен мерзімдерін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органының өкілдерін міндетті түрде қатыстыра отырып, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының комиссиясы айқындайды.

8. Табиғат пайдаланушы құрылыс материалдары, минералдық тыңайтқыштар, мелиоранттар мен отын-энергетика шикізаты кен орнын игеруді бастағанға дейін олардың радиациялық қауіптілік деңгейі мен пайдаланылу шарттары туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алуға тиіс. Қорытындыны геологиялық-барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша пайдалы қазбаларды радиациялық-гигиеналық бағалау бөлімі қамтылатын, кен орындарын игеру жобасының негізінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган береді.

9. Табиғат пайдаланушының радиациялық бақылау қызметі кен орындарын игеру жөніндегі жоба талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді, радиациялық бақылау нәтижелері құжатпен ресімделеді.

10. Өнімнің радиациялық сапасы аккредиттелген зертханалар орындаған зертханалық зерттеулер негізінде мемлекеттік бақылау органдарының

қорытындысымен расталады. Өнімнің сапасын растаудың тәртібі мен кезеңділігі кен орындарын игеру жобаларының сараптамасы кезінде белгіленеді.

### **277-бап. Металл сынықтарына радиациялық бақылауды қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Металл сынықтарын өндірістік радиациялық бақылау:

1) дайындау ұйымына түсетін барлық металл сынықтарын оның радиоактивті ластануын не онда оқшау гамма-сәуле көздерінің болуын анықтау мақсатындағы радиациялық бақылауды;

2) металл сынықтарының тобына немесе бөліктеріне жақын жерде радиациялық фонның артуы анықталған кезде гамма-сәуле дозасының қуатын өлшеуді;

3) металл сынығының альфа- және бета-активті радионуклидтермен беткі ластануының бар-жоғын іріктеп тексеруді;

4) металл сынығы топтарын тасуға арналған бос көлік құралына радиациялық тексеру жүргізуді, сондай-ақ жүк тиелген көлік құралының үстіндегі гамма-сәуле дозасының қуатын өлшеуді қамтиды.

2. Өндірістік радиациялық бақылау жүргізу әдістемесі санитариялық қағидаларда айқындалады.

**Ескерту. 277-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **278-бап. Радиациялық авариялар кезінде іс-шараларды жүзеге асыру тәртібі**

1. Радиоактивті материалдарды тасымалдағанда төтенше жағдайлар туындаған кезде азаматтардың денсаулығын, олардың мүлкін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану, халықтың радиациялық қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптары және техникалық регламенттер сақталуға тиіс.

2. Авариялық рәсімдер авария болған жағдайда жүк құрамының қоршаған ортамен өзара іс-әрекеті салдарынан басқа қауіпті заттардың пайда болу ықтималдығын ескеруге тиіс.

### **279-бап. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қадағалау мен бақылау**

Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қадағалау мен бақылау Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **40-тарау. БІҚТИМАЛ ҚАУІПТІ ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЗАТТАРДЫ, ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРІЛГЕН ӨНІМДЕР МЕН ОРГАНИЗМДЕРДІ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

### **280-бап. Біқтимал қауіпті химиялық заттарды өндіру және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Біқтимал қауіпті химиялық заттарды өндіру мен пайдалану жөніндегі операциялар барысында:

- 1) өндіру, сақтау, тасымалдау және пайдалану процесінде қоршаған ортаға әсер етудің шекті жол берілетін белгіленген нормативтерінің орындалуы;
- 2) оларды қолданудың халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды салдарларының алдын алу жөніндегі шаралардың орындалуы қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Жойылуы қиын органикалық ластауыштарды қамтитын немесе оны пайдалану нәтижесінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жойылуы қиын органикалық ластауыштар түзілетін өнімді өндіруге және импорттауға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалған химиялық заттарды өндіруге және пайдалануға шектеу қойылады.

3. Жойылуы қиын органикалық ластауыштар экологиялық қауіпсіз тәсілмен жойылуға жатады.

Бөлінетін газдарды кешенді тазаламайынша жойылуы қиын органикалық ластауыштарды және құрамында хлор бар қалдықтарды жоюға арналған технологияларды пайдалануға тыйым салынады. Бұл ретте бөлінетін газдарды кешенді тазалау тазартылған бөлінетін газдарда диоксиндер мен фурандардың 0,1 нг/м<sup>3</sup> аспайтын концентрацияда болуын қамтамасыз етуге тиіс.

4. Азық-түлікті немесе мал азықтарын өндіруге және қайта өңдеуге байланысты жерлерде жойылуы қиын органикалық ластауыштарды пайдалануға тыйым салынады.

**Ескерту. 280-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **281-бап. Қоршаған ортаны зиянды және бақыланбайтын биологиялық әсерден қорғау**

Біқтимал қауіпті биологиялық заттарды, оның ішінде генетикалық түрлендірілген организмдер мен өнімдерді өндіру мен пайдалану жөніндегі операциялар барысында:

1) өндіру, сақтау, тасымалдау және пайдалану процесінде қоршаған ортаға әсер етудің шекті жол берілетін белгіленген нормативтерінің орындалуы;

2) оларды қолданудың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды салдарларының алдын алу жөніндегі шаралардың орындалуы;

3) генетикалық түрлендірілген өнімдердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган пайдалануға рұқсат берген тізбе шеңберінде ғана пайдаланылуы қамтамасыз етілуге тиіс.

## **282-бап. Гендік-инженерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі**

1. Генетикалық түрлендірілген өнімдер мен организмдерді өндіру мен пайдалану жөніндегі операциялар барысында мынадай талаптар сақталуға тиіс:

1) табиғат пайдаланушылар генетикалық түрлендірілген өнімдердің қайдан шығатынын және қайда түсетінін айқындайтын жүйелер мен рәсімдерді меңгеруге тиіс;

2) қоршаған ортаға әдейі шығаруға арналған генетикалық түрлендірілген организмдер үшін табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органына олардың ерекшеліктері туралы егжей-тегжейлі ақпарат беруге тиіс;

3) тағамға, жемге немесе өңдеуге арналған генетикалық түрлендірілген организмдер үшін табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өнімде болуы мүмкін генетикалық түрлендірілген организмдердің ерекшеліктерін сипаттап, өнімнің тек тағам, жем ретінде немесе өңдеу үшін пайдаланылуға тиістілігі туралы декларация ұсынуға тиіс;

4) генетикалық түрлендірілген организмдерден алынатын тағам және жем өнімдеріне қатысты табиғат пайдаланушылар сатып алушыларды өнімнің генетикалық түрлендірілген организмдерден алынғаны туралы хабардар етуге тиіс;

5) табиғат пайдаланушылар генетикалық түрлендірілген өнімдер мен организмдерді өндіру мен пайдалану туралы ақпаратты бес жыл бойы сақтауға және оны қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға олардың талап етуі бойынша табыс етуге тиіс.

2. Ауыл шаруашылығының табиғат пайдаланушылары өз өнімін сатып алушыға оның генетикалық түрлендірілген өнім сатып алатынын таңбалау арқылы хабардар етуге және өз өнімін ұсынатын сатып алушылардың тізілімін жүргізуге тиіс.

3. Мемлекеттік органдар барлық генетикалық түрлендірілген тағам өнімдері мен жемге арналған таңбалау туралы қолда бар ережелерді таратады. Генетикалық түрлендірілген организмдерді қамтитын немесе олардан құралған немесе алынған барлық тағам өнімдері мен жемдер таңбалануға тиіс. Таңбалаудың мақсаты тұтынушыларды өнімнің немесе жемнің нақты қасиеттері туралы хабардар ету болып табылады.

4. Генетикалық түрлендірілген организмдерді таңбалау жүйесі түпкі тамақ өнімінде генетикалық түрлендірілген дезоксирибонуклеидтерді немесе белоктарды табу мүмкіндігіне негізделеді.

## **41-тарау. ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫНА МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН АНЫҚТАУ КЕЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

### **283-бап. Өндіріс және тұтыну қалдықтарына меншік құқығы**

1. Қызметі нәтижесінде өндіріс және тұтыну қалдықтары құралатын жеке және заңды тұлғалар олардың меншік иелері болып табылады және, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе қалдықтармен жұмыс істеу талаптарын айқындайтын шарттар өзгеше көзделмесе, қалдықтар құралған кезден бастап олармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін жауапты болады.

2. Қалдықтарға меншік құқығын басқа тұлға сатып алу-сату, айырбастау, сыйға беру шартының немесе қалдықтарды иеліктен шығару туралы өзге де мәміле негізінде алуы мүмкін.

3. Мемлекет мемлекеттік меншік объектілерінде немесе сот шешімі бойынша мемлекеттік меншікке түсті деп танылған объектілерде құралатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген басқа да жағдайларда қалдықтардың меншік иесі болып табылады.

4. Қалдықтардың меншік иесі қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесін немесе қалдықтарды жинау, кәдеге жарату, қайта өңдеу, сақтау, орналастыру немесе жою жөніндегі операцияларды атқаратын субъектілердің қызмет көрсетулерін пайдалануға тиіс не қалдықтарды орналастыру мен жою жөніндегі операцияларды дербес жүзеге асыруға міндетті.

Бөгде ұйымдардан қабылданатын қалдықтарды жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму жөніндегі операцияларды орындайтын субъектілер ұлттық стандарттарда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс және қалдықтардың меншік иесі оларды берген кезден бастап қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуге жауапты болады.

5. Меншік иесінің қалдықтарды жинау, кәдеге жарату, қайта өңдеу, сақтау, орналастыру немесе жою жөніндегі операцияларды орындайтын субъектілерге қалдықтарды беруі, егер тараптар келісімді өзгеше жағдайда жасамаған болса,

қалдықтарға меншік құқығының бір мезгілде осындай субъектілерге ауысуын білдіреді.

6. Қалдықтарды жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму жөніндегі операцияларды орындайтын субъектілерге қойылатын талаптар ұлттық стандарттарда белгіленеді. Қалдықтарды жинау, кәдеге жарату, қайта өңдеу, сақтау, орналастыру немесе жою жөніндегі операцияларды орындайтын субъектілерге қойылатын ұлттық стандарттардың талаптары дара кәсіпкерлердің және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

**Ескерту. 283-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **284-бап. Иесіз қалдықтар**

1. Меншік иесі жоқ немесе меншік иесі белгісіз қалдықтар иесіз қалдықтар болып табылады.

2. Жер учаскелерінің меншік иелері немесе жер пайдаланушылар өз жер учаскелерінде иесіз қалдықтарды анықтаған кезде оларды пайдалануға кірісіп не қалдықтарды өз меншігіне айналдыруды куәландыратын өзге де әрекеттер жасай отырып, осы қалдықтарды өз меншігіне айналдыруға құқылы.

Басқа иесіз қалдықтар, егер сот қалдықтарды иеленуге кіріскен тұлғаның өтініші бойынша оларды иесіз қалдық деп таныса, осы тұлғаның меншігіне түседі.

3. Өзге жағдайларда, иесіз қалдықтарды тапқан тұлғалар бұл жөнінде тиісті жергілікті атқарушы органға хабарлауға міндетті. Аумағында иесіз қалдықтар анықталған облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы иесіз қалдықтардың бар екендігі жөнінде хабарлама алған кезден бастап бір жыл ішінде бұл қалдықтарды республикалық немесе коммуналдық меншікке түскен деп тану туралы талаппен сотқа жүгінуге міндетті.

Иесіз қалдықтар табылған жағдайда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы қалдықтарды республикалық немесе коммуналдық меншікке түскен деп тану туралы талаппен де сотқа жүгіне алады.

4. Жергілікті атқарушы органдар иесіз қалдықтармен жұмыс істеу және олардың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсерін болдырмау жөніндегі іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады.

5. Иесіз қауіпті қалдықтар сот шешімімен республикалық меншікке түседі. Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді. Мұндай қалдықтарды басқаруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысындағы ұйым жүзеге асырады.

6. Сот шешімі бойынша республикалық немесе коммуналдық меншікке түсті деп танылмаған иесіз қалдықтар оларды қалдырған меншік иесінің иелігіне, пайдалануына және билік етуіне қайта қабылдануы не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес иелену мерзімі өткендіктен меншікке сатып алынуы мүмкін.

7. Осы баптың ережелеріне сәйкес пайдалы құрауыштар алына отырып қайта өңделуге жататын иесіз қалдықтар мемлекеттік не жеке меншікке айналдырылғаннан кейін қалдықтар ретінде қаралмайды.

Ескерту. 284-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **285-бап. Қалдыққа меншік құқығының ауысуы**

1. Қалдықтар орналастырылған жер учаскелерінде жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы өзгерген кезде қалдыққа меншік құқығы туралы мәселе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес шешіледі.

2. Мемлекеттік меншік объектілері жекешелендірілген кезде, егер "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес осы кәсіпорындарды жекешелендіру шарттарында өзгеше көзделмесе, қалдықтарға меншік құқығы, сондай-ақ қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу және оларды жою, жерлерді рекультивациялау мен қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелер жаңа меншік иесіне ауысады.

Ескерту. 285-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **41-1-тарау. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері**

Ескерту. 8-бөлім 41-1-тараумен толықтырылды - ҚР 17.11.2015 № 407-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

**285-1-бап. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындауға қойылатын талаптар**

1. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнім (тауарлар) тізбесіне сәйкес өнімді (тауарларды) Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды мынадай тәсілдердің бірімен:

1) қойылатын талаптарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдануды;

Қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану жөніндегі талап автомобиль көлік құралдарын, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерге және импорттаушыларға қолданылмайды;

2) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторымен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт жасасуды және өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының банктік шотына қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесіне сәйкес қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы түрінде ақша енгізуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері бойынша талаптар:

1) өндірушілерге, өндірілген майлар, полимерлік, шыны, қағаз және (немесе) картон орамалары, аккумулятор батареялары бөлігінде, оларды өндіру үшін сәйкесінше Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңделген және кәдеге жаратылған пайдаланылған майлар, пластмасса, шыны, қағаз және картон қалдықтарының, пайдаланылған аккумулятор батареяларының кемінде отыз пайызы пайдаланылған жағдайда;

2) өндірушілерге және импорттаушыларға, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген, одан тыс жерлерде өткізілген өнім (тауарлар) бөлігінде;

3) өндірушілерге және импорттаушыларға, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген полимерлік, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамалары, орауға арналған және (немесе) оның шегінен тыс жерлерде өткізілген өнім (тауарлар) оралған, аралас материалдардан жасалған орама бөлігінде;

4) автомобиль көлігі құралдарын, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын импорттаушыларды қоспағанда, өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімді (тауарларды) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын жеке тұлғаларға, тауарларды жеке пайдалану үшін бажсыз әкелуге арналған квота шегінде өнімді (тауарларды) импорттаған кезде;

5) импорттаушыларға, тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары оралған полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамалар, аралас материалдардан орама бөлігінде;

6) өндірушілерге, қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы енгізілген, преформалардан жасалған полимер орама бөлігінде;

7) импорттаушыларға, өнім өндіру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету кезінде өз қызметінде негізгі құралдар, материалдар, шикізат, қосалқы бөлшектер (құрауыштар) ретінде жалпы шаруашылық мұқтаждықтары үшін пайдаланылатын және өткізуге арналмаған (арналған), әкелінген өнім (тауарлар) оралған, әкелінген полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамалар, аралас материалдардан орама бөлігінде;

8) импорттаушыларға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шетелдік өтеусіз көмек ретінде әкелінген тауарлар оралған, әкелінген полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамалар бөлігінде қолданылмайды.

**Ескерту. 285-1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **285-2-бап. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы қызметінің бағыттары**

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы осы Кодекстің талаптарына сәйкес өндірушілерден және

импорттаушылардан өзінің банктік шотына кәдеге жарату төлемі түрінде келіп түскен ақшаны:

1) жеке және заңды тұлғаларға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын (өндіріс қалдықтарынан алынған және (немесе) осы қалдықтар өндірістік қызмет нәтижесінде пайда болған заңды тұлғалардан немесе дара кәсіпкерлерден заңды тұлғаларға немесе дара кәсіпкерлерге берілген өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын қоспағанда), аталған қалдықтарды Қазақстан Республикасының аумағында залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін берген жағдайларда, бөлек жинау және қайта өңдеу бойынша шығыстарды өтеуге;

1-1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілерге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін қолданылатын полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамаларды, аралас материалдардан ораманы өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы енгізуіне байланысты шығыстарды өтеуге жібереді;

2) Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлігі құралдарының (4 және одан жоғары экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электрлі қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарының, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін:

оларды шығарушыларды мынадай: жұмыс орындарын ұстау; энергия ресурстарын пайдалану; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді жүзеге асыру; өнімдерді шығаруға байланысты сынақтар жүргізу; кепілдік міндеттемелерді қолдау бағыттары бойынша қаржыландыру;

жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасында шығарылған көлік құралын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған кезде оларға шығарушы ұсынған жеңілдіктерді қаржыландыру арқылы ынталандыруға жібереді.

Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль көлігі құралдарының (4 және одан жоғары экологиялық сыныпқа сәйкес келетін; электрлі қозғалтқыштары бар) және олардың құрамдастарының, сондай-ақ техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісін ынталандыру қағидаларында:

қаржыландыру мерзімдері мен көлемдері көрсетіле отырып, экологиялық таза автомобиль көлігі құралдарын шығарушылар мен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы арасындағы үлгілік шарт нысаны;

қаржыландыру мерзімдері мен көлемдері көрсетіле отырып, техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын шығарушылар мен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы арасындағы үлгілік шарт нысаны;

экологиялық таза автомобиль көлігі құралдарының өндірісі туралы есептіліктің нысандары және оларды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторына ұсыну мерзімдері;

өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының өндірісі туралы есептіліктің нысандары және оларды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторына ұсыну мерзімдері;

экологиялық таза автомобиль көлігі құралдарын шығарушыларға қойылатын талаптар;

өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын шығарушыларға қойылатын талаптар;

пайдаланудан шығып қалған көлік құралының және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының кәдеге жаратуға тапсырылғанын растайтын, Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасында шығарылған көлік құралын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жеңілдік алу құқығын көздейтін құжат ұсынылған кезде Қазақстан Республикасында шығарылған көлік құралын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өткізу кезінде жеке және заңды тұлғаларға шығарушы ұсынған жеңілдіктің шарттары, оның ішінде мөлшерін айқындау тәртібі және қаржыландыру тәртібі белгіленеді;

2-1) Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіз (жанбайтын және (немесе) өрт қауіптілігі төмен және түтін мен газды аз бөлетін); қалдықтары Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңделетін болып табылатын кәбілді-өткізгіш өнімнің өндірісін оларды өндірушілерді мынадай: жұмыс орындарын ұстау; энергия ресурстарын пайдалану; экологиялық қауіпсіз және (немесе) қайта өңделетін өнім өндіру үшін шикізат сатып алу; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді жүзеге асыру; өнімдерді шығаруға байланысты сынақтар жүргізу; өнімдерді сертификаттау бағыттары бойынша қаржыландыру арқылы ынталандыруға жібереді.

Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіз (жанбайтын және (немесе) өрт қауіптілігі төмен және түтін мен газды аз бөлетін); қалдықтары Қазақстан

Республикасының аумағында қайта өңделетін болып табылатын кәбілді-өткізгіш өнім өндірісін ынталандыру қағидаларында:

қаржыландыру мерзімдері мен көлемдері көрсетіле отырып, кәбілді-өткізгіш өнім шығарушылар мен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы арасындағы үлгілік шарт нысаны;

кәбілді-өткізгіш өнім өндірісі туралы есептіліктің нысандары және оларды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторына ұсыну мерзімдері;

кәбілді-өткізгіш өнім өндірушілерге қойылатын талаптар;

өнімге және технологиялық процестерге қойылатын талаптар;

қаржыландыру шарттары мен тәртібі белгіленеді.

Кәбілді-өткізгіш өнімнің (жанбайтын және (немесе) өрт қауіптілігі төмен және түтін мен газды аз бөлетін) экологиялық қауіпсіздігі жөніндегі талаптар – ұлттық стандарттарға, олар болмаған кезде мемлекетаралық стандарттарға сәйкес айқындалады;

3) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыруға;

4) Қазақстан Республикасының аумағында олар үшін залалсыздандыру, қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі объектілер жоқ, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болатын қалдықтарды және оның (олардың) орамасын Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін жинауды, беруді ұйымдастыруға;

5) қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату жүйесін ұйымдастыру-техникалық және ақпараттық қамтамасыз етуге, жарнама қызметін, қалдықтармен және қайталама ресурстармен жұмыс істеу саласындағы білім беру зерттеулерін, маркетингтік зерттеулерді қаржыландыруға;

6) тұрмыстық қатты қалдықтарды әкетуді жүзеге асыратын көлік құралдарының қозғалысын спутниктік навигациялық жүйе деректері бойынша бақылайтын ақпараттық жүйені ұйымдастыруға және жүргізуге;

7) қалдықтарды жинау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату саласындағы эксперименттік, тәжірибелік, жобалық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға;

8) қалдықтарды жинаудың және қайталама шикізат ретінде пайдаланудың жаңа технологияларын ендіруге, тұрмыстық қатты қалдықтар мен қайталама ресурстарды сұрыптау және (немесе) пайдалану бойынша зауыттар (өндірістер) салуға, қайталама ресурстарды жинауды және (немесе) пайдалануды, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және (немесе) пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, электрлік қуаттау станцияларының желісін құруға және дамытуға;

9) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өз функцияларын жүзеге асыруына байланысты қызметті қаржыландыруға;

9-1) өңдеу саласындағы қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған жобаларды одан әрі қаржыландыру үшін дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және шарттарда қаржыландыруға;

10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де қызметке арналған төлемақы түрінде жібереді.

**Ескерту. 285-2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **285-3-бап. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының құқықтық жағдайы**

1. Өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы жинау және аталған төлемдерді осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен басқару арқылы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауға, тасымалдауға, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға, пайдалануға және (немесе) кәдеге жаратуға қатысты өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қағидатын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің

шешімімен айқындалған заңды тұлға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы болып табылады.

2. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы жинауға қатысты айрықша құқыққа ие және аталған төлемдерге осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен иелік етуге және оларды басқаруға тиіс.

#### **285-4-бап. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өкілеттіктері**

1. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының өкілеттіктеріне:

1) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы үлгілік шарт негізінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы өндірушілермен (импорттаушылармен) шарт жасасуы;

2) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт негізінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының банктік шотына өндірушілер (импорттаушылар) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін аударатын төлемақыны жинау;

3) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін өндірушілердің (импорттаушылардың) төлемақыны дұрыс есептеуіне, толық және уақтылы аударуына бақылауды жүзеге асыру;

3-1) артық төленген сомалар расталған жағдайда өндірушілер мен импорттаушылардың өтініштері негізінде өндірушілердің (импорттаушылардың)

кеңейтілген міндеттемелері операторы белгілеген тәртіппен жүргізілетін артық төленген сомаларды қайтару және (немесе) алдағы төлемдердің есебіне есепке жатқызу;

3-2) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын орау үшін қолданылатын полимер, шыны, қағаз, картон және (немесе) металл орамаларды, аралас материалдардан ораманы өндірушілердің (импорттаушылардың) қалдықтардың жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы енгізуіне байланысты шығыстардың бір бөлігіне өтемақы алуға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндірушілердің құжаттарды дұрыс ұсынуына бақылауды жүзеге асыру;

4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің іске асырылу барысы туралы есепті ұсыну;

5) автомобиль көлігі құралдарын өндірушілерді және импорттаушыларды қоспағанда, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімді (тауарларды) және оның (олардың) орамасын Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын өндірушілердің (импорттаушылардың) тізілімін қалыптастыру, бекіту, жүргізу;

6) автомобиль көлігі құралдарын, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын өндірушілерді және импорттаушыларды қоспағанда, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімді (тауарларды) және оның (олардың) орамасын Қазақстан Республикасының аумағында өндіруді және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді жүзеге асыратын өндірушілердің (импорттаушылардың) тізілімін тіркеу және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

7) мемлекеттік органдармен, оның ішінде Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамалары саласында өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелеріне қатысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау ;

8) қалдықтарды қайталама шикізат ретінде пайдаланудың жаңа технологияларын енгізу, қалдықтарды және қайталама ресурстарды сұрыптау, қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі зауыттарды (өндірістерді) салу;

9) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес олар бойынша іс жүргізу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған, әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер анықталған кезде, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері

операторы мұндай құқық бұзушылықтар бойынша бар материалдарды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беруге міндетті;

10) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің қағидаттарын іске асыру мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органнан өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын жеке және заңды тұлғалардың қызметі туралы ақпараттан кәдеге жарату төлемін есептеу үшін деректер алуға құқылы;

10-1) пайдаланудан шығып қалған көлік құралын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын кәдеге жаратуға тапсыруды растайтын, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасында шығарылған көлік құралын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жеңілдіктер алу құқығын көздейтін құжаттарды беру;

10-2) пайдаланудан шығып қалған көлік құралын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын кәдеге жаратуға тапсыруды растайтын, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасында шығарылған көлік құралын және (немесе) өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жеңілдіктер алу құқығын көздейтін құжаттарды беру қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

10-3) осы Кодекстің 285-2-бабында көзделген бағыттарға сәйкес қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы түрінде өзінің банктік шотына түскен ақшаны жіберу;

11) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған өзге де өкілеттіктер жатады.

2. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімді (тауарларды) және оның (олардың) орамасын өндірушілердің (импорттаушылардың) төлемақысын осы Кодекстің 285-2-бабына, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген, елді мекендердегі тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау тарифтері бойынша жеке және заңды тұлғалар төлейтін қаражат есебінен өзін-өзі ақтамайтын мақсаттарға жұмсалатын өндірушілердің (импорттаушылардың) төлемақы қаражатын пайдалану басымдығын қамтитын қызметін дамыту стратегиясына сәйкес жұмсауды жүргізеді.

**Ескерту. 285-4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

## **285-5-бап. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелеріне қатысушылардың жауаптылығы**

1. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторымен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт жасамаған, сондай-ақ өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының банктік шотына қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақы түрінде ақша енгізбеген немесе уақтылы енгізбеген өндірушілер (импорттаушылар) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Осы баптың 1-тармағының қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақыны есептеу бөлігіндегі талаптары қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесі бар өндірушілерге (импорттаушыларға) қолданылмайды.

Қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесі бар өндірушілер (импорттаушылар) өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

3. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы өндірушілердің (импорттаушылардың) төлемақысын мақсатсыз пайдаланғаны, өзіне жүктелген міндеттері мен функцияларын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін іске асыру жөніндегі мүмкіндіктерін пайдаланбағаны және (немесе) тиісінше пайдаланбағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

## **285-6-бап. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету**

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы:

1) өз қызметін дамыту стратегиясын және инвестициялық саясатын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келіседі;

2) қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, заласыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақыдан түсетін ақшаны шоғырландыру үшін өлшемшарттар мен екінші деңгейдегі банктерге қойылатын талаптарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келіседі.

#### **285-7-бап. Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау**

1. Осы Кодекске сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерін орындау өндірушілер (импорттаушылар) мен өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы арасында өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, заласыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады.

2. Қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың меншікті жүйесі бар өндірушілер (импорттаушылар) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері бойынша міндеттемелерді орындағанын растау ретінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторына өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін пайда болған қалдықтарды және оның (олардың) орамасын жинауды, қайта өңдеуді және кәдеге жаратуды растайтын құжаттарды ұсынады.

#### **42-тарау. ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

##### **286-бап. Өндіріс пен тұтыну қалдықтары және олардың түрлері**

1. Өндіріс пен тұтыну қалдықтары қауіптілік дәрежесі бойынша қауіпті және қауіпсіз болып бөлінеді.

2. Осы тараудың күші:

- 1) техногендік минералдық түзілімдерге;
- 2) радиоактивті қалдықтарға;
- 3) беткі қабаты эффузивті және интрузивті әртүрлі жастағы шөгінді жыныстарға (аршынды жыныстарға) қолданылмайды.

Ескерту. 286-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 271-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **287-бап. Қауіпті қалдықтарды сыныптау**

1. Мына заттардың:
  - 1) жарылғыш заттардың;
  - 2) жеңіл тұтанатын сұйықтардың;
  - 3) жеңіл тұтанатын қатты заттардың;
  - 4) өздігінен жанатын заттар мен қалдықтардың;
  - 5) қышқылданатын заттардың;
  - 6) органикалық пероксидтердің;
  - 7) улы заттардың;
  - 8) созылмалы және тұрақты ауру туғызатын уытты заттардың;
  - 9) жұқтырушы заттардың;
  - 10) коррозиялаушы заттардың;
  - 11) экоуытты заттардың;
  - 12) сумен әрекеттесу кезінде тұтану қаупі бар газдар бөле алатын заттардың немесе қалдықтардың;
  - 13) ауамен немесе сумен әрекеттесу кезінде уытты газдар бөле алатын заттардың немесе қалдықтардың;
  - 14) жоғарыда аталған қасиеттердің бірін иеленетін басқа материалдарды құрауға қабілетті заттар мен материалдардың біреуін немесе бірнешеуін қамтитын қалдықтар қауіпті қалдықтарға жатқызылады.
2. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына сәйкес қалдықтарды тасымалдау, кәдеге жарату, сақтау және көму мақсатында олардың қауіптілігінің 3 деңгейі белгіленеді:
  - 1) Жасыл - G индексі;
  - 2) Янтарь түсті - A индексі;
  - 3) Қызыл - R индексі.
3. Қалдықтарға код белгілегенде қалдықтар пайда болатын сала, жинау (көму) тәсілі, кәдеге жарату немесе регенерация тәсілі, ықтимал қауіпті құрамдас

элементтері, қауіптілік түрі, объектілерінде қалдықтар пайда болатын экономика салалары ескеріледі.

4. Қалдықтардың қауіптілік деңгейін айқындау және оларға код белгілеу осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін қалдықтар сыныптауышы негізінде жүргізіледі.

5. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген қалдықтар сыныптауышында тиісті қалдық болмаған, сондай-ақ өндіріс технологиялары өзгерген немесе өзге шикізаттық ресурстарға көшкен не қалдықтардың қауіпті қасиеттері өзгеруі мүмкін жағдайларда, қалдықтардың қауіптілік деңгейін және оған код белгілеуді табиғат пайдаланушы қалдықтардың қауіптілік деңгейін айқындау және оларға код белгілеу әдістемесіне сәйкес айқындайды.

6. Осы бапқа сәйкес қалдықтарды қауіптіліктің белгілі бір деңгейіне және белгілі бір код белгілеуге жатқызуды табиғат пайдаланушы өз бетінше немесе қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыстар орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғаларды тарта отырып жүргізеді.

7. Табиғат пайдаланушы осы баптың 5-тармағына сәйкес қалдықтардың қауіптілік деңгейін және оларға код белгілеуді айқындаған кезде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган табиғат пайдаланушының өтініші бойынша қалдықтардың қауіптілік деңгейін айқындау және оларға код белгілеу әдістемесіне сәйкес қалдықтар сыныптауышына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

**Ескерту. 287-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **288-бап. Өнеркәсіп және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезіндегі жалпы экологиялық талаптар**

1. Шаруашылық қызметі процесінде қалдықтар түзілетін жеке және заңды тұлғалар олармен қауіпсіз жұмыс істеу шараларын көздеуге, экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға және оларды кәдеге жарату, қайта өңдеу, залалсыздандыру және қауіпсіз жою жөніндегі іс-шараларды орындауға міндетті.

Жеке және заңды тұлғалар өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

Энергетикалық кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтардың тізбесіне енгізілген өндіріс және тұтыну қалдықтары энергетикалық кәдеге жаратуға ұшырамайды.

2. Қалдықтарды орналастыру мен жою қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен және өзге де арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен айқындалатын орындарда жүргізіледі.

3. Қалдықтарды сақтау орындары қалдықтарды қалпына келтіргенге немесе өңдегенге дейін үш жылдан аспайтын немесе оларды көмгенге дейін бір жылдан аспайтын мерзімге қауіпсіз сақтау үшін арналады.

3-1. Қалдықтарды уақытша сақтау қалдықтарды орналастыру болып табылмайды.

Қалдықтарды уақытша сақтау орындары оларды кәдеге жарату, қайта өңдеу, сондай-ақ қайта өңдеуге немесе кәдеге жаратуға жатпайтын қалдықтарды жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын үшінші тұлғаларға бергенге дейін алты айдан аспайтын мерзімде қалдықтарды қауіпсіз жинауға арналған.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын уақытша сақтаудың жобалық құжаттамада белгіленген шарттары мен мерзімдері (бірақ алтын айдан аспайтын) бұзылған жағдайда, мұндай қалдықтар түзілген кезінен бастап орналастырылған болып танылады.

4. Қалдықтарды пайдалану (кәдеге жарату, өңдеу) мақсаттарында оларды Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген орган беретін лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың қалдықтарды жеке пайдалану үшін (коммерциялық емес мақсаттарда) әкелуіне және әкетуіне тыйым салынады.

Қалдықтарды көму және залалсыздандыру мақсатында әкелуге тыйым салынады.

5. Осы Кодексте көзделген жағдайларда, қалдықтардың меншік иесі қалдықтардың көлемін бірте-бірте азайту мақсатында оларды басқару бағдарламасын әзірлеуге міндетті.

6. Қалдықтарды залалсыздандыру немесе орналастыру тәсілдерін және орнын таңдау кезінде, сондай-ақ қалдықтарды өңдеуді, жоюды немесе орналастыруды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды айқындау кезінде қалдықтардың меншік иелері қалдықтардың құралу көздерінен олардың барынша аз көшірілуін қамтамасыз етуге тиіс.

7. Біржолғы өнімдерді әкелу, егер ол кәдеге жаратылуы жоғары экологиялық тәуекелмен байланысты немесе экономикалық жағынан мақсатқа лайық емес қалдықтардың құралуына әкеп соқтырса, шектелуі немесе оған толық тыйым салынуы мүмкін.

8. Пайдалану нәтижесінде Қазақстан Республикасында оларды залалсыздандыру немесе жою жөніндегі технологиясы жоқ қауіпті қалдықтар құралатын өнімдер импортына тыйым салынады.

9. Қазақстан Республикасының жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы халықаралық шарттарында көзделген пайдалану нәтижесінде жойылуы қиын органикалық ластауыштарды қамтитын қалдықтар түзілетін өнімді өндіруге және импорттауға тыйым салынады.

**Ескерту. 288-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.11.2020 № 373-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **288-1-бап. Қалдықтарды басқару бағдарламасы**

1. Қалдықтарды басқару бағдарламасын I және II санаттағы объектілері бар жеке және заңды тұлғалар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен әзірлейді.

2. Қалдықтарды кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді немесе олардың көлемін және қауіпті қасиеттерін өзге де тәсілдермен азайтуды жүзеге асыратын, сондай-ақ өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырумен байланысты қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу міндетті.

3. Қалдықтарды басқару бағдарламасында түзілген және орналастырылған қалдықтардың көлемі мен құрамы туралы, оларды сақтау, кәдеге жарату, көму, рекультивациялау немесе жою әдістері туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

4. Қалдықтарды басқару бағдарламасында:

1) өндірістік процестерді, оның ішінде аз қалдықты технологияларды енгізу есебінен жетілдіру;

2) қалдықтарды қайтадан пайдалану не оларды пайдалануға мүдделі жеке және заңды тұлғаларға беру;

3) қолжетімді озық технологияларды пайдалана отырып қалдықтарды қайта өңдеу арқылы қалдықтардың көлемін бірте-бірте азайтуды қамтамасыз ету бойынша көлемдері мен оларды орындау мерзімдері көрсетілген шаралар көзделеді.

5. Қалдықтарды қайта өңдеу бойынша қолжетімді озық технологиялардың тізбелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мүдделі орталық

атқарушы органдардың, басқа да заңды тұлғалардың қатысуымен әзірлейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

6. Қалдықтарды қайта өңдеу бойынша қолжетімді озық технологиялар болмаған кезде қалдықтарды басқару бағдарламасында қалдықтар орналастырылған жерді рекультивациялау жөніндегі іс-шаралар көзделуге тиіс.

7. Қалдықтар орналастырылған жерді рекультивациялаудың технологиялық мүмкіндігі болмаған кезде қалдықтарды басқару бағдарламасында олардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту жөніндегі іс-шаралар көзделуге тиіс.

8. Алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 42-тарау 288-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV ( қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **289-бап. Қауіпті қалдықтардың паспорты**

1. Шаруашылық қызметі процесінде қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалар қауіпті қалдықтардың паспортын жасайды және бекітеді.
2. Қауіпті қалдықтардың паспорты:
  - 1) осы Кодекстің 287-бабының 1-тармағында көрсетілген қалдықтарға;
  - 2) Янтарь және Қызыл тізімдердегі қалдықтарға жасалады.
3. Қауіпті қалдықтардың паспортында мынадай міндетті бөлімдер:
  - 1) қалдықтардың атаулары;
  - 2) қалдық шығарушы - жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері, өндірістік үй-жайы болған кезде оның орналасқан жері, кәсіпорынның атауы мен деректемелері;
  - 3) қалдықтардың шығу көздері;
  - 4) қалдықтардың қауіпті қасиеттерінің тізбесі;
  - 5) қалдықтардың химиялық құрамы және олардың құрауыштарының қауіпті қасиеттерінің сипаттамасы;
  - 6) қалдықтарды өңдеудің ұсынылатын тәсілдері;
  - 7) қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі қажетті сақтану шаралары;
  - 8) қалдықтарды тасымалдауға және тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптар;
  - 9) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі шаралар;
  - 10) қосымша ақпарат қамтылуға тиіс.

4. Қауіпті қалдықтар паспортының нысанын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді және ол қалдықтардың әрбір түріне жеке толтырылады.

5. Қауіпті қалдықтар паспорты қалдықтар түзілген кезден бастап үш ай ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

6. Міндетті бөлімдерге енгізілген деректердің толықтығы мен дұрыстығын арттыратын қосымша ақпараттың түсуіне қарай қауіпті қалдықтар паспорты жаңартылуға жатады. Жаңартылған паспорт он жұмыс күні ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

7. Қауіпті қалдықтар паспорттарының көшірмелері қалдықтардың осы партиясын немесе оның бір бөлігін тасымалдайтын жеке немесе заңды тұлғаға, сондай-ақ қалдықтардың осы партиясының (партия бөлігінің) әрбір жүк алушысына міндетті түрде ұсынылады.

8. Жүк алушы алынған қалдықтар партиясын өңдеу кезінде, оны басқа материалдармен араластыруды қоса алғанда, өз кәсіпорнынан тысқары жерге тасымалдаған жағдайда осы партияға (партия бөлігіне) қауіпті қалдықтардың жаңа паспортын ресімдеуге, сондай-ақ жаңа паспортты қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберуге міндетті.

9. Қалдықтар құралған процестің технологиялық регламентінің өзгеруіне байланысты осы қалдықтардың қауіпті қасиеттері өзгерген жағдайда қауіпті қалдықтар паспорты өзінің қолданылуын тоқтатады.

10. Қалдықтың химиялық және құрауыштық құрамы аккредиттелген зертхана орындаған талдаулардың нәтижелері негізінде көрсетіледі. Өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер) түрінде берілген қалдықтар үшін техникалық жағдайларға сәйкес бастапқы тауардың (өнімнің) құрауыштық құрамы туралы мәліметтер көрсетіледі.

11. Қауіпті қалдықтар паспортында бастапқы тауардың (өнімнің) атауы беріле отырып, нәтижесінде қалдықтар құралған технологиялық процестің немесе нәтижесінде тауар (өнім) өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан процестің атауы көрсетіледі.

12. Қауіпті қалдықтар паспортында қауіпті қалдықпен байланысты, оның ішінде тасымалдау және тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу уақытындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі қажетті шаралар көрсетіледі.

13. "Қосымша ақпарат" бөлімінде қалдықтардың меншік иесі хабарлағысы келетін өзге де ақпарат көрсетіледі.

**Ескерту. 289-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);**

28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**290-бап. Қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты қызметті жобалау кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Пайдалану процесінде қалдықтар құралатын объектілерді жобалау кезінде:

1) жобалау құжаттамасының құрамдас бөлігі ретінде қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу;

2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасында белгіленген экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және өзге де талаптарды ескеру;

3) қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі техникалық және технологиялық құжаттама әзірлеу қажет.

2. Тұрғын үй ғимараттарын, сондай-ақ пайдалану процесінде қалдықтар құралатын өндірістік кәсіпорындарды, ғимараттарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді жобалау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы қызметі саласындағы мемлекеттік орган белгілейтін қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы ережелерге, нормативтер мен талаптарға сәйкес осындай қалдықтарды жинауға арналған орындар (алаңдар) көзделуі қажет.

**291-бап. Қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты кәсіпорындарды, ғимараттарды, құрылыстарды, құрылыс-жайлар мен өзге де объектілерді салу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты кәсіпорындарды, ғимараттарды, құрылыстарды, құрылыс-жайлар мен өзге де объектілерді пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар:

1) оларды қайта өңдеу, кәдеге жарату, залалсыздандыру және қауіпсіз жою не осы іс-шараларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға беру арқылы оларды азайту жөніндегі шараларды көздейтін қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобасын әзірлеуге;

Қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобаларын қалдықтарды орналастыратын меншікті объектілері бар жеке және заңды тұлғалар әзірлейді;

2) ең жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде қалдықты аз шығаратын технологиялар мен қалдықтардың құралуын төмендету жөніндегі ұйымдастыру шараларын енгізуге;

3) қалдықтар мен оларды орналастыратын объектілерге түгендеу жүргізуге;

4) қалдықтар орналастырылған объектілердің аумақтарында қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізуге;

5) қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табыс етуге;

6) қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты авариялардың алдын алу жөніндегі талаптарды сақтауға және оларды жою жөнінде шұғыл шаралар қолдануға;

7) қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты қоршаған ортаға, жеке тұлғалардың денсаулығына немесе мүлкіне не заңды тұлғалардың мүлкіне залал келтіретін немесе залал келтіруі мүмкін авариялар туындаған немесе олардың қатері төнген жағдайда, бұл туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға және жергілікті атқарушы органдарға дереу хабарлауға міндетті.

2. Қалдықтарды орналастыру объектісі салынатын жерді айқындау мемлекеттік экологиялық сараптаманың, санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың (эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді салу кезінде) және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүргізілетін сараптаманың оң қорытындылары болған кезде арнайы (инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және өзге де) зерттеулер негізінде жүзеге асырылады.

3. Қалдықтарды орналастыру объектілерінің меншік иелері, сондай-ақ иеленуінде және пайдалануында қалдықтарды орналастыру объектілері бар адамдар осы объектілерді пайдалану аяқталғаннан кейін олардың жай-күйі мен қоршаған ортаға әсерін бақылауды және бүлінген жерлерде рекультивациялау жөнінде жұмыстар жүргізуге міндетті.

4. Қалалық және басқа да қоныстардың, орман саябақтарының, курорттық, емдеу-сауықтыру, рекреациялық аймақтардың және су қорғау аймақтарының аумақтарында, ауызсумен және шаруашылық-ауызсумен жабдықтау мақсаттарында пайдаланылатын жерасты су объектілерінің су жинау алаңдарында, сондай-ақ тарихи-мәдени мұра объектілеріне жатқызылған аумақтарда қалдықтарды көмуге тыйым салынады.

5. Егер пайдалы қазбалар жатқан жерлерге ластану қатері және тау-кен жұмыстарын жүргізу қауіпсіздігіне қатер төндірген жағдайларда, пайдалы қазбалар жатқан және тау-кен жұмыстары жүргізілетін жерлерге қалдықтарды көмуге тыйым салынады.

**Ескерту. 291-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);**

15.06.2015 № 322-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **291-1-бап. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалануға қойылатын талаптар**

1. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалану қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалануға қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалануға қойылатын талаптар Еуропалық Парламент пен Еуропалық Одақ Кеңесінің " Өнеркәсіптік шығарындылар туралы (ластануды кешенді болғызбау және оны бақылау туралы)" 2010/75/ЕО Директивасына баламалы болуға тиіс.

2. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудың жаңа объектілерін салуға және пайдалануға арналған шығындарды өтеу жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығының қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндірген және олар Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіне берген электр энергиясын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын индекстеуді ескере отырып, өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған аукциондық бағалармен сатып алуы арқылы жүзеге асырылады.

3. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттыққа қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне енгізілген және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға арналған жаңа, бұрын пайдалануда болмаған техникалық құрылғылар мен қондырғыларды және олармен өзара байланысты, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдалануға технологиялық тұрғыдан қажетті құрылысжайлар мен инфрақұрылымды қолданатын энергия өндіруші ұйымдар жіберіледі.

**Ескерту. 291-1-баппен толықтырылды – ҚР 09.11.2020 № 373-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **292-бап. Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Жергілікті атқарушы органдар коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрауыштарын бөлек жинауды, сақтауды, ұдайы әкетуді, қайта өңдеуді, кәдеге

жаратуды және залалсыздандыруды, сондай-ақ елді мекеннің аумағын тазартуды көздейтін, коммуналдық қалдықтарды жинаудың ұтымды және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыруға жауап береді.

2. Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын бақылауды жергілікті атқарушы органдар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

3. Жергілікті атқарушы органдар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін коммуналдық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау, қайта пайдалану, полигондарда орналастыру жөніндегі қажетті инфрақұрылым құруды және оның жұмыс істеуін көздеуге тиіс.

4. Коммуналдық қалдықтарды олар сақталатын және өңделетін белгіленген жерге тасымалдауды және жинауды қалдықтардың меншік иелерінің есебінен осы салада маманданған ұйымдар жүзеге асырады.

5. Жергілікті атқарушы органдар:

1) қайта пайдаланылатын қалдықтар фракцияларын бөлек жинауды және кәдеге жаратуды жүзеге асыруды ұйымдастыру;

2) қалдықтарды уақытша сақтау және өңдеу орындарына тұрақты тасымалдауды және оларды полигондарға орналастыруды ұйымдастыру;

3) органикалық қалдықтарды бөлек жинауға және оларды пайдалануға ынталандыру;

4) құрылыс қалдықтарының тікелей құрылыс алаңдарында немесе арнаулы орында қалдықтардың басқа түрлерінен міндетті түрде бөліп алуды, сондай-ақ қоқыстарда және полигондарда құрылыс қоқыстарын басқа қалдықтармен араластыруға жол бермеуді ұйымдастыру;

5) қалдықтардың бір түрін екінші бір түрімен немесе арнаулы қоспалармен араластыруға тыйым салуды белгілеу;

6) коммуналдық қалдықтарды санкциясыз жағуға жол бермеу;

7) қалдықтардың меншік иелерінің қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі өз міндеттемелерін осы қалдықтарды қайта өңдейтін объектілердің иелеріне беруі үшін жағдайлар жасау;

7-1) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерінің иелері үшін қалдықтарды әкету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

8) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу туралы дәйекті ақпаратты қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға уақтылы беру жүйесін ұйымдастыру арқылы коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

5-1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету арнайы белгілермен және спутниктік навигациялық жүйелермен жарактандырылған, арнайы жабдықталған көлік құралдарымен жүзеге асырылады.

5-2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған және мемлекеттік-жекешелік әріптестік нысанында құрылған ұйымның ақпараттық жүйесіне көліктің қозғалысы туралы навигациялық ақпаратты беруге міндетті.

5-3. Тұрмыстық қатты қалдықтарды әкетуді жүзеге асыратын көлік құралдарының қозғалысын спутниктік навигациялық жүйелер деректері бойынша бақылайтын ақпараттық жүйені ұйымдастыру мен жүргізуді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған және мемлекеттік-жекешелік әріптестік нысанында құрылған ұйым жүзеге асырады.

5-4. Тұрмыстық қатты қалдықтарды тасымалдауға, көлік құралдарының боялуына, олардың айырым белгілеріне және жабдықталуына, сондай-ақ тиеу-түсіру жұмыстарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының стандарттарында белгіленеді. Қалдықтарды тасымалдауға қойылатын стандарттардың талаптары дара кәсіпкерлердің және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

6. Коммуналдық қалдықтарды көмуді, қалдықтар полигондарын жасау мен пайдалануды коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар және осы салада маманданған өзге де ұйымдар жүзеге асырады.

**Ескерту. 292-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 09.11.2020 № 373-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **292-1-бап. Жекелеген қалдық түрлерімен және олардың өмірлік цикл процестерімен жұмыс істеу жөніндегі экологиялық талаптар**

1. Жекелеген қалдық түрлерімен жұмыс істеу кезінде қалдықтардың меншік иелері экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың, жекелеген қалдық түрлерімен жұмыс істеу саласындағы ұлттық стандарттар талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

2. Қалдықтар санатына өткен мынадай материалдармен және өнімдермен: шиналармен, электрондық және электр жабдығымен, орамамен, қағазбен, пайдаланылған маймен, химиялық ток көздерімен, құрамында сынап бар қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі экологиялық талаптар ұлттық стандарттарда белгіленеді. Қалдықтар саласындағы ұлттық стандарттардың талаптары дара кәсіпкерлердің және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

Ескерту. 42-тарау 292-1-баппен толықтырылды - ҚР 28.04.2016 № 506-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **293-бап. Қауіпті қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Қызмет процесінде қауіпті қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалар олардың құралуының тоқтатылуына немесе қысқартылуына және (немесе) олардың қауіптілік деңгейін төмендетуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға тиіс.

2. Процесінде қауіпті қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалардың қызметі, қауіпті қалдықтармен жұмыс істеудің қоршаған ортаға және адам денсаулығына қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған кезде, шектеледі немесе оған тыйым салынады.

2-1. Коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдастары: электрондық және электр жабдығы, құрамында сынап бар қалдықтар, батарейкалар, аккумуляторлар және өзгедей қауіпті құрауыштар бөлек жиналуға және мамандандырылған кәсіпорындарға кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге тапсырылуға тиіс.

3. Қауіпті қалдықтардың меншік иесі қауіптілік қасиеттерін көрсете отырып, қауіпті қалдықтардың бумасын таңбалауды қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай қалдықтарды басқа тұлғаларға белгілі бір мерзімге берген кезде қалдықтардың меншік иесі оларды осы қалдықтардың қауіпті қасиеттері туралы және олармен жұмыс істеу кезінде сақтық шаралары туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

3-1. Қалдықтарды жинау, әкету, кәдеге жарату, қайта өңдеу, сақтау, орналастыру немесе жою жөніндегі операцияларды орындайтын субъектілер есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 1 наурызына дейін қалдықтарды түгендеу жөніндегі есепті қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштерде жыл сайын беруге міндетті.

4. Қалдықтарды көму кезінде топырақ сеуіп, тығыздап жабу үшін қауіпсіз қалдықтарды қолдану жағдайларын қоспағанда, қауіпті қалдықтарды қауіпсіз қалдықтармен, сондай-ақ әртүрлі қауіпті қалдықтарды өндіру, тасымалдау және сақтау процесінде оларды өзара араластыруға тыйым салынады.

5. Қауіпті қалдықтарды арнайы жабдықталған орындарға, оның ішінде мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы және жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісу болған кезде шахталардың, кеніштердің және көліктік еңістердің суланбаған жерасты тау-кен қазбаларында

орналастыруға рұқсат етіледі. Қауіпті қалдықтарды орналастыру үшін бөлінген аумақта қауіпті қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты емес басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

Қауіпті қалдықтар орналастырылған жер қалдықтың түрі, оның қауіптілік деңгейі және көмілген күні көрсетіле отырып, жақсы көрінетін жерде айырым белгілерімен белгіленуге жатады.

6. Қауіпті қалдықтарды жинауды, кәдеге жаратуды, тасымалдауды және орналастыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар төтенше және авариялық жағдайлар кезінде іс-қимылдар жоспарларын әзірлейді.

7. Қауіпті қалдықтардың меншік иелері болып табылатын немесе осындай қалдықтармен жұмыс істеуді жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті экологиялық сақтандырылуға жатады.

**Ескерту. 293-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.10 N 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **293-1 бап. Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды сақтау кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды сақтау пункттері жойылуы қиын органикалық ластауыштардың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін болғызбауды қамтамасыз ететін қорғаныс құралдарымен жабдықталуға тиіс.

2. Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды есепке алу қатаң есептілік журналында жүргізілуіне тиіс.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етпей, жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтардың меншік иесін ауыстыруға тыйым салынады.

4. Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтар кадастрын жүргізу Қалдықтардың мемлекеттік кадастры шеңберінде жеке бөлім болып жүргізіледі.

**Ескерту. 42-тарау 293-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа**

енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **294-бап. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезіндегі экологиялық талаптар**

1. Қауіпті қалдықтардың құралуы мен олардың тасымалдануы барынша азайтылуға тиіс.

2. Қауіпті қалдықтарды мынадай жағдайларда:

1) қауіпті қалдықтар тасымалдау мақсатында тиісті түрде орап-буылған және таңбаланған болса;

2) арнайы жабдықталған және арнаулы белгілермен жарақтандырылған көлік құралдары бар болса;

3) қауіпті қалдықтардың паспорты және тасымалданатын қауіпті қалдықтардың саны, оларды тасымалдау мақсаты мен межелі орны көрсетілген, қауіпті қалдықтарды тасымалдау мен беруге арналған құжаттама бар болса;

4) қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезінде қойылатын, сондай-ақ тиеу-түсіру жұмыстарына қойылатын қауіпсіздік талаптары сақталса, тасымалдауға жол беріледі.

3. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау мақсатында буып-түю және таңбалау тәртібі Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасында белгіленеді.

4. Қалдықтарды көлік құралдарымен тасымалдау тәртібі, тиеу-түсіру жұмыстарын орындауға қойылатын талаптар және экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқа да талаптар көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық қызметі саласындағы мемлекеттік органмен келісілген нормалар мен ережелерде айқындалады.

5. Қалдықтар көлік құралына тиелген және қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға оларды қабылдап алған кезден бастап олар белгіленген жерде көлік құралынан түсірілгенге дейін осы көлік құралы тиесілі көлік ұйымы немесе адам олармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін жауапты болады.

#### **295-бап. Қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау**

1. Қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мақсаттары үшін Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына сәйкес қалдықтар тобы қауіпті болып есептеледі.

2. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қалдықтарды транзиттеу Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

3. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясының талаптары - мемлекеттерге және өздерінің заңнамасы шеңберінде қауіпті қалдықтар импортына тыйым салған дамушы елдерге не осы қалдықтарды пайдалану экологиялық негізделген түрде жүзеге асырылмайды деп ойлауға негіз болса, сондай-ақ оңтүстік ендіктің 60 градусынан оңтүстікке қарай орналасқан аудандарға қауіпті қалдықтарды экспорттауға тыйым салынады.

4. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау кезінде табиғат пайдаланушылар мүдделі мемлекеттерге ұсынылатын қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға қатысты ұсынылатын тасымалдың адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін салдарын көрсететін ақпаратты табыс етуге міндетті.

5. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау кезінде олар орап-буу, таңбалау және тасымалдау саласындағы жалпы қабылданған халықаралық ережелер мен нормаларға сәйкес оралып-буылуға, таңбалануға және тасымалдануға тиіс.

**Ескерту. 295-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **296-бап. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы есеп**

1. Қалдықтардың меншік иесі қалдықтардың есебін (түрі, саны және шығарылған жері) жүргізуге, сондай-ақ олардың қоршаған ортаға және (немесе) адам денсаулығына қауіпті қасиеттері туралы ақпарат жинауға және сақтауға міндетті.

2. Қалдықтармен жұмыс істеуді жүзеге асыратын тұлғалар және қауіпті қалдықтарды өндірушілер өздерінің қызметі процесінде құралған, жиналған, тасымалданған, кәдеге жаратылған немесе орналастырылған қалдықтардың тұрақты есебін (түрі, саны, қасиеттері) жүргізуге міндетті.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу қағидаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Қалдықтардың меншік иелері қалдықтардың есебі жөніндегі құжаттамаларды бес жыл бойы сақтауға тиіс.

4. Қалдықтардың меншік иелері өзінің қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметі туралы жыл сайынғы есебін Қалдықтардың мемлекеттік кадастрына енгізу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға береді.

5. Алып тасталды - ҚР 25.04.2016 № 505-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Қалдықтар саласындағы алғашқы статистикалық деректер мемлекеттік статистика саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табыс етіледі.

Ескерту. 296-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV; 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **297-бап. Қалдықтарды кәдеге жарату мен олардың құралу көлемін азайту жөніндегі іс-шараларды ынталандыру**

1. Қалдықтардың құралу көлемін азайтуға бағытталған технологияларды енгізетін, өнім өндіру (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) процесінде қалдықтарды кәдеге жарататын, оларды жинау мен дайындауды, кәсіпорындар мен цехтар салуды жүзеге асыратын, сондай-ақ қалдықтарды кәдеге жарату үшін жабдықтар жасап шығаруды ұйымдастыратын, қалдықтарды кәдеге жарату мен олардың құралу көлемін азайту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға пайлық үлеспен қатысатын шаруашылық қызмет субъектілерінің қалдықтарды кәдеге жарату мен олардың құралу көлемін азайту және қауіптілік деңгейін төмендету жөніндегі іс-шараларын ынталандыру жүзеге асырылады.

2. Жергілікті атқарушы органдар қалдықтарды кәдеге жаратуға және олардың құралу көлемін азайтуға ынталандыру жөніндегі іс-шараларды айқындайды.

Ескерту. 297-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **297-1-бап. Тұтыну қалдықтарының қайталама шикізатқа өтуі**

1. Тұтыну қалдықтары, нәтижесінде қалдықтар өнім өндіру процесінде шикізатты және (немесе) басқа да материалдарды ішінара немесе толық алмастыру мақсатына қызмет ететін операциялар жасалған соң қайталама шикізат мәртебесіне ие болады.

2. Тұтыну қалдықтарын қайталама шикізатқа жатқызу өлшемшарттарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

3. Қалдықтар саласындағы заңнаманың талаптары қайталама шикізатқа қолданылмайды.

**Ескерту. 42-тарау 297-1-баппен толықтырылды - ҚР 28.04.2016 № 506-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **43-тарау. ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӨМУ ПОЛИГОНДАРЫНА ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САҚТАУ ҚОЙМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

### **298-бап. Қалдықтарды сақтау және көму орындары**

1. Қалдықтарды сақтау кейіннен кәдеге жарату, өңдеу немесе түпкілікті көму мақсатында әрбір қалдық түрлері үшін жобалау құжаттамасында белгіленген кезеңге арнайы жабдықталған жерлерде (алаңдарда, көмбелерде, қоймаларда) жүргізіледі.

2. Қалдықтарды алып қою ниетінсіз оларды тұрақты орналастыратын орын қалдықтарды көму орны болып табылады. Қалдықтарды көму арнайы жабдықталған полигондарда жүргізіледі.

3. Қалдықтарды кейіннен орнын ауыстыру ықтималдығына және (немесе) олардың қоршаған ортаға әсеріне тұрақты мониторинг жүргізу қажеттігіне байланысты тұрақты орналастыратын орын олардың ұзақ мерзімді сақтау орны болып табылады. Полигондарға белгіленген экологиялық талаптар қалдықтарды ұзақ мерзімді сақтау қоймаларына қойылады, бұл ретте оларды алып қоюдың, тасымалдаудың, кейіннен кәдеге жаратудың немесе түпкілікті көмудің техникалық мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

4. Қалдықтар полигондарын орналастыру мен салу жобалары:

1) мемлекеттік экологиялық сараптамадан;

2) эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерді салу кезінде осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптамадан өткізілуге жатады.

4-1. Техногендік минералдық түзілімдерді уақытша сақтау қалдықтарды орналастыру болып табылмайды.

Техногендік минералдық түзілімдерді уақытша сақтау орындары оларды қайта өңдегенге, кәдеге жаратқанға, ұзақ мерзімді сақтау орнына немесе полигонға әкеткенге не осындай операцияларды жүзеге асыратын үшінші тұлғаларға бергенге дейін оларды он екі айдан аспайтын мерзімге қауіпсіз жинауға арналады.

Осындай техногендік минералдық түзілімдердің уақытша сақтау шарттарымен мерзімдері бұзылған жағдайда, бұлар түзілген кезден бастап олар орналастырылған деп танылады.

5. Қауіпті қалдықтарды сақтау мен көму шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түріне жатады. Қауіпті қалдықтарды сақтау мен көму орындары экологиялық қауіпті объектілер болып табылады.

6. Қазақстан Республикасының жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы халықаралық шарттарында көзделген жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды көмуге тыйым салынады. Мұндай қалдықтардың экспортына және импортына оларды жою мақсатында ғана рұқсат етіледі.

Ескерту. 298-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **299-бап. Қалдықтарды орналастыру полигондарының сыныптары**

1. Қалдықтар орналастырылатын әрбір полигон мынадай сыныптардың біріне жатқызылуға тиіс:

- 1) 1-сынып - қауіпті қалдықтарды орналастыруға арналған полигон;
- 2) 2-сынып - қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигон;
- 3) 3-сынып - тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыруға арналған полигон

2. Әртүрлі сыныптағы полигондарға орналастыруға арналған қалдықтардың тізбесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 299-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **300-бап. Қалдықтарды орналастыру полигондарына қойылатын экологиялық талаптар**

1. Қауіпсіз қалдықтарға ғана алдын ала өңдеусіз көму қолданылуы мүмкін.

2. Қауіпті қалдықтарға залалсыздандыру, қалыпты жағдайға келтіру және қалдықтардың қауіпті қасиеттерін төмендететін басқа да әсер ету тәсілдері қолданылуға тиіс.

3. Қауіпті қалдықтарды қауіпсіз қалдықтардың полигондарына орналастыруға тыйым салынады.

3-1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды алдын ала қайта өңдемей көмуге тыйым салынады.

4. Белгілі бір сыныптағы полигонда қалдықтарды қабылдау критерийлері былайша айқындалады:

1) қоршаған ортаны (әсіресе жер асты және жер үсті суларын) және халықтың денсаулығын қорғау;

2) полигон шегінде қалдықтарды қалыпты жағдайға келтіру процестерін қамтамасыз ету;

3) қабылданатын қалдықтардың сапалық құрамы;

4) қабылданатын қалдықтардың органикалық құрауыштарының саны және олардың биологиялық бұзылуға бейімділігі бойынша талаптар мен шектеулер;

5) қорғаныш критерийлеріне сәйкес ықтимал қауіпті құрауыштардың санына қойылатын шектеулер;

6) қалдықтар мен құралатын сүзінді сулардың экоуытты қасиеттері.

5. Белгіленбеген орындарға қалдықтарды жинап қоюға және кездейсоқ қоқыстарды түзуге тыйым салынады.

6. Әрбір полигон олардың қоршаған ортаға теріс әсерінің алдын алу үшін атмосфералық шығарындылардың (қоқыс газы), сақтауға қойылған қалдықтарда құралатын сүзінді судың және сарқынды сулардың мониторингі жүйесімен жабдықталуға тиіс.

6-1. Тұрмыстық қатты қалдықтардың жаңадан салынатын полигондары сүзінді су мен қоқыс газын жинауға және бөлуге арналған жүйелермен жабдықталуға тиіс. Сүзінді су мен қоқыс газын жинауға және бөлуге арналған жүйелерді жобалауға, салуға және пайдалануға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының стандарттарында белгіленеді. Сүзінді су мен қоқыс газын жинауға және бөлуге арналған жүйелерді жобалауға, салуға және пайдалануға қойылатын стандарттардың талаптары дара кәсіпкерлердің және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

6-2. Тұрмыстық қатты қалдықтардың жаңадан салынатын полигондары сүзгіге қарсы экранмен жарақтандырылуға тиіс. Сүзгіге қарсы экрандарды жобалауға және салуға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының стандарттарында белгіленеді. Сүзгіге қарсы экрандарды жобалауға және салуға

қойылатын стандарттардың талаптары дара кәсіпкерлердің және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

7. Полигонда көмуге арналған қалдықтардың саны мен қауіпті қасиеттері азайтылуға тиіс.

8. Полигонның иесі биологиялық іритін қалдықтарды көму көлемін азайту және қоқыс газды бақылау мен кәдеге жарату жүйелерін енгізу арқылы полигонда метанның құралуын азайту жөнінде шаралар қабылдауға тиіс.

9. Қоршаған ортаның ластануын болдырмау үшін полигонның иесі қалдықтарды сыныптау негізінде қабылдаудың бірдейлендірілген рәсімін енгізуге тиіс.

10. Қалдықтарды көму полигонының қызметі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген мерзімде учаскені экологиялық талаптарға сәйкес келтіру жөніндегі жоспар негізінде жүзеге асырылады.

11. Полигонның меншік иесі полигон жабылғаннан кейін жерлерді рекультивациялау жөніндегі іс-шараларды және қоршаған ортаға әсердің мониторингін жүргізу үшін тарату қорын құрады.

Жою қоры жоқ полигонды пайдалануға тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінің ережелері "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жою бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді берген жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылмайды.

12. Көму үшін қабылданатын қалдықтарды қабылдау мен сыныптау рәсімін полигон иесі белгілейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келіседі.

13. Полигондарда қалдықтарды орналастыруға және полигондарды күтіп-ұстауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

**Ескерту. 300-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **301-бап. Полигондардың қабылдауына келмейтін қалдықтар**

1. Полигондарда мынадай қалдықтарды көму үшін қабылдауға тыйым салынады:

1) сұйық қалдықтар;

2) полигон жағдайында жарылатын, коррозиялы, қышқылданатын, өрт қаупі жоғары немесе өрт қаупі бар қауіпті қалдықтар;

3) сумен реакцияға түсетін қалдықтар;

4) медициналық немесе ветеринариялық мекемелердің жұқпалы болып табылатын қалдықтары;

5) рекультивациялау кезінде тұрақтандырушы материал ретінде қолданылуын қоспағанда, пайдаланылған тұтастай шиналар және олардың бөліктері;

6) жойылмайтын органикалық ластаушыларды қамтитын қалдықтар;

7) пестицидтер;

8) қабылдау критерийлерін қанағаттандырмайтын қалдықтар.

9) пластмасса, пластика, полиэтилен қалдықтары және полиэтилентерефталат орамасы;

10) макулатура, картон және қағаз қалдықтары;

11) құрамында сынап бар лампалар мен аспаптар;

12) шыны сынықтары;

13) түсті және қара металдар сынықтары;

14) алып тасталды - ҚР 05.04.2017 № 56-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) литий, қорғасын-қышқыл батареялары;

16) электрондық және электр жабдықтары;

17) алып тасталды - ҚР 05.04.2017 № 56-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18) құрылыс материалдарының қалдықтары;

19) тамақ қалдықтары.

2. Қабылдау критерийлерін орындау мақсатында қалдықтарды араластыруға тыйым салынады.

3. Жергілікті атқарушы органдар биологиялық іритін қалдықтардың рециклингін, компостерлеу, өнім немесе энергия өндіру мақсатында биогаз өндіру және (немесе) пайдалану жөніндегі шараларды қоса алғанда, оларды көмуді қысқарту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады.

Ескерту. 301-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 09.01.2007 N 212 (қолданысқа енгізілу тәртібін 324-бабы 12-тармағынан қараңыз) Кодексімен; ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.04.2017 № 56-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**302-бап. Коммуналдық қалдықтарды орналастыруға арналған полигондарда орналастыруға тыйым салынатын өнеркәсіптік қатты және шлам тәрізді қалдықтар**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

Коммуналдық қалдықтар полигондарында мынадай өнеркәсіптік қатты және шлам тектес қалдықтарды орналастыруға тыйым салынады:

1) хлор өндіру жөніндегі химия өнеркәсібінің қалдықтары:

синтетикалық каучук, хлор, каустика өндірісінің құрамында сынап пен оның қосындылары бар графитті шламы;

метанол, оргшыны өндірісінің құрамында метанол бар қалдықтары;

монохлорсірке қышқылының құрамында гексахлоран, метанол, трихлорбензол бар тұздар өндірісінің шламдары;

ДДТ, уротропин, цинеб, мыстың үш хлорфеноляты, тиурам-Д тасымалы үшін пайдаланылған қағаз қапшықтар;

мыстың үш хлорфеноляты өндірісінің құрамында үш хлорфенол бар шламдары;

пластополимерлер өндірісінің құрамында бензол мен дихлорэтан бар пайдаланылған катализаторлары;

құрамында хлоропрен бар коагулюм және омега полимерлері;

үшхлорбензол қалдықтары, тыңайтқыштар өндірісінің құрамында гексахлоран, үшхлорбензол бар қалдықтары;

2) хром қосындыларын өндіру жөніндегі химия өнеркәсібінің қалдықтары:

натрий монохроматы және хлорлы натрий өндірісінің шламы, калий биохроматы өндірісінің құрамында алты валентті хром бар қалдықтары;

3) сода өндіру жөніндегі өнеркәсіптің құрамында мырышы бар мырыш күйігі қалдықтары;

4) жасанды талшық өндірісінің қалдықтары:

құрамында диметилтерефталат, терефтал қышқылы, мырыш, мыс бар шламдар;

капролактамы сүзуден қалған, құрамында капролактамы бар қалдықтар;

метанолиз қондырғысының құрамында метанол бар қалдықтары;

5) сырбояу өнеркәсібінің қалдықтары:

сыр мен эмаль қабықтары, құрал-жабдықтарды тазалау кезіндегі құрамында мырыш, хром, ерітінділер, тотықтырғыш майлар бар қалдықтар;

құрамында мырыш пен магний бар шламдар;

б) химиялық-фотография өнеркәсібінің қалдықтары:

гипосульфит пен сусыз сульфит өндірісінің құрамында фенол бар қалдықтары;

магниттік сырдың, коллодийдің, бояулардың құрамында бутилацетат, толуол, дихлорэтан, метанол бар қалдықтары;

7) пластмасса өндірісінің құрамында фенол бар қалдықтары;

8) азот өнеркәсібінің қалдықтары:

коксты газды тазалау қондырғысынан алынған шлам (шайырлар) және синтез бен компрессия цехының құрамында канцерогенді заттар бар пайдаланылған майлары;

моноэтаноламинді айдаудан қалған, құрамында моноэтаноламин бар текшелі қалдық;

9) мұнай өңдеу және мұнай химиясы өнеркәсібінің қалдықтары:

майларды, парафинді тазалаудан қалған, құрамында хром мен кобальт бар алюмосиликатты адсорбент;

құрамында отыз проценттен астам күкіртті қышқыл бар қышқыл гудрондар;

кокс алудың және жартылай коксты газдандырудың құрамында фенол бар фустары мен фусты-шайырлы қалдықтары;

құрамында хром бар пайдаланылған катализаторлар;

құрамында майлар бар пайдаланылған саз;

алкилфенолды құю қондырғыларынан алынған сүзу процесінің құрамында мырыш бар қалдықтары;

10) машина жасау қалдықтары:

құрамында хром бар төгінділердің хромды шөгіндісі;

құрамында циан бар төгінділердің цианды шөгіндісі;

органикалық байластырғыштағы құрамында хром бар стерженьді қоспалар;

вакуумды сүзгілерден, гальвандық цехтарды ыдырату станцияларынан кейінгі құрамында мырыш, хром, никель, кадмий, қорғасын, мыс, хлорофос, тиокол бар шөгінді;

11) медицина өнеркәсібінің қалдықтары:

синтомицин өндірісінің құрамында бром, дихлорэтан, метанол бар қалдықтары;

байыту қалдықтары мен құрамында ауыр металдардың тұздары бар шламдар.

**Ескерту 302-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **303-бап. Қауіпті қалдықтар полигондарына арналған жалпы талаптар**

1. Қауіпті қалдықтарды көму полигондары орналасатын жерлерде:

1) полигон шекарасынан тұрғын үй және рекреациялық аймақтарға, су объектілеріне, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге және елді мекендерге дейінгі қашықтыққа;

2) жерасты, жерүсті суларының және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың болуына;

3) геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларға;

4) учаскедегі су басу, ойысу, шөгу немесе сел жүру қатеріне;

5) мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін қорғауға қатысты талаптар ескерілуге тиіс.

2. Полигонның сипаттарына және метеорологиялық жағдайларға қарай:

1) полигон бойына судың кенеттен келуін бақылау;

2) қалдықтарды көму орнына жер беті және (немесе) жер асты суларының келуін болдырмау;

3) ласталған суды және сүзінді суды сарқынды сулар үшін белгіленген нормативтерге дейін жинау және өңдеу көзделуге тиіс.

3. Қоқыс газды жинау, өңдеу мен пайдалану қоршаған ортаға залалды немесе оның нашарлауын және халықтың денсаулығы үшін тәуекелді барынша азайтатын тәсілмен жүргізілуге тиіс.

4. Қалдықтарды көму полигондарының жұмыс істеу салдарларын:

1) иістер мен шандардың эмиссиясын;

2) жел айдап тарататын материалдарды, қосындылар мен аэрозольдарды;

3) шу мен қозғалысты;

4) құстарды, паразиттер мен жәндіктерді;

5) өрттерді барынша азайту үшін шаралар қабылдануға тиіс.

5. Қалдықтарды орналастыру полигоны ластың учаскеден қоғамдық жолдарға және жақын маңдағы аумаққа шығарылмайтындай етіп жабдықталуға тиіс.

6. Полигон учаскеге басқа тұлғалардың еркін кіруінен қорғалуға тиіс. Әрбір техникалық құралға бақылау жасау және оған қол жеткізу жүйесі құралдардың заңсыз пайдаланылуын анықтайтын және оған кедергі келтіретін шаралардың бағдарламасын қамтуға тиіс.

7. Қалдықтарды орналастыру полигондарын басқаруды полигонды пайдалануға техникалық құралдары бар және полигон қызметкерлерін кәсіби және техникалық біліммен және тренингпен қамтамасыз ететін жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

8. Жол берілетін әсер ету деңгейі қалдықтарды көму полигоны жобасының негізінде полигон орналасқан жердегі өзіндік гидрогеологиялық жағдайларды назарға ала отырып, экологиялық рұқсатта айқындалуға тиіс.

9. Полигонға Қазақстан Республикасының Қалдықтардың мемлекеттік кадастрына енгізілген жеке тіркеу нөмірі беріледі. Полигон иесі полигонға

қабылданатын қалдықтардың есебін жүргізуге арналған құжат айналымы жүйесін әзірлеуге тиіс.

10. Қалдықтарды орналастыру полигонының жобасында жабу, рекультивациялау және ол жабылғаннан кейін ластануға мониторинг пен бақылау жүргізу үшін тарату қорын құру көзделеді. Тарату қорларын қалыптастыру тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жою бойынша өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуді берген жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылмайды.

11. Полигонның иесі жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға орналастырылатын қалдықтардың түрлері мен саны туралы және жоспарлы бақылаудың нәтижелері туралы хабарлауға міндетті.

Ескерту. 303-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2017 № 126-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **304-бап. Қалдықтарды қабылдау рәсімдері**

1. Қалдықтарды полигонға тапсыратын қалдықтардың меншік иесі полигонның иесіне қалдықтарды белгілі бір түрге жатқызуды растайтын және қауіпті қалдықтар паспортының көшірмесімен қауіпті қалдықтарға ілесіп жүретін, олардың сандық және сапалық сипаттамалары туралы дұрыс ақпаратты табыс етуге міндетті.

2. Полигондардың иелері қалдықтардың осы полигонға орналастыруға рұқсат етілген және оларды орналастыру құқығы экологиялық рұқсатпен расталған түрлерін ғана полигонға қабылдауға құқылы.

3. Полигонның иесі қалдықтар қабылдаудың мынадай рәсімдерін сақтайды:

1) қауіпті қалдықтардың паспортын қоса алғанда, қалдықтар құжаттамаларын тексеру;

2) қалдықтарды кіреберісте және орналастырылатын жерде көзбен шолып қарап тексеру;

3) қалдықтар құрамын қалдықтардың меншік иесі табыс еткен құжаттамадағы жазбамен салыстыру;

4) шығарылған жерін, әкеліну күнін, шығарушысын немесе жинаушысын бірдейлендіруді, ал қауіпті қалдықтар бар болғанда - олардың полигондағы

нақты орналасу орнын көрсете отырып, орналастырылған қалдықтардың саны мен сипаттамасының есебін жүргізу;

5) полигонға радиоактивті заттардың түсуін болғызбау үшін қалдықтардың әрбір тобына дозиметрлік бақылау жүргізу қажет.

4. Полигонның иесі учаскеде қабылданған қалдық тобының алынғанын жазбаша растауды тұрақты түрде қамтамасыз етуге және осы құжаттаманы бес жыл бойы сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

5. Қалдықтардың түсетін массасын анықтау үшін қабылдау пункттерінде өлшеуіш аспаптары орналастырылады.

### **305-бап. Полигонды пайдалану сатысындағы бақылау мен мониторинг**

1. Полигонның иесі жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қоршаған ортаға әсердің мониторингін жүргізілгені туралы есеп береді.

2. Полигонның иесі бақылау және мониторинг нәтижесінде анықталған, қоршаған ортаға қолайсыз әсер туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етуге, сондай-ақ қабылданылатын түзету шараларының сипаты мен мерзімдерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісуге тиіс.

3. Бақылауды, мониторингті және (немесе) талдауды аккредиттелген зертханалар орындауға тиіс.

4. Сүзінді су мен жер бетіндегі судың сынамасы репрезентативті пункттерде іріктелуге тиіс. Сүзінді суды іріктеу мен оның көлемін және құрамын өлшеуді жүзеге асыру учаскенің сүзінді су құралатын әрбір пунктінде жеке орындалуға тиіс.

5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының әрбір секциясы үшін газ мониторингі жүргізіледі.

6. Іріктеу мен талдауды жүзеге асырудың жиілігі қоршаған ортаға эмиссия рұқсатына қоса берілетін мониторинг бағдарламасында негізделеді.

7. Өлшенетін параметрлер мен талданатын заттар орналастырылатын қалдықтардың құрамына қарай түзетіледі.

8. Жер асты суларынан алынған сынамаларда талданатын параметрлер осы жердегі сүзінді судың күтіліп отырған құрамына және жер асты суларының сапасына негізделуге тиіс. Талдама есебі үшін параметрлерді таңдау процесінде жер асты суларының жылдамдығы мен ағыс бағыты айқындалуға тиіс. Параметрлер су сапасындағы бұрын анықталған өзгеріске кепілдік беру үшін индикативтік көрсеткіштерді қамтуы мүмкін.

Ескерту. 305-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **306-бап. Полигонды (полигонның бөлігін) жабу, рекультивациялау және мониторинг рәсімдері**

1. Қалдықтарды көму жөніндегі полигонды (полигонның бөлігін) жабуға экологиялық рұқсат алынғаннан кейін ғана жол беріледі.

2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы мемлекеттік органның лауазымды адамдары жергілікті жерде қорытынды қарап тексеруді жүргізгеннен, полигонның (полигонның бөлігінің) иесі берген барлық ақпаратты бағалағаннан және оны полигонды жабудың мақұлданғаны туралы хабардар еткеннен кейін ғана қалдықтарды көму жөніндегі полигон (полигонның бөлігі) жабылған деп қаралуы мүмкін. Бұл ретте полигонның иесі экологиялық рұқсаттың талаптарын орындаудан босатылмайды.

3. Полигон (полигонның бөлігі) жабылғаннан кейін полигонның иесі аумақты рекультивациялауды жүзеге асырады және 1-сыныптағы полигондар үшін - отыз жыл бойы, 2-сынып полигондары үшін – жиырма жыл бойы, 3-сынып полигондары үшін бес жыл бойы қоқыс газдың және сүзінді судың шығарындыларына мониторинг жүргізеді. Бүлінген жерлерге рекультивациялау және кейіннен мониторинг жүргізуге арналған қаражат полигонды тарату қорынан түседі.

3-1. Полигондарды рекультивациялау полигон орналасқан аймақтың табиғи-климаттық жағдайлары ескеріле отырып, полигон бойында қалдықтарды тұрақтандыру, полигон еңістерін эрозияға қарсы қорғау және көгалдандыру жөніндегі іс-шараларды қамтиды. Полигондарды рекультивациялауға қойылатын талаптар ұлттық стандарттарда белгіленеді. Рекультивациялауға қойылатын ұлттық стандарттардың талаптары дара кәсіпкерлердің және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

4. Полигонның иесі жобаның шарттарына сәйкес полигонды (полигонның бір бөлігін) рекультивациялауды орындағаннан кейін және орындалған жұмыстар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен қабылдау комиссиясының актісімен қабылданғаннан кейін полигон иесі қоршаған ортаға мониторинг жүргізуді тоқтатады.

Ескерту. 306-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 № 506-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018

№ 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **44-тарау. РАДИОАКТИВТІ ҚАЛДЫҚТАРДЫ САҚТАУ ЖӘНЕ КӨМУ ПУНКТТЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР**

##### **307-бап. Радиоактивті қалдықтар және оларды жіктеу**

1. Радиоактивті қалдықтарға одан әрі пайдалануға келмейтін, кез келген агрегаттық күйдегі мынадай заттар:

1) құрамындағы радионуклид Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген деңгейден асып кеткен материалдар, бұйымдар, жабдық, биологиялық туынды объектілер;

2) пайдаланылған, өңдеуге келмейтін ядролық отын;

3) өзінің ресурсын тауысқан немесе зақымданған радионуклидті көздер;

4) құрамындағы радионуклид Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген деңгейден асып кеткен, жер қойнауынан алынған және үйінділерге және жер қыртыстарына қоймаланған тау жыныстары, кендер, кендерді байыту мен сілтісіздендірудің қалдықтары жатады.

2. Радиоактивті қалдықтардың агрегаттық жай-күйі, шығарылған жері, радиоактивтілік деңгейі, радионуклидтің жартылай ыдырау кезеңі оларды жіктеудің негізі болып табылады.

3. Радиоактивті қалдықтар агрегаттық жай-күйі бойынша сұйық және қатты болып бөлінеді.

Сұйық радиоактивті қалдықтарға органикалық емес заттардың ерітінділері, сүзгі материалдарының пульттері, органикалық сұйықтар жатады.

Қатты қалдықтарға бұйымдар, машиналардың және тетіктердің бөлшектері, материалдар, биологиялық объектілер, радиоактивті сәулелердің таусылған көздері жатады.

4. Егер қалдықтар құрамындағы радионуклидтердің үлестік активтілігі бақылауға жататын радиоактивті материалдарға арналған радиациялық қауіпсіздік нормаларымен регламенттелген мәндерден артық болса, ал белгісіз радионуклидті құрамдағы үлестік активтілік:

1) бета-сәулелену радионуклидтері үшін - килограммына жүз килобеккерелден;

2) альфа-сәулелену радионуклидтері (трансурандыларды қоспағанда) үшін - килограммына он килобеккерелден;

3) трансуранды радионуклидтер үшін - килограммына бір килобеккерелден артық болған кезде қалдықтар радиоактивтіге жатады.

5. Радиоактивті қалдықтар құралу көздері бойынша былайша жіктеледі:

1) тау-кен өнеркәсібінің қалдықтары;

- 2) зерттеушілік және энергетикалық ядролық қондырғылардың қалдықтары;
- 3) ядролық жарылыстардың қалдықтары;
- 4) пайдаланылмайтын радиоактивті сәулелену көздері және қызмет мерзімі аяқталған көздер.

6. Қатты радиоактивті қалдықтар радиоактивтілік деңгейі бойынша былайша жіктеледі:

1) активтілігі төмен қалдықтар - өзіндегі үлестік активтілік (килограммына киLOBеккерелден): бета-сәулелену радионуклидтері үшін - мыңнан кем; альфа-сәулелену радионуклидтері (трансурандықтарды қоспағанда) үшін - жүзден кем; трансурандық радионуклидтер үшін - оннан кем қалдықтар;

2) активтілігі орташа қалдықтар - өзіндегі үлестік активтілік (килограммына киLOBеккерелден): бета-сәулелену радионуклидтері үшін - мыңнан он миллионға дейінгі; альфа-сәулелену радионуклидтері (трансурандықтарды қоспағанда) үшін - жүзден бір миллионға дейінгі; трансурандық радионуклидтер үшін - оннан жүз мыңға дейінгі қалдықтар;

3) активтілігі жоғары қалдықтар - өзіндегі үлестік активтілік (килограммына киLOBеккерелден): бета-сәулелену радионуклидтері үшін - он миллионнан астам; альфа-сәулелену радионуклидтері үшін (трансурандықтарды қоспағанда) - бір миллионнан астам; трансурандық радионуклидтер үшін - жүз мыңнан астам қалдықтар.

### **308-бап. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе)көму пункттерін жіктеу**

1. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму үшін пайдаланылатын табиғи (табиғаттық) немесе жасанды алаңдар, ыдыстар немесе үй-жайлар радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттеріне жатады.

2. Қалдықтар кейіннен алып кету ниетінсіз орналастырылатын пункттер радиоактивті қалдықтарды көму пункттеріне жатады.

3. Радиоактивті қалдықтарды сақтау пункттері:

1) табиғи радионуклидтері басым геологиялық барлау, тау-кен өндіру және тау-кен қайта өңдеу қызметтерінен;

2) табиғи радионуклидтері басым ядролық энергетикадан, ядролық жарылыстар мен радиоизотопты өнімдерден радиоактивті қалдықтарды қабылдауы бойынша бөлінеді.

4. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттері радиоактивті қалдықтарды жинау алаңының ауқымы бойынша оқшау және өңірлік болып бөлінеді. Бір объектінің немесе бір ауданның қалдықтарын

орналастыруға арналған пункттер - оқшау пункттерге, ал екі және одан көп объектілердің және (немесе) аудандардың қалдықтарын орналастыруға арналған пункттер өңірлік пункттерге жатады.

**309-бап. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе)көму пункттеріне қойылатын экологиялық талаптар**

1. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттерінің барлық жобалары мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаға және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүргізілетін сараптамадан өткізілуге тиіс. Жобалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

2. Жобада:

1) радиоактивті қалдықтардың құралу көздері, радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттерінің болжамдалатын әрекеті радиусындағы қоршаған ортаға радиоактивті әсер етудің басқа да көздері, олардың сандық және сапалық сипаттамалары;

2) ұйымдық құрылымы, өндірістік радиациялық бақылау жүргізудің көлемі мен тәртібі;

3) халыққа дозалық жүктеменің есептері, радиоактивті қалдықтардың болжамдалатын әрекеті радиусындағы барлық радиация көздерінің қоршаған ортаға әсерінің жол берілетін және бақыланатын деңгейлері және бағалауы көрсетілуге тиіс.

3. Жобада сақтау және (немесе) көму пункті салынатын орынды халықтың тәуекел тобына дозалық жүктеме бағалауы қамтылатын, қоршаған ортаға әсер ескерілген арнайы іздестірулер мен экономикалық бағалаулар негізінде баламалық нұсқалар қатарынан таңдау негізделуге тиіс.

4. Геодезиялық, геологиялық, гидрогеологиялық және гидрометеорологиялық іздестірулерді қоса алғанда, инженерлік іздестірулер:

1) пункт құрылысы орналасатын орынды таңдау және оны табиғи және техногендік факторларының қолайсыз әсерінен инженерлік қорғау;

2) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар негіздемелерін қамтамасыз етуге тиіс.

5. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттерінің жобаларында дезактивациялаудан немесе басқа да қызметтен кейін бүлінген жерлерді рекультивациялау көзделуі қажет.

6. Радиоактивті қалдықтарды көму пункттерінің айналасында шекаралары Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық

салауаттылығы туралы заңнамасына сәйкес белгіленетін санитарлық қорғаныш аймағы белгіленеді.

7. Радиоактивті қалдықтарды көму пункттерін:

- 1) тұрғын үй құрылысы аумақтарында;
- 2) жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның келісімінсіз пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда;
- 3) активті карст аймақтарында;
- 4) шөгулер, сел тасқындары мен қар көшкіндері және басқа да қауіпті геологиялық процестер аймақтарында;
- 5) батпақты жерлерде;
- 6) ауыз судың жер асты көздерінен су алынатын аймақтарда;
- 7) курорттардың санитарлық күзет аймақтарында;
- 8) қалалардың жасыл аймақ аумақтарында;
- 9) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;
- 10) шаруашылық-ауыз сумен жабдықтаудың жер асты және жер беті көздері санитарлық күзет аймақтарының I, II, III белдеулері, су құбырларын тазалау құрылыстарының, магистральдық су тасу аумағында;
- 11) су бөлу аумағында;
- 12) ормандар, орман саябақтары және басқа жасыл екпелер өсірілген немесе өсіруге арналған, қорғаныш және санитарлық-гигиеналық функцияларды орындайтын және халықтың демалу орындары болып табылатын жерлерде орналастыруға жол берілмейді.

8. Құрылысқа жер учаскесін таңдау кезінде мынадай шарттарды сақтау қажет :

- 1) минералдануы бойынша ауыз сумен және техникалық сумен жабдықтауға жарамсыз ызасулардың болуы;
- 2) араласушы тау жыныстарының жоғары сорбцион-сыйымдылығы;
- 3) жер асты сулары айтарлықтай тереңдікте жатуы (алпыс және одан көп метр );
- 4) ызасудың радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттері түбінен төрт метр алыс деңгейі;
- 5) сулы жиектер болып табылмайтын және төмен жатқан сулы жиектермен гидравликалық байланысы жоқ геологиялық қабаттардың болуы;
- 6) опырылмалы тектониканың және қарқынды жарықшақтықтың болмауы, сейсмикалық қауіпті опырылуға дейінгі арақашықтықтың қырық километрден астам болуы;
- 7) төгінділер құрауға, шөгуге, құлауға өте төмен сезімталдықтың болуы;
- 8) эрозияның болмауы;
- 9) геоморфологиялық тұрақтылық;

- 10) іргетастың қатты және өте тығыз топырақты және тау жынысты болуы;
- 11) іргетастың мықтылығы он метрден асатын, су өтпейтін тау жынысты болуы;
- 12) жергілікті жердің бес проценттен аспайтын еңісті шағын қыратты болуы;
- 13) жақын жердегі жер асты және жер үсті суларының су жинау тоғанына дейінгі немесе жер үстіндегі су көздеріне дейінгі арақашықтықтың төрт шақырымнан алыс болуы;
- 14) жерді іс жүзінде пайдаланудың айтарлықтай экономикалық тиімділік бермеуі, сонымен қатар жерді әлеуетті пайдаланудың танылған бағасының жоқтығы;
- 15) төрт шақырым арақашықтықта мәдени және ұлттық мәні бар құндылықтардың жоқтығы;
- 16) бұл жердің туристік құндылығының жоқтығы және оған жақын маңдағы елді мекендер тұрғындары сирек келуі.

9. Осы баптың 8-тармағында көрсетілген шарттардың бірі сақталмаған кезде:

- 1) суды аз өткізетін және сорбцион-сыйымдылық материалдарынан (полиэтиленнен, бетоннан, керамикадан, саздан, цеолиттен) жасалған инженерлік кедергілер жасау;
- 2) жер үсті суларының, ызасулардың және жер асты суларының пункттерді айналып өтуін қамтамасыз ететін сорғының жүйелерін жасау жолымен қоршаған ортаны радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пунктінің зиянды әсерінен қорғау жөнінде немесе оны табиғи және техногендік факторлардан қорғау жөніндегі іс-шаралар әзірленуге тиіс.

10. Уранды және уранды емес тау-кен және өңдеуші кәсіпорындардың активтілігі төмен қалдықтары үшін радиоактивті қалдықтарды аэрация аймағынан төмен және сорбцион-сыйымдылық қасиеттері неғұрлым жоғары (радионуклидтердің пункттен тыс таралу ықтималдығын болдырмайтын) басқа тау жыныстары арасында орналастыра отырып, бұрын қазып өтілген тау-кен қазбалары пайдаланылуы мүмкін.

11. Уранды және уранды емес тау-кен және өңдеуші кәсіпорындардың активтілігі орташа қалдықтары үшін де саздан, цеолиттен және радионуклидті сорбциондайтын басқа материалдардан жасалған техникалық кедергілерді қосымша орната отырып, бұрын қазып өтілген тау-кен қазбалары пайдаланылуы мүмкін.

12. Су өткізбейтін жыныстардан немесе басқа материалдардан жасалған табиғи немесе жасанды төсеніш болған кезде рельефтегі табиғи ойпауыттар активтілігі төмен қатты және сұйық радиоактивті қалдықтарды ұзақ мерзімге орналастыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

13. Сұйық қалдықтарды көмуге тыйым салынады. Сұйық қалдықтар қоршаған ортадағы болбыр тау жыныстардың ылғалдылығына дейін сорғытылуға немесе қатайтылуға тиіс.

14. Активтілігі орташа радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттері үшін міндетті түрде күзету іс-шаралары мен белгі беру құралы, белсенділігі төмен радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттері үшін белгі беру құралынсыз күзету іс-шаралары көзделеді.

15. Дозалық жүктеменің есебі және халықтың радиациялық қорғалуы жөніндегі тиімді шараларды әзірлеу халықтың тәуекелді топтары бойынша дозаның есебі негізінде жүзеге асырылады. Халықтың тәуекелді тобы халықтың осы тобына радиоактивті заттар жететін тәуекелді жолды талдау және анықтау негізінде айқындалады.

16. Жер үсті суларының, ызасулардың және жер асты суларының радиоактивті ластану есебі ерітінділердің сүзілуінің және ластанудың жылдамдығын, олардың таралу қабілеттерін және су сиятын тау жыныстарының сорбциондық мүмкіндіктерін айқындау үшін орындалатын арнайы гидрологиялық және гидрогеологиялық зерттеулер жүргізу негізінде орындалады.

17. Қоршаған ортаға авариялық радиоактивті ластану әсерінен келтірілген залал рекультивациялау жұмыстарын жүргізу жөніндегі қорғаныш шараларын орындауға арналған іс-шаралардың құны бойынша бағаланады.

#### **45-тарау. Парниктік газдар шығарындылары мен озонды бұзатын заттар саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу**

**Ескерту. 45-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.03 N 505-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі )**

**З а ң ы м е н .**

#### **310-бап. Климатты және Жердің озон қабатын қорғаудың негізгі принциптері**

Климатты және Жердің озон қабатын қорғау мынадай принциптерге негізделеді:

1) климаттың өзгеруінің (жаһандық өзгеруді қоса алғанда) және Жердің озон қабатының тозуының орны толмас салдарларын болдырмау, бәсеңсіту;

2) атмосфераға парниктік газдарды және озонды бұзатын заттарды шығаруды мемлекеттік реттеудің міндеттілігі;

3) климаттың өзгеруі және Жердің озон қабатының тозуы туралы ақпараттың жариялылығы, толықтығы және дұрыстығы;

4) климатты және Жердің озон қабатын қорғау әдісінің ғылыми негізділігі, жүйелілігі және кешенділігі.

### **311-бап. Климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласындағы мемлекеттік басқару**

Климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

### **312-бап. Климатты және Жердің озон қабатын қорғау бағдарламалары және оларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар**

**Ескерту. 312-бап алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **313-бап. Озонды бұзатын заттарды тұтынуды регламенттеу**

1. Озонды бұзатын заттарды тұтынуды мемлекеттік реттеу мақсатында озонды бұзатын заттарды шығарудың және тұтынудың жол берілетін лимиттері (квоталары) белгіленеді.

Озонды бұзатын заттарды тұтыну лимиттерін (квоталарын) Қазақстан Республикасының озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі халықаралық шарттарына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

2. Озонды бұзатын заттарды және құрамында солар бар өнімдерді транзиттеуді қоспағанда, оларды Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін лицензиялар негізінде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың озонды бұзатын заттарды жеке пайдалану үшін (коммерциялық емес мақсаттарда) алып өтуіне тыйым салынады.

**Ескерту. 313-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **314-бап. Парниктік газдардың және озонды бұзатын заттардың шығарындыларына жол берілетін шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын жалпы талаптар**

1. Озонды бұзатын заттарды және құрамында солар бар өнімдерді әкелу және әкету, озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізу, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеу, монтаждау, оған қызмет көрсету шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері болып табылады.

1-1. Озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізу, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеу, монтаждау, оған қызмет көрсету қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

2. Қалалық және өзге де қоныстарды салу кезінде шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін жобалау, орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалану парниктік газдар шығарындыларының азайтылуы және оларды сіңіргіштердің абсорбциялау деңгейінің сақталуы ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.

3. Озонды бұзатын заттарды әкелуді және әкетуді, сондай-ақ озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуді, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеуді, монтаждауды, оған қызмет көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер:

1) өнімге "озон қабатын бұзады" деген жазба жазуға және озонды бұзатын заттар немесе озонды бұзатын заттары бар өнімдер сақталатын не тасымалданатын ораманы осындай жазбамен анық көрінетіндей етіп таңбалауға;

2) олардың қауіпсіз сақталуын және тасымалдануын қамтамасыз етуге;

3) тауарға ілеспе құжаттамада, өнімде бар заттарды қоса алғанда, озонды бұзатын заттардың атауы мен санын көрсетуге;

4) озонды бұзатын заттарды кәдеге жарату және (немесе) залалсыздандыру мақсатында жинау және оларды герметикалық ыдыста сақтау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және орындауға міндетті.

4. Озонды бұзатын заттарды кәдеге жаратуға және (немесе) залалсыздандыруға арналған объектілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасында тұтыну үшін шектеу қойылған немесе тыйым салынған озонды бұзатын заттар тізбесіне енгізілген, озонды бұзатын заттармен жұмыс істеу көзделетін технологияларды, жабдықтарды, заттар мен материалдарды пайдалана отырып, объектілерді жобалауға, реконструкциялауға, техникалық қайта жарақтандыруға, кеңейтуге, жаңадан салуға тыйым салынады.

**Ескерту. 314-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (**

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **314-1-бап. Қондырғыға қойылатын талаптар**

Ескерту. 45-тарау 314-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; алып тасталды - ҚР 08.04.2016 № 491-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

### **315-бап. Озонды бұзатын заттарды тұтынуды есепке алу**

1. Озонды бұзатын заттарды тұтынуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен есепке алынуға жатады.

2. Озонды бұзатын заттарды тұтынуды есепке алуға қызметтің мынадай түрлері:

- 1) озонды бұзатын заттарды өндіру;
- 2) озонды бұзатын заттарды әкелу және әкету;
- 3) озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізу, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеу, монтаждау, оған қызмет көрсету жатады.

Ескерту. 315-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **316-бап. Озонды бұзатын заттарды тұтынуды есепке алу және оның мемлекеттік кадастры**

Ескерту. 316-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 21.06.2013 № 107-V ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес реттелетін озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрын әзірлеуді ұйымдастырады.

2. Озонды бұзатын заттарды әкелуді және әкетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрын дайындау үшін:

сатып алушы ұйымдардың атаулары мен орналасқан жерлерін және болжамды қолдану салаларын көрсете отырып, озонды бұзатын заттардың әкелінген, әкетілген және өткізілген санын есепке алуды жүргізеді;

жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қолдану салалары бойынша озонды бұзатын заттардың нақты әкелінген, әкетілген және өткізілген саны туралы мәліметтерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ұсынады.

3. Озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрының деректері ашық болып табылады және жариялануға жатады.

**Ескерту. 316-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **317-бап. Парниктік газдарды мемлекеттік түгендеу және парниктік газдардың мемлекеттік кадастры**

**Ескерту. 317-бап алып тасталды - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

**З а ң ы м е н .**

### **318-бап. Озонды бұзатын заттарды өндірістік бақылау**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Атмосфераға озонды бұзатын заттар шығарындыларының көздері бар заңды тұлғалар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен озонды бұзатын заттардың шығарындыларына жыл сайынғы түгендеу жүргізу жолымен өндірістік бақылауды жүзеге асырады.

2. Экологиялық қызметтерді ұйымдастыру туралы және озонды бұзатын заттарға өндірістік бақылау жүргізуге жауапты тұлғалар туралы мәліметтер, сондай-ақ озон бұзатын заттарды түгендеу нәтижелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етіледі.

Ескерту. 318-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **9-БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**

### **46-тарау. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**

#### **319-бап. Экологиялық құқық бұзушылықтың түрлері**

Экологиялық құқық бұзушылықтың түрлеріне:

- 1) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын мүліктік жауапкершілікке әкеп соғатын бұзушылық;
- 2) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар;
- 3) экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар жатады.

Ескерту. 319-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2014 № 227-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

#### **320-бап. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік**

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

#### **321-бап. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзудан келтірілген залалды өтеудің міндеттілігі**

1. Экологиялық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар өздері келтірген залалды осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өтеуге міндетті.

2. Мыналардың:

- 1) табиғи ресурстарды жою мен бүлдірудің;
- 2) табиғи ресурстарды заңсыз және ұтымсыз пайдаланудың;
- 3) өз бетінше эмиссиялардың;

4) нормативтен тыс эмиссиялардың салдарынан қоршаған ортаға, азаматтардың денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залал өтелуге тиіс.

3. Экологиялық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жеке тұлғалардың денсаулығына келтірілген зиянды, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүлкіне келтірілген залалды өтеуі ерікті түрде немесе Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі бойынша жүргізіледі. Зиян жәбірленушінің еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі, оның емделуіне және денсаулығын қалпына келтіруге жұмсалған шығындар, аурудың күтіміне байланысты шығындар, өзге де шығыстар мен жоғалтулар ескеріле отырып, толық көлемде өтелуге тиіс.

4. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу салдарынан қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу ерікті түрде немесе жүргізілу тәртібі осы Кодекске сәйкес айқындалатын залалды экономикалық бағалау негізінде сот шешімі бойынша жүргізіледі.

5. Қызметі қоршаған ортаға жоғары қауіптілікпен байланысты жеке және заңды тұлғалар, егер зиянның еңсерілмейтін күш немесе жәбірленушінің теріс пиғылы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, жоғары қауіп көзі келтірген зиянды өтеуге міндетті.

6. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу нәтижесінде келтірілген моральдық зиян Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелуге тиіс.

7. Жер бетінің, жер қойнауының және жерасты суларының ластануын болғызбайтын, қалдықтарды орналастыру және сарқынды суды ағызу үшін жабдықталған және соған арналған объектілерге қалдықтарды нормативтен тыс орналастыру жағдайлары және ластаушы заттарды нормативтен тыс ағызу жағдайлары қоршаған ортаға залал ретінде қарастырылмайды.

8. Химиялық заттардың жер бетіне, жер қойнауына және жерасты суларына түсуін болғызбайтын қорғаныш құрылыстарымен шектелген өндірістік алаңдарға түсу немесе оларға сарқынды судың төгілу жағдайлары қоршаған ортаға залал ретінде қарастырылмайды.

9. Табиғат пайдаланушы мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынған және шекті жол берілетін эмиссиялар нормативтерінен асып кетуіне әкелмейтін, ілеспе газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламаларынан, сондай-ақ жобалау құжаттамасынан және қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобаларынан ауытқу жағдайлары, оның ішінде газды жағу сценарийлерінің және (немесе) кестелерінің өзгеруі өз бетінше және нормативтен тыс эмиссиялар ретінде қаралмайды.

Ескерту. 321-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.03 N 505-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 271-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 № 505-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **322-бап. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзудан келтірілген зиянды өтеу тәртібі**

1. Қоршаған ортаға зиян келтірген тұлға келтірілген залалды ерікті түрде жоюға не өзгеше тәсілмен оның орнын толтыруға құқылы. Тұлғаның залалды жою не оның орнын толтыру туралы міндеттемесі кепілхатта жазылуға тиіс.

2. Зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаның өз қаражаты немесе сақтандыру төлемдері есебінен құндық нысанда жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Зиянды өтеудің құндық нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіруге, табиғи ресурстарды молықтыру жөніндегі іс-шараларды орындауға, талапкерге, алынбай қалған пайданы қоса алғанда, өзге шығындарды өтеуге арналған ақшалай қаражат жатады.

4. Тараптардың келісімімен сот шешімі бойынша зиян жауапкерге қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі міндеттерді жүктеу жолымен заттай нысанда өтелуі мүмкін.

5. Зиянды өтеудің заттай нысандарына қоршаған ортаның зиян келтірілгенге дейінгі жай-күйін қалпына келтіру, жойылған не бүлінген табиғи ресурстың орнына оған құны тең ресурс беру жөніндегі шаралар жатады. Зиянды заттай нысанда өтеу келтірілген зиянды өтеудің тәртібін, талаптарын, мерзімдері мен көлемін регламенттейтін шарт және (немесе) келісім жасасу жолымен жүргізіледі.

6. Зиянды өтеудің өндіріліп алынатын сомасы мемлекеттік бюджетке, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда жәбірленуші тұлғаға аударылады.

7. Зиянды өтеу қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаны әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды.

### **323-бап. Экологиялық дауларды шешу тәртібі**

1. Экологиялық дауларды соттар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шешеді.

2. Экологиялық құқықтық қатынастар субъектілері арасындағы экологиялық даулар келіссөздер арқылы, оның ішінде сарапшыларды тарта отырып не тараптардың бұрын келісілген дауларды шешу рәсіміне сәйкес шешілуі мүмкін.

## **47-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **324-бап. Өтпелі ережелер**

1. Табиғат пайдаланушылардың осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін алған табиғат пайдалануға арналған рұқсаттары қанша мерзімге берілсе, сонша мерзім ішінде қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары табиғат пайдалануға арналған рұқсаттарының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін экологиялық рұқсаттар алуға міндетті.

3. Қалдықтарды көму полигондарының және қалдықтарды ұзақ мерзімді сақтау қоймаларының иелері 2007 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде полигонды осы Кодекстің 43-тарауында көзделген экологиялық талаптарға сәйкес келтіру жоспарларын әзірлеуге және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісуге тиіс.

4. Табиғат қорғауды жобалауға, экологиялық сараптама саласындағы нормалауға және жұмыстарға, экологиялық аудиторлық қызметке лицензиялары бар жеке және заңды тұлғалар осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органда қайта рәсімдеуге міндетті. Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін бұл лицензиялар жарамсыз деп есептеледі.

5. Осы Кодекске сәйкес лицензиялауға жатпайтын, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне арналған лицензияның қолданысы осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап тоқтатылады.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлеріне арналған лицензиялары бар жеке және заңды тұлғалар оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

6. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органына табиғат пайдаланушылар 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін табыс еткен материалдар бойынша қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты II, III және IV санат объектілері үшін табыс етілген материалдар толық болған және олар осы Кодекстің талаптарына сәйкес болған жағдайда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органы қарайды және береді және олар берілген мерзім ішінде қолданыста болады.

7. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің бірінші ұлттық жоспары 2013 жылға бекітіледі.

8. Жойылуы қиын органикалық ластауыштарды қамтитын қалдықтардың иелері және меншік иелері қаржыландыру көздерін айқындай отырып, оларды 2025 жылға дейін жою жөніндегі бағдарлама әзірлеуге және оны қоршаған

ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға осы тармақ қолданысқа енгізілген немесе осы қалдықтарды меншікке немесе иелікке сатып алған күннен бастап үш ай мерзім ішінде ұсынуға тиіс.

9. Осы Кодекстің 94-2-бабының 2-тармағына және 94-5-бабына сәйкес парниктік газдар шығарындыларына бөлінген және берілген квоталар 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

10. Парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті верификациялауды валидацияны (детерминацияны) және верификацияны жүзеге асыратын аккредиттелген тәуелсіз ұйымдар 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асырады.

11. Осы Кодекстің 94-2, 94-4, 94-7 және 94-9-баптарының қолданысы 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

12. Мыналардың:

осы Кодекстің 301-бабы 1-тармағының 9), 10) және 12) тармақшаларының қолданысы 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін;

осы Кодекстің 301-бабы 1-тармағының 18) және 19) тармақшаларының қолданысы 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқтатыла тұрсын.

**Ескерту. 324-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.12.04 N 97-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптанқараңыз), 2011.12.03 N 505-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 491-V ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.04.2017 № 56-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **325-бап. Осы Кодексті қолдану тәртібі**

Осы Кодекс ол қолданысқа енгізілгеннен кейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін қабылданған, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру мен пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер осы Кодекске қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

### **326-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Кодекс ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасының мына заңдарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Экологиялық сараптама туралы" 1997 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 67-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат);

2) "Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 10, 57-құжат; N 23, 137, 142-құжаттар; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 14, 57-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат);

3) "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" 2002 жылғы 11 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 54-құжат; 2004 ж. N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат).

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*